



ЖҮЙЕЛІК РЕФОРМАЛАРҒА БАҒДАР

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ 2022 ЖЫЛҒА
АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) өз қызметінде ашықтық қағидатын ұстанады және Қордың қызметі туралы ақпаратты ашуды қамтамасыз етуде инвесторларға және басқа да мүдделі тараптарға барынша жәрдем көрсетуді мақсат етеді.

Осы жылдық есепте қызметтің қаржылық және операциялық нәтижелері, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі, Даму стратегиясы, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы нәтижелер көрсетілген. ESG компоненттері туралы толығырақ ақпарат Қордың веб-сайтында қолжетімді жеке тұрақтылық туралы есепте көрсетілген.

Жылдық есеп жыл сайынғы негізде жарияланады және 2022 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңдегі Қор қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ мүмкіндігінше 2023 жылға арналған жоспарлардың сипаттамасын қамтиды.

Қордың қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудит рәсімін «Эрнст энд Янг» ЖШС орындады.



Біз экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етеміз және активтердің әртараптандырылған портфелін тиімді басқару Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін бизнесті қолдау көрсету арқылы активтердің ұзақ мерзімді құнын жасаймыз

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	6	ТҰРАҚТЫ ДАМУ	102
Басқарма төрағасының үндеуі	8	ТДМ қағидаттарын ұстану	104
2022 жылдың негізгі көрсеткіштері	10	Тұрақты даму саласындағы басым бағыттар	106
		Тұрақты даму мәселесін басқару құрылымы	106
ҚОР ТУРАЛЫ	14	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	110
Даму стратегиясы	16	Корпоративтік басқару жүйесі	112
Активтер портфелі	18	Жалғыз акционер	114
Әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлес	24	Директорлар кеңесі мен оның комитеттері	114
		Басқарма және оның комитеттері	130
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	28	Директорлар кеңесі мүшелеріне және басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты	136
Қордың кредиттік рейтингтері	30	Ішкі аудит қызметі	137
Сегменттер бойынша түсім	32	Комплаенс қызметі	138
		Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	139
ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	36	Қоғамдық кеңес	141
Мұнай және газ		Ақпараттық қауіпсіздік	145
Шикізат кірістерін түрлендіру	36	ҚОСЫМШАЛАР	148
Ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету	42	Шоғырландырылған қаржылық есептілік	150
Химиялық өндірісті дамыту	48	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат	290
Энергетика	50	«Самұрық-Қазына» АҚ активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп	292
Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	50	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның қатысуы бар 2022 жылы Қор Басқармасы жасасу туралы шешім қабылдаған мәмілелер тізбесі	294
Төмен көміртекті энергия көздері	57	Ақпараттандыру және цифрландыру	297
Өндіріс және өндіру	58	Глоссарий	300
Уран өндірудегі әлемдік көшбасшылық	58	БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	303
Тау-кен металлургия өнеркәсібі	61		
Көлік және логистика	64		
Жолаушылар тасымалын дамыту	64		
Көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту	72		
Ақпараттық және коммуникациялық операторлар	80		
Ұлттық ақпараттық супермагистраль	80		
Пошта-логистикалық, қаржылық және цифрлық қызметтер	85		
Инвестициялық қызмет	90		
Құрылыс секторын қолдау	94		
Сатып алу қызметін сүйемелдеу	96		
Ғылыми-зерттеу бастамалары	99		
Бірыңғай қызмет көрсету орталығы	100		

Қордың жылдық есебі электрондық форматта мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде Қордың веб-сайтында орналастырылған



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2023 жыл «Самұрық-Қазына» АҚ үшін маңызды жыл. 15 жыл бұрын «Самұрық» және «Қазына» екі холдингтерін біріктіру арқылы Қазақстанның ұлттық әл-ауқатын арттыру және оның экономикасын жаңғырту жөніндегі жұмыстарға арналған институт құрылды.

Қор осы мерейтойлық күнге әсерлі нәтижелермен жетті.

Жаһандық турбуленттілік жағдайындағы жағымсыз факторларға қарамастан, 2022 жылы «Самұрық-Қазына» қоры республикалық бюджетке 170 млрд теңге дивиденд төледі, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен екі есе дерлік жоғары. Қор жыл ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды қолдауға қосымша 132 млрд теңге бөлді.

Күрделі геосаяси жағдайдан туындаған экспорттық мүмкіндіктердің тарылуы «Самұрық-Қазына» тобының компанияларының өңдеу қуаттарын дамытуға, жергілікті қамтуды арттыруға, ішкі нарықты қамтамасыз етуге назар аударуға бет бұруына түрткі болды.

2022 жылғы қарашада «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ белгіленген қуаттылығы жылына 500 мың тонна полипропилен болатын Теңіз кен орнының шикізатын өңдеуге бағдарланған Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI) интеграцияланған газ-химия кешені іске қосылды. Өндірісте 1200 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде роботтармен жұмыс істеуге тартылған ең жоғары білікті инженерлер үшін – 650.

Кезекте қуаттылығы жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін зауыт салу, 7 мың жұмыс орнын құру тұр.

Мұнай-газ химиясының жаңа кәсіпорындарын іске қосу ішкі нарықта полимерлерге деген қажеттілікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар өнімнің қосымша құнын арттыратын шағын және орта кәсіпорындар кластерін құруға ынталандырады.

"Самұрық-Энерго" АҚ объектілері тұрақтылық пен кез келген кезеңде жеткілікті болатын мығым қордың бар екендігін көрсетті. Былтырғы ЖЭО және электр желілері аудитінің қорытындысы бойынша компанияның барлық объектілері қанағаттанарлық жағдайда мен апатсыз жұмысқа дайын болды.

«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК объектілері өндірген электр энергиясының үлесі 2022 жылы Қазақстанның ЖЭК жиынтық өндірісінің 8,3%-ын құрады.

Инфокоммуникация саласында жаңа тауашаларды іздейтін инвесторлардың назары «Қазақ-телеком» АҚ ұлттық байланыс операторы жариялаған Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу жобасына аударылды. Бұл жаһандық жоба «Цифрлық Жібек жолы» ауқымды жобасының бір бөлігі болып, Еуропа мен Азия арасында телекоммуникациялық дәліз құрудың басы болмақ.

Әлемдік экономикалық тұрақсыздық жағдайында Қытай, Орталық Азия және одан әрі Еуропа елдеріне өтетін Транскаспий халықаралық көлік маршрутының маңыздылығы арта түсті. Экспорттық маршруттарды әртараптандыру мақсатында осы бағыттағы тасымалдау көлемін ұлғайту жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Логистикамен және транзитпен қиындықтарға қарамастан «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің оң серпінін қамтамасыз етті. Компанияның пайдаланылатын жүк айналымы 252 млрд тоннокилометрді құрады – бұл Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш. Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы тасымалдардың тарихи ең жоғары көлеміне – 23,2 млн тонна қол жеткізілді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 14 млн астам жолаушы тасымалданды, бұл да алдыңғыға қарағанда 21,4%-ға артық.

Қор тобының компаниялары экономиканың тұрақтылығын арттыру жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етті және Қазақстан экономикасына жағымсыз сыртқы факторлардың әсерін барынша азайтты. Ірі жұмыс берушілер – «ҚазМұнайГаз» және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниялары – тұрақты жұмыс орындарының санын сақтап қалды.

Үкімет Қордан аса маңызды инфрақұрылымдық жобаларға, инновациялық өндірістерге қатысатын, жұмыс орындарын ұлғайтатын және қосылған құны жоғары өнім өндіретін институционалдық инвесторға одан әрі трансформацияны күтеді.

Әлихан Асханұлы Смайылов

«Самұрық-Қазына» АҚ

Директорлар кеңесінің төрағасы,

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті әріптестер!

2022 жыл «Самұрық-Қазына» АҚ үшін Қор компаниялары тобы қызметінің барлық салаларын толық жаңарту орын алған өзіндік меже болды. Бірақ экономикалық даму мен сыртқы саяси қатерлердің осы қиын кезеңінде де қазақстандық қоғамның тұрақтылығының негізі болып табылатын Қор айтарлықтай тұрақтылығын көрсетті.

Сіздердің назарларыңызға қаржылық және операциялық қызметтің негізгі нәтижелері, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шаралардың орнықтылығы мен пәрменділігін қамтамасыз ететін қабылданған шешімдер ашылған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық есебін ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Қауіпсіздік – басты басымдық

Саны 259 мың адамнан асатын елдегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі бола отырып, Қор жұмыскерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығына басымдық береді. 2022 жыл «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы» деп жарияланды. Қор портфельдік компаниялармен бірлесіп жергілікті жерлерде қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыс жүргізді. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы ішкі талаптар үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес айтарлықтай жаңартылды, ұлттық заңнаманың тұрақты орындалуы қамтамасыз етілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жарақат алу деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда 16%-ға төмендеді. Бұдан басқа 2022 жылы Қор тобының барлық кәсіпорындары бойынша еңбекақы 5-тен 48%-ға дейін өсті, бұл өндірістік персоналдың жалақысы төмен лауазымдарына баса назар аударды. 243 мың адам қамтылды.

Әлеуметтік жауапкершілік

Қор қызметінің маңызды бағыттарының бірі - әлеуметтік жауапкершілікті күшейту шеңберінде жобаларды іске асыру арқылы қолдау көрсету. Бір жыл ішінде барлығы 10 млрд теңге сомасына 43 әлеуметтік жоба іске асырылды, 500 мың қазақстандық көмек алды.

Сондай-ақ өткен жылы алғаш рет «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қоғамдық кеңесінің сарапшылары алдында қайырымдылық қызметі туралы жария есеп берілді. Мемлекет басшысы 2022 жылы жариялаған «Балалар жылы» аясында әлеуетті пайдаланушылардың өтінімдерін қарау кезінде балалардың білімі мен дамуына, дене және ақыл-ой кемістігі бар балаларды қолдауға бағытталған жобаларды іске асыруға барынша назар аударылды. «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қайырымдылық қорын құрумен және Қорда қабылданған халықтың осал

топтарын әлеуметтік қолдау саясатын ретке келтірумен атаулы көмектің тиімділігі мен ашықтығы арта түсті.

Пайда мен салықтар туралы

Қордың таза пайдасы 1,9 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштерден (1,6 трлн теңге) едәуір асып түседі. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ кәсіпорындарының мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2022 жылы 22 млн тоннаны құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2%-ға ұлғайды. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 2%-ға, 8,7 млн текше метрге дейін ұлғайды. «Қазақстан темір жолы» ҰК «АҚ 2022 жылы 285 млн тоннадан астам жүк тасымалдады. Бұл ретте Қазақстан мен Қытай арасындағы рекордтық жүк ағыны тіркелді: 23,2 млн тонна деңгейінде, бұл 2021 жылғы көрсеткіштерден 15%-ға жоғары. Қазақстандық экспорт темір және түсті кендердің, қара металдардың, контейнерлердегі астық жүктерінің және басқа да жүктердің өсуі есебінен 17%-ға ұлғайды.

Үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету және елдің транзиттік әлеуетін дамыту үшін 2022 жылғы қарашада «Достық-Мойынты» учаскесінде екінші жолды төсеу басталды, бұл өткізу қабілетін 5 есеге арттыруға мүмкіндік береді (тәулігіне 12-ден 60 жүп жүк пойызына дейін).

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның еншілес компанияларының уранды сату көлемі 2022 жылы 16 358 тоннаны құрады. Бұл ретте бір фунт уран концентратын сатудың орташа бағасы 31%-ға, 43,44 АҚШ долларға дейін өсті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша сатудың орташа бағасы уранның спот бағасының жоғарылауына байланысты 2021 жылдың ұқсас кезеңдерімен салыстырғанда жоғары болды.

Экономиканы әртараптандыру шеңберінде KASE және AIX отандық биржаларында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бағалы қағаздарымен ашық және

ашық сауда-саттық өткізілді. Мәміле Қазақстандағы алғашқы «цифрлық» IPO болды, өйткені барлық өтінімдердің 99%-ы мобильді қосымшалар арқылы келіп түсті. Басты шарт Қазақстан азаматтарының акцияларды сатып алудағы басымдығы болды. Бұл шешім азаматтар өздерінің ұлттық кәсіпорындарының тағдырын үлкен жауапкершілікпен бөліседі деген пікірге сүйене отырып қабылданды. Сонымен қатар біз Қор тобының басқа кәсіпорындарының акцияларын сатып алғысы келетіндер санының кеңеюін көргіміз келеді. Жақын арада «Әір Астана» АҚ авиакомпаниясы, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «QazaqGas» ҰК» АҚ жасыл активтер портфелі де IPO-ға шығады.

ESG ұзақ мерзімді басымдық ретінде

Көміртегі ізін азайту – енді әлемдік трендке құрмет емес, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі мәселесі. 2022 жылы Қор активтердің ұзақ мерзімді құнын ұлғайтуға ықпал ететін, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде инвестициялық тартымдылықты арттыратын Төмен көміртекті дамуға көшу тұжырымдамасын әзірледі.

Қатты қазбалы отынға тәуелділікті төмендету жөніндегі шаралар шеңберінде Қор бірқатар жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр.

Бұл жаңартылатын энергия көздерін дамытуды, энергияны жинақтау және сақтау жүйелерін енгізе отырып, «ақылды» желілер технологиясын қолдануды, көміртекті алу және сақтау әдістерін зерттеуді, геотермалдық энергияны пайдалануды, «таза»

көмір технологиялары негізінде эксперименттік станция салуды қамтитын ауқымды іс-қимыл бағдарламасы.

Қор сонымен қатар қоршаған ортаға әсерді азайту және ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар кешенін іске асырды. Жыл бойы Қордың портфельдік компаниялары ЖЭК саласында бірқатар жобаларды іске қосты.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниясы төмен көміртекті даму мақсатына жету үшін бірқатар нақты қадамдар жасады. Алматы облысының Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт жаңа жел электр станциясы (ЖЭС) пайдалануға берілді. Жаңа ЖЭС жылына 225,7 млн кВт*сағ электр энергиясын өндіретін болады. Өндірістік сипаттамалардан басқа, жоба аймақ үшін өзінің экологиялық құрамдас бөлігі үшін маңызды-электр станциясын іске қосу жылына парниктік газдар шығарындыларын 206 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер!

Қор Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің мақұлдауына ие болған ауқымды реформалау бағдарламасын іске асыруды жалғастырады.

Біз 2023 жыл бұрынғыдан кем емес қиын болады деп күтеміз. Бірақ менеджмент пен персоналдың кәсібилігі бізге қарқынын төмендетпей, негізгі мақсатқа – шикізат кірістерін экономиканың тұрақты өсуіне айналдыруға жоспарлы түрде баруға мүмкіндік береді.

Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы

2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ПЕРСОНАЛ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

259 055 +0,4%

Қор тобындағы персонал саны, адам
(2021 – 258 044)

28 0%

Жалпы сандағы әйелдердің үлесі, %
(2021 – 28)

139,6 +87%

Әлеуметтік шығыстар көлемі, млрд теңге
(2021 – 74,6)

0,16 -27%

LTIF жұмыс уақытын жоғалту
жарақаттарының коэффициенті¹, %
(2021 – 0,22)

2,60 -11,2%

FAR өлім жағдайларының коэффициенті², %
(2021 – 2,93)

¹ Lost Time Injury Frequency.

² Fatal Accident Rate.

³ Құбыр және теңіз көлігін қамтиды.

⁴ «QazaqGaz» ҰК» АҚ -мен оның еншілес және тәуелсіз ұйымдарын шоғырландыру периметрінен шығаруды ескере отырып.

⁵ 1 унция 31,1034768 граммға тең.

⁶ Интернетке кең жолақты қолжетімділік.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

22,0 +1%

Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі,
млн тонна (2021 – 21,7)

74,7 +0,1%

Мұнайды тасымалдау көлемі³, млн тонна
(2021 – 74,6)

19,9 +5,8%

Мұнайды өңдеу көлемі, млн тонна
(2021 – 18,8)

8,5 +1,1%

Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі⁴,
млрд м³ (2021 – 8,4)

83,7 -12,3%

Газды тасымалдау көлемі, млрд м³
(2021 – 95,4)

21,3 -2,3%

Уранды өндіру көлемі, мың тонна
(2021 – 21,8)

42,5 -4,7%

Көмірді өндіру көлемі, млн тонна
(2021 – 44,6)

1 786,4 +8,8%

Алтын өндіру көлемі, мың унция⁵
(2021 – 1 641,3)

267,1 +29,4%

Күміс өндіру көлемі, мың унция
(2021 – 206,5)

35,9 +0,8%

Электр энергиясын өндіру көлемі,
млрд кВт*сағ (2021 – 35,6)

58,6 +7,1%

Электр энергиясын беру жөніндегі
қызметтер көлемі, млрд кВт*сағ
(2021 – 54,7)

252 +5,4%

Пайдаланылатын жүк айналымының
көлемі (т/ж), млрд ткм (2021 – 239)

12,4 +30%

Жолаушылар тасымалының (т/ж) көлемі,
млрд ткм (2021 – 9,5)

7,9 +9,7%

Жолаушылар ағыны (авиа), млн адам
(2021 – 7,2)

114,7 -12,9%

Пошта және курьерлік қызметтер, млн
бірлік (2021 – 131,7)

2 651,5 -4,4%

Тіркелген желілер саны, мың желі
(2021 – 2 774,5)

1 863,2 -0,1%

Тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны⁶, мың
абонент (2021 – 1 860,7)

930,7 +1,3%

Ақылы ТВ абоненттерінің саны,
мың абонент (2021 – 918,7)

14,5 0%

Ұялы байланыс абоненттерінің саны, млн
абонент (2021 – 14,5)

2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

1 371 +28%

Инвестициялық қызметте жұмсалған қаражат көлемі, млрд теңге (2021 – 1 071)

2 074,9 +24,6%

Операциялық пайда көлемі, млрд теңге (2021 – 1 664,8)

1 921,5 +17,9%

Таза пайда көлемі, млрд теңге (2021 – 1 629,2)

132,2 +96%

Акционердің пайдасына өзге де бөлулер, млрд теңге (2021 – 67,6)

5 189 -20%

Таза борыш көлемі, млрд теңге (2021 – 6 484)

170 +92%

Төленген дивидендтердің көлемі, млрд теңге (2021 – 88,3)

1 696,4 +45,3%

Төленген салықтардың көлемі, млрд теңге (2021 – 1 167,1)

53,4 -2,1%

Мемлекеттік субсидиялардың көлемі, млрд теңге (2021 – 54,6)

3 482 0%

Шығарылған акциялардың саны, млн дана (2021 – 3 482)

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

60,9 -9,3%

Көміртегі ізі, CO₂-балама млн тонна (2021 – 67,2)

304 143 -0,5%

Су жинау, мың м³ (2021 – 305 844,4)

56,3 +1,8%

Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар, млрд теңге (2021 – 55,3)

1 502,5 +28,3%

ЖЭК-тен электр энергиясын өндіру, мың ГДж (2021 – 1 171,3)

01 ҚОР ТУРАЛЫ

- 16 • Даму стратегиясы
- 18 • Активтер портфелі
- 24 • Әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлес



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



БІЗДІҢ ПАЙЫМ

Жауапты инвестициялар арқылы адамдардың әл-ауқаты мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарында инновациялық дамуда серпіліс жасайтын ұлттық экономика көшбасшысы.



БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін активтердің әртарапандырылған портфельін тиімді басқару және бизнесті қолдау арқылы экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді құнды құру.

ЕСЕПТІ 2022 ЖЫЛ ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ДАҒДАРЫСТАР МЕН КҮЙЗЕЛІСТЕРДІ ШИЕЛЕНІСТІРЕ ОТЫРЫП, АЛДЫҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ТРЕНДТІ ЖАЛҒАСТЫРДЫ:



Қазақстан үшін экспорттық мүмкіндіктер терезесінің тарылуына себеп болған геосаяси жағдайдың күрделенуі;

Мұның бәрі ұлттық экономика үшін және оның белсенді субъектісі ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ үшін нақты проблемалар туғызды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін қабылданған «Самұрық-Қазын» АҚ-ның 2032 жылға дейінгі жаңартылған даму стратегиясы (даму жоспары) өзгермелі жаһандық трендтер мен сын-қатерлерді ескере отырып дайындалды.

Сонымен қатар Қордың стратегиясы негізгі жалпыұлттық басымдықтарға сәйкес келеді және ел дамуының ұзақ мерзімді бағытын айқындайтын ұлттық құжат болып табылатын «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруға ықпал етеді.

Айта кету керек, Стратегия алдыңғы жылдардағы ұқсас құжаттарға қатысты сабақтастықты сақтайды, жекелеген ережелерді толықтырады және нақтылайды.



COVID-19 коронавирусының жаңа штамдарының таралу қаупі және жаңа карантиндік шектеулер қаупі;

Ел дамуының ағымдағы әлеуметтік-экономикалық конъюктурасын және қордың рөлін назарға ала отырып, бүгінгі таңда инвестицияларды, ең алдымен, Қазақстан экономикасына шоғырландыру орынды. Осыған байланысты, алдағы 7 жылда Қорды басқару моделі елдің әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуын қолдау міндеттері бар стратегиялық холдинг ретінде айқындалды.



инфляция мен әлеуметтік шиеленістің өсуі.

Қор 2030 жылға қарай Қордың стратегиялық активтеріндегі мажоритарлық үлесті сақтай отырып, нарықтың қолайлы конъюктурасы кезінде инвестициялық холдинг жұмысының моделіне көшуі тиіс. Жаһандық ауқымда өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен беделін нығайту мақсатында Қор портфельді әртарапандыруға және оны экспорттық жоғары үлесі бар серпінді жобалармен толтыруға ұмтылатын болады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



- ▶ Еңбек өнімділігін арттыру
- ▶ Қаржылық тұрақтылық
- ▶ Бизнес процестерді оңтайландыру және жетілдіру
- ▶ Активтерді жаңғырту және цифрландыру
- ▶ Жаңа қайта бөлуге шығу және салаларды құру
- ▶ ҒЗТКЖ және инновацияларды, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту

ТАЗА АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНЫН ҰЛҒАЙТУ



АКТИВТЕР ПОРТФЕЛІН ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қор портфельдің сапасын оңтайландыруды және арттыруды, озық технологияларды енгізуді, сондай-ақ бизнесті жүргізу моделін жетілдіруді қамтамасыз етеді.



- ▶ IPO/SPO және экономикадағы үлестің төмендеуі
- ▶ Ірі инфрақұрылымдық жобалар
- ▶ Ресурстық базаны дамыту
- ▶ Жаһандық серіктестік және инвестициялық қызметті үйлестіру
- ▶ Жауапты және нарықтық тарифтер
- ▶ Инфрақұрылым мен нарықтарға тең қол жетімділік

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУ



БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ЭКОЖҮЙЕ

Қор активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Бірлескен инвестор ретінде Қор тек жеке инвесторлар жүзеге асыра алмайтын маңызды жобаларға қатысады.



- ▶ Корпоративтік басқару
- ▶ Ашықтық, транспаренттілік және сәйкестік
- ▶ Әлеуметтік жауапкершілік
- ▶ H&S озық тәжірибелері
- ▶ Адами капиталды дамыту
- ▶ Ресурсты үнемдеу
- ▶ Көміртектендіру
- ▶ «Жасыл» қаржыландыру

ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Адамдардың әл-ауқаты, экологиялық тепе-теңдік және озық бизнес тәжірибелері мен корпоративтік басқару принциптері негізінде ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Нәтижесінде активтердің ұзақ мерзімді құнының өсуі, инвестициялық тартымдылықтың артуы.

АКТИВТЕР ПОРТФЕЛІ

КӨМІРСУТЕКТЕРДІ БАРЛАУ, ӨНДІРУ, ӨНДЕУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОПЕРАТОР



Акциялардың

87,42%-ы

Персонал саны:

45 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:

Абай, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу, БҚО, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан, Ұлытау, сондай-ақ Республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада

www.kmg.kz



АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ ҮШІН УРАН, СИРЕК МЕТАЛДАР, ЯДРОЛЫҚ ОТЫН ИМПОРТЫ-ЭКСПОРТЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОПЕРАТОР



Акциялардың

75%-ы

Персонал саны:

20 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:

Ақмола, ШҚО, Қызылорда, Түркістан

www.kazatomprom.kz



ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІНІҢ ІРІ ОПЕРАТОРЫ



Акциялардың

100%-ы

Персонал саны:

113 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:

барлық аймақтар

www.railways.kz



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ІРІ КӨПСАЛАЛЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ХОЛДИНГ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГОБАЛАНСҚА СӘТТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН



Акциялардың

100%-ы

Персонал саны:

11 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:

Алматы, ШҚО, Павлодар, Түркістан, сондай-ақ Республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада

www.samruk-energy.kz



ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ МЕН ӨНДІРУДЕН БАСТАП ТҮПКІЛІКТІ ӨНІМДІ САТУҒА ДЕЙІНГІ БҮКІЛ ТІЗБЕК БОЙЫНША ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГАЗ КОМПАНИЯСЫ



Акциялардың
100%-ы

Персонал саны:
12 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:
Алматы, Ақтөбе, Атырау, ШҚО, Жамбыл, БҚО, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстары, сондай-ақ Республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада

www.qazaqgaz.kz



ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОРЫ



Акциялардың
90%+1

Персонал саны:
4 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:
Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, ШҚО, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан

www.kegoc.kz



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ ҰЛТТЫҚ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ МӘРТЕБЕСІНЕ ИЕ



Акциялардың
52,03%-ы

Персонал саны:
24 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:
Абай, Ақтөбе, Алматы, Атырау, ШҚО, Жамбыл, БҚО, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, СҚО, Түркістан, Ұлытау

www.telecom.kz



ПОШТАЛЫҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ, БРОКЕРЛІК ЖӘНЕ АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КЕҢ СПЕКТРІН ҰСЫНАТЫН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ПОШТА ОПЕРАТОРЫ



Акциялардың
100%-ы

Персонал саны:
17 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:
барлық аймақтар

www.post.kz



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ АВИАТАСЫМАЛДАУШЫСЫ



Акциялардың
51%-ы

Персонал саны:
6 мыңнан астам адам

Қатысу аймақтары:
Ақтөбе, Атырау, ШҚО, БҚО,
Қостанай, Қызылорда,
Маңғыстау, сондай-ақ
Республикалық маңызы бар
қалалар мен Астанада

www.airastana.com



ЕЛ ІШІНДЕ ӨҢІРЛІК РЕЙСТЕРДІ ОРЫНДАЙТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АВИАКОМПАНИЯ



Акциялардың
100%-ы

Персонал саны:
300-ден астам адам

Қатысу аймақтары:
Ақмола, Ақтөбе, Атырау,
ШҚО, Жетісу, БҚО, Қостанай,
Қызылорда, СҚО, Түркістан,
Ұлытау, сондай-ақ
Республикалық маңызы бар
қалалар мен Астанада

www.flyqazaq.com



ҚАТТЫ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ БАРЛАУ, ИГЕРУ, ӨНДІРУ, ӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОМПАНИЯ



Акциялардың
100%-ы

Персонал саны:
500-ден астам адам

Қатысу аймақтары:
Қарағанды, Қызылорда және
елордада

www.tks.kz



ХИМИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОМПАНИЯ



Акциялардың
100%-ы

Персонал саны:
500-ден астам адам

Қатысу аймақтары:
Ақмола, Атырау, Жамбыл

www.ucc.com.kz



Тізімге тек Қордың ірі портфельдік компаниялары кіреді және толық емес.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС

Қордың портфельдік компанияларының қызметі қатысу аймақтарындағы адамдардың өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер етеді. Қор ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударады.

Жұмыс орындарын құру

Қор жұмыскерлерінің саны 259 мыңнан асатын елдегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі. 2022 жылы өндірістік персоналдың үлесі 93%-ды, әкімшілік-басқару персоналының үлесі 7%-ды құрады.

Қор жұмыскерлерінің әл-ауқатына, сондай-ақ әртүрлілік, инклюзивтілік мәселелеріне ерекше назар аударады. Есепті жылы Қор жалақыны жоспарлы түрде сараптап көтеруге бастамашы болды. Қор тобының барлық кәсіпорындары бойынша еңбекақы 5-тен 48%-ға дейін өсті, бұл өндірістік персоналдың жалақысы төмен лауазымдарына баса назар аударды. Қамту 243 мың адамды құрады.

Ел бюджетіне төлемдер

Есепті жылы Қор республикалық бюджетке 170 млрд теңге дивиденд төлеп, өткен жылдың көрсеткішінен екі есе артық. Сонымен қатар 132 млрд теңге әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды басқа да бөлу түрінде қолдауға бағытталды.

Есепті жылы бюджетке төленген салық сомасы 1,7 трлн теңге. Жұмыскерлер бойынша Қор тобы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық төлейді.

Елдің ЖІӨ-ге қосқан үлесі

Қазақстан Республикасының Үкіметі әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған инвестициялық жобалардың екі топтамасын бекітті.

13 инвестициялық жобаның бірінші топтамасы Алматының жылу электр орталықтарын газдандыру, Батыс Қазақстанды сумен жабдықтау, жаңа газ құбырлары мен темір жолдар салу сияқты бастамаларды қамтиды. Екінші топтама 20 жобаны қамтиды, оның ішінде ұлттық электр желісін жаңғырту, электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін дамыту жөніндегі жобалар, 5G интернет желісін және жаңа теміржол жолдарын салу, сондай-ақ мұнай-газ химиясы жобалары.

Жоғарыда аталған жобалар Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Жұмыс орындарын құру түріндегі тікелей әсерден басқа, жобалар жанама ұзақ мерзімді әсерлерге ие, соның ішінде еңбек жағдайлары мен экологияны жақсарту, өмір сүру деңгейінің өсуі және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту. Есепті жылы жалпы құны 1 трлн 344 млрд теңге болатын бес инвестициялық жоба іске асырылды.

Шикізаттық емес өндірісті дамыту

Есепті жылы Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. ЖШС кешенінің ашылуы өтті – бұл шикізатты терең өңдейтін Қазақстанның мұнай-газ химиясы саласындағы алғашқы ауқымды зауыт. Жобалық қуаттылығы жылына 500 мың тонна полипропиленді құрайды, бұл әлемдік полипропилен өндірісінің шамамен 1% құрайды және зауытқа әлемдегі жетекші полипропилен өндірушілерінің қатарына кіруге мүмкіндік береді. Жоба қазақстандық экономиканы артараптандыруға және экспорттың шикізаттық бағытынан кетуге бағытталған. Полипропилен барлық салаларда қолданылады: медицинада, ауыл шаруашылығында, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта, жол құрылысында және басқа салаларда.

Кезекте синергетикалық әсер беретін полиэтилен өндіретін зауытты салу. Тұтастай алғанда, интеграцияланған мұнай-газ-химия кешенін салу жобасын іске асыру ел экономикасының құрылымына оң әсер ететін болады.

Экологиялық мәселелерді шешу

Оңтүстік астананы дамытудың өзекті мәселелерінің бірі – экология. Алматы ЖЭО-2-ні газ отынына ауыстыру бұл мәселені ішінара шешеді. Бұл Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушыларын сенімді және үздіксіз электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарындыларын айтарлықтай азайту үшін де қажет.

Жоба ауқымды және газ турбиналық технологияларды пайдалана отырып, электр және жылу энергиясын біріктіріп өндірудің ең жақсы қолжетімді технологиясын қолдануды қамтиды. Жоба технологиялық процестерді, оның ішінде шығарындыларды бақылау жүйесін автоматтандыруды көздейді. Өндіріске қызмет көрсету шығындарын қысқарту Қордың төмен көміртекті экономикаға көшу жөніндегі бағдарламасын орындауға үлесін қамтамасыз етеді.

«АТЭЦ-2 жаңғырту» жобасы аяқталғаннан кейін CO₂ көмірқышқыл газы бойынша шығарындылар 1,5 есе азаяды деп күтілуде. Сарапшылардың бағалауы бойынша станцияны газдандыру жобасы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың ең қатаң талаптарына сәйкес келеді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Алматының жылу электр орталықтары үшін газ инфрақұрылымының құрылысын жобалайды. Газ экспорттан ішкі нарыққа қайта бөлудің арқасында Батыс Қазақстанның кен орындарынан түсетін болады. Бұл елдегі газға деген сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Алматы облысындағы Шелекте «Самұрық-Энерго» АҚ-ның жаңа жел паркі салынды. 90 метрлік жиырма төрт қондырғы 60 мыңнан астам үйді таза энергиямен қамтамасыз ете алады.

Демографиялық өсу, жаңа нысандар мен тұрғын үйлердің құрылысы, сондай-ақ жаз мезгілінде суды тұтыну қарқынының жоғарылауы батыс өңірінде су тапшылығы проблемасына алып келеді.

Ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру Атырау және

Маңғыстау облыстары тұтынушыларының өсіп келе жатқан сұранысының деңгейіне жауап беретін сапалы, сенімді және үздіксіз сумен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбыры Атырау облысының Құрманғазы, Исатай және Жылыой аудандарының тұтынушылары үшін, сондай-ақ Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Маңғыстау, Қарақия және Түпқараған аудандары үшін су берудің жалғыз орталықтандырылған көзі. Суды тұтынатын халық Маңғыстау облысы санының 35%-дан астамын және Атырау облысы санының 28%-дан астамын құрайды. 2022 жылы Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры бойынша 29 млн 786 мың текше метр тұщы су берілді. 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда су жеткізу көлемінің ұлғаюы 399 мың текше метрді құрады. Айта кету керек, жоба маңызды әлеуметтік мәнге ие болып қана қоймай, мұнай-газ саласы кәсіпорындарының тұрақты жұмысы үшін де қажет.

2022 жылы Қаражанбас кен орнында қабат суын тұщыландыру зауыты пайдалануға берілді. Зауыт іске қосылғанға дейін кәсіпорын «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырынан сумен қамтамасыз етілді. Тазартылған су бу шығару үшін пайдаланылады, ол кейіннен мұнай алу үшін қабатқа айдалады. Осылайша зауыттың Еділ суын тұтынуы азайды, бұл «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырынан су көлемін өңір халқының қажеттіліктеріне қайта бағыттауға мүмкіндік берді.

Экономиканы субсидиялау

Бағалар мен тарифтердің өсуін тежеу мақсатында Қор әлеуметтік маңызы бар салаларды өзара субсидиялауды жүргізеді.

2022 жылы Қор есебінен бағалар мен тарифтерді айқас субсидиялау көлемі 918 млрд теңгені құрады. Тарифпен жабылмаған күрделі салымдардың сомасы 256 млрд теңгені құрады. Экономиканы субсидиялау негізінен сұйытылған газ бен мұнай өнімдерінің бағасын, газ тасымалдауды, сондай-ақ жүктерді теміржол арқылы (астық, химиялық заттар мен сода, минералды тыңайтқыштар, көмір, құрылыс жүктері және т.б.) тасымалдау тарифтерін қамтыды. Сонымен қатар қаражат электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңестіруді ұйымдастыруға және жылу энергиясының төмен тарифтерін сақтауға жұмсалды. Оның едәуір бөлігі мерзімді басылымдар бойынша, жергілікті деңгейде зейнетақы мен жәрдемақы төлеу бойынша тарифтерге бағытталды.

Бизнесті қолдау

Қор қазақстандық өндірушілермен және салалық қоғамдық бірлестіктермен тікелей диалогты қолдайды. «Самұрық-Қазына Контракт» еншілес сервистік компаниясында импортты алмастыру және жергілікті қамтуды дамыту мәселелері бойынша Қордың орталық жобалау кеңсесі жұмыс істейді.

Қордың барлық портфельдік компаниялары үшін жергілікті қамту үлесі және отандық тауар өндірушілерден сатып алу үлесі бойынша жыл сайынғы ҚТК белгіленді. Жергілікті атқарушы органдармен жұмыс істеудің арқасында Өндірушілер тізілімі кеңейтілді. Құжаттар тізбесі

оңайлатылып, тіркеу цифрлық форматқа ауыстырылды.

Қордың импортты алмастыру бағдарламасы өзінің дамуын жалғастыруда. Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарынан офтейк тапсырыстардың арқасында 40-тан астам жоба іске қосылды.

Әлеуметтік және қайырымдылық жобалары

Есепті жылы Қор компаниялары тобы қайырымдылыққа арналған бюджетті 40%-ға 10 млрд теңгеге дейін ұлғайтты және Қазақстан өңірлерін қолдауға назар аударды. Мемлекет басшысы жариялаған 2022 жыл шеңберінде – «Балалар жылы», әлеуетті пайдаланушылардан өтінімдерді қарау кезінде балаларды қолдауға бағытталған жобаларды іске асыруға елеулі көңіл бөлінеді.

«Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры өткен жылы 43 әлеуметтік жобаны іске асырды, 500 мыңға жуық қазақстандық көмек алды. Ең жарқын бастамалардың қатарында: ҚР шалғай станцияларының 60 мың тұрғынына білікті медициналық көмек көрсету бойынша «Медициналық пойыздар» жобасы; соның арқасында Қазақстан Республикасының 15 қаласындағы ерекше балалар бейімделген спортпен шұғылдана алды; Шымкент, Қарағанды,

Талдықорған, Ақтау, Өскеменмен Оралда перзентханаларына сәбилерді реанимациялауға арналған гипотермия аппараттарын жеткізу.

2022 жылғы тағы бір ірі әлеуметтік жоба жайлы мектептер салу жобасы болды. Ұлттық жобаның мақсаты – орта білім беру ұйымдарындағы апатты мектептерді, үш ауысымды оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою.



02

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

- 30 • Қордың кредиттік рейтингтері
- 32 • Сегменттер бойынша түсім



SAMRUK
KAZYN A



ҚОРДЫҢ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ

Халықаралық рейтингтік агенттіктерден кредиттік рейтингтер алу Қордың несиелік қабілеттілігін тәуелсіз және сенімді бағалау. Рейтингтік агенттіктерге кредит қабілеттілігін мұқият және сенімді бағалау үшін Қордың барлық қажетті ақпаратына қолжетімділік беріледі.

S&P Global Ratings және Fitch Қордың индустрияландыруға және қаржылық тұрақтылығы


қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан экономикасындағы маңызды рөлін атап өтеді.

2022 жылғы 8 қыркүйекте S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі Қордың рейтингі бойынша «теріс» деген болжамды қайта қарады және Қордың «BBB-/A-3» деңгейіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін, сондай-ақ «KZAAA» ұлттық қазақстандық

шәкілі бойынша рейтингін растады.

2022 жылғы 28 қарашада Fitch Самұрық-Қазына ҰАҚ-ның рейтингін «BBB» деңгейінде растады, болжам «тұрақты».

16 желтоқсанда Moody's «Самұрық-Қазына» қорының рейтингін Baa2 деңгейінде растады, болжам – «тұрақты».



Осы бөлімде қаржылық көрсеткіштер алдыңғы екі жылмен салыстырғанда 2022 жылғы

31 желтоқсанда аяқталған 12 айдағы деректерге негізделген. Төмендегі кестеде Қор тобының

шоғырландырылған нәтижелеріне қатысты қаржылық ақпарат көрсетілген.

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Шоғырландырылған түсім, млрд теңге (мемлекеттік субсидияларды есептемегенде)	8 556	11 710	14 785
Активтер, млрд теңге	27 483	30 310	33 575
Меншікті капиталы, млрд теңге	15 152	17 173	19 744
Акционердің үлесіне шоғырландырылған таза пайда, млрд теңге	558	1 629	1 922
EBITDA (операциялық)*, млрд теңге	1 870	2 856	3 241
EBITDA Margin (%)	21,9	24,4	21,9

* Үлестік кірісті есепке алмағанда.


2022 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған түсім сомасы 14,8 трлн теңге, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 3,1 трлн теңге немесе 26%-ға жоғары. 2021 жылмен, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мынадай сегменттер бойынша өсім байқалады: шикі мұнайды сату (+882 млрд теңге), мұнай өнімдерін сату (+1 225 млрд теңге), жүк темір жол тасымалы (+96 млрд теңге), уран өнімін сату (+297 млрд теңге), авиатасымалдау (+160 млрд теңге), электр кешені (+24 млрд теңге),

тазартылған алтынды сату (+224 млрд теңге), телекоммуникациялық қызметтер (+40 млрд теңге), өңделмеген мұнайды қайта өңдеу (+1 млрд теңге) және жолаушылар темір жол тасымалы (+32 млрд теңге).

Қор тобының шоғырландырылған активтері 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 33,6 трлн теңге құрады, бұл 3,3 трлн теңге немесе 2021 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 11%-ға артық. EBITDA (операция-

лық) және EBITDA margin 2022 жылдың қорытындысы бойынша тиісінше 3 241 млрд теңгені және 21,9%-ды құрады, ал 2021 жылдың қорытындысы бойынша ұқсас көрсеткіштер 2 856 млрд теңгені және 24,4%-ды құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қор тобы Қазақстан Республикасының бюджетіне барлығы 1696 млрд теңге сомасына салықтар мен төлемдер төледі. Жалпы және әкімшілік шығыстар 482,5 млрд теңгені құрады.

Қордың борышы және EBITDA, млрд теңге (шоғырландырылған)



2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша Борыш/EBITDA көрсеткіші негізінен валюталық қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуге,

қарыздарды қайта қаржыландыруға және шетел валютасына бағамды нығайтуға байланысты EBITDA өсуі мен борышты

төмендеуі есебінен 2021 жылмен салыстырғанда 1,73 деңгейіне дейін төмендеді.

Сегменттер бойынша түсім, млрд теңге

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Шикі мұнайды сату	1 970	3 704	4 586
Мұнай өнімдерін сату	1 306	2 027	3 252
Теміржол жүк тасымалы	1 076	1 191	1 287
Газды өңдеу өнімдерін сату	810	763	895
Уран өнімдерін сату	563	667	964
Мұнай мен газды тасымалдау	290	323	296
Әуе тасымалы	163	332	492
Электр кешені	263	345	369
Тазартылған алтынды сату	638	719	943
Телекоммуникациялық қызметтер	520	580	620
Өңделмеген мұнайды қайта өңдеу	192	203	204
Электр энергиясын тасымалдау	287	314	184
Жолаушылар теміржол тасымалы	39	59	91
Пайыздық кіріс	40	47	48
Пошта қызметтері	42	43	46
Басқа да кіріс	357	393	508
	8 556	11 710	14 785

Жалпы 2022 жылдың нәтижелері бойынша сегменттер бойынша кірістің өсуі байқалады. Бұл сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен болды. Осылайша ішінара жұмылдыру нәтижесінде Ресей азаматтарының Қазақстанға және Қазақстан арқылы өткен жылдың қыркүйек-қазан айлары аралығында ағынының күтпеген өсуі байқалды, бұл өз кезегінде жолаушылардан 12 млн АҚШ долл. қосымша кіріс түріндегі авиатасымалдау түсіміне оң әсер етті. Мұнай секторында Солтүстік-Каспий жобасында шикі газды кері айдау компрессорларын жаңғыртудың аяқталуы тәуліктік мұнай өндірудің рекордтық деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бензин, дизель

отыны, авиаотын, битум және мұнай өңдеу бойынша тағы бір рекордтық көрсеткіштер МӨЗ (Атырау мұнай өңдеу зауыты, Павлодар мұнай-химия зауыты, ПетроҚазақстан Ойл Продактс және Каспи Битум) нәтижелерінде көрініс тапты. Қытай-Еуропа-Қытай теміржолдары бойынша логистиканың өзгеруіне әкелген геосаяси жағдайға қарамастан, компания Беларусь пен Ресей арқылы жүк ағынының балама бағыттарын қалыптастыру арқылы аз өсіммен кіріс көлемін сақтай алды. Алтынға деген инвестициялық сұраныс асыл металл өндірісінің көлеміне де әсер етті. Уран өнімін сату бойынша түсімнің өсуі негізінен 2022 жылы U_3O_8 спот бағасының өсуіне және

2022 жылы іске асыру көлемі 2021 жылмен салыстырылған АҚШ долларына қатысты теңгенің әлсіреуіне байланысты сатудың орташа бағасының ұлғаюы есебінен болды. Телекоммуникациялық қызметтер бойынша кірістер магистральдық деректерді ұсыну желілерін кеңейту есебінен ұлғайды. Пошта қызметтеріне келетін болсақ, негізгі қызметтер, оның ішінде онлайн төлем қызметтерін дамыту (коммуналдық қызметтерді төлеу, ұялы байланыс ақысы, тапсырыс хаттар, гибриді пошта және EMS) бойынша өсім сақталды.

Толығырақ ақпарат Қордың 2022 жылғы қаржылық есептілігінде берілген (1-қосымша).

03 ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ



- 36 • **Мұнай және газ**
- 36 • Шикізат кірістерін түрлендіру
- 42 • Ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету
- 48 • Химиялық өндірісті дамыту
- 50 • **Энергетика**
- 50 • Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- 57 • Төмен көміртекті энергия көздері
- 58 • **Өндіріс және өндіру**
- 58 • Уран өндірудегі әлемдік көшбасшылық
- 61 • Тау-кен металлургия өнеркәсібі
- 64 • **Көлік және логистика**
- 64 • Жолаушылар тасымалын дамыту
- 72 • Көліктік-логистикалық әлеуетті дамыту
- 80 • **Ақпараттық және коммуникациялық операторлар**
- 80 • Ұлттық ақпараттық супермагистраль
- 85 • Пошта-логистикалық, қаржылық және цифрлық қызметтер
- 90 • **Инвестициялық қызмет**
- 94 • Құрылыс секторын қолдау
- 96 • Сатып алу қызметін сүйемелдеу
- 99 • Ғылыми-зерттеу бастамалары
- 100 • Біріңғай қызмет көрсету орталығы



МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ



707

млн тонна м.б.
көмірсутек қоры (2P)

Шикізат кірістерін түрлендіру

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Қазақстанның жетекші тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап 15 өңірде тасымалдауға, қайта өңдеуге және мамандандырылған

қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания Қазақстанның еліміздің мұнай-газ саласындағы мүдделерін білдіреді және Қазақстандағы төрт ірі мұнай өңдеу зауытын және Румыния-

дағы екеуін бақылайды. Табиғи ресурстарды пайдалану кезінде ҚМГ осы ресурстарды ұтымды пайдаланғаны және қолайлы қоршаған ортаны сақтағаны үшін қоғам алдындағы жауапкершілігін мойындайды.



Қызметтің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2021	2022
өндірістік көрсеткіштер, млн тонна:		
мұнай және газ конденсаты өндірісінің көлемі	21,7	22,0
мұнайды өңдеу көлемі	18,8	19,9
мұнайды тасымалдау көлемі*	74,6	74,7
табиғи және ілеспе газ өндірісінің көлемі**, млрд м ³	8,14	8,2
қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге:		
түсім	6 459	8 686
Қор мен ҚР Ұлттық Банкінің дивидендтері	50	200
таза пайда	1 305	1 289
операциялық пайда	1 444,2	1 701,1
таза борыш	1 984	2 143
төленген салықтардың көлемі	787	1 176

*Құбыр және теңіз көлігін қамтиды.

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарын шоғырландыру периметрінен шығаруды ескере отырып.

2022 жыл ҚМГ үшін маңызды және жағымды оқиғаларға өте бай болды.

Бағалардың құбылмалылығына, геосаяси тұрақсыздыққа, көрші елдердің «сұр» импортына, бәсекелес деңгейі мен субъективті сипаттағы проблемалардың артуына қарамастан, ҚМГ бизнестің барлық бағыттары бойынша – барлау мен өндіруден бастап көмірсутектерді тасымалдау мен өңдеуге дейінгі өндірістік көрсеткіштердің оң серпініне қол жеткізді.

Компания өз тарихында алғашқы акцияларды орналастыруды жүзеге асырды. Өткізілген IPO қазақстандық KASE және AIX қор биржаларында ең маңыздысы болды. 2022 жылғы 8 желтоқсанда биржаларда ҚМГ акцияларының қайталама сауда-саттығы басталды. Қор биржаларында листинг компанияның корпоративтік дамуының жаңа кезеңін ашты.

«Самұрық-Қазына» АҚ-да маңызды стратегиялық оқиға Қашаған жобасындағы 3,8 млрд АҚШ долларына 8,44% көлемінде үлесті сатып алу болды. Мәміле соңғы онжылдықтағы ҚМГ үшін ең ірі мәмілелердің бірі.

ҚМГ 49,5% сатып алған Kazakhstan Petrochemical Industries Inc ЖШС-ның интеграцияланған газ-химия кешенінің іске қосылуы тарихи маңызды оқиға болды. Жоба жылына 500 мың тоннаға дейін полипропилен өндіруге есептелген және Қазақстанда мұнай-газ химиясы кәсіпорындарының өз кластерін құруға бағдарланған. 2022 жылдың соңында жаңа зауыттың өнімдері экспортқа жіберілді. Өндіріс үшін Теңізшевройл жеткізетін құрғақ газ шикізат.

2022 жылы компания әлеуметтік-экологиялық бастамаларды жүзеге асыру және көміртегі ізін азайту бағытын дәйекті түрде ұстанды. Бұл бағытта ірі халықаралық серіктестермен –

Total Open S. A, Шеврон, Епі және басқалармен ынтымақтастық жалғасты.

Көмірсутек шикізатының қорлары

2022 жылы ҚМГ геологиялық барлаудың белсенді жүргізіліп жатқан іс-шараларының арқасында көмірсутек шикізаты қорларының айтарлықтай өсуіне қол жеткізді.

PRMS халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған халықаралық тәуелсіз компанияның аудитіне сәйкес 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ көмірсутектерінің дәлелденген және ықтимал қорлары (2P) мұнай баламасында 707 млн тоннаны (5 478 млн баррель мұнай баламасы) құрады. 2021 жылмен салыстырғанда қорлардың 2P деңгейі 9,8%-ға өсті.

PRMS бойынша көмірсутектердің таза қорлары (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Қорлар санаты, млн тонна м.б.*	2021 (ҚМГ үлесіне)	2022 (ҚМГ үлесіне)	өзгерту, %
Дәлелденген (1P)	477	486	+1,9%
Дәлелденген плюс ықтимал (2P)	645	707	+9,8%
Дәлелденген плюс ықтимал плюс мүмкін (3P)	761	816	+7,1%

* мұнай баламасында



Өндіру

ҚМГ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2022 жылы

22 012 мың тоннаны (тәулігіне 456 мың баррель) құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,7%-ға ұлғайды. Ілеспе және табиғи

газды өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 2%-ға 8,2 млрд текше метрге дейін ұлғайды.

Мұнай және конденсат өндіру, мың тонна	2021 (ҚМГ үлесіне)	2022 (ҚМГ үлесіне)	өзгерту, %
Өзенмұнайгаз	5 332	5 096	-4,4%
Маңғыстаумұнайгаз	2 944	3 049	+3,6%
Ембімұнайгаз	2 522	2 581	+2,3%
Теңгиз	5 311	5 836	+9,9%
Қашаған*	1 344	1 402	+4,3%
Қарашығанақ	1 034	1 013	-2,0%
Өзге де	3 165	3 036	-4,1%
Жиыны	21 651	22 012	+1,7%

*Жобадағы ҚМГ үлесі 2022 жылғы 15 қыркүйектен кейін 16,88%

Қашағандағы жалпы мұнай өндіру 21,9%-ға қысқарып, 12 682 мың тоннаны құрады. Мұның себебі екі жағдай болды.

Біріншіден, 2022 жылдың ортасында теңіз және жерүсті кешендерінде жоспарлы күрделі жөндеу жүргізу.

Екіншіден, газды алдын ала іріктеу қондырғысында газдың ағуы анықталғаннан кейін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі.

Бұл ретте ҚМГ үлесіне мұнай өндіру 4,3%-ға 1 402 мың тоннаға (тәулігіне 34 мың баррель) дейін ұлғайды, ал шикі газды өндіру 7,3%-ға өсті және жобадағы ҚМГ үлесінің 2022 жылғы 15 қыркүйектен бастап 8,44%-дан 16,88%-ға дейін ұлғаюы себебінен 877 млн текше метрді құрады.

Қарашығанақта мұнай мен конденсатын өндіру Орынбор газ өңдеу зауыты тарапынан өңдеу үшін шикі газды қабылдаудың қысқаруына және оның технологиялық қондырғыларында жоспарлы-алдын алу жөндеуінің ұзартылуына байланысты өткен жылмен салыстырғанда 2%-ға қысқарып, 1 013 мың тоннаны (тәулігіне 22 мың баррель) құрады.

№ 2 газды кешенді дайындау қондырғысында шикі газды кері айдаудың ұлғаюы, төртінші компрессорды енгізу және Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде газды қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы себебінен газ өндіру 2,4%-ға ұлғайып, 1 944 млн текше метрді құрады.

Операциялық активтерде мұнай мен конденсат өндіру көлемі 1,4%-ға 13 761 мың тоннаға (тәулігіне 273 мың баррель) дейін азайды.

Мұнай және конденсат өндіру көлемінің төмендеуі «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік объектілеріне қызмет көрсететін коммуналдық кәсіпорын тарапынан электр энергиясының авариялық ажыратылуына, сондай-ақ кейбір жетілген кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи төмендеуіне байланысты болды.

Бұл ретте операциялық активтерде мұнай өндірудің төмендеуі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіпорындарында 3,6% және «Ембімұнайгаз» АҚ-да 2,3% мөлшерінде өндірудің ұлғаюымен ішінара нивелирленді.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы холдингінің «QazaqGas» ҰК АҚ (бұрынғы «ҚазТрансГаз» АҚ) 2021 жылғы қарашада жеке Ұлттық компанияға бөлу туралы

шешімінің салдарынан газ өндіру 2 190 млн текше метрге дейін азайды, оның құрамына Амангелді газының газ өндіру активі де берілді.

Мұнай тасымалдау

Мұнайды магистральдық және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 0,1%-ға 74,7 млн тоннаға дейін ұлғайды.

Мұнайды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау көлемі 0,9%-ға ұлғайып, 65 316 мың тоннаны құрады.

2022 жылы бағыттар бойынша мұнай тасымалдау көлемінің өзгеруі байқалғанын айта кету керек.

Біріншіден, ішкі нарықта мұнай өнімдерінің қажетті көлемін өндіру үшін қазақстандық МӨЗ бағытында құбырлар арқылы тасымалдау көлемі арта түсті. Бұл ретте жетілген кен орындарында мұнай өндірудің табиғи құлдырауына байланысты мұнай тасымалдаудың экспорттық көлемі төмендеді.

Екіншіден, өзгеріс жүк жөнелтушілердің мұнайды сыртқы нарықтан ішкі нарыққа қайта бөлуіне байланысты болды.

Үшіншіден, жоғарыда аталған жөндеу жұмыстарына байланысты Қашағандағы өндіру көлемінің азаюына байланысты.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Каспий Құбыр консорциумының (КҚК) қуаттарында тасымалдау көлемінде де 3,3%-ға төмендеу орын алды. Төмендеу негізінен Қашағандағы жөндеу жұмыстарымен және КҚК теңіз терминалының шығатын айлақ құрылғыларын жөндеумен байланысты болды.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 5,2%-ға 9 343 мың тоннаға дейін азайды. Төмендеу негізінен қазақстандық жүк жөнелтушілердің экспорттық көлемінің төмендеуіне байланысты (ішкі нарыққа жеткізілімдердің ұлғаюына байланысты) Жерорта теңізіндегі мұнай көлемінің азаюына байланысты.

Көмірсутек шикізатын сату

ҚМГ тобына кіретін кәсіпорындардың тікелей өндірген мұнай мен газ конденсатын өткізу көлемі 2,1%-ға ұлғайып, 22 126 мың тоннаны құрады. Осы көлемнің 62% экспортқа жіберілді.

Қазақстанның ішкі нарығына 8 415 мың тонна жеке өндірілген мұнай мен газ конденсаты жеткізілді. Оның ішінде Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПКОП) және Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) мұнай өнімдеріне одан әрі өңдеу және оларды кейіннен өткізу үшін Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріктау Оперейтинг активтерінің шикі мұнайын жеткізу 4 907 мың тонна көлемінде болды.

Қайта өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеудің жалпы көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 5,7%-ға ұлғайып, 19 900 мың тоннаны құрады.

Қазақстандық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемі 2,5%-ға ұлғайып, 14 269 мың тоннаны (ҚМГ үлесіне) құрады. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы рекордтық көрсеткіш.

Қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы ішкі нарықта мұнай өнімдеріне сұраныстың артуына, 2022 жылы ПКОП-тың тұрақты жұмысына және оны жоспарлы-алдын алу жөндеуін 2023 жылға ауыстыруға байланысты болды.

Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында қайта өңдеу көлемі 14,8%-ға ұлғайып, 5 631 мың тоннаны құрады. Қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы 2022 жылы зауыттардың тұрақты жұмыс істеуімен және аялдамалардың болмауымен байланысты.

Жалпы қазақстандық және румындық зауыттарда мұнай өнімдерін өндіру көлемі 6,8%-ға өсіп, 18 639 мың тоннаны құрады.

Қазақстандық МӨЗ 13 128 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл 2021 жылдың көрсеткіштерінен 4,1%-ға артық.

Бұл ретте АМӨЗ-де мұнай өнімдерін өндіру 2022 жылғы қазанда жоспарлы жөндеу жүргізу себебінен 4,5%-ға төмен болды.

шеңберінде сатып алынды және Тверь вагон жасау зауытының технологиясы бойынша «Тұлпар» зауытында жиналды. Вагондарды сатып алуды «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қаржыландырды.

Сондай-ақ Атырау мен Астрахань арасында теміржол қатынасы ашылды. Сапарларды «Атырау-Астрахань» қатынасымен № 625/626 халықаралық жолаушылар пойызы орындайды. Оны іске қосу туралы шешім Қазақстан мен Ресейдің теміржол әкімшіліктері арасындағы екіжақты уағдаластық негізінде қабылданды. Жүру жиілігі – күн сайын.

2022 жылғы қыркүйекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ клиенттердің сұраныстарына қарай жүріп, күн сайын жүретін «Астана-Жезқазған» пойызын іске қосты.

Тальго вагондарынан құрылған пойызда 344 орын дайындалған. Вагондар ауаны баптау жүйесімен және биодәретханалармен жабдықталған. Әрбір купеде розетка-

лар бар және жол бойында «Vpiti.kz» мультимедиялық порталда фильмдер көруге және музыка тыңдауға болады.

Сонымен қатар жолаушылар вагон-мейрамхана қызметін пайдалана алады. «Гранд» және «Гранд РМР» класты вагондарда (мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін) душ кабинеттері қарастырылған.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-да вагон паркін жаңарту тұрақты жүргізілуде. Тек 2010-2022 жылдар аралығында компания 1224 вагон сатып алды, оның ішінде 141 вагон – Маңғыстау облысы бойынша поездар құрамын жаңарту үшін.

«Маңғыстау – Алматы-2» маршрутында арнайы әйелдер вагонының пайда болуы әйел қауымының өкілдері үшін жағымды жаңалық болды. 2021 жылы компания нарықтық талдау мен клиенттерге сауалнама жүргізіп, нәтижесінде «Жолаушылар тасымалы» әйел жолаушыларға жаңа қызмет енгізу туралы шешім қабылдады. Сыртқы және ішкі жағынан әйелдер вагондары басқалардан еш айырмашылығы жоқ. BILET.RAILWAYS.KZ сайтында теміржол билеттерін ресімдеу кезінде немесе «Жолаушылар тасымалы» АҚ билеттер кассаларында ғана «әйел» белгісі болған кезде бұл вагон тек қана әйел жолаушыларға билеттерді сатуға арналған болады. Пилоттық жоба аясында қызметті «Маңғыстау-Алматы» және «Алматы-Өскемен» ең ұзақ маршруттарында енгізу туралы шешім қабылданды.

Пилоттық режимде адалдық бағдарламасын енгізу аясында 2022 жылғы 14 наурыздан бастап «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Алтын» дисконттық картасын іске қосты. Ол стандартты жолаушылар вагондары мен «Тальго» сапарларына 25% жеңілдік береді. Картаны компанияның билет кассаларынан сатып алуға болады, оның құны 2022 жылы 19 999 теңгені құрады. Жеңілдік картасын

офлайн және онлайн билеттерді сатып алу арқылы пайдалануға болады.

Жолаушылар үшін қолайлы жағдайлар

2022 жылы Қазақстанның жолаушылар теміржол паркі 62 «Тальго» вагонымен толықтырылды. Халықаралық байқаудың қорытындысы бойынша алдағы жылдары тағы 500-ге жуық жаңа вагон сатып алу жоспарлануда. Олардың барлығы халықаралық стандарттарға сай болады. Осы вагондарды жеткізгеннен кейін парктің жалпы үштен екісіне жаңартылады. 2022 жылдың соңында Халықаралық конкурстың қорытындысы бойынша DB Engineering & Consulting ұсынымдарының негізінде Stadler Bussnang AG швейцариялық компаниясы «Тұлпар» зауыты базасында Қазақстанда жолаушылар вагондарын өндіру жөніндегі жобада серіктес ретінде анықталды.

Stadler вагондарының бірқатар артықшылықтары бар: пайдалану мерзімі 40 жыл, Еуропалық сапа стандарты, заманауи дизайн, оқшаулау деңгейі кемінде 35% және соңғы технологиялардың трансферті.

Артықшылықтардың қатарында жолаушылар пойызының құрамына автономды режимде басқа өндірушілермен салыстырғанда әлдеқайда ұзақ жұмыс істеуге мүмкіндік беретін вагондардың жанармай бағының сыйымдылығы да бар.

Тұтастай алғанда, вагондардың техникалық сипаттамалары жоспарлы жөндеу түрлеріне ұзақ мерзімді ағытпаларсыз тізбексіз жөндеу жүргізуге мүмкіндік береді. Осылайша құрамдар үздіксіз тасымалдау процесін қамтамасыз етеді.

Вагондар өндірісін ұйымдастыру үшін «Тұлпар» жергілікті персоналы Stadler зауыттарында тиісті

оқытудан өтеді деп жоспарлануда. Бүгінгі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қатысуымен қаржыландыру мәселесін пысықтауда, сондай-ақ валюталық тәуекелдерді азайту бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Жүк тасымалдары

Жүк айналымы көлемінің ұлғаюы ішкі су көлігінде – 54,5%, теңіз көлігінде – 23,4% байқалды. Құбыр көлігінің жүк айналымының өсуі 3,6%-ды құрады.


2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның тарифтік жүк айналымы километрге 245,2 млрд тоннаны құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 5,1%-ға жоғары. Өсім экспорттық және транзиттік қатынастардағы жүк айналымының артуына байланысты болды. Жалпы пайдалану жүк айналымы тарихи ең жоғары деңгейге жетіп, бір километрге 252 млрд тоннаны құрады – бұл Қазақстан теміржолшыларының сөзсіз рекорды болды.

Ел ішінде жүк тасымалы, керісінше, 1,9%-ға төмендегенін көрсетті. Бұл қара металл сынықтарын, темір кенін және түсті металл кенін, астықты тасымалдау көлемінің азаюына байланысты болды.

Ал жүк айналымын әкелу 10,3%-ға артты. Қазақстан шегіне әкелу бойынша жүк айналымы 2,3%-ға төмендеді (жүктерді тасымалдау көлемін 3%-ға азайту есебінен). Мұнай өнімдерін, көмірді, химиялық заттарды, құрылыс жүктерін, қара металл сынықтарын, тыңайтқыштарды, түсті металдарды, көмір коксын, цементті тасымалдау көлемі азайды.

Нәтижесінде Қазақстан арқылы транзитпен келе жатқан жүк пойыздары 14%-ға ұлғайды. Жалпы тасымалдау көлемінің 10,5%-ға артқанын ескерсек, бұл таңқаларлық жәйт емес. Қырғызстаннан Беларусияға, Ресейге және Еуропа елдеріне көмір; Ресейден Өзбек-

2022 жылғы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жүк айналымындағы негізгі жүктердің үлесі пайызбен



стан мен Қытайға темір рудасын; Ресей мен Беларусьтен Орталық Азия елдеріне мұнай өнімдерін және т. б. тасымалдау арта түсті.

2022 жылы 2021 жылға қатысты жүк айналымының ұлғаюы байқалды:

- көмір – 3,5%;
- мұнай өнімдері – 11,7%;
- астық – 9,4%;
- түсті металдар – 20,5%.

2021 жылы Қазақстанның теміржол әкімшілігі пандемиялық шектеулерді еңсеру бойынша шаралар қабылдады. Бұл 2022 жылы оң динамиканы сақтауға

мүмкіндік берді. Транзиттік жүк тасымалы 10%-дан астамға, оның ішінде контейнерлерде – 6%-ға ұлғайды.

Транзиттік тасымалдардың ұлғаюының негізгі факторлары Қырғызстаннан Ресейге, Беларусияға және Еуропа елдеріне көмірдің жаңа жүк ағыны; Ресейде биржалық бағаның төмендеуіне байланысты Ресей мен Беларусьтен ОА елдеріне және Ауғанстанға мұнай өнімдерінің айтарлықтай өсуі; Ресейден Қырғызстанға астық тасымалының ұлғаюы; химиялық жүктерді тасымалдау логистикасының өзгеруі – поли-

винилхлорид пен каустикті Қытай Ресейге және ОА елдеріне жеткізудің өсуі болды.

Геосаяси себептерге байланысты өзгерген логистика тыңайтқыштарды (карбамид, калий хлориді, аммиак селитрасы) Өзбекстаннан Украинаға тасымалдау болмаған жағдайда, осы елден өндірушілер Латвия, Польша, Беларусь және басқа Еуропа елдерінен серіктестерге қайта назар аударды. Калий тыңайтқыштарын контейнерлерде Беларусиядан Қытайға тасымалдау көбейді. «Қытай-Ресей-Қытай» бағыты бойынша контейнерлік тасымалдардың артуы күрт өсті.

Баламалы тасымалдау маршруттары

2022 жылғы тамызда ҚР Президенті Транскаспий халықаралық көлік бағыты (ТХКБ) бойынша тапсырма берді. Бүгінгі таңда халықаралық тасымалдарды дамытудың бұл перспективалық бағыты жүк жөнелтушілерден тауарларды Грузия, Түркия порттары бағытында және одан әрі






европалық нарықтарға жеткізу үшін белсенді сұранысқа ие.

«Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс бағытын жүк жөнелтушілер өз өнімдерін Иран, Үндістан және Парсы шығанағы нарықтарына тасымалдаудың балама бағыты ретінде қарастырады.

Осы бағыттардағы контейнерлердегі Транзит 2021 жылғы деңгейге қарағанда 6%-ға өсіп, 1129,2 мың⁹ ЖФЭ-ні құрады.

Сонымен қатар 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қытай-Еуропа-Қытай» бағытындағы контейнерлік тасымалдар 2022 жылға қарай 26%-ға төмендеп, 490 мың ЖФЭ-ні құрады.

Контейнерлердегі транзит
2020-2022 жылдар кезеңінде, мың ЖФЭ






2020-2022 жылдар кезеңінде контейнерлердегі транзит, мың ЖФЭ

Бұдан басқа Транскаспий халықаралық көлік бағыты мен «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі арқылы Үндістанға және Парсы шығанағы

елдеріне Иран мен Иранның Бандар-Аббас порты арқылы транзиттік жүк ағынын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Контейнерлік сервис, атап айтқанда, «Алтынкөл-Ақтау-Баку-Поти/Батуми» ТХКБ бағыты бойынша



⁹ ЖФЭ немесе «жиырма футтық эквивалент» (ЖФЭ, ағылш. TEU) – көлік ағындарының сандық жағын, контейнерлік терминалдардың өткізу қабілетін немесе жүк көліктерінің сыйымдылығын өлшеудің шартты бірлігі. Ұзындығы 20 фут (6,1 м) болатын ISO контейнерінің өлшемдеріне тең – ескерту ред.

шаттл-пойызы ұйымдастырылып, іске қосылды.

«Аяғез-бақты теміржол желісінің құрылысы» жобасы бойынша Жол картасы әзірленді, оның шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ «РЖД» ААҚ-мен бірлесіп 2030 жылға дейін Ресей-Қазақстан-Қытай қатынасында жүктерді тасымалдаудың қолданыстағы және әлеуетті (өсу жағдайында) көлемдерін талдауға кірісті.

2023 жылға арналған жоспарлар

2023 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мынадай мақсаттарды іске асыруды жоспарлап отыр:

- пайдалану жүк айналымын 268,8 млрд ткм дейін ұлғайту (2022 жылға қарай 6,7%);
- контейнерлік транзитті 1 250 мың ЖФЭ-ге дейін ұлғайту (2022 жылға қарай 10,7%);

- паркті жаңарту және инфрақұрылымды жаңғырту бойынша жұмысты жалғастыру;
- «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолдарын салуды жалғастыру;
- екі теміржол желісінің құрылысын бастау (Алматы, «Бақты-Аяғез» станцияларын айналып өту);
- сауда хабтарының жобаларын іске асыруға кірісу;
- ТХКБ активтерін басқару үшін PSA-мен бірлескен кәсіпорын құру;
- Stadler технологиясы бойынша салынған жолаушылар вагондарын өндіруді бастау;
- Компанияны ұлттық көлік-логистикалық компанияға айналдыруды жалғастыру.

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ОПЕРАТОРЛАР



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

5G

ұялы байланыс операторлары үшін

Ұлттық ақпараттық супермагистраль

«Қазақтелеком» АҚ – Қазақстанның ең ірі телекоммуникациялық компаниясы, 1994 жылы құрылған – тіркелген дауыстық байланыс нарығында 93% (2,6 млн абонент), ұялы байланыс нарығында 61% (14,5 млн абонент), кең жолақты қолжетімділік нарығында 74% 1 (1,8 млн), ақылы ТВ сегментінде 33% (930,7 мың абонент) және АКТ қызметтері нарығында 18%-ды алып жатыр.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның ірі қалаларын деректерді берудің жоғары жылдамдығымен цифрлық ағындармен байланыстыратын көліктік оптикалық-талшықты сақина болып табылатын Ұлттық ақпараттық супермагистральға ие. Компанияның инфрақұрылымы 87 мың км астам талшықты-оптикалық



желіні және 13 мыңнан астам базалық станцияларды қамтиды, бұл елдің бүкіл аумағын тіркелген байланыспен және ел халқының жалпы санының 81%-ы

LTE стандарты желісімен қамтуды қамтамасыз етеді. Топтық инфрақұрылымдық базасына сонымен қатар 27 коммерциялық деректер орталығы кіреді.

Қызметтің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2021	2022
өндірістік көрсеткіштер:		
тіркелген желілер саны, мың желі*	2 774,5	2 651,5
тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны, мың абонент	1 860,7	1 863,2
ақылы ТВ, мың абонент	918,7	930,7
мобильді абоненттер, мың абонент	14 543,3	14 548,9
қаржылық көрсеткіштер **:		
түсім, млрд теңге	594,2	634,5
операциялық пайда, млрд теңге	160,9	174,3
таза пайда, млрд теңге	90,8	128,8
төленген дивидендтер, млрд теңге **	22,0	39,5
таза борыш, млрд теңге ***	139,7	32,1
төленген салықтардың көлемі, млрд теңге	89	118

* көрсеткіштің төмендеуі абоненттердің стационарлық телефондардан бас тартуына байланысты

** 2020 және 2021 жылдардың қорытындысы бойынша есептелген дивидендтер тиісінше 2021 және 2022 жылдары төленді.

*** Таза борыш шоғырландырылған қаржылық есептілік деректеріне сәйкес есептелген, мұндағы: Борыш – қарыздар мен жалдау бойынша міндеттемелер, Ақша қаражаты – ақша қаражаты және олардың баламалары + Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері.

Өткен 2022 жыл компания үшін қиын болғанымен, жалпы ұлттық телекоммуникация операторы үшін өте өнімді болды.

Бірінші тоқсанда, қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде компания абоненттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін туыстарына хабарласуға тырысқан бұрын-соңды болмаған қолдау шараларын қабылдады. Атап айтқанда, жеке тұлғалар мен бизнеске бірқатар қызметтер үшін абоненттік төлем бойынша 50% жеңілдік беру, кешіктірілген төлемдер үшін өсімпұлды жою және әр абонентке 1000 минутқа тегін қалааралық телефон қоңырауларын ұсыну.

Осындай қадамдар қыркүйек айының басында, «Қазақтелеком» АҚ Қостанай облысы Әуликөл ауданының тұрғындары мен кәсіпкерлерінің ауқымды орман өрттерінен зардап шеккендері үшін абоненттік төлемнен босатқан кезде де қабылданды.

Сонымен қатар компания өз қызметкерлерінің әл-ауқатын арттыруға айтарлықтай қаржы ресурстарын бағыттады. Бұл шаралардың барлығы жылдың басында және ортасында қаржылық көрсеткіштерге әсер ете алмады, алайда төрт тоқсанның қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ теріс ауытқуларды толығымен теңестіріп, таза пайда көрсеткішін айтарлықтай жақсартты».

Шоғырландырылған есептілік нәтижелері бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы өткен жылдың объективті қиындықтарына қарамастан 2022 жылы барлық негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер бойынша өсім көрсетті.

2022 жылғы үшінші тоқсанда «Қазақтелеком» АҚ тікелей таза пайдасы 88 млрд теңгеден асып, 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 2,4%-ға өсті. (Бір қызығы 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта компания таза

кірістің 13% төмендегенін көрсетті).

Осы кезеңде компаниялар тобының шоғырландырылған кірісі 9,8%-ға өсті, ал EBITDA рентабельділік көрсеткіші жыл бойы 46% деңгейінде сақталды. Оң үрдістер 2022 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша да сақталды.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарына сәйкес есептелген компанияның жай акцияларының баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсаннан бастап шамамен 40%-ға өсіп, 37 мың теңгені құрады.

Күрделі шығындардың жеткілікті үлкен көлеміне қарамастан, 2022 жылы компания өтімділіктің қолайлы деңгейін сақтап қалды: «Қазақтелеком» АҚ-ның қарамағында баланста да, ашық кредиттік желілер шеңберінде тартуға болатын да ақшалай қаражаттың едәуір көлемі болды.

Бұл ретте, «Қазақтелеком» АҚ валюталық тәуекелге ұшыраған жоқ, өйткені компанияның барлық міндеттемелері теңгемен көрсетілген. Бұл оң факторларды S&P Global Ratings және Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттіктері де атап өтті, олар 2022 жылы кірістің одан әрі органикалық өсуін болжай отырып, рейтингті

«Тұрақты» деңгейде бағалады және компаниялар тобының қаржылық тұрақтылығының айтарлықтай қорын мойындады. 2022 жылдың қорытындылары бойынша компаниялар тобы бойынша шоғырландырылған есептіліктің деректері, атап айтқанда, 2022 жылдың қиын жағдайларында кірістер мен таза пайданың өсуі халықаралық талдаушылардың бұл бағасын толық растайды.

Инфрақұрылымға инвестициялар

«Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы соңғы жылдары өзінің ұзақ мерзімді активтеріне жыл сайын 100 млрд теңгеден астам инвестиция салады. Бұл ретте желіні дамытуға және жаңғыртуға (5G желілерін салу, мыс желілерін «оптикаға» ауыстыру, қалалық және ауылдық елді мекендерде кең жолақты қолжетімділік желілерін салуды жалғастыру және т. б.) инвестициялар көлемі 2021 жылы 40%-ға, ал 2022 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша – 17%-ға (осыған ұқсас желілермен салыстырғанда 2021 жыл кезеңі) өсті. Салынған инвестицияларды қоса алғанда, кірістер де: 2021 жылы 13%-ға және 2022 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша 2021 жылғы қаңтар-қазанмен



салыстырғанда 8%-ға өсуді көрсетеді.

Компания 2023 жылы одан да маңызды инвестицияларды жоспарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында байланыс қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін үздіксіз жақсартуды жалғастыруда. Табыстағы күрделі шығындардың үлесі шамамен 20% құрайды. Жаңа негізгі құралдардың кезең соңындағы қалдық құнынан түсетін түсімдер үлесі шамамен 20%-ын құрайды. Бұл компанияның даму процесі үздіксіз екенін көрсетеді.

Дивидендтер төлеу

2022 жылы «Қазақтелком» АҚ (Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне сәйкес) 2021 жылғы шоғырландырылған бөлінбеген пайданың 43,53% – 39,5 млрд теңгені дивидендтер төлеуге бағыттады.

Салыстыру үшін 2020 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеуге таза пайданың 30%-ы – 19,0 млрд теңге бағытталды.

Әлеуметтік серіктестік

Компаниядағы 2022 жыл қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жылы деп жарияланды. 2022 жылдың көктемінде «Қазақтелеком» АҚ ұжымдық шарттың жаңа нұсқасын қабылдады, ол қызметкерлердің жалақысын (инженерлік-техникалық персоналды қоса алғанда, жаппай кәсіп қызметкерлеріне баса назар аударатын) орта есеппен 20%-ға арттыруды көздеді.

Бұдан басқа жалақысы төмен лауазымдарды атқаратын «Қазақтелком» АҚ-ның 475 қызметкерінің жалақысы орта есеппен 4%-дан 20%-ға дейін көтерілді.

Сонымен қатар әртүрлі төлемдер мен қолдау шаралары қарасты-

рылды: сауықтыру үшін еңбек демалысына материалдық көмек, уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы, ерте зейнеткерлікке шыққан кезде біржолғы жәрдемақы, баланың тууына байланысты төлемдер және қызметкер өмірлік қиын жағдайға тап болған жағдайларда ақшалай көмек.

Осылайша компанияның еңбек-ақы төлеу қорына жұмсаған шығындары 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 27%-ға – 95,5 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Ұялы байланыс

Ұялы байланыс нарығында «Қазақтелком» АҚ тобына «Kcell» АҚ (Kcell және Activ брендтері) I және «MT-C» ЖШС (ALTEL және Tele2 брендтері) операторлары кіреді.

Өткен жылғы желтоқсанда «MT-C» ЖШС және «Kcell» АҚ тұлғасындағы «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобы 3600-3700 МГц (100 МГц) радиожиілік жолақтарындағы №1 лот және 3700-3800 МГц (100 МГц) радиожиілік жолақтарында № 2 лот бойынша «gosreestr.kz» ақпараттық жүйе алаңында ұялы байланыстың бесінші буыны (5G) үшін радиожиілік аукционында жеңіске жетті. Конкурс шарттары бойынша аталған компаниялар 2027 жылға дейін бүкіл ел бойынша 7 мыңнан астам 5G базалық станциясын орналастыруы тиіс, оның ішінде Астана, Алматы және Шымкенттегі 486 базалық станция ағымдағы жылы пайдалануға беріледі.

Өткен жылдың басындағы қиындықтарға қарамастан, Kcell өзінің цифрлық экожүйесін, мобильді қаржы қызметтерін, B2B сегментін және құрылғыларды бөлшек саудада сатуды дамыту арқылы оң динамикасын сақтап қалды. 2022 жылы Kcell 41,6 млрд теңге инвестициялады, оның

басым бөлігі байланыс сапасын жақсарту үшін желіні жаңғыртуға бағытталды.



Байланыс сапасын жақсарту жөніндегі бағдарлама шеңберінде 1272 базалық станцияда жабдық орнатылды және жаңғыртылды және инсталляциялық жұмыстар өткен орындарда деректерді беру жылдамдығының 40%-ға дейін ұлғаюы тіркелді. Ауылдық жерлерде халықты мобильді кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету үшін 604 сайт¹⁰ (серіктес сайттарды қоса алғанда) іске қосылды. Компания 246 базалық станцияны жаңарту және белсендіру арқылы жаңа қамтуды қамтамасыз етті және желіні жақсартты.

Өткен жылы Tele2 OoKla¹¹-ның Speedtest сервисін пайдаланушылардың тестілеу нәтижелері бойынша «Мобильді интернеттің ең жылдам желісі» номинациясында жеңімпаз атанып, өзінің көшбасшылық позициясын растады.



Бұдан басқа «Қазақтелеком» АҚ жоғары жылдамдықты интернетке және соның салдарынан әлеуметтік желілерге қол жеткізу мүмкіндіктері арқылы ауылдық таланттардың дамуына үлес қосады. Жоба коммуникациялар саласындағы – Ақ Мерген ұлттық сыйлығымен марапатталды.

2022 жылы шағын ауылдар бойынша желіміздегі дербестендірілмеген трафикті талдау бойынша – 250+ бағдарламасы

бойынша МКЖК¹² қосылған – бейнесервистер мен әлеуметтік желілердің үлесі 40%-ды құрады.

2023 жылға арналған жоспарлар

2022 жылдың оң нәтижелері компаниялар тобына биылғы жылы бірқатар ірі және қымбат жобалар бойынша жұмысты бастауға мүмкіндік береді. Қазақстанда бесінші буын ұялы байланыс желілерін іске қосу басымдыққа ие.

Аукцион қорытындысы бойынша алынған міндеттемелерге сәйкес 2027 жылға қарай республикалық маңызы бар қалалардың 75%-ы, облыс орталықтарының 60%-ы 5G технологиясымен қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Каспий теңізінің түбіндегі ТОВЖ Орталық Азия елдерін бірыңғай Интернет-кеңістікпен байланыстырады

«Қазақтелеком» АҚ 2023 жылы Әзірбайжан-Қазақстан бағыты бойынша Каспий теңізінің түбінде талшықты – оптикалық желі құрылысының халықаралық күрделі жобасымен жұмысты жалғастырады.

Негізгі бағыт Ақтаудан Әзірбайжан Сумгаита ауданына дейін өтеді және 340 км-ден асады, ұзындығы 330 км-ге жуық резервтік арна қа-

зақстандық Құрық портынан Баку маңындағы Сумгаит қаласының ауданына дейін салынады.

Транскаспий жобасы Қазақстан үшін (және тұтастай алғанда бүкіл Орталық Азия өңірі үшін) стратегиялық маңызды, өйткені оны іске асыра отырып, біздің еліміз халықаралық транзит нарығына қосымша жол ашады, бұл Азия елдерінен Қазақстан аумағы арқылы Әзірбайжанға дейін Грузия, Қара теңіз және Болгария арқылы Еуропаға шығатын жаһандық трафиктің транзитін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоба сонымен қатар жаңа цифрлық телекоммуникациялық дәлізді құруды жеделдету үшін драйвер болады және жоғары жылдамдықты және қорғалған деректер инфрақұрылымын дамытудың жоғары деңгейіне шығуға, сауда байланыстарын нығайтуға көмектеседі.

Тұтынушыға жақын

Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ 2023 жылы республиканың тоғыз қаласында 25 мыңнан астам пайдаланушыға әсер ететін «Желіні қайталау» бағдарламасы шеңберінде қазақстандық абоненттерді ADSL деректерін берудің ескірген технологияларынан оптикаға ауқымды аударуды жүзеге асыруды жалғастырады.



¹² Мобильді кең жолақты қол жетімділік.

Сондай-ақ елдің ең ірі телеком-операторы Akamai, Facebook, Google, Cloudflare, Netflix және Meta әлемдік контент-провайдерлерінің қосымша кәштеу серверлерін орнатуды жүзеге асыруға ниетті.

Компанияның сөзсіз бәсекелестік артықшылығы республика бойынша 87 мың шақырымнан астам талшықты-оптикалық желілерді, 13 мыңнан астам базалық станцияларды, 27 деректер орталықтарын және 40 мың қалалық бейнебақылау камераларын қамтитын дамыған және қуатты инфрақұрылым. Бұл инфрақұрылым компаниялар тобына кең жолақты секторда 1,8 миллионнан астам абонентке, ұялы байланыс сегментінде 14,9 миллионнан астам абонентке сапалы қызмет көрсетуге және ақылы теледидарға 913,205 мың қосылу нүктесіне қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

2023 жыл компанияда «Қызмет көрсету және клиентке бағдарлау жылы» деп жарияланды. Клиенттің тәжірибесін басқарудың алты негізгі мақсаты тұжырымдалған, атап айтқанда:

- NPS жетістігі – қызметке қанағаттану индексі 11%;
- бірінші өтініштен бастап тұтынушылардың сұраныстарын шешу көрсеткіштерінің 90%-на қол жеткізу – FRR (First request resolution) – яғни, барлық өтініштердің 90%-ы бірінші рет шешілуі тиіс;
- eNPS қызметкерлерінің қанағаттану индексінің 63%-на қол жеткізу;
- әлеуметтік тұрақтылық индексіне SRS-ке қол жеткізу 68%;
- 24 сағат ішінде GPON технологиясы бойынша қызмет инсталляцияларын орындаудың 90%-на қол жеткізу;
- 12 сағат ішінде бірлік зақымдануды 95% жоюға қол жеткізу.

¹⁰ Сайт – базалық станция

¹¹ OoKla – мобильді және кең жолақты желілерді интеллектуалды талдау, қолданбаларды тестілеу және онымен байланысты технологиялар саласындағы әлемдік көшбасшы. SpeedTest – желілерді сынау үшін жасалған және жұмыс істейтін OoKla флагмандық платформасы – күн сайын дүние жүзіндегі желілердің өнімділігі мен сапасының жүздеген миллион өлшемдерін алады және өңдейді. OoKla сауда белгілері лицензия бойынша пайдаланылады және рұқсатымен қайта басылады.

2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да «Қазақтелеком» АҚ-ның 2023-2032 жылдарға арналған «JRun» Даму стратегиясы бекітілді. Стратегияның ең маңызды екі бағыты – «Jakup» – клиенттік тәжірибені жақсарту есебінен телекоммуникация нарығындағы көшбасшылық және «Biglik» – қызметкердің тәжірибесін жақсарту есебінен табыс. Стратегияда тек сыртқы ғана емес, ішкі клиенттік клиенттік тәжірибесіне ерекше назар аударылады.

Бүгінгі таңда сервис қызметтер нарығындағы басты саралағыш. Сондықтан да «Қазақтелеком» АҚ-да 2023 жыл сервис сапасын жақсарту жылы болып жарияланды.

Компанияның басты мақсаты – B2C және B2B сегменттерінде клиенттік тәжірибе бойынша №1 оператор болу. Аталған мақсатқа компанияның әрбір қызметкерінің қатысуы арқылы ғана қол жеткізуге болады, сондықтан SRS және eNPS индекстеріне ерекше назар аударылады. Қызмет көрсету, коммуникациялар арналарын өзгерту және жақсарту және онлайн-қызмет көрсету арналарын одан әрі цифрландыру бойынша ағымдағы бизнес-процестерді трансформациялау бойынша елеулі жұмыс күтіп тұр.

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы

Нәлдік өндірістік жарақаттануға қол жеткізу мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ Қоры барлық портфельдік компаниялар үшін өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі.

Осы жоспарды іске асыру шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ өндірістік қауіпсіздік бойынша I-ші жыл сайынғы форум өткізді, оған компанияның барлық топ менеджерлері еңбекті қорғау жөніндегі жеке міндеттемелерге қол қойды.

Жоспардағы өндірістік қауіпсіздік жөніндегі негізгі іс-шаралар ретінде компанияның барлық қызметкерлеріне жұмыстарды тоқтатуға құқық беруді, мінез-құлықты бақылау бағдарламасын енгізуді, халықаралық бағдарламалар әдіс-төмесі бойынша еңбекті қорғау саласында оқытуды, «Балаларға арналған қауіпсіздік» жобасын атап өтуге болады.

Барлық аталған іс-шараларды іске асыру 2022 жылдың қорытындысы бойынша оң нәтиже көрсетті. Жыл басымен салыстырғанда LTIF коэффициенті (уақытша еңбекке жарамсыздығы бар жарақаттардың жиілігі) 85%-ға, яғни

0.7-ден 0.1-ге дейін төмендеді, ал 2021 жылдың қорытындысымен салыстырғанда компания жарақаттардың 41%-ға, 0.17-ден 0.1-ге төмендеуіне қол жеткізді. Портфельдік компаниялар арасындағы өндірістік қауіпсіздік жөніндегі қорытынды кеңес барысында Қоғам 2022 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік қауіпсіздік саласындағы үздік көрсеткіштері мен жетістіктері үшін марапатқа ие болды.

Болашақта қол жеткізілген нәтижелерді жақсарту мақсатында Қоғам «Қазақтелеком Қауіпсіздігі» АҚ тұжырымдамасын әзірлеп, енгізе бастады, ол: жоғары басшылықты өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне тарту; жеке қорғану құралдарының, құралдардың, жабдықтар мен құрылғылардың сапасын жақсарту; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің тиімділігін арттыру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау компаниялардың барлық қызметкерлері сияқты төрт бағанға негізделеді.

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның телекоммуникациялық нарығында сөзсіз көшбасшылықты сақтайды. Компания ішкі телекоммуникация нарығының барлық сегменттерінде: тіркелген телефония, кең жолақты интернет, ұялы байланыс, ақылы теледидар және IT өнімдері сияқты қызметтер мен қызметтердің кең спектрін ұсынады.

«Қазақтелеком» АҚ жаңа Қазақстанның құрылысына белсенді қатысып, digital-сервистерді дамытып, елдің өнеркәсіптік және коммерциялық кәсіпорындарын, жергілікті және орталық атқарушы органдарды цифрландыруға көмектеседі. «Қазақтелеком» АҚ жұмысының басты қорытындысы – ел халқының 99%-ға жуығы барлық заманауи цифрлық технологияларды пайдалануға мүмкіндік алады.



994,6

млрд теңге
қаржы қызметтерінің айналымы

Пошта-логистикалық, қаржылық және цифрлық қызметтер

«Қазпошта» АҚ – бүгінде пошта-логистикалық, қаржылық, брокерлік, агенттік және басқа да қызметтерді көрсететін әлеуметтік маңызы бар қызметтің ауқымды спектрінің агрегаторы. Бұл Қордың зейнетақыларды, жәрдемақыларды және мерзімді басылымдарды жеткізуге әлеуметтік жауапкершілігі бар жалғыз еншілес кәсіпорны.



Қызметтің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2021	2022
өндірістік көрсеткіштер:		
пошталық, мың бірлік	131 662	114 663
қаржылық, млн теңге	1 144 094	994 618
агенттік, млн теңге	36 067	28 677
қаржылық көрсеткіштер, млн теңге:		
түсім	53 521,7	60 977,5
таза пайда	- 7 172	- 12 453,7
операциялық пайда	- 7 109,6	- 6 837,3
таза борыш	7 000	7 000
төленген салықтардың көлемі, млрд теңге	5,8	6,0

Компанияда 20 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Кәсіпорын қаржылық тұрғыдан әрдайым қолайлы кезеңдерді бастан өткермегеніне қарамастан, соңғы 10 жылда қысқартулар

туралы мәселе ешқашан болған емес. «Қазпошта» ұйымшыл командасы қаржылық жағдайды сауықтыратын жаңа жобалар мен бастамаларды іске қосу жөніндегі іс-шаралар кешенінде көрініс та-

батын Даму стратегиясын дәйекті түрде іске асыруда.

Стратегияның негізгі бағыттарының бірі жеделдетілген цифрландыру. «Қазпошта» командасы

логистика процестерін автоматтандыру, курьерлік өнімдерді реинжинирингтеу, біздің курьерлерімізге еңбекақы төлеуді енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

2022 жылы компания курьерлік жеткізу қызметінің сапасын арттыруға назар аударды. Процестерді автоматтандыру арқылы пошта жөнелтілімдерін өңдеу, түсіру және жүктеу уақытын қысқартуға арналған мобильді қосымша, курьерлерге арналған GoPost қосымшасы, сәлемдемелерді паллеттеу және контейнерлеу үшін мобильді қосымшасы әзірленді.

Электрондық коммерцияны дамыту Қазақстан үшін тауарларды өткізудің жаһандық ресурстары бар халықаралық нарықты, сапалы өнімге қолжетімділікті, қолма-қол ақшасыз төлемдерге көшуді ашады. Сондықтан «Қазпошта» АҚ нарыққа ілесіп келеді. E-commerce форматында қызмет көрсету сапасын арттыру үшін 2022 жылы процестердің реинжинирингі жүргізіліп, GoPost экожүйесі құрылды. Интернет-дүкендердің иелері тауарларды қабылдауды, өңдеуді, сақтауды, қадағалауды және түпкілікті тұтынушыға жеткізуді қамтитын қызметтер кешенін ала алатын фулфилмент-орталықтар ашылды. Бұл ретте интернет-дүкендер логистикаға, тауар үшін қойманы жалға алуға, персоналға және басқа да шығындарға өздерінің

шығындарын барынша азайтады, сондай-ақ сәлемдемелерді жеткізу мерзімдері айтарлықтай қысқарады. Еліміздің барлық облыс орталықтарында «Қазпошта» бөлімшелерінде электрондық коммерция орталықтары жұмыс істейді. Электрондық коммерцияның тағы бір бағыты – пошта және сәлемдеме супермаркеттері. Осы сегменттегі «Қазпошта» нарығының үлесі 19%-дан артық.

Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі зор – Қазпошта қызметкері 80 жастан асқан адамдарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, ардагерлерге зейнетақылар мен жәрдемақыларды үйге жеткізеді. 24/7 режимінде мерзімді баспа басылымдары ең шалғай елді мекендерге жеткізіледі. 2022 жыл компанияда «Пошташы жылы» деп жарияланғаны кездейсоқ емес, бұл «Қазпошта» пошташылары мен операторлары қызметінің бірқатар өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда «Қазпошта» АҚ кредиттеуден басқа қаржылық қызметтердің барлық спектрін көрсетеді. Бұл ретте, «Қазпошта» АҚ кредиттеуге және депозиттерді жүргізуге лицензиясы бар банктердің бәсекелестік ортасында жұмыс істейді, бұл кірістіліктің маңызды құрамдас бөлігі. «Қазпошта» АҚ бұл қызметтерді

серіктес банктердің агенті ретінде көрсетеді.

Бірақ «Қазпошта» АҚ қызметінің басты бағыты пошта-логистикалық қызметтер болып қала береді, олар, өкінішке орай, кредиттік-қаржылық қызмет сияқты пайда әкелмейді.

Бүгінгі таңда «Қазпошта» АҚ ел халқының 41%-ы үшін – ауыл тұрғындары үшін – мынадай қызметтерді: т/ж және авиабилеттерді сатудан бастап тұтынушылық кредиттеуге дейінгі пошта, қаржы және агенттік қызметтерді алуудың жалғыз терезесі. Пошташылар мемлекет пен тұрғындар арасында, әсіресе ауылдық жерлерде байланыс буыны болып қала береді.

Инфрақұрылымға назар аударылды

2022 жылы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында орналасқан Бонд қоймасы өзін-өзі ақтауға шықты. Мұнда Қазақстан арқылы Қытайдан Еуропа мен Орталық Азия елдеріне коммерциялық тауарды әкелу және транзиттеу, сондай-ақ ЕАЭО елдеріне транзиттік жүктерді өңдеу жөніндегі операциялар және Қазақстанға арналған поштаны қабылдау жүзеге асырылады (күн сайын 100 тоннаға дейін мүмкіндігі бар). Бонд қоймасында жүктерді теміржол және автомобиль көлігімен қабылдау және жөнелту мүмкіндігі бар. Оның басты ерекшелігі – тауарларды кедендік баждарды төлемей сақтау. Қойманы пайдалануға беру Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуға ықпал ете отырып, алыс шет елдерге пошта жөнелтілімдерін іске асыруға, тауарларды жеткізу мерзімдерін 1-ден 10 күнге дейін қысқартуға және тауар айналымын ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстандық бонд қызметтерін Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан клиенттері сұранысқа ие. Қытайдың ірі логисти-



калық компанияларымен және пошта әкімшіліктерімен-серіктес-термен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол жеткізілді, бұл тікелей тауар ағындарының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. «Yiwu Yuxuan Trade Co.» компаниясымен Ресейге транзитке шарт жасалды. LTD, басқа клиенттермен шарт жасасу бойынша жұмыс жүргізілуде. 2022 жылғы тамызда Ресей Федерациясына 400 кг көлемінде пошта транзитін қабылдау пилоты өткізілді.

Тауарларды бонд қоймасында сақтау сатушылар мен электронды сауда алаңдары үшін ең тиімді. Мұндай қоймалық орналастыру оларға тауарларды сатып алушыға жеткізу үшін кедендік аумақтан тауарды нақты әкеткеннен кейін ғана салық баждары мен алымдарын төлей отырып, «қол астында» болуға мүмкіндік береді. Бұл бизнеске шығындарды азайтуға және сонымен бірге клиенттерге олардың тапсырыстарын тезірек жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл өндіруші елден жеткізуді күтпестен өз тауарларын қысқа мерзімде алатын соңғы тұтынушыларға да тиімді. Осы

артықшылықтардың барлығы электрондық коммерцияны дамытуға және қолма-қол ақшасыз төлемдер санының өсуі есебінен қаражаттың көлеңкелі айналымының көлемін азайту жөніндегі мемлекеттік міндетті шешуге ықпал етеді.

«Қазпошта» АҚ логистикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға көп көңіл бөледі. Бүгінгі таңда компанияның иелігінде 13 сұрыптау орталығы және жалпы ауданы 25 мың шаршы метрден асатын үш хаб бар. Бес жыл ішінде өндірістік қуаттылық тағы 33,4 мың шаршы метрге артады, яғни 2025 жылға қарай 2,5 есеге жуық.

Электрондық сауда

Бүгінгі таңда «Қазпошта» транзиттік пошта қызметтерінен түсетін кірістер шекара маңындағы елдердің тауар айналымының көлемімен салыстырғанда сәлестірмалы түрде төмен. Осы сегменттегі табыстың ең үлкен үлесін Қазақстанға ҚХР-дан Еуроодақ елдеріне транзит әкеледі. Сонымен қатар халықаралық пошта корпорациясы сарапшыларының пікірінше, 2025 жылға қарай Орталық Азияда барлық

жаһандық сауда ағындарының 40% шоғырланатын болады.

Серіктестік желі бөлімшелерін қоса алғанда «Қазпошта» филиалдық желісі елдің барлық аумағын, ауылдық жерлерге дейін қамтиды және 18 мыңнан астам адам жұмыс істейтін 2700-ден астам өндірістік бөлімшені құрайды.

Фулфилмент-орталықтар сатып алушыларға тауарларды қабылдау, сақтау, жинау, буып-түю және жеткізу бойынша қызметтердің толық циклімен Алматы, Ақтөбе, Астана қалаларында жұмыс істейді. Бұл логистикаға, тауар үшін қойманы жалға алуға және т. б. шығындарды азайтатын кәсіпкерлер үшін ыңғайлы. Тауарларды фулфилмент орталығында орналастырудың арқасында сәлемдемелерді жеткізу мерзімі қысқарады.

Дербес қызмет көрсетуге арналған 219 сәлемдеме супермаркеті жұмыс істейді, онда екі аймақ қарастырылған: сәлемдемелерді алу және жөнелту. Қызметтерді ұсынудың бұл форматы өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде сервисті енгізу есебінен бизнес-процестердің тиімділігін арттырады.

№	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2020	2021	2022
1.	Жұмыскерлер	адам	21 101	18 468	17 972
2.	Жиынтық табыс	млрд теңге	56,1	54,2	62,6
3.	Қызметтер көлемі:				
	- Пошталық	млн бірлік	149,2	146,4	114,7
	- Қаржылық	млрд теңге	1 372,9	1 144	994,6
	- Агенттік	млрд теңге	27,6	36	28,7
4.	Өндірістік желі	бірлік	3 081	2 873	2 746
5.	Пошта байланысы бөлімшелерін автоматтандыру	%	87,5	88,3	87,1
6.	Супермаркеттер	бірлік	237	219	219
7.	Пошоматтар	бірлік	151	151	151
8.	Серіктестік желіге берілген бөлімшелер	бірлік	625	253	216
9.	Көлік	бірлік			
	- Жеңіл автомобильдер	бірлік	1 881	1 747	1 783
	- Жүк көліктері	бірлік	188	191	246
	- Пошта вагондары	бірлік	36	36	35
	- Басқа да	бірлік	113	117	811

Пошта – бұл интернет-дүкендерде және каталогтарда тапсырыс берілген тауарларды беру бойынша автоматтандырылған терминал, кем дегенде 8 сағаттық жұмыс режимі бар балама жеткізу қызметі ретінде жасалған. Қазір Қазақстанда барлық облыс орталықтары мен Республикалық маңызы бар қалаларда 151 пошта бөлімшесі жұмыс істейді.

Корпоративтік интернет порталы «post.kz», бұл қызметтердің гипермаркеті. Порталда онлайн режимінде пошта және қаржы қызметтерін пайдаланушылар үшін оның ыңғайлылығын арттыру бойынша жұмыстар үнемі жүргізілуде. Бұл жүйе банк карталарын байланыстыра отырып, жеке тұлғалар үшін интернет-банкингті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

B2B-сервистерінің клиенттері «post.kz» 700-ден астам компания бар. Сәлемдемелерді жіберу, бланкілерді онлайн толтыру және басқа қызметтер қызметі бизнесті жүргізуді ыңғайлы етуге мүмкіндік береді. Тіркелген пайдаланушылардың жалпы саны шамамен 1 770 мыңды құрады, күн сайын post.kz-ке 600 адам қосылады.

Брокерлік, дилерлік, трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға, жеке тұлғалардың

банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиялар бар.

Жыл сайын бизнес саласы кеңейіп, клиент үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған жаңа жобалар іске асырылуда. Пошта саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру процесіне белсенді қатысады. Ашықтық пен тепе-теңдік маңызды әлеуметтік функцияларды орындайтын жалпы мемлекеттік инфрақұрылымның бөлігі ретінде және сонымен бірге коммерциялық ұйым ретінде сақталады

Пошта қызметтері

Компания 2023 жылдың соңына қарай GoPost экожүйесінің базасында мобильді қосымшаны енгізу есебінен ауылдық пошта байланысы бөлімшелерінде қызмет көрсету технологиясын қайта форматтауды жоспарлап отыр.

2022 жылы «GMS» (Global monitoring system – жаһандық мониторинг жүйесі) жазбаша хат-хабарларды бақылаудың жаңа жүйесі енгізілді. Өздеріңіз білетіндей, сапаны өлшеу арқылы ғана жақсартуға болады. Жаһандық мониторинг жүйесі – бұл халықаралық ДПО бюросы басқаратын заманауи өлшеу жүйесі. Оның негізгі мақсаты – әрбір қатысушыға дәл және сапалы операциялық нәтижелерді ұсыну.

Бұл ақпарат ДПО ішінде белгіленген тиімділік бонустары жүйесіне сәйкес ДПО шығыстары үшін сыйақыны анықтау және жұмыс пен сапаны жақсарту бойынша негізделген шешімдер қабылдауға көмектесу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бұған дейін ДПО-дан қазіргі уақытта Алматы, Астана және Шымкент қалаларында орнатылған және бапталған жаңа «GMS» жабдығы алынған болатын. Бұл жабдықтың техникалық мүмкіндіктері жазбаша хат-хабарларды жеткізудің сапасы мен уақтылығын дәлірек бағалауға мүмкіндік береді. Еліміздің басқа да ірі қалаларында «GMS» жүйесін енгізу күтілуде.

ДПО-дан пошта жөнелтілімдері пошта трафигін қабылдау және өңдеу жүзеге асырылатын жұмыс объектілерінде орнатылған RFID антенналары арқылы оқылады. Бұл процесс қызмет көрсету сапасын анықтау үшін қажетті ақпараттың негізгі бөлігін жасайды.

ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен 200 еуродан немесе 31 кг-дан аспайтын халықаралық пошта жөнелтілімдеріне қатысты интеграция жүргізілді. Пошта жөнелтілімдерінің осы түрлері бойынша деректерді мемлекеттік кедендік бақылау органдарына алдын ала беру және алдын ала шешімдер алу жүргізіледі. Интеграция есебінен пошта жөнелтілімдерін өңдеу мерзімдерін және мемлекеттік органдардан сұраулар санын қысқартуға болады.

Желіні жаңғырту шеңберінде операторлар үшін 2 мыңға жуық планшет және курьерлер үшін жалпы сомасы 2,4 млрд теңгеге 3,5 мың смартфон сатып алу талап етіледі. Желіні жаңғырту нәтижесінде Компания халықтың саны 2 мың адамнан аз Қазақстанның солтүстігі мен шығысындағы ауылдық тірек елді мекендерді жабатын болады.



Әлеуметтік серіктестік

2022 жыл компанияның жаңа экономикалық жағдайдағы қиын жағдайлары мен адамның еңбек қажеттіліктерінің артуы арасындағы қайшылықтарды ашты. Жанжалсыз емес, Қазпоштада еңбекшілер мен жұмыс берушілер өкілдерінің кәсіби бірлестіктерінің күшімен татуластыру рәсімдері мен медиация жолымен ымыралы шешімдерге қол жеткізілді.

Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен – «Қазпошта» АҚ басшылығы компанияның өндірістік персоналына – 14 мыңнан астам адамның жалақысын (жалпы штат санының 93,5%) көтеру туралы шешім қабылдады. 2022 жылы жұмыскерлердің орташа айлық жалақысы 29,6%-ға немесе 149,2 мың теңгеден 193,4 мың теңгеге дейін өсті, оның ішінде өндірістік персонал қызметкерлері бойынша орташа жалақының өсуі 33,3% -ды құрады немесе орташа айлық жалақы 135,0 мың теңгеден 179,9 мың теңгеге дейін өсті.

2022 жылы Ұжымдық шарттың жаңа редакциясын дайындау басталды. 30 және одан да көп жыл үздіксіз еңбек өтілі бар жұмыскерлер үшін зейнеткерлік жасқа жеткен және еңбек шарты бұзылған жағдайда үш орташа айлық жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленетін болады, бұрын бұл тармақ болмаған. Сондай-ақ еңбек шарты бұзылған кезде 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар филиалдардың қызметкерлері үш орташа айлық жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы алатын болады (бұрын бір орташа айлық жалақы болған).

Шартта өндірістік жарақат алған немесе еңбек міндеттерін орындау кезінде ауырған жұмыскерлердің мүдделері ескерілген. Жұмыскер өзінің жұмысын қалпына келтіргенге дейін олар орташа жалақының кем дегенде 100%-ын төлей отырып, жұмыстан босатылады. Немесе оған мүгедектік немесе кәсіби

еңбек ету қабілетінен айырылу белгіленеді. Бұрын осы санаттағы жұмыскерлерге орташа жалақының 50%-дан аспайтын төлемдер төленген.

Қолма-қол ақша мен құндылықтарды тасымалдауға және жеткізуге байланысты жұмыскерлердің тізімі кеңейтілді. Бекітілген мамандар тізбесімен қатар жылжымалы пошта байланысы бөлімшелерінің бастықтары енгізілді, осы лауазым бойынша жұмыскерлерге тәуекел үшін қосымша ақы көзделген.

ҚМГ-ның IPO-на қатысу

2022 жылғы 9 қараша мен 2 желтоқсан аралығында IPO шаясында компания ҚМГ акцияларын сатып алуға өтінімдерді қабылдауға қатысты. Ел тұрғындары үшін 1 170 бөлімше арқылы және біздің веб-сайт арқылы қашықтан акцияларды сатып алуға өтінім беру мүмкіндігі берілді.

IPO бағдарламасында еліміздің барлық азаматтарына қолжетімділік жағдайларын жасау және инвесторлардың барынша көп санын қамту үшін 2022 жылғы тамызда Astana International Exchange Central Securities Depository Limited (AIX CSD) ақпараттық жүйелерімен интеграциялық іс-шаралар өткізілді. Аталған іс-шара ел азаматтарына

«Tabys» қосымшасы арқылы ҚМГ акциясын сатып алуға тікелей жазылуды жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Компания Қор, ҚМГ, қор биржалары және брокерлік компаниялармен бірлесіп, Қазақстан бойынша көшпелі кездесулерде IPO өткізуге дайындық кезінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысты.

Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының (WFE) KASE жыл сайынғы World Investor Week 2022 бағдарламасын қолдау мақсатында Алматы және Астана қалаларының жетекші ЖОО-да KASE FEST қазақстандық брокерлерінің жәрмеңкесін өткізді, бұл іс-шараға біз де белсенді қатысқанбыз.

«Қазпошта» АҚ бірқатар жағдайларда азаматтар мен Мемлекет арасындағы жалғыз байланыстырушы буын болып қала отырып, ел мен оның халқы алдындағы борышын орындауды жалғастыруда. Стратегиялық жаңғырту осы институттың бұрын «бұзылған» және «артта қалған» болып көрінген пайдалы қызметінің жаңа бағыттарының пайда болуына әкелді. Бүгінде «Қазпошта» АҚ Қоғам мен ШОБ-ты дамытуға көмектесіп, жаңаруға сенімді бағытты ұстауда.



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қор портфеліндегі коммерциялық активтерді ұлғайту және осылайша 2024 жылға қарай инвестициялық портфельді белсенді басқаруға толық көшумен портфельді оңтайландыру мен қайта құрылымдауды жалғастыруға назар аудару – бұл Қордың жақын болашақтағы міндеттері.

Қордың инвестициялық холдинг форматына көшуі активтер портфелінде екі санаттың болуын білдіреді. Біріншісі – Қордың бақылау үлесі сақталатын стратегиялық активтер. Бұл активтерді басқару акционердің құқықтарын іске асыру арқылы және осы компаниялардың Директорлар кеңесіндегі Қор өкілдерінің көмегімен жүргізілетін болады.

Экономикалық қалпына келтіру кезеңінде Қордың инвестицияларын шоғырландыру бірлесіп инвестициялау қағидаттарында басым бағыттарды дамытуға жұмсалады.

Шетелдік инвестициялар бойынша тікелей және портфельдік екі бағыт бөлінген. Ұзақ мерзімді перспективада тікелей инвестициялар бойынша дамыған елдерде, Қор портфелін әртарап- тандыруды қамтамасыз ететін

салаларда іске асырылатын жобаларға салымдар жоспарланады.

Осы бөлікте «Самұрық-Қазына» АҚ Инвестициялық саясаты Қордың 2032 жылға дейінгі даму стратегиясына толық көлемде сәйкес келеді және оны іске асыруды қолдайды.

Инвестициялық саясат

Қордың инвестициялық саясаты портфельді басқару жөніндегі стратегиялық мақсатты іске асыру үшін әзірленді және Қордың мақсаттары мен принциптерін, сондай-ақ Қордың инвестициялық портфелін басқарудың негізгі ережелері мен құралдарын айқындайды.

Саясаттың ҚР Үкіметі бекітуге ұсынған бәсекелес ортаға беруге жататын ұйымдардың тізбесіне кіретін портфельдік компаниялардың және өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) иеліктен шығару жағдайларына қолданылмайтынын білу маңызды.

Үш басым мақсат Қордың инвестициялық саясатын айқындайды. Біріншісі – Қор портфелінің құнының ұзақ мерзімді тұрақты өсуін және капиталдың ақылға қонымды өсуін қамтамасыз ету. Екіншісі – болашақ ұрпақ үшін қаржылық әл-ауқатты қалыптастыру, сақтау және көбейту.

Ал үшіншісі – география, экономика салалары және активтер кластары бойынша қоржынды әртарап- тандыруды қамтамасыз ету.

Бұл ретте Қор инвестициялық қағидаттарды басшылыққа алады.

Коммерциялық орындылық қағидаты Қордың және портфельдік компаниялардың инвестициялық жобалары коммерциялық орындылық, ұзақ мерзімді мүдделер және инвестициялардың кірістілігі мен қайтарымының барынша арттыру қағидаттарына негізделеді.

Қордың Қазақстан аумағында өз экономикалық қызметін жүргізетін объектілерге инвестициялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және жеке сектордың дамуына кедергі келтірмейтін шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады, бәсекелестікті шектемейді, монополияландыруға әкелмейді.

Жауапты инвестициялар қағидаты экономикалық, әлеуметтік қағидаттар мен басқару қағидаттарын (ESG қағидаттары), сондай-ақ темекіге, ішімдікке, қару-жараққа және т.б. инвестицияларға тыйым салуды қоса алғанда, тұрақты дамуға жәрдемдесу.

Қор тұрақты құнды құруға бағытталған және нарықтардың қысқа мерзімді құбылмалылығына төтеп бере алатын ұзақ мерзімді инвестор.



Инвестициялау өлшемдері

- Барлық инвестициялардың оң таза келтірілген құны (NPV > 0) және кірістіліктің ішкі нормасы меншікті капитал (IRR > CoE) құнынан жоғары болуы тиіс.
- Стратегиялық серіктестің болуы: Қордың жаңа инвестициялары стратегиялық серіктеспен бірлесіп жүзеге асырылады.
- Қор Қазақстанға стратегиялық байланысы бар экономика салаларында (мұнай саласын қоспағанда) халықаралық инвестицияларды жүзеге асырады. Сондай-ақ жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде және жобаның өмірлік циклінің кезеңдерінде инвестицияларды жүзеге асырады.

Инвестициялық жоспарларды іске асыру үшін Қор ақшалай қаражаттың барлық қолжетімді көздерін – меншікті қаражатты, портфельдік компаниялардан дивидендтерді, шығу туралы

шешім кезінде девестициялардан (компанияларды (үлестерді) өткізуден) түскен қаражатты, ішкі және халықаралық капитал нарықтарында тартылған қарыз қаражатын, топшілік қаржыландыруды және өзге де көздерді пайдаланады.

Қордың басым инвестициялық жобалары

2022 жылы Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қарашадағы Инвестициялық штабының отырысында мақұлдандыған басым инвестициялық жобалардың бірінші пакетін іске асыруды жалғастырды. Олардың көпшілігі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына және түрлі бағдарламалық елдік құжаттарға енгізілген.

Инвестициялық стратегияға сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ жалпы сомасы 20 трлн теңгеден асатын Қор тобының басым инвестиция-

лық жобаларының екінші пакетін іске асыру бойынша бастама көтерді. Жобалар мұнай-газ химиясының, электр энергетикасының, газ инфрақұрылымының, теміржол көлігі мен телекоммуникацияның сыни инфрақұрылымын кеңейту салаларын қамтиды.

Жобалардың осы тобын іске асыру 39 мыңнан астам уақытша және 10 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындарын құруға, қосымша электр қуатын 8,4 ГВт дейін енгізуге, батыс өңірде мұнай-газ химия кластерінің дамуына қуатты серпін беруге мүмкіндік береді (полиэтилен – 1,25 млн т/жыл, бутадиең – 45 мың т/жыл, изобутан-изобутилен фракциясы – 130 мың т/жыл, синтетикалық каучук – 100 мың т/жыл, метил-трет-бутил эфирі – 40 мың т/жыл) газды магистральдық тасымалдау көлемін жылына 15 млрд м³/жыл ұлғайту, шикі газды кәдеге жарату деңгейін жылына 4 млрд м³/жыл көтеру және тағы басқалар.

Жобалардың атауы	Алдын ала құны млрд теңге
1-ші пакет	
«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту (1 кезек)	113,8
Кендерли кентінде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу	127,2
Кендерли кентінде теңіз суын тұщыландыру зауытын салу	98,2
Маңғыстау облысының газ тасымалдау жүйесін қайта жаңарту, оның ішінде «Бейнеу-Жаңаөзен» МГ 2-ші желісін салу	228,3
Алматы қ. ЖЭО үшін газ инфрақұрылымын салу	95,6
«Сарша» аймағын және «жылы жағажай» курорттық аймағын газдандыру	33,2
Қашаған м. Газ өңдеу зауытының құрылысы (1 кезек)	390
Қуаттылығы 600 МВт дейінгі Алматы ЖЭО-2 ПМУ салу	421,1
Қуаты 600 МВт дейін Алматы ЖЭО-2 ПМУ салу	341,4
Қуаты 200-250 МВт ПМУ құрылысымен ЖЭО-1 кеңейту	466,6
Алматының кабельдік желілерін қайта құру	83,3
Түркістан облысында қуаты 1000 МВт дейінгі ПМУ салу	626
«Достық-Мойынты» теміржол дәлізін жаңғырту (1 кезек)	543
Барлығы 1 пакет бойынша	3 567,7

Жобалардың атауы	Алдын ала құны млрд теңге
2-ші пакет	
Полиэтилен өндірісі	3 661
Полиэтилен жобасына арналған газ бөлу қондырғысын салу жобасы	1 071
Қазақстан Республикасында бутадиең және оның туындыларын өндіру	417
«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ магистральдық газ құбырының қуатын арттыру	1 992
Шикі газды кәдеге жарату бойынша Қашаған жобасын дамыту (2 кезең)	1 010
№3 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және реконструкциялау	445
№4 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту	548
№5 және 6 Энергия блоктарын орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту	1 096
ГРЭС-3 таза көмір технологиялары базасында станция салу	1 400
Батыс Қазақстан энергожүйесінің Қазақстан БЭЖ-мен бірлестігі	103
Қазақстан БЭЖ оңтүстік аймағының электр желісін күшейту	222
Қуаты 2800 МВт дейінгі атом электр станциясын салу	5 760
ҚР-да 5G желісін салу	395
Каспий теңізінің түбімен магистральдың ТӨБЖ төсеуі	59
Қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытын салу	73
Алматы станциясының теміржол торабын айналып өтетін айналма теміржол желісін салу	94
«Дарбаза-Мақтаарал» теміржол желісінің құрылысы	162
Бақты-Аягөз темір жол желісін салу (3-ші шекаралық өткізу пункті)	321
«Total Open» - пен бірлесіп энергияны жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт ЖЭС салу	905
«ACWA Power» - пен бірлесіп қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу	675
Барлығы 2 пакет бойынша	20 409

Қор ел үшін аса маңызды жобаларға, сондай-ақ Мемлекет басшысы айқындаған жеке инвесторлар іске асыра алмайтын жобаларға ғана қатысады.

Жаңартылатын энергетика желісі бойынша жаңа инвестициялар

2022 жылы Қор портфельдік компаниялармен бірлесіп жаңартылатын энергетика саласындағы стратегиялық әріптестерді тарта отырып, басқалардан басқа, инновациялық инвестициялық жобаларды пысықтауды жүргізді. 2021 және 2022 жылдары қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандум, Қағидаттар туралы келісім және Қор, ҚМГ, Total Eren және ҚР Энергетика министрлігі арасындағы негізгі шарттар туралы келісім шеңберінде қуаты

1 ГВт жел электр станциясын салу бойынша энергия жинақтау жүйесі бар ірі ауқымды жобаны іске асыру жоспарлануда.

Осыған ұқсас жел генерациясының жобасы Сауд Арабиясының серіктесімен талқылануда. Сондай-ақ «Қуаттылығы 60 МВт Шелек дәлізінде 300 МВт дейін кеңейту перспективасымен ЖЭС салу» жобасы іске қосылды. 2022 жылғы қыркүйекте Шелек дәлізіндегі ЖЭС станциясының

ашылу салтанаты аясында «Самұрық-Қазына» АҚ мен «Resources Limited» арасында жобаның 2-ші кезеңін одан әрі дамыту бойынша ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.



«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС қызметі

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС (СҚ Инвест) – стратегиялық серіктестермен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында жобаларға тікелей инвестицияларды жүзеге асыратын инвестициялық компания.

Компанияның басты міндеті Қордың инвестициялық портфелін әртарапандыру.

СҚ Инвест жаңа өндірістер, сапалы жұмыс орындарын құру, импортқа тәуелділікті қысқарту,

экспортты ұлғайту, шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту арқылы экономиканы дамытуды ынталандыруға арналған.

Қызметтің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2021	2022
қаржылық көрсеткіштер, млн теңге:		
өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялардан түскен таза кіріс	4 067	3 853
операциялық қызметтен түскен кірістер	3 991	4 523
қаржылық кірістер (шығындар), нетто	5 488	14 877
салық салуға дейінгі кірістер	1 497	13 488
корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	462	2 938
кезең ішіндегі кіріс	1 035	10 550

СҚ Инвест 2022 жылғы желтоқсанда Fitch Ratings-ке «Тұрақты» болжамы бар «BB +» деңгейінде эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін («ЭДР») берді. Алынған халықаралық кредиттік рейтинг компанияның беделі мен сенім деңгейін арттырады, сондай-ақ СҚ Инвест брендінің танымалдылығына оң ықпал етеді.

2023 жылға арналған жоспарлар

2023 жылы компания құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, химия және электротехникалық өнеркәсіптер саласындағы индустриялық жобаларға инвестициялау арқылы инвестициялық портфельді ұлғайтуды жоспарлап отыр. Жобалардың жалпы құны Қытай, Швейцария, Түркия инвесторлары тарапынан 101 млрд теңге мөлшеріндегі тікелей шетелдік инвестицияларды қоса алғанда, 290,7 млрд теңгені құрайды.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-ның 2023 – 2032 жылдарға арналған даму стратегиясын миссиясына, пайымдауына, стратегиялық бастамалары мен түйінді басымдықтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыұлттық даму басымдықтарына сәйкес өзектендіру жоспарлануда.

Қазақстандағы ағымдағы әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын және Қордың ел экономикасындағы рөлін назарға ала отырып, инвестициялардың, ең алдымен, Қазақстан экономикасына (стратегиялық жобаларға) шоғырлануы орынды деп көрінеді.

Жаһандық ауқымда Қор портфельді әртарапандыруға ұмтылады және оны экспорттың жоғары үлесі бар серпінді жобалармен толтырады.

Сыртқы нарықтарда бастамалар мен жобаларды бірлесіп іске асыру мақсатында ірі халықаралық ұйымдармен және ұлттық әл-ауқат қорларымен өзара іс-қимылға баса назар аударылатын болады.

Халықаралық стратегиялық әріптестерді тарту ел экономикасының орнықты дамуы үшін технологиялар трансферті және инвестициялар тарту түрінде оң әсерін тигізеді.

Бұл Қорға жаңа нарықтарға қол жеткізуге және с-инвестициялау тетіктері арқылы ресурстарды біріктіріп, Қазақстанның және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның имиджін арттыра отырып, халықаралық инвестициялар тәжірибесін арттыруға мүмкіндік береді.



Құрылыс секторын қолдау

«Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы (бұрынғы Қазақстанның жылжымайтын мүлік қоры) – 2009 жылғы 6 наурызда ҚР Үкіметі жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайды тұрақтандыру, атап айтқанда үлескерлердің проблемаларын шешу және проблемалық объектілерді аяқтау мақсатында құрған девелопер-компания. Бастапқыда компанияның міндеті салынып

жатқан объектілерде тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу және осы мүлікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету болды. Ұлттық оператор ретінде компания «Қолжетімді баспана-2020», «Нұрлы Жер» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға және Қордың компаниялар тобы қатысатын басқа да бірқатар өңірлерде қатысты.

2019 жылғы наурызда компания акцияларының 100%-ын ҚР Үкіметі жалғыз акционерге – «Самұрық-Қазына» АҚ-ға берді. Жаңартылған даму стратегиясына сәйкес, жылжымайтын мүлік компаниясы мемлекеттік бағдарламалар операторының функцияларынан Қор компаниялары тобы үшін құрылыс пен жылжымайтын мүлікті басқару саласында қызметтер көрсетуге көшеді.

150,7

мың м²

жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру

Қызметтің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2021	2022
өндірістік көрсеткіштер:		
жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру, мың м ²	8,18	150,65
сатылған жылжымайтын мүлік, мың м ²	29,07	99,08
шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді шығару, млн теңге	22,04	26,09
еңбек өнімділігі, млн теңге/адам	170,62	255,08
қаржылық көрсеткіштер, млрд теңге:		
түсім	14,31	19,64
дивидендтер	1,02	2,03
таза кіріс	9,78	5,28
операциялық кіріс	9,51	9,52
таза қарыз	93,36	71,94
төленген салық көлемі	2,57	2,28

«Жайлы мектеп»

Ұлттық жобаның мақсаты – авариялық мектептерді, үш ауысымдық оқытуды және орта білім беру ұйымдарындағы оқушы орындарының тапшылығын жою. Қаржыландыру көздері: Ұлттық қордың қаражаты есебінен – 646 535 206 мың теңге, республикалық бюджет қаражаты есебінен – 1 960 060 849 мың теңге.

Ұлттық жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландырудың жалпы көлемі – 2 606 596 055 мың теңге. Бірінші тетік бойынша Ұлттық жобаны іске асыру уақытын-

да пайдалануға берілетін объектілердің жалпы саны – Қазақстан Республикасының 20 өңірінде 401 мектеп.

Орта білім беру ұйымы объектілерінің жобалық қуаттары: 300, 600, 900, 1 200, 1 500, 2000, 2 500 білім алушы. Ұлттық жобаны іске асыру үшін Қоғамға бөлінген қаражатты қайтару орта білім беру ұйымдарының объектілерін жергілікті атқарушы органдардың меншігіне беру жолымен, осы объектілерді пайдалануға берумен бір мезгілде жүзеге асырылатын болады.

2023 жылдан бастап «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Орта білім беру ұйымдарының нысандарын мақсатты салу дирекциясымен анықталды. Компания Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инженерингтік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жобаны басқаруды жүзеге асырады, бұл ретте тапсырыс берушінің функциясы берілген.

Қаржылық нәтижелер

2022 жылдың қорытындысы бойынша компанияның таза кірісі 5 284 млн теңгені құрады, жоспарлы таза кірісі 8 178,6 млн теңгені

құрады. Ресей рублінің жоғары құбылмалылығы қаржылық нәтижеге кері әсерін тигізді: компания қыркүйектің бірінші онкүндігінде өтелген бұрын жүргізілген рубльдік қарыз бойынша (рубль үшін өтеу күніндегі бағам бойынша 7,84 теңге) және рубльдік облигациялық қарыз бойынша (есепті кезеңнің соңындағы бағам бойынша рубль үшін 6,43 теңге) бағамдық айырмадан шығын деп таныды.

Құрылыс саласын қолдау

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Астана, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қонаев және Өскемен қалаларындағы 11 объект бойынша тұрғын үй құрылысына инвестициялау шарттары жасалды, олар бойынша компанияның жылжымайтын мүлік пулы 362,98 мың м² құрайды, жобалардың жалпы құны – 129 млрд теңге, оның ішінде компанияның меншікті инвестицияларының көлемі – 55,3 млрд теңге. Жобалардағы Қоғамның үлесі орта есеппен 60%-ды құрайды. Оның ішінде 2022 жылы үш жоба іске қосылды және үш жоба ішінара іске қосылды, пайдалануға берілген жылжымайтын мүліктің Қоғамның жалпы үлесі 150,7 мың м² құрады, 99,1 мың м²

іске асырылды. Осы жобаларды қаржыландыру өз қаражаты және нарықтық шарттарда қарыз қаражатын тарту есебінен жүзеге асырылады.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ алдына қойылған міндеттердің бірі импортты алмастыратын құрылыс материалдарын өндіретін зауыттардың бағдарламасына қатысу. 2022 жылы компания Астанада шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыттың құрылысына инвестициялау шартын жасасты. Жобаның құны – 2,6 млрд теңге.

Жобада жылына 630 000 бірлікке дейін металл шатыр элементтерін және жылына 2 200 000 бірлікке дейін қаптау материалдарын өндіру көзделген.

Зауыт пайдалануға берілгеннен кейін 70-ке жуық жұмыс орны ашылады, Құрылыс процесіне 90-нан астам адам тартылады.

2022 жылғы 19 тамызда «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында Астана қаласында шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыт құрылысының орнына капсула отырғызылды.

Операциялық тиімділікті арттыру

2022 жылы компания жалдау төлемдерін басқару жүйесін автоматтандыруды бастады.

Кадрлық іс жүргізу бойынша корпоратившілік бизнес-процестерді автоматтандыру шеңберінде SimBASE электрондық платформасы енгізілді.

2023 жылға арналған жоспарлар

2023 жылы Қоғам Астана, Алматы, Ақтөбе, Қонаев қалаларында 5 тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Бірінші кезекте Астана қаласында шатыр және қаптау материалдарын шығаратын зауыт құрылысын аяқтау; «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде 20 өңірде мектеп құрылысын бастау.





Сатып алу қызметін сүйемелдеу

«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС (бұдан әрі – СҚК) Қор компаниялары тобын сатып алу жөніндегі оператор. Компания 2009 жылы құрылған. СҚК электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесін (Қордың сатып алу веб-порталы) сүйемелдеуді және дамытуды, жергілікті қамту мониторингін және Қор

тобының компаниялары сатып алатын тауарлар бағасының маркетингін жүзеге асырады. Сондай-ақ компания Қор тобының сатып алуларында, мемлекеттік сатып алуларда, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында қолданылатын тауарлардың, жұмыстар мен қыз-

меттердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығын әзірлеуші. Бұдан басқа СҚК әлеуетті өнім берушілердің алдын ала біліктілігін жүзеге асырады және Қордың Сатып алу санаттарын басқару жөніндегі құзыреттілік орталығы ретінде Қор Басқармасы айқындады.

3 591

млрд теңге
жасалған шарттар сомасы

Қызметтің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2021	2022
Қор тобы бойынша сатып алу қызметінің көрсеткіштері		
жасалған шарттардың сомасы, млрд теңге	3 381	3 591
сатып алудағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі, %	77	79
тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі, %	67	61
жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі, %	83	89
бір көзден (БК) алу тәсілімен жүргізілген сатып алудың жалпы сомасы, млрд теңге (өткізілген сатып алудың жалпы сомасының үлесі %-бен көрсетілген)	1 340 (39%) олардың ішінде ВХК 488 (14%)	1 407 (39%)
ашық тендер тәсілдерімен (АТ), баға ұсыныстарын сұратумен (БҰ) және өзге де бәсекелестік тәсілдермен өткізілген сатып алулардың жалпы сомасы, млрд теңге (өткізілген сатып алулардың жалпы сомасының үлесі %-бен көрсетілген)	2 041 (61%)	2 184 (61%)
жасалған офтейк-шарттардың саны (жыл соңында өсу қорытындысымен), бірлік	192	331
жасалған офтейк-шарттардың сомасы (жыл аяғында өсу қорытындысымен), млрд теңге	82,2	101,4
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС көрсеткіштері		
өндірістік көрсеткіштер		
сатып алу веб-порталында тіркелген әлеуетті өнім берушілердің саны (жыл соңында өсу қорытындысымен), мың бірлік	65	81
алдын ала біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті өнім берушілердің саны, бірлік	83	129
сатып алу санаттық стратегияларының саны (жыл соңында өсу қорытындысымен), бірлік	78	21
Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодтарының саны (жыл соңында өсу қорытындысымен), бірлік	50 670	52 363
қаржылық көрсеткіштер, млн теңге		
түсім	8 624	2 781
дивидендтер	164	1 721
таза кіріс	1 902	585
операциялық кіріс	2 191	663
таза қарыз	0	0
төленген салық көлемі	1 115	1 008

Импортты алмастыру бағдарламасын іске асыру

Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына ықпал ететін әлеуметтік маңызы бар, өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыруға қатысу.

Отандық өндірушілерді қолдау жөніндегі пәрменді тетік Импортты алмастыру бағдарламасы болды, оның шеңберінде өндіруші импортталатын өнімнің жаңа өндірісін құруға, ал Қор компаниялары оны ұзақ мерзімді негізде сатып алуға міндеттенеді.

Осы бағытты іске асыру үшін Қор тоқсан сайынғы негізде Қор компаниялары тобының ұзақ мерзімді қажеттілігі бар «Таза импорт тауарларының пулын» бекітеді. Кәсіпорындарға Қазақстан аумағында өндірісті ретке келтіру ұсынылады, ал Қор компаниялары ұзақ мерзімді сұранысты қамтамасыз етуге міндеттеме алады. 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін офтейк-келісімшарттар жасасу үшін 53 жоба мақұлданды. Жалпы сомасы 101,4 млрд теңге болатын 331 офтейк-келісімшарт жасалды.

Қордың тауар өндірушілерінің тізілімін жүргізу

Отандық өндірушілерді қолдау мақсатында тұрақты негізде Қазақстан Республикасына енгізу үшін ұсынылған материалдар бойынша қабылдау, қарау және шешімдер қабылдау Қордың тауар өндірушілерінің тізілімі (ТӨТ тізілімі), онда болу өндірушілерге Қордың сатып алуларына қатысуға басым құқық береді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ТӨТ тізіліміне енгізу бойынша бизнестен 2 890 өтінім қаралды. Қазіргі уақытта ТӨТ тізілімге 17 мыңнан астам тауар позициясы бойынша 719 ұйым енгізілген.



Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу

Қазіргі заманғы сатып алу практикаларында әлеуетті өнім берушілерді (АБІ) алдын ала біліктілік іріктеудің маңызы зор, жанама түрде кейіннен келісімшарттау тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді, рәсімдерді жүргізуге арналған шығындарды қысқартады, ашықтықты қамтамасыз етеді және ақырында адал бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді. Алдын ала біліктілік тапсырыс берушінің тиісті сападағы тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыра алатын кәсіпкерлік субъектілерін іріктеуді білдіреді.

Білікті әлеуетті өнім берушілер тізіліміне 243 әлеуетті өнім беруші енгізілді. 2020-2021 жылдары БӘӨ тізіліміне 83 әлеуетті өнім беруші енгізілді.

2022 жыл ішінде Қордың портфельдік компанияларымен бірлесіп, олар бойынша ПКО қолданылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің 24 санаты әзірленді. Бұдан басқа 5 санат «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ ірі инвестициялық жобалары бойынша әзірленді.

Қызметтер көрсету сапасына жүргізілетін мониторинг әлеуетті өнім берушілер тарапынан ПКО үдерісіне

қанағаттану деңгейін 100%-ды көрсетеді.

Сатып алуды санатты басқару

Сатып алуды санатты басқару (ССБ) – бұл компания сатып алуының экономикалық тиімділігін арттыруға қабілетті қазіргі заманғы әлемдік басқару практикасы.

ССБ нақты бизнес-бағыттың ерекшеліктерін ескере отырып, сатып алуды жүзеге асыру тәсілін өзгертуге бағытталған. Енгізілетін өзгерістер сатып алу бағаларын төмендетуге, сатып алынатын тауарлардың сапасын арттыруға, логистикалық шығындарды оңтайландыруға, қоймалардағы қалдықтарды төмендетуге және т.б. ықпал етеді.

ССБ-ның артықшылығы өнім берушіні таңдау кезінде сатып алу бағасы ғана емес, тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алған сәттен бастап оларды толық есептен шығару/кәдеге жарату сәтіне дейін туындайтын барлық шығындардың жиынтық құны да негізгі өлшем бола алады.

Қордың және Қор ұйымдарының сатып алу санаттарының тізбесі

2021-2022 жылдары сатып алу санаттарын оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізілді, нәтижесінде 21

Қордың CCC іске асыру нәтижелері:

№	Санаттың (стратегияның) атауы	Пайда (млн теңге)	
		2021	2022**
1	Жеңіл автокөліктер мен автобустар	66,3	8
2	Медициналық сақтандыру*	651,2	102
3	Электроэнергия*	1 544,3	–
4	Кабель-өткізгіш өнімдері*	389,8	2
5	Арнайы аяқ киім*	197,7	275
6	Байланыс қызметтері*	158,8	–
7	Байланысқа арналған жабдықтар мен ІТ жабдықтар	143,4	–
8	ІТ бағдарламалық жасақтама	190,8	230
9	Май және майлау*	–150,7	3
10	Арнайы киім	433,8	416
11	Жүк автокөліктері және арнайы техника*	120,1	405
12	Отың*	0,1	93
Жиыны		3 745,5	1 299,2

* Қор Басқармасының 2022 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№ 36/22 хаттама) Қор CCC-ның күші жойылды деп танылды.

санаттан тұратын жаңа редакциядағы Тізбе қалыптастырылды.

Қордың сатып алу санаттық стратегияларын (ССС) әзірлеу және іске асыру

2022 жылы Қордың «Арнайы киім» және «ІТ жабдық» санаттары бойынша СССР өзектендірілді, сондай-ақ «Құбыр өнімі» санаты бойынша СССР әзірленді және бекітілді.

Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығын одан әрі дамыту

Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығының (ТЖҚ БНА) кодтарының жалпы саны 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 52 363 құрайды, оның ішінде тауарлар – 49 982, жұмыстар – 533, қызметтер – 1848. 2022 жылы ТЖҚ БНА ақпараттық жүйесінде жаңа кодты қосуға 13 118 өтініш қаралды, ТЖҚ БНА кодтарын қарау және бекіту жөніндегі комиссия 1 527 кодты бекітті, ұсынылған кодпен қайтарылды – 11 591 өтініш.

ТЖҚ БНА дамыту және жетілдіру шеңберінде Қор компаниялары сатып алатын жоғары шығынды тауарлардың тізбесін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілді (ТЖҚ БНА-ның 906-ға жуық коды). ТЖҚ БНА кодтарын дұрыс қолдану мақсатында көрсетілген кодтар бойынша электрондық сатып алудың Ақпараттық жүйесінде қолдану үшін үлгілік техникалық ерекшеліктердің шаблондары әзірленді. Пилоттық жобаны сатып алуларға енгізу 2023 жылы ТЖҚ БНА және ЭСАЖ АЖ модификацияланғаннан кейін болжанады.

Процестерді цифрландыру

ЭСАЖ және ТЖҚ БНА ақпараттық қауіпсіздігіне байланысты инциденттерді тәулік бойы мониторингтеу, анықтау және оларға ден қою мақсатында инфрақұрылымды ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығына қосу жүргізілді.

2022 жыл ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Мүлікті сату ережесіне сәйкес «Қордың мүлкін сату жөніндегі веб-портал» ақпараттық жүйесі әзірленді. 2022 жылғы қарашада Қордың бірнеше портфельдік компанияларының

периметріне пилоттық енгізу басталды.

Сондай-ақ Qlik платформасының BI негізінде сатып алулардағы деректерді талдау және визуализациялау жүйесі әзірленіп, пайдалануға берілді. Бұл жүйе сатып алу қызметінің көрсеткіштері бойынша талдау мен есептілікті автоматтандырылған түрде online режимінде жүргізуге мүмкіндік береді.

Сенімсіз өнім берушілердің тізбесі

СҚК сенімсіз өнім берушілердің тізбесін қалыптастырады және жүргізеді.

2022 жылы сенімсіз өнім берушілер тізбесіне енгізуге барлығы 1045 өтініш қаралды, оның ішінде 972-і тізбеге енгізілді, 73 өтініш бойынша бас тартылды.



Ғылыми-зерттеу бастамалары

«Samgau» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» АҚ

«Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» коммерциялық емес ұйымы – Қордың тобына кіретін жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын шоғырландыру және жүйелеу мақсатында құрылған құрылым.

Орталықтың миссиясы халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін ғылымды қажетсінетін экономиканы қалыптастыру үшін ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті тиімді және ашық экожүйесін құру арқылы ҒЗТКЖ мен инновацияларды қолдау.

Орталықтың алдына ғылыми-зерттеу және инновациялық бастамаларды іріктеу мен іске асырудың тиімді және ашық жүйесін құру мақсаттары қойылды. Ол ашық және түсінікті процесс болуы тиіс – өтім берілген сәттен бастап жоба аяқталғанға дейін. Іріктеудің тиімділігі жобалардың толық сараптамасы есебінен, процестің ашықтығы – іріктеудің және іске асырудың барлық кезеңдерінде жобаның мәртебесі туралы ақпаратқа қол жеткізумен қамтамасыз етіледі.

Орталық ғылыми-инновациялық қоғамдастық пен индустрияның өзара іс-қимылының практикалық тетіктерін құру міндетін қояды.

Отандық индустрияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру кәсіпорындарда инновациялық, ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізу қажеттілігімен тікелей байланысты. Қазақстанның зерттеу ұйымдарының ғылыми және зияткерлік әлеуетін өндірістік процестерді оңтайландыру, өнімділік пен технологиялық жақсартандыруды арттыру мақсатында

технологиялық міндеттерді шешу үшін шоғырландыру қажет.

Орталық факт бойынша мемлекеттік органдармен, даму институттарымен, ғылыми-зерттеу ұйымдарымен және университеттермен, индустриямен және қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, Ұлттық инновациялық және ғылыми-зерттеу жүйесінің интеграцияланған бөлігі.

Орталықтың қызметі ғылыми-инновациялық қызметті қолдаудың барлық қолданыстағы құралдарымен синергияны қамтамасыз етуге арналған.

2022 жылғы желтоқсанда Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» коммерциялық емес ұйымы болып қайта құру жолымен «Астана» Халықаралық Қаржы Орталығының алаңында қайта тіркеуден өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның ҒЗТКЖ және инновациялар жөніндегі корпоративтік стандарты

2022 жылғы қарашада ҒЗТКЖ және инновациялар бойынша корпоративтік стандарттың жаңа редакциясы бекітілді.

Стандарт ҒЗТКЖ мен Қордың және оның компаниялары тобының инновациялық қызметіне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді, сондай-ақ олардың өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

Корпоративтік стандарттың мақсаты өтімдерді сапалы іріктеу және сараптау жолымен Қор компаниялары тобында жүзеге асырылатын ҒЗТКЖ тиімділігін арттыру және ашықтығын қамтамасыз ету.

Корпоративтік стандартқа сәйкес жобаларды қаржыландыру өтімге тиісті сараптамалар жүргізу қорытындылары бойынша Қордың Ғылыми-техникалық кеңесінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Орталықтың алдына ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу, ғылыми жобаларды және жалпы отандық ғылымды ілгерілету және қолдау үшін Қор мен оның портфельдік компанияларының ғылыми қоғамдастықпен жүйелі ынтымақтастығын қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойылды.

Ғылым мен индустрия өкілдерінің ғылыми және инновациялық белсенділігін арттыру мақсатында қаржылық және қаржылық емес сипаттағы қолдау құралдары кезең-кезеңмен қолданылады.

«Samgau» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» қызметінің 2022 жылғы нәтижелері

2022 жылдың қорытындысы бойынша «Самғау» орталығы ҒЗТКЖ-ға 120-дан астам өтімді қарады. Оның ішінде Қордың Ғылыми-техникалық кеңесінің отырыстарында жалпы сомасы 8,5 млрд теңге болатын 70 жоба мақұлданып, іске асыру ұсынылды.

Жобалар қоршаған ортаға әсерді төмендету проблемасына, геологиялық барлауға, геотехнологияға және уран саласының минералдық базасын кеңейтуге, өндірілетін шикізатты қайта өңдеуге қатысты болды.

Мақұлданған және ұсынылған жобалардың ішінде Қазатомөнеркәсіптің 51 жобасы, ҚМГ-ның 12 жобасы, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ның 4 жобасы, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2 жобасы және «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның 1 жобасы бар.



Бірыңғай қызмет көрсету орталығы

«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Бизнес Сервис) 2020 жылғы шілдеден бастап Қорға қызмет көрсетудің ортақ орталығы.

Қордың және компаниялар тобының түйінді қызметін іске асыруға байланысты емес шығындарды оңтайландыру жолымен түйінді бизнестің тиімділігін арттыру қажеттілігіне байланысты. «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ұйымдарындағы жаңғырту жөніндегі кеңес 2020 жылғы 28 мамырда СҚ Бизнес Сервис базасындағы жалпы қызмет көрсету орталығына операциялық функцияларды орталықтандыру

жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында қайта құру бағдарламасын бекіту туралы шешім қабылдады.

Компания SAP клиентін сараптау орталығы, Комплаенс құзыреттер орталығы, Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі оператор және «Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау» жобасы.

СҚ Бизнес Сервис «QazCloud» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына қатысу үлесіне 51% ие.

«QazCloud» ЖШС IT-инфрақұрылымды қолдау, қызмет көрсету және жаңғырту, виртуалды IT ресурстарын жалға алу, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының ақпараттық деректерін қорғау бойынша қызмет көрсететін сервистік компания.

Компания қызметі Қор тобы үшін инфрақұрылымдық сервистік провайдер құру қажеттілігіне негізделген. 2020 жылы «QazCloud» ЖШС базасында «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация бағдарламасын іске асыру шеңберінде IT функциялары бойынша жалпы қызмет көрсету орталығы құрылды.

Қызметтің негізгі нәтижелері

қаржылық көрсеткіштер, млн теңге	2021	2022
кірістер	14 126,8	11 359,3
өзіндік құн	11 753	10 184,3
жалпы әкімшілік шығындар	884,6	1 070,5
қаржылық кірістер/шығындар	116,8	158,8
таза кіріс	1 120,3	61
төленген дивидендтер	165,3	245

ЖҚКО қызметі

ЖҚКО қызметі басталғаннан бастап Қорды қоса алғанда, Қор тобының компанияларымен қызметтің келесі бағыттары бойынша шарттар жасалды:

- әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету;
- жазбаша аудармалар;
- жұмыскерлерді тасымалдау;
- басшылардың қызметін қамтамасыз ету;
- сатып алуды ұйымдастыру;
- HR-сервисі;
- бухгалтерлік және салықтық есеп;
- құқықтық қамтамасыз ету;
- қауіпсіздік;
- IT-қауіпсіздік;

- Комплаенс функциялары;
- және өзге де функциялар.

2022 жылы ҚР СТ ISO 9001 – 2016 (ISO 9001-2015) стандарты бойынша көрсетілетін қызметтердің сапа менеджменті жүйесін сертификаттау бойынша жұмыс жүргізілді.

Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау

Қор тобының ұйымдарындағы жаңғырту жөніндегі кеңестің 2020 жылғы шешімімен СҚ Бизнес Сервис «Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау»

(ҚОМС) жобасын іске асыру жөніндегі оператор болып айқындалды, оның қызмет периметріне Қордың 61 ПК/ЕТҮ кірді.

2021-2022 жылдары компания жоба аясында екі бағыт бойынша қызмет көрсетті – құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу және мұрағаттық құжаттарды сканерлеу және цифрландыру қызметтері.

ҚОМС жобасын толыққанды іске асыру үшін Қор Басқармасының 2022 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен СҚ Бизнес Сервис жарғылық капиталына «Элек-

трондық мұрағат» ақпараттық жүйесі берілді.

АЖ-ны беру ҚОМС жобасын толыққанды іске асыруды бастауға мүмкіндік берді. Қызмет көрсетуге жасалған шарттардың жалпы сомасы 130 млн теңгені құрады.

SAP клиентін сараптау орталығы

Компания Бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеу бойынша пайдалану құқығын беру және қызметтер көрсету туралы келісімнің негізінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі SAP ЛБЖ-ны бөлуге және техникалық қолдауға ПК-мен шарттар жасасады.

Келісімнің периметріне Қордың 22 портфельдік компаниясы кіреді.

SAP Клиентін сараптау орталығы мынадай негізгі функцияларды орындайды:

- Қолдау қызметі;
- Лицензиялық менеджмент;
- Келісімшарттық әкімшілендіру;
- Консалтингтік қолдау;
- БЖ-ны пысықтауға/түрлендіруге сұрау салуларды үйлестіру;
- Ақпараттық менеджмент;
- ПК-мен жалдау шарттарын жасасу және сүйемелдеу/орындау.

Шарттардың жалпы сомасы 13 млрд теңгені құрады.

Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі бірыңғай оператор

Активтерді бәсекелес ортаға беру ережелеріне сәйкес компания Бірыңғай оператор болып айқындалды. Іске асырылған және іске асырылатын активтердің автоматтандырылған дерекқоры ақпараттық жүйесі әзірленді және қолданысқа енгізілді (IAADҚ АЖ). Қорға және барлық салалық компанияларға активтер бойынша деректерді толтыру үшін IAADҚ АЖ қолжетімділік берілген. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жүйеге 2020 жылғы желтоқсандағы «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысында көрсетілген 66 актив бойынша жалпы ақпарат енгізілді.

2023 жылға арналған жоспарлар

2023 жылы компания келесілерді жоспарлайды:

- көрсетілетін қызметтердің сапасын ұлғайта отырып, қызметтің ағымдағы түрлерін сақтау және дамыту;
- Тапсырыс берушілерге, оның ішінде мобильді сервистерді пайдалана отырып, қызметтер көрсету процестерін автоматтандыру;
- «Көлденең мониторинг» жобасы шеңберінде интеграция функциясын іске асыра отырып, Қор компанияларына ЭА АЖ енгізу;
- активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі мәмілелерді жүзеге асырудың ашықтығы мен заңдылығын бақылауды күшейту;
- SAP келісіміне енген әлеуетті жаңа ұйымдарды қоса алғанда, Қор тобының компаниялары арасында лицензияларды бөлу.

04

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

- 104 • ТДМ қағидаттарын ұстану
- 106 • Тұрақты даму саласындағы басым бағыттар
- 106 • Тұрақты даму мәселелерін басқару құрылымы



ТДМ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

Қор Қазақстан Республикасының экономикасындағы өзінің маңыздылығын түсінеді және Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін активтердің әртарапандырылған портфелін тиімді басқару және бизнесті қолдау арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз


етуге және ұзақ мерзімді құнды құруға ұмтылады.

Ұзақ мерзімді тұрақты дамудың негізгі факторлары адамдардың әл-ауқаты, экологиялық тепе-теңдік және бұл ретте ESG қағида-дттарын енгізу негізінде мүмкін болатын озық бизнес-тәжірибелер

мен корпоративтік басқару қағида-дттары негізінде ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету болуы тиіс.

Сондықтан ESG қағидадттарын тұрақты дамыту және енгізу Қордың негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі.

Қор БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің құндылықтарын толығымен ұстанады. Қор БҰҰ-ның барлық 17 ОДМ-нің маңыздылығын мойындайды және өз қызметі аясында оларға қол жеткізуге үлес қосады. Қызметтің ерекшелігіне байланысты, Қор БҰҰ-ның 11 ОДМ-ін анықтады, оған қол жеткізуге айтарлықтай үлес қосады.



ESG-Қор тобының рейтингі

2032 жылға қарай 70 перцентиль


Қор компанияларының Басқарушы органдардағы әйелдердің үлесін арттыру

2030 жылға қарай 30%

Қор және портфельдік компанияларындағы Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз Директорлар үлесі

50% деңгейінде ұстау


КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Өндірістік қызметтің энергия сыйымдылығын төмендету


2027 жылға қарай -10%

РЕСУРСТЫ ҮНЕМДЕУ



Кадрлық әлеуетті арттыру, жаңа салаларда құзыреттілікті күшейту

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ



«Нөлдік жарақат» қағидатын қамтамасыз ету

LTIFR 0,14-КЕ ЖЕТУ

2023 жыл

Қауіпсіздік мәдениеті бойынша өндірістік персоналды 100% оқыту

2023 жыл

ОЗЫҚ H&S ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

ESG бағыттарындағы стратегиялық мақсаттар үшін, БҰҰ-ның 5 ТДМ анықталды:




Парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын азайту (1 деңгей және 2 деңгей)

≥ [-10%] 2032 жылға қарай

Электр энергиясын сатып алудағы төмен көмірсутек үлесін арттыру

2032 жылға қарай 45%

КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ




Офсеттік жобалар портфелін қалыптастыру

5,8 млн тонна CO₂ – балама 2032 жылға қарай

Электр энергиясы өндірісінде ЖЭК және СЭС үлесі

2032 жылға қарай 26%

«ЖАСЫЛ» ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



ISO 37001:2016 «парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйелері» және ISO 37301:2021 «сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерін сертифицикаттау

АШЫҚТЫҚ, ТРАНСПАРЕНТТІЛІК ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІК

Қордың тұрақты даму саласындағы қағидадттары ашықтық, есептілік, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жеке үлгі болып табылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАР

Біздің стратегиямыз

Қор өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізудегі ажырамас құраушы ретінде ESG қағидаттарына сүйене отырып, өзінің алдына тұрақты даму саласында мынадай міндеттер қояды:

- Директорлар кеңесінің рөлін арттыру және олардың құрамдарын сапалы қалыптастыру арқылы **корпоративтік басқаруды күшейту**, тиісінше корпоративтік басқару қағидаттарында портфельдік компанияларды басқару, сондай-ақ үздік әлемдік тәжірибелерді енгізу;
- Мүдделі тараптарды тарту, есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу **жолымен ашықтықты, транспаренттілікті және комплаенсті қамтамасыз ету**;
- Қызметкерлердің еңбек жағдайларын, қауіпсіздік шараларын және адамдардың

әл-ауқатын арттыру үшін басқа да әлеуметтік аспектілерді жақсарту арқылы **әлеуметтік жауапкершілікті нығайту**. Қор қайырымдылық қызметті және корпоративтік демеушілікті жүзеге асыру, сондай-ақ корпоративтік еріктілікті ілгерілету арқылы елдің әлеуметтік дамуына үлес қосуды жалғастырады.

- «Нөлдік толеранттылық» қағидаты бойынша Қор тобында жарақаттануды төмендетуді қамтамасыз ететін **H&S озық тәжірибелерін енгізу**, инновациялық және цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, дербес қауіпсіздікті және апатсыз өндірісті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жетілдіру;
- Кадрлық әлеуетті арттыру, жаңа салалардағы құзыреттілікті күшейту және үздік әлемдік тәжірибелерге негізделі отырып, қызметкерлердің біліктілігін үздіксіз арттыру арқылы **адами капиталды дамыту**;

- Отын-энергетика және су ресурстарын, жабдықтарды жаңғыртуды қоса алғанда, ресурстарды тиімді пайдалану, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде қазіргі заманғы технологияларды қолдану арқасында **ресурсты үнемдеу**;
- 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізе отырып, төмен көміртекті дамуға баса назар аудара отырып, бизнес-модельдерді қайта қарау және технологиялық трансформацияның арқасында **көміртексіздендіру**;
- «Жасыл» таксономияға сәйкес келетін жобаларды қаржыландыру арқылы **«жасыл» қаржыландыру құралдарын дамыту**, экологиялық және климаттық нысаналы көрсеткіштерге байланысты «жасыл» облигациялар шығару, «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі инновациялық жобалар үшін ҒЗТКЖ тетігін пайдалану.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жолында Қор басқарудың күшті және айқын ішкі жүйесіне сүйенеді.

Барлық деңгейдегі барлық жұмыскерлер мен лауазымды адамдар тұрақты дамуға үлес қосады, жеке мінез-құлық және тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау арқылы тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

Директорлар кеңесі өзінің тұрақты комитеттерінің көмегімен ТД саласындағы қызметке стратегиялық басшылықты және қадағалауды қамтамасыз етеді, стратегиялық бағыттар бойынша мәселелер мен нәтижелерді қарайды, төмен көміртекті даму тұжырымдамасын, ESG саласындағы саясатты бекітеді.

2016 жылдан бастап Қор жыл сайын Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың (GRI) стандарттарына сәйкес тұрақты даму саласындағы есепті жариялайды. Есепті Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитеті қарайды және Директорлар кеңесі бекітеді.

Аудит комитеті Қордың заңнама талаптарын, этикалық нормаларды сақтауын қамтамасыз ететін рәсімдерді бақылайды, қаржылық және қаржылық емес ақпарат пен есептіліктің сапасы мен дұрыстығына тәуекелдерді, оның ішінде ТД басқару мониторингін жүзеге асырады.

Экономикалық мәселелерді, сондай-ақ тұрақты даму мәселелерін шешуге жауапты Қордың басшы жұмыскерлері Басқарма мүшелері.

2022 жылы Қорда ESG қағидаттарын енгізуге бағытталған құрылымдық өзгерістер болды. Жеке құрылымдық бөлімше – осы бағыттағы жұмысты үйлестіретін стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директордың басшылығымен ESG департаменті құрылды.

2019 жылдан бастап Басқарма жанындағы өз қызметін Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті және 2021 жылдан бастап Тұрақты даму комитеті жүзеге асырады, олардың мақсаты тұрақты даму саласындағы ПК

қызметінің тиімділігін арттыру және үйлестіру. Бұдан басқа Басқарма жанында 2019 жылдан бастап Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті жұмыс істейді, ол өндірістік қауіпсіздік саласындағы іс-шаралардың орындалу барысын үйлестіреді және бақылайды. Комитеттердің қызметі тұрақты даму тәуекелдері мен мүмкіндіктерін орталықтандырылған басқаруға және Қордың тұрақты даму мәселелеріне тартылуының көрсеткіші және Қор компанияларының тобы үшін осы қызметтің стратегиялық маңыздылығын мойындауға мүмкіндік береді.

КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША 2022 ЖЫЛДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ:

 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	 АШЫҚТЫҚ, ТРАНСПАРАНТТІЛІК ЖӘНЕ КОМПЛЕАНС	 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	 HEALTH & SAFETY	 АДАМ КАПИТАЛЫ	 РЕСУРСТЫ ҮНЕМДЕУ	 КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ	 «ЖАСЫЛ» ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
<ul style="list-style-type: none"> • мемлекет қатысатын кәсіпорындардағы стандарттар жетекші листингтік биржалардың, ЭЫДҰ ережелерінің, International Finance Corporation (IFC), Institute of Directors (IoD) ұсынымдарының талаптарына барынша сәйкес келеді; • тәуелсіздік және дағдылар, тәжірибе, алуан түрлілік және инклюзивтілік элементтері, салалық ерекшеліктер бойынша теңгерімді сақтау бөлігінде ДК мүшелігіне іріктеу критерийлері арттырылды; • артық буындар алынып тасталды, Қор мен портфельдік компаниялардың өзара іс-қимылының бизнес-процестерін іске асырудың тиімділігін арттырудың, оңтайландырудың және жеделдетудің қосымша тетіктері жасалды; • Қор тобы бойынша ДК-дағы тәуелсіздік үлесі 43%-ға дейін жеткізілді; • Қордың тобы бойынша ДК-дағы әйелдердің үлесі 15%-ды құрады. 	<ul style="list-style-type: none"> • тәуелсіз әл-ауқат қорларын басқарушылардың халықаралық тобына жіберілген Сантьяго («Santiago Principles»); The 24 Generally Accepted Principles and Practices for sovereign wealth funds) қағидаттарына сәйкестігі туралы Қордың өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындалды; • ESG қағидаттары, оның ішінде жылдық есепте және тұрақты даму жөніндегі есепте ақпаратты ашу бойынша қағидаттар енгізілді; • Қордың компаниялар тобында 77 дербес комплаенс-қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-функцияларды орындау жүктелген 44 бөлімше жұмыс істейді. 	<ul style="list-style-type: none"> • «Samruk-Kazyna Trust» КҚ бюджетінен қайырымдылыққа бөлінген жалпы сомасы 10 млрд теңгеге 43 жоба жүзеге асырылды; • жалақысы төмен лауазымдар мен өндірістік персоналдың жалақысы 5-тен 48%-ға дейін көтерілді; • «Замандас» жобасы шеңберінде елорданың аз қамтылған отбасылары үшін тегін шығармашылық, спорттық және білім беру үйірмелері ұйымдастырылды; • «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздарының дәрігерлері мен медицина қызметкерлері заманауи диагностикалық жабдықтармен және «дөңгелектегі операциялық» жабдықтармен жабдықталған, жыл бойы Қазақстанның бөлек ауылдық аймақтарында сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға тегін медициналық көмек көрсетті; • 2025 жылға қарай 401 мектеп салу бойынша «Жайлы мектептер» жобасын бастау. 	<ul style="list-style-type: none"> • өндірістік қауіпсіздік жөніндегі жоғары деңгейлі ішкі нормативтік құжаттар әзірленді (Саясат және Корпоративтік стандарт); • «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» корпоративтік курсы әзірленді, ол Ұлыбританияның Қауіпсіздік техникасы IOSH және Денсаулықты қорғау институтының мақұлдауын алды; • портфельдік компаниялардың қызметіне мінез-құлық аудиттері/қауіпсіздік диалогтары сияқты жазатайым оқиғалардың алдын алудың проактивті құралдарын қолдану тәжірибесі енгізілді; қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, Near Miss ықтимал қауіпті оқиғаларды анықтау, тіркеу және тергеу; жұмыскерлердің қауіпті жұмыс түрлерін тоқтату немесе одан бас тарту құқығын қолдану; • портфельдік компаниялар сарапшыларының қатысуымен ЕТҰ-ның жанама аудиттері жүргізілген, олардың барысында есептелмейтін жағдайларға әлеуетті алғышарттар болып табылатын 600-ден астам сәйкессіздіктер анықталған; • өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккендердің саны 16%-ға төмендеді; • LTIF коэффициенті 0,16 құрады; • өлім-жітім жағдайларының коэффициенті (Fatal Accident Rate) 11%-ға төмендеді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қордың жаңа Кадр саясаты қабылданды; • кадрлардың айналымы 8%-ды құрады; • өндірістік персоналдың үлесі 93%-ды құрады; • әйелдердің үлесі – 28%; • бірыңғай рекрутингтік онлайн рекрутинг порталындағы ізденушілер саны qsamruk.kz. 60%-ға өсті; • сыртқы кандидаттар арқылы жабылған бос жұмыс орындарының саны qsamruk.kz 2022 жылы 7 249 (2021 жылы 1 795). 	<ul style="list-style-type: none"> • Электр энергиясын өндірудегі ЖЭК және ГЭС үлесі 6%; • Ресурсты және энергияны үнемдеу бағдарламасы бекітілді; • Қор «KEGOC» АҚ мысалында Smart Grid технологиясының элементтерін іске асыра бастады; • Түркістан қаласында маневрленген бу-газ қондырғысының (БГК) құрылысы басталды; • «Самұрық-Энерго» АҚ және «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ ПК 2027 жылға дейін жалпы белгіленген қуаты шамамен 2,3 ГВт қосымша ЖЭК (ГЭС-ті қоса алғанда) енгізу жоспарлануда; • 2026 жылдан бастап қуаты 1 ГВт ЖЭС пайдалануға беру көзделген (2025 жылы – 100, 2026 жылы – 100 мВт, 2027 жылы – + 300 мВт). • АХҚО юрисдикциясында «Жасыл» активтерді (ЖЭК, СЭС) басқару үшін Qazaq Green Power PLC компаниясы тіркелген. 	<ul style="list-style-type: none"> • төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жөніндегі жоспарды қоса алғанда, Қорды төмен көміртекті дамыту тұжырымдамасы бекітілді; • төрт бағыт бойынша 53 іс-шараны қамтитын төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жөніндегі жоспар бекітілді; • 9 портфельдік компанияда төмен көміртекті дамытудың жеке бағдарламалары бекітілген. 	<ul style="list-style-type: none"> • «Самұрық-Энерго» АҚ «Астана» халықаралық қаржы орталығы – Astana International Exchange қор биржасында жылдық 11,4% купондық мөлшерлемен және 6,5 жыл айналыс мерзімімен 18,4 млрд теңге көлемінде жария жазылу жолымен жасыл облигацияларды дебюттік орналастыруды жүзеге асырды; • «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ жаңартылатын энергияның халықаралық сертификаттарын сатып алды; • «БЖЭС» ЖШС офсет ретінде 136 мың тонна CO₂ - баламада тіркеді; • тіркеу сатысында «Энергия Жетісу» ЖШС-ның офсеттік жобалары 180 мың тонна CO₂- баламада және «Samruk-Green Energy» ЖШС – 17 мың тонна CO₂- баламада; • «KEGOC» АҚ-ның «Жасыл» облигацияларын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында жалпы көлемі 16,1 млрд теңге, маржасы 3% сәтті орналастырды.

ESG барлық компоненттері бойынша толығырақ ақпарат 2022 жылға арналған Тұрақты даму жөніндегі есепте қолжетімді.

05

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- 112 • Корпоративтік басқару жүйесі
- 114 • Жалғыз акционер
- 114 • Директорлар кеңесі және оның комитеттері
- 130 • Басқарма және оның комитеттер
- 136 • Директорлар кеңесі мүшелеріне және басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты
- 137 • Ішкі аудит қызметі
- 138 • Комплаенс қызметі
- 139 • Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- 141 • Қоғамдық кеңес
- 145 • Ақпараттық қауіпсіздік





«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкестігі туралы өтініш

Корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында 2012 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры «акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі – Кодекс) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын қабылдады.

Корпоративтік басқарудың халықаралық практикасы статикалық сипатқа ие емес және Кодекс қағидаттарын қайта қарау корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің стандартты процесі. Осыған байланысты есепті жылы Қорды корпоративтік басқару саласындағы үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіру үшін Кодекске түзетулер әзірленді. Кодекс жаңа редакцияда Ұлыбритания мен ЭЫДҰ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын ескере отырып, ҚР заңнамасының ережелеріне сәйкес әзірленді. Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен жаңа Кодекс жобасы мақұлданды және Қордың Жалғыз акционерінің қарауына шығаруға ұсынылды. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 590 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

Қор өз қызметін Кодекстің базалық қағидаттарына сәйкес жүзеге асыруға, ал сәйкес келмеген жағдайларда сақтамау себептері туралы түсіндірмелерді көрсетуге міндетті. Директорлар кеңесі жекелеген себептер бойынша осы Кодекстің жекелеген ережелерін қолданбау немесе сақтау мүмкін еместігі туралы қорытынды жасай алады. Кодекстің орындалуын бақылау Қордың Директорлар кеңесіне жүктеледі.

Ұзақ мерзімді перспективада тұрақты табысқа қол жеткізу мақсатында осы Кодекстің тиісінше сапалы сақталуы мәселелеріне ерекше назар аударылады. Жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп Қордың Директорлар кеңесінің қарауына және кейіннен бекітуіне шығарылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарын сақтауға ұмтылады, өйткені бұл бизнестің жоғары тиімділігі мен тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі, сондай-ақ Қор тобын әлеуметтік жауапкершілікпен басқарудың негізі деп санайды.

2022 жылы Кодекстің негізгі ережелеріне олардың сақталуына талдау жүргізілді. Есепті жылы Қор негізінен Кодексте жазылған барлық қағидаттарды сақтады. Толық ақпарат 2-қосымшада берілген.


КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Біз Қор тобының корпоративтік басқару тәжірибелерін жетілдіруге, сондай-ақ біздің қызметіміздің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге назар аудара отырып, тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растаймыз.

Қорда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін корпо-

ративтік басқарудың тиімді жүйесі жұмыс істейді. Қордың корпоративтік басқару жүйесі Қордың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді және ұзақ мерзімді құн-

ды өсіруге және тұрақты дамуға бағытталған. Директорлар кеңесі көрсетілген өзара қатынастар жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелерін кезең-кезеңмен қарайды. Органдардың құзыреті мен шешім қабылдау тәртібі Жарғыда нақты айқындалған және бекітілген.



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. Үкімет Қорды және ұйымдарды басқаруға Қор туралы заңда және Қордың Жарғысында көзделген Қордың жалғыз акционерінің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету жолымен қатысады. Үкімет пен Қордың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Өзара іс-қимыл туралы келісімде регламенттелген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мемлекеттік реттеуге байланысты өкілеттіктерді ажыратады. Үкімет Қордың және ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру мақсатында Қорды басқарады.

Үкімет Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарында және актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қорға және ұйымдарға толық операциялық

дербестік береді және Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан Қордың және ұйымдардың ағымдағы және инвестициялық қызметіне араласуға жол бермейді. Қор Басқармасы, Қор Басқармасының төрағасы, ұйымдар органдары өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде толық дербес және тәуелсіз болады.

Қордың жалғыз акционерінің шешімдері тікелей Жалғыз акционер қабылдауға тиіс міндеттердің тізбесі болады. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселелерге шолу төменде келтірілген. Бұл мәселелер стратегиялық және қаржылық нәтижелердің қорытындыларын шығару кезінде Қор үшін негіз қалаушы:

- Қордың Жарғысын бекіту;
- Қордың жылдық қаржылық есебін бекіту;
- Қордың даму жоспарын бекіту;
- Қордың корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- Қордың дивидендтік саясатын айқындау, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Қордың

таза кірісін бөлу туралы шешім қабылдау, дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

- Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау;
- Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Басқарма төрағасын қызметке тағайындау және қызметтен мерзімінен бұрын босату;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлік басқаруға беру;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау.

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі www.sk.kz Қордың жарғысында ашылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің жетекші рөлі

Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасының қызметіне стратегиялық басшылықты және бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы. Директорлар кеңесі Қордың корпоративтік

басқару кодексінің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, жалғыз акционер мен Қордың мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Қордың қызметі үшін жауапкершілік принциптеріне негізделеді.

Директорлар кеңесі өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде Қор туралы Заңға, Кодекске және Жарғыға сәйкес дербес және тәуелсіз болады.

Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және Жарғыға сәйкес жалғыз акционердің (егер

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе) немесе Қордың атқарушы органының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. 2022 жыл ішінде Директорлар кеңесінде осы талаптарға қайшылықтар туындаған жоқ.

Директорлар кеңесіне ұйымды басқару және Басқарманың қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер берілген. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес өз функцияларын орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады:

- ESG мақсаттарын дамыту және ықпалдастыру жоспарын айқындау;
- іс-шаралар жоспары қызметі шеңберінде түйінді көрсеткіштерін қою және мониторингілеу;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да түйінді стратегиялық жобаларды бекіту және тиімді іске асыру мониторингі;
- Басқарма мүшелерін сайлау (Басқарма төрағасынан басқа), сыйақы, сабақтастықты жоспарлау және Басқарма төрағасы мен мүшелердің қызметін қадағалау;
- Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың корпоративтік стандарттарының ережелерін сақтау.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңымен айқындалады және www.sk.kz Қордың жарғысында ашылады.


Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісінше орындайды және ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

- **өз өкілеттіктері шегінде әрекет етуге** – Директорлар кеңесінің мүшелері шешімдер қабылдайды және Жарғыда бекітілген өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді;
- Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің **отырыстарына қатысу және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлуге** Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесі мүшесі лауазымына бір мезгілде төрт заңды тұлғадан артық орналасуына жол берілмейді, Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымына бір мезгілде екі заңды тұлғада ғана орналасуға жол беріледі;
- **ұйымның ұзақ мерзімді құнының және тұрақты дамуының өсуіне ықпал етуге** Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып әрекет етеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдері мен іс-қимылдарының әсерін мынадай мәселелер арқылы анықтауға болады: шешімнің/әрекеттің ұзақ мерзімді кезеңдегі салдары қандай екендігі; ұйым қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері қандай екендігі; барлық акционерлерге әділ көзқарас қамтамасыз етіле ме; ұйымның беделіне және іскерлік этиканың жоғары стандарттарына ықпал ету; мүдделі тараптардың мүдделеріне ықпал ету (осы мәселелер тізбесі ең аз қажетті, бірақ толық емес);
- **іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қолдау** – Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінде, шешімдерінде және мінез-құлқында іскерлік этиканың жоғары стандарттарына сәйкес келеді және Қор мен ұйым жұмыскерлері үшін үлгі;
- **мүдделер қақтығысына жол бермеу** – Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің жеке мүдделілігі Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермейді; шешім қабылдауға ықпал ететін немесе ықтимал әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығыстарына байланысты жағдайлар туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелері бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етеді және мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспайды; осы талап Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауға тікелей немесе жанама әсер ететін Директорлар кеңесі мүшесінің басқа да іс-әрекеттеріне жатады;
- **тиісті парасаттылықпен, шеберлікпен және ұқыптылықпен әрекет ету** – Директорлар кеңесінің мүшелеріне заңнаманы, корпоративтік басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, қаржы мен аудитті, тұрақты дамуды, саланы және ұйым қызметінің ерекшеліктерін білуді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыреті және Директорлар кеңесі мен комитеттердегі өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімдерін тұрақты негізде арттыру ұсынылады; ұйым қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның негізгі объектілеріне үнемі барады және жұмыскерлермен кездесулер өткізеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ¹³

Қор тобы бойынша ДК-дағы тәуелсіз директорлардың үлесі



ӘЛИХАН АСХАНҰЛЫ СМАЙЫЛОВ

Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Сайланған күні: 2023 жылғы қаңтар.

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті – Қолданбалы математика;
- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институты – Мемлекеттік басқару магистрі.

Еңбек қызметі:


Әлихан Асханұлы 1993 жылдан 1999 жылға дейін «А-Инвест» инвестициялық-жекешелендіру қорында бас маман болып жұмыс істеді; ҚР Ұлттық статистика агенттігі басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы; ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар агенттігі Статистика және талдау комитеті төрағасының орынбасары; ҚР Президенті Әкімшілігінің бас сарапшысы, бөлімінің экономикалық сектор меңгерушісі, мемлекеттік инспекторы.

1999-2003 жылдары ҚР Статистика агенттігінің төрағасы қызметін атқарды. 2003-2006 жылдары ҚР Сыртқы істер вице-министрі, «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру компаниясы» АҚ басқарма төрағасы болды. 2006-2009 жылдары ҚР қаржы вице-министрі, «ҚазАгро» АҚ президенті болды. 2009-2014 жылдары ҚР Статистика агенттігінің төрағасы болды. 2014-2015 жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы болды. 2015-2018 жылдары ҚР Президентінің көмекшісі болды. 2018 жылғы қыркүйектен 2019 жылғы ақпанға дейін қаржы министрі болды. 2019 жылғы 25 ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі болып тағайындалды. 2021 жылғы 18 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен осы лауазымға қайта тағайындалды. 2022 жылғы 11 қаңтарда ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі лауазымына тағайындалды. 2023 жылғы 30 наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі лауазымына қайта тағайындалды.

«Парасат» орденімен, «Ерең еңбегі үшін» медалімен және басқа да медальдармен марапатталған.

¹³ Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 2023 жылғы мамырдағы жағдай бойынша ұсынылған.

Қор тобы бойынша директорлар кеңесінде тәуелсіз директорлардың өкілеттік мерзімі



ТИМУР МҰРАТҰЛЫ СҮЛЕЙМЕНОВ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі

Сайланған күні: 2022 жылғы қаңтар.

Білімі:

- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – әлеуметтік саладағы экономика және менеджмент;
- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – құқықтану;
- Мэриленд университеті (АҚШ) – «Болашақ» бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі, «Қаржы» мамандығы бар бизнес магистрі.

Еңбек қызметі:

Тимур Мұратұлы 1999-2000 жылдары Павлодар қаласындағы № 3 отбасылық дәрігерлік амбулаторияның экономист-менеджері болып жұмыс істей бастады. 2002-2006 жылдары Алматы қаласындағы «Эрнст энд Янг Қазақстан» аудиторлық компаниясының консультанты, бас консультанты болды. 2006 жылдан 2009 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» барлау және өндіру» АҚ салық есебі және салықтық жоспарлау департаментінің директоры қызметін атқарды. 2009 жылдан 2010 жылға дейін ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі болды. 2010-2012 жылдар аралығында ҚР экономикалық даму және сауда вице-министрі қызметін атқарды. 2012-2016 жылдары экономика және қаржы саясаты жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшесі (министр) болды. 2016-2019 жылдары ҚР ұлттық экономика министрі қызметін атқарды. 2017-2019 жылдары «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды. 2019 жылғы сәуір айынан бастап қазіргі күнге дейін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 2019 жылғы ақпаннан бастап наурызға дейін ҚР Ұлттық банкі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылғы наурыздан шілдеге дейін ҚР Президентінің көмекшісі қызметін атқарды. 2019 жылғы шілдеден 2022 жылғы қаңтарға дейін ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары қызметін атқарды. 2022 жылғы 13 қаңтарда Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

«Құрмет» орденімен, «Ерең еңбегі үшін» медалімен және басқа да медальдармен марапатталған.



ӘЛІБЕК СӘКЕНҰЛЫ ҚУАНТЫРОВ

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі

Сайланған күні: 2022 жылғы қаңтар.

Білімі:

- Томск мемлекеттік университеті – «Қаржы және кредит» және «Лингвистика және мәдениетаралық коммуникация»;
- Мичиган университеті – «Болашақ» бағдарламасы бойынша қолданбалы экономика магистрі.

Еңбек қызметі:

Еңбек жолын 2005 жылы ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Ішкі әкімшілік департаментінің, Халықаралық қатынастар департаментінің жетекші маманы болып бастаған. 2006-2010 жылдары ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Инвестициялық саясат және жоспарлау департаментінің және Экономикалық даму және сауда министрлігінің сарапшысы, бас сарапшысы болды. 2010 жылғы қарашада ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті Стратегиялық әзірлемелер басқармасының бастығы болды. 2010-2013 жылдары ҚР Қаржы министрлігінің Бюджеттік саясат және жоспарлау департаменті және Бюджеттік жоспарлау және болжау департаменті директорының орынбасары қызметін атқарды. 2013 жылғы ақпаннан бастап маусымға дейін ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары болды. 2013-2019 жылдары Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы меңгерушісінің орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. 2019-2021 жылдары ҚР Тұңғыш Президенті – Президенті Кеңесі бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. 2021-2022 жылдары ҚР Ұлттық экономика вице-министрі болды. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы Жарлығымен ҚР Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды. 2023 жылғы 4 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Ұлттық экономика министрі лауазымына қайта тағайындалды.

Марапаттары: «Ерең еңбегі үшін» медалі және бірнеше мерейтойлық медальдар.



**БОЛАТ
БИДАХМЕТҰЛЫ
ЖӘМІШЕВ**

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайланған күні: 2022 жылғы шілде.

Білімі:

- Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек қызметі:

Әр жылдары ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі қызметін атқарды (11.1997 – 03.1999), ҚР Қаржы вице-министрі (03.1999 – 06.2001), ҚР Ішкі істер вице-министрі (06.2001 – 02.2002), ҚР Қаржы вице-министрі (02.2002 – 02.2003), Ұлттық банк төрағасының орынбасары (02.2003 – 01.2004), ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы (01.2004 – 01.2006), Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) басқарма төрағасының орынбасары (06.2006 – 11.2007), ҚР Қаржы министрі (11.2007 – 11.2013), ҚР Өңірлік даму министрі (11.2013 – 08.2014), «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасы (08.2014 – 04.2019), «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (04.2020 – 08.2022).

2020 жылғы 30 қазанда «Bank RBK» банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

2022 жылғы 15 қаңтарда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы болып сайланды.

2022 жылғы 17 ақпанда «Самұрық-Қазына» қоғамдық кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Марапаттары: «Құрмет» ордені, «Парасат» ордені, «Астанаға 10 жыл» мерекелік медалі.



**ЛУКА
СУТЕРА**

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайланған күні: 2020 жылғы шілде.

Білімі:

- Л. Боккони университеті (Италия) – Бизнес экономикасы магистрі дәрежесі
- IE Business School халықаралық мектебі (Испания) – Global Executive MBA топ-басшыларға арналған MBA бағдарламасы
- Дипломы бар бухгалтер (CPA)
- Дипломы бар директор (CIO)

Еңбек қызметі:

Сутера мырза 25 жылдық тәжірибесі бар қаржы және инвестициялар саласындағы тәжірибелі басшы, оның 17 жылын Еуропадағы, Ресейдегі және Таяу Шығыстағы жаһандық энергетикалық компаниялар мен тәуелсіз әл-ауқат қорларының қаржы директоры болып жұмыс істеген. Қазіргі уақытта Сутера мырза Asterion Industrial Partners компаниясының операциялық серіктесі, еуропалық инфрақұрылымға мамандандырылған жетекші еуропалық инвестицияларды басқару фирмасы және британияның жетекші интеграцияланған коммуналдық компаниясы Energy Asset Group компаниясының қаржы директоры. Energy Asset Group-қа келгенге дейін 2015 жылдан 2020 жылға дейін Сутера Мырза Қатарда орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания Nebras Power компаниясының бас қаржы директоры қызметін атқарды. 2011 жылдан 2015 жылға дейін Сутера Мырза Абу-Дабиде орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания TAQA-да Global Power & Water Division бас қаржы директоры лауазымын атқарды.



**ДЖОН
ДУДАС**

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайланған күні: 2019 жылғы желтоқсан.

Білімі:

- Витватерсранд университеті (ОАР) – тау-кен ісі бойынша бакалавр;
- Витватерсранд университеті (ОАР) – тау-кен металлургиясы бойынша магистр;
- Хериот-Уотт университеті – (Ұлыбритания) – MBA дәрежесі.

Еңбек қызметі:

Дудас мырза өзінің еңбек мансабын 1984 жылы Rand Mines Ltd компаниясында бастады және бірқатар шикізат компанияларында, соның ішінде ВНР-де әртүрлі басшылық қызметтер атқарды, ол жаһандық Алюминий бөлімшесінің бас директоры болды. 2012 жылдан бастап Дудас мырза көпұлтты тау-кен және кәсіби сервистік компанияларда тәуелсіз Корпоративтік кеңесші болып жұмыс істеді. 2015 жылғы қарашадан 2019 жылғы желтоқсанға дейін «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды және 2018 жылы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Жалғыз акционердің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 907 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 167 шешімімен Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

ҚР Премьер-Министрінің Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы қызметіне сайлануына байланысты Жалғыз акционердің 2023 жылғы 16 қаңтардағы шешіміне сәйкес (ҚР Үкіметінің № 19 қаулысы) Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Джон Дудас 2023 жылғы 1 мамырдан бастап өзінің өтініші негізінде өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.



**НҰРЛАН
ҚАРШЫҒАҰЛЫ
ЖАҚЫПОВ**

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы

Сайланған күні: 2023 жылғы сәуір.

Білімі:

- РФ СИМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті – Экономика бакалавры, Экономика магистрі, Экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек қызметі:

Нұрлан Қаршығаұлы 2001-2003 жылдары Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығында (ENRC) қаржы талдаушысы болып жұмыс істеді. 2003-2004 жылдары Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.) бизнес менеджері және 2004-2007 жылдары Research, Investment and Development Ltd. жобалық менеджері болды. 2007-2009 жылдары Credit Suisse базалық материалдар командасы биржада сауда жасайтын компания акцияларының құны бойынша талдаушы болып жұмыс істеді. 2009-2011 жылдары «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі болды. 2011-2012 жылдары «RBS (Kazakhstan)» Еншілес банкі» АҚ Астанадағы өкілдігінің басшысы, Инвестициялық банкинг департаментінің директоры болды. 2012-2016 жылдары Инвестициялық банкинг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы UBS AG Almaty Representative Office Өкілдігінің Басшысы болып жұмыс істеді, 2016-2017 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ даму және инвестициялар жөніндегі Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі болды. 2017-2019 жылдары «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді. 2019-2020 жылдары Қазақстанда Rothschild & Co өкілі болды. 2020 жылдан 2023 жылғы сәуірге дейін «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.

2023 жылғы 4 сәуірде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы 2022-2023 жылдардағы өзгерістер

Күні	Директорлар кеңесінің мүшесі	Оқиға
2022 жылғы 28 қаңтар	Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 28 қаңтар	Вячеслав Константинович Ким	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 28 қаңтар	Данияр Талғатұлы Ақышев	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 19 ақпан	Онг Бун Хви	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 1 шілде	Болат Бидахметұлы Жәмішев	Тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2023 жылғы 16 қаңтар	Әлихан Асханұлы Смайылов Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (лауазымы бойынша)	Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
2023 жылғы 4 сәуір	Алмасадам Маиданұлы Сәтқалиев	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
2023 жылғы 4 сәуір	Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов Қор басқармасының төрағасы (лауазымы бойынша)	Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2023 жылғы 1 мамыр	Джон Дудас	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмысы

Есепті кезеңде Қордың Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттар призması арқылы оның құзыретіне кіретін міндеттерді шешуге шоғырландырылды. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамалары мен шешімдерінде көрсетілген. Директорлар кеңесінің отырыстары Қордың Директорлар кеңесінің

жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің бетпе-бет немесе сырттай нысандары арқылы жүзеге асырылды.

Директорлар кеңесі ұйымның ұзақ мерзімді құнын өсіру және орнықты дамуы бойынша қабылдаған шаралар шеңберінде 2022 жылы Қордың Директорлар кеңесінің 18 отырысы өткізілді, оның 12-сі бетпе-бет және 8-і

сырттай отырыстар. Барлығы 121 мәселе қаралып, 208 тапсырма берілді.

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 – 2022 жылдар кезеңіндегі қызметін салыстырмалы талдау қорытындылары бойынша 2022 жылы қаралған мәселелер санының ұлғаюы, сондай-ақ сырттай отырыстар санының азаюы байқалады, бұл корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелеріне сәйкес келеді.

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022
Отырыстар саны	11 (8 бетпе-бет/ 3 сырттай)	10 (6 бетпе-бет/ 4 сырттай)	15 (5 бетпе-бет/ 10 сырттай)	10 (8 бетпе-бет/ 2 сырттай)	18 (12 бетпе-бет/ 6 сырттай)
Мәселелер саны	111	88	101	116	121

Директорлар кеңесі 2022 жылы санаттар бойынша қараған мәселелер:

Стратегиялық мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> Қордың 2023-2032 жылдарға арналған даму жоспарын мақұлдау Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын (Төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жөніндегі жоспарды) бекіту Қордың активтерін бәсекелес ортаға беру, Қордың компанияларын беру тәсілін айқындау «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын IPO-ға шығару Өзге ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу
Экономика және қаржы саласындағы мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> 2022 – 2024 жылдары Қордың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау Қордың 2021 жылғы жылдық қаржылық есебін (шоғырландырылған және жеке), таза кірісті бөлу тәртібін алдын ала бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту Жылдық бюджетті және 2023 – 2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту Қордың меншікті капиталы мөлшерінің бір және одан да көп пайызы сомасында қарыз алуды тарту және Қордың облигацияларын шығару шарттарын айқындау Қордың стратегиялық сипаттағы мүдделілігі бар мәмілелер жасасу жолымен Қордың міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту
Есептер	<ul style="list-style-type: none"> Басқарма төрағасының және Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директордың қызмет көрсеткіштері бойынша есептері Қордың компаниялар тобында қауіпсіздік, еңбекті қорғау және COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау мәселелері бойынша есептер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қор арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімнің іске асырылу барысы туралы есеп Қордың және портфельдік компаниялардың сыни қатерлерінің жағдайы туралы есептер Қордың 2021 жылғы жылдық есебі Қордың тұрақты дамуы саласындағы 2021 жылғы есеп Қордың Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің 2021 жылғы қызметі туралы есептер Қордың 2021 жылғы Қайырымдылық бағдарламасының орындалуы туралы жылдық есеп Қордың корпоративтік басқаруын диагностикалау нәтижелері туралы есеп (өзін-өзі бағалау форматында).
Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарының мәселелері	<ul style="list-style-type: none"> Қордың акцияларын жарияланған акциялар шегінде орналастыру, оларды орналастыру тәсілін, санын және бағасын айқындау Қордың жасауға мүдделілігі бар мәмілелер жасасуы Қордың шоғырландырылған лимитін белгілеу және шетелдік компанияларға қойылатын талаптарды қалыптастыру Қор тобының Қайырымдылық бағдарламасына қайырымдылық қажеттіліктеріне (әлеуметтік жобаларға) сомаларды айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу
Корпоративтік басқару мәселелері	<ul style="list-style-type: none"> Қордың корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп Картаны/тәуекелдер тіркелімін және тәуекел-тәбетті бекіту Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы комитеттерінің құрамдарын жаңарту Қор басқармасы мүшелерінің Қор тобының кейбір компанияларында және басқа да ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшесі және байқау кеңесінің мүшесі лауазымына орналасуына келісім беру Қордың корпоративтік басқару кодексін өзгерту
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту/өзектендіру	<ul style="list-style-type: none"> Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі Қордың кадр саясаты Қор мүдделерінің қақтығысын реттеу жөніндегі саясат Қор тобының ішкі кредит саясаты Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі Қордың және ұйымдардың активтерін бәсекелес ортаға беру қағидалары Қор басқармасының төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары Қордың Ішкі аудит қызметі Омбудсменінің, Корпоративтік хатшысының және қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйақы төлеу, қызметін бағалау және оларды әлеуметтік қолдау қағидалары

Қор тобы бойынша корпоративтік басқаруды күшейту

Корпоративтік басқаруды күшейту – компаниялардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту үшін базалық аспектілердің бірі. IPO-ға шығу жоспарлары мен мерзімдеріне қарамастан, барлық ПК үшін корпоративтік басқару практикаларын комплаенс, ақпаратты ашу, шешімдер қабылдаудың ашықтығы, сатып алулар және корпоративтік басқарудың басқа да аспектілері бөлігінде жетекші халықаралық биржалардың листингтік талаптарының деңгейіне дейін айтарлықтай жақсарту мақсаты қойылған.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік практикаларын іске асыру акционерлер мен инвесторлардың компанияны қабылдау деңгейін арттыруға, қарыз капиталының құнын төмендетуге және нәтижесінде компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруға мүмкіндік береді.

2022 жылы Қор портфельдік компаниялардағы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету және корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру жөнінде жүйелі шаралар қабылдады:

- **стандарттарды жетекші листингтік биржалардың талаптарына**, ЭЫДҰ ережелеріне, Financial Conduct Authority, Institute of Directors ұсынымдарына барынша жақындату. Барлық ПК-да Директорлар кеңесі мен Басқарма құзыреттері мен өкілеттіктерінің аражігін ажырату бөлігінде Директорлар кеңесі туралы Жарғылар мен ережелер жаңартылды, отырыстарды өткізу тәртібі және Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдардың форматы біріздендірілді;
- портфельдік компаниялардың **Директорлар кеңесінің рөлін күшейту** және жоғары кәсіби

тәуелсіз директорларды тарту есебінен Директорлар кеңесінің тәуелсіз, объективті шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ету. Тәуелсіздік және дағдылар, тәжірибе, әртүрлілік және инклюзивтілік элементтері, салалық ерекшеліктер бойынша теңгерімді сақтау бөлігінде Директорлар кеңесінің мүшелігіне іріктеу критерийлері жоғарылатылды (тиісті талаптар Кодекске енгізілді, Қордың тобы бойынша Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың үлесі 43 %-ға, Қор тобы бойынша әйелдердің үлесі – 15 %-ға дейін жеткізілді);

- **процестерді бюрократияландыру**, артық буындарды болдырмау, құжаттарды қарау және келісу кезінде Қордың және портфельдік компаниялардың өзара іс-қимылының бизнес-процестерін оңтайландыру және іске асырудың тиімділігін арттырудың қосымша тетіктерін құру. Портфельдік компаниялармен өзара іс-қимыл жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- **ақпаратты сапалы ашу**. Жылдық есепті және орнықты даму жөніндегі есепті қалыптастыру бойынша тәсілдер қайта қаралды, Тәуелсіз әл-ауқат қорларын басқарушылардың халықаралық тобына (IFSWF) жіберілген Сантьяго қағидаттарына сәйкестігі туралы Қордың өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындалды;
- **ESG қағидаттарын енгізу**. Кодексті ESG қағидаттарын енгізу бөлігінде жаңартылды. Портфельдік компанияларда ESG тәжірибелерін енгізу бойынша интеграцияланған жоспарлар бекітілді. ҚАӨ, ҚМГ және ҚТЖ ESG-рейтингтер алды, қалған портфельдік компанияларда дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Директорлар кеңесінің рөлін арттыру. Директорлардың тәуелсіздігі және мүдделер қақтығысы

Директорлар кеңестері құрамдарының құрылымдары директорлар кеңестерінің негізгі жұмыс органдары болып табылатын толыққанды және тиімді комитеттерді қалыптастыру жөніндегі талаптарды ескере отырып құрылатын болады. Қор ПК директорлар кеңесі құрамдарының сабақтастығымен жұмысты қолдайтын болады. Бұл үшін ПК директорлар кеңесінің әлеуетті мүшелері үшін Қордың кадр резервін қолдау, сондай-ақ нысаналы бейінге сәйкес келетін директорларды іріктеу және жалдау бойынша сапалы жұмыс қамтамасыз етілетін болады.

Директорлар кеңесінің Қорды басқарудағы рөлі тәуелсіз директорлардың пікіріне назар аудара отырып, тұрақты негізде жоғарылайды. Қор ПК-дағы тәуелсіз директорлардың үлесін 50% деңгейінде қолдауға ұмтылатын болады.

Қор тобының Директорлар кеңестерінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық мүдделі тараптарға әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде тәуелсіз директорлар кіреді.

Жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар тұлға тәуелсіз директор болып танылады.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның Жарғысына сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген та-

лаптардан басқа, 2022 жылы Қор Ұлыбританияның **Корпоративтік басқару** кодексінің нұсқамаларына сәйкес **тәуелсіздік** критерийлерін күшейтті:

- соңғы үш жыл ішінде компанияның немесе топтың қызметкері болып табылса немесе болған болса;
- компаниямен тікелей не компаниямен осындай қатынастарды қолдайтын органның серіктесі, акционері, директоры немесе бас менеджері ретінде соңғы үш жыл ішінде материалдық іскерлік қатынастары болса немесе болмаса;
- директордың сыйақысынан басқа компаниядан қосымша сыйақы алған немесе алған, компанияның акцияларына опционға немесе қызмет нәтижелерін ескере отырып, төлем схемасына қатысады немесе компанияның зейнетақы схемасының қатысушысы;
- директорлар кеңесіне мүшелікке ие болса немесе басқа компанияларға немесе органдарға қатысу арқылы басқа директорлармен байланысы болса;
- ірі акционердің атынан;
- Директорлар кеңесінде бірінші тағайындалған сәттен бастап тоғыз жылдан астам жұмыс істеді.

Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалуын қадағалайды және осындай жағдайлар болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды.

2022 жыл ішінде Қор тобы директорларының тәуелсіздік мәртебесін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Директорлар кеңесі қараған тәуекелдерді басқару жөніндегі мәселелер

Қолданыстағы Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатқа сәйкес Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесін қолдау және дамыту үшін

тиісті көшбасшылық мәдениетін қалыптастыруда, сондай-ақ осы көшбасшылық мәдениетін Қордың бүкіл тобында көрсетуді қамтамасыз ететін тетіктерді енгізуде маңызды рөл атқарады. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит жүйесі шеңберінде мәселелерді талқылауға белсенді қатысады және тиісті бизнес-процестердің тиімділігі мен жақсартылуы бойынша ұсынымдар береді.

Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Директорлар кеңесі «қорғаудың үш желісі» қағидатын анықтады. Қорғаудың бірінші желісі тәуекелдерді азайтуда негізгі рөл атқаратын бизнес-процестердің тікелей иелері. Екінші қорғау желісі бақылау функциялары, оның ішінде Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаменті, Комплаенс қызметі, Тәуекелдерді басқару жүйесін жалпы ұйымдастыруға жауапты және бірінші қорғау желісін әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ететін Қауіпсіздік қызметі. Үшінші қорғау желісі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін объективті және тәуелсіз бағалауды қамтамасыз ететін Ішкі аудит қызметі.

Директорлар кеңесі Қордың және портфельдік компаниялардың сыни қатерлерінің жағдайы туралы есептерді, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды тоқсан сайынғы негізде қарайды, карталарды/тәуекелдер тір-келімдерін және алдағы кезеңге тәбетті бекітеді. Жауапты талдау мен талқылаулардың қорытындылары бойынша тәуекелдерді одан әрі төмендету және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша шешімдер қабылданады.

Жазатайым оқиғалардың тәуекелдерін, маңызды инвестициялық жобалардың тәуекелдерін, әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелдерін, қаржылық тәуекелдерді, сот талқылауларының тәуекелдерін, беделге нұқсан келтіру тәуекел-

дерін, санкциялық заңнаманың ықпал ету тәуекелдерін, жекешелендіру бағдарламасының тәуекелдерін қоса алғанда, барлық түйінді тәуекелдер Директорлар кеңесінің назары мен бақылауында болды.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

2022 жылы Директорлар кеңесінің және Қордың негізгі құрылымдық бөлімшелерінің мүшелеріне мынадай бес бағыт бөлінісінде сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалауды қоса алғанда, корпоративтік басқаруды бағалау жүргізілді:

- 1) Директорлар кеңесі мен басқарма тиімділігі;
- 2) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- 3) тұрақты даму;
- 4) Жалғыз акционердің құқықтары;
- 5) ашықтық.

Бағалауға шолу 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңді қамтыды.

Қордың корпоративтік басқаруының жалпы рейтингі өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша 2021 жылғы рейтингпен салыстырғанда ұлғайды, ол «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша қойылған. Рейтингтің ұлғаюына тәуекелдерді басқару, тұрақты даму және ашықтық сияқты бағыттар бойынша шаралардың айтарлықтай жақсаруы әсер етті.

Диагностика қорытындысы бойынша корпоративтік басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру бойынша негізгі ұсыныстар берілді. Осы ұсынымдар шеңберінде Қор корпоративтік басқару сапасын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпарат

№	Директорлар кеңесінің мүшесі, лауазымы	Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы (%)
1.	Д. Дудас – Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор	83%
2.	Т.М. Сүлейменов – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары	94%
3.	Ә.С. Қуантыров – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі	83%
4.	Б.Б. Жәмішев – тәуелсіз директор	100%
5.	Л. Сутера – тәуелсіз директор	89%
6.	Б.Х. Онг – тәуелсіз директор *	100%
7.	А.М. Сәтқалиев – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қор Басқармасының төрағасы	100%

*2022 жылғы 19 ақпанда Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты
Ескертпе: Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарына дәлелді себептермен қатыспаған.

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Директорлар кеңесінің шешімдері әрбір мәселені талқылау және талдау үшін жеткілікті уақыт бөлетін тиісті комитеттер мұқият қарағаннан кейін жай көпшілік дауыспен қабылданады.


Комитеттер Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, Қор саясатын тиісінше

және тиімді қолдану, тұрақты даму, оның ішінде өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері сияқты бағыттар бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Комитеттер толық талдау жүргізу және Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері

бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды. Комитеттердің төрағалары комитеттің қызметі туралы есеп дайындайды және Директорлар кеңесінің алдында бір жылдағы қызметінің қорытындылары туралы есеп береді.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ



Аудит комитеті

Комитеттің рөлі

Аудит комитеті Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы және Қордың Директорлар кеңесіне оның қаржылық есебінің тұтастығына, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару қағидаттары мен заңнаманың

сақталуына бақылау функцияларын орындауға жәрдемдесу үшін құрылды. Аудит комитеті сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды тағайындау немесе қайта тағайындау туралы ұсынымдар береді.

Корпоративтік басқару кодексінің нұсқамаларына сәйкес Аудит комитетінің құрамына бухгалтер-

лік есеп пен аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында терең білімі және практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар ғана кіреді.

Аудит комитетінің құрамындағы өзгерістер

2022 жылғы 19 ақпанда тәуелсіз директор Онг Бун Хви Директор-

лар кеңесі мен Аудит комитетінің құрамынан шықты. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 195 шешіміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директоры Джон Дудас Аудит комитетінің мүшесі болып сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 200 шешіміне сәйкес Болат Бидахметұлы Жәмішев Аудит комитетінің мүшесі болып сайланды.

Аудит комитетінің 2022 жылғы жұмысы

Бір жыл ішінде Аудит комитеті сыртқы және ішкі аудит, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі, қаржылық есептілік, корпоративтік басқару және комплаенс саласындағы 54 мәселені қарады. Материалдардың, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылатын ұсынымдардың сапасын арттыру мақсатында Аудит комитеті қатысушылардың санын ескере отырып, күн тәртібінің әрбір тармағын қарау және талқылау үшін жеткілікті уақыт бөлу үшін отырыстарды жоспарлау мен дайындауға ерекше назар аударды.

Сыртқы аудит мәселелері бойынша

- 2022-2024 жылдары «Самұрық-Қазына» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды іріктеу және тағайындау процесін үйлестірді;
- 2021 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ аудитін жоспарлау туралы есепті қарады;
- 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған «Самұрық-Қазына» АҚ шоғырландырылған және жеке қаржылық есеп аудитінің нәтижелерін қарады және аудиторлардың тәуелсіздігіне көз жеткізді;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңдегі аралық қысқартылған шоғырланды-

рылған және жеке қаржылық есептің шектеулі шолу рәсімдерінің нәтижелерін қарады;

- 2021 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Тобына аудиторлық ұйымдар көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің көлемі туралы ақпаратты қарады, сондай-ақ 2021 жылы аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсеткені үшін «Самұрық-Қазына» АҚ сыртқы аудиторға төленген сыйақы туралы ақпаратты Қордың корпоративтік интернет-ресурсында жариялауға бекітті;
- «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін «Самұрық-Қазына» АҚ аудиторлық ұйымы көрсететін консультациялық аудиторлық емес қызметтерді көрсетуді мақұлдау туралы мәселелерді қарады.

Ішкі аудит мәселелері бойынша

- Өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын қарады;
- Тоқсан сайынғы аудиторлық есептерді бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес қарады, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер бойынша есептерді зерделеді;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жеке даму жоспарларын бағалады;
- Ішкі аудиттің тәуелсіздігін арттыру және жеткілікті ресурстардың болуы үшін Аудит комитеті Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне жататын Ішкі аудит қызметінің жеке бюджетін енгізуді мақұлдады;
- Жыл бойы бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға және қосылған құнды құруға бағытталған құндылыққа бағдарланған аудиттерді ілгерілету бойынша айтарлықтай күш-жігер жұмсалды.

Комплаенс қызметі мәселелері бойынша

- Комплаенс қызметінің 2022 жылғы жартыжылдық есебі қаралды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды қарады және ұсынды;
- Комплаенс қызметінің басшысы ұсынған ұсыныстар негізінде «Самұрық-Қазына» АҚ Комплаенс қызметінің қызметкерлерін тағайындауды қарады және бекітті;
- Үшінші тарап басқаратын «Жедел желі» жұмысының нәтижелерін талабын сақтаудың бұзылғандығы және әдепсіз мінез-құлқы туралы жасырын хабарлау үшін қарады.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша

- 2021 және 2022 жылдары Қор тобының тәуекелдері бойынша шоғырландырылған тоқсандық және жылдық есептерді қарады және Директорлар кеңесіне ұсынды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі бақылау жүйесі аясында қорғаудың екінші желісін дамыту бойынша алдын ала жоспар бойынша ұсынымдарды қарады және берді;
- Жыл бойы Аудит комитеті тәуекел мәселелерін талқылауға және ашық және ашық қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ негізгі тәуекелдерді сапалы талқылауға ықпал ете отырып, тәуекел иелерімен өзара іс-қимылға айтарлықтай уақыт бөлді;
- Қосымша Аудит комитеті тәуекелдер бойынша есептерді дайындау мерзімі мен сапасы, тәуекелдерді жіктеу бойынша, олардың компанияның қаржылық жағдайына әсері бойынша, сондай-ақ тәуекелдерді басқару шаралары бойынша ұсыныстар берді.

Қаржылық есеп мәселелері бойынша

- 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған «Самұрық-Қазына» АҚ Жеке және Шоғырландырылған қаржылық есебін қарады және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022 жылғы 30 наурызда және 30 маусымда аяқталған 3 және 6 айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған және жеке қаржылық есебін қарады;
- Толық шолу жүргізіп, басшылықпен және сыртқы аудит өкілімен талқылады:
 - қаржылық есепке енгізілген негізгі көрсеткіштерді, әсіресе айналымнан тыс активтердің құнсыздануына байланысты көрсеткіштерді;
 - Қызметтің үздіксіздігі және өтімділік туралы;
 - Кредиттік ковенанттарды сақтау туралы;
 - Қаңтар оқиғасы мен Ресей Федерациясына қарсы санкциялардың Қор тобының қызметіне әсері туралы.
- Бұдан басқа Аудит комитеті бизнес процестерді автоматтандыру және цифрландыру процесін, сондай-ақ қаржылық есеп жүйесін жеделдету бойынша ұсыныс берді.

Корпоративтік басқару мәселелері бойынша

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті қарады;
- 2021 жылға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ тұрақты даму саласындағы жылдық есебі мен есептілігін қарады және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынды;
- Тұрақты даму, инвестициялық имиджі және мүдделі тараптардың сенімі саласындағы есепке сенімді арттыру мақсатында Аудит комитеті келесі жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тұрақты даму туралы есебін тәуелсіз сыртқы аудит жүргізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесіне «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының «Корпоративтік басқару кодексі» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» мәселені қарады және «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына шығаруды ұсынды.

2022 жылы Аудит комитеті барлығы 18 отырыс, оның ішінде 7 бетпе-бет және 11 сырттай отырыс өткізді. Аудит комитеті өз құзыреті шегінде түрлі салаларда 54 мәселені қарады, олардың 74%-ы бетпе-бет отырыстар шеңберінде қаралды және 26%-ы сырттай отырыстарда қаралды.

Сырттай отырыстар Қордың саясатына сәйкес және сыртқы аудиторлық ұйымның тәуелсіздігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында сыртқы аудитор ұсынатын аудиторлық емес қызметтерді бекітуге арналғанын атап өткен жөн.

Бұдан басқа Ішкі аудит қызметі басшысының, Комплаенс қызметі басшысының және Қор басшылығының қатысуымен ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, корпоративтік басқару және комплаенс мәселелерін талқылау үшін Аудит комитеті отырыстарының шеңберінен тыс бірқатар кездесулер ұйымдастырылды.

Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Аудит комитетінің мүшесі	Лауазымы	Комитеттің отырыстарына қатысу (%)
1.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100%
2.	Онг Бун Хви*	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%
3.	Джон Дудас	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%
4.	Болат Бидахметұлы Жәмішев	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%

*2022 жылғы 19 ақпанда Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты

Стратегия комитеті**Комитеттің рөлі**

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен Қор қызметінің стратегиялық бағыттарын қозғайтын мәселелер бойынша алдын ала қарау және Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу құзыретіне кіретін Стратегия комитеті құрылды.

Стратегия комитетінің құрамындағы өзгерістер

Комитет кемінде үш мүшеден тұрады, оның біреуі тәуелсіз директор болуға тиіс. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

2022 жылғы 6 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі қызметін атқарған Әсет Арманұлы Ирғалиев Стратегия комитетінің төрағасы болды. 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Әлібек Сәкенұлы Қуантыров Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды.

2022 жыл ішінде Қордың Директорлар кеңесінің стратегия комитетінің келесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды:

- Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 192 шешімімен тәуелсіз директор Ким Вячеслав Константинович

2022 жылғы 17 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші негізінде;

- 2022 жылғы 19 ақпаннан бастап шешім қолданысқа енгізіле отырып, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші негізінде тәуелсіз директор Онг Бун Хви Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 200 шешімімен бекітілді.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамының өзгеруіне байланысты шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіле отырып, Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 200 шешіміне сәйкес тәуелсіз директор Болат Бидахметұлы Жәмішев Стратегия комитетінің мүшесі болып сайланды.

Жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты Стратегия комитетінің жаңартылған құрамы мынадай: Әлібек Сәкенұлы Қуантыров – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі – Комитет төрағасы; Джон Дудас – тәуелсіз директор; Болат Бидахметұлы Жәмішев – тәуелсіз директор.

Стратегия комитетінің 2022 жылғы жұмысы

2022 жылы Стратегия комитетінің 7 бетпе-бет отырысы өткізілді.

Комитет отырыстары Комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті, ол өз кезегінде Комитет қызметінің 2022 жылға арналған бірінші кезектегі және неғұрлым маңызды мәселелерін қамтыды.

Комитет отырыстарында мынадай мәселелер қаралып, талқыланды:

- 10 жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспарды және жоспарлаудың 5 жылдық кезеңіне арналған орта мерзімді іс-шаралар жоспарын мақұлдау;
- Қордың және оның портфельдік компанияларының жоспарланатын 2023-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарларында, сондай-ақ көрсетілген кезеңге арналған Іс-шаралар жоспарын түзетуге байланысты 2022-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарларында пайдалану үшін соңғы макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын бекіту;
- орта мерзімді Іс-шаралар жоспарының мониторингі;
- ірі инвестициялық жобалар мониторингі, сондай-ақ 13 басым жобаны іске асыру мәртебесі;
- Қордың төмен көміртекті бизнес-модельге көшуі жөніндегі жоспарды қоса алғанда, Қордың төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі тұжырымдамасын мақұлдау;
- Комитеттің жұмыс жоспарын бекіту және Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну.

Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Стратегия комитетінің мүшесі	Лауазымы	Комитеттің отырыстарына қатысу (%)
1.	Әлібек Сәкенұлы Қуантыров	ҚР Ұлттық экономика министрі, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	100%
2.	Джон Дудас	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет мүшесі	100%
3.	Болат Бидахметұлы Жәмішев	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%

Тағайындау және сыйақы комитеті

Комитеттің рөлі

Тағайындау және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің, Басқарма құрамдарына, Корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды тарту, тәуелсіз директорлардың сыйақыларын мақұлдау, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары мәселелері бойынша ұсыныстар беруге және ұсыныстар қалыптастыруға жауапты.

Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамына объективті және тәуелсіз шешімдер әзірлеу және комитет мүшелерінің пайымдауларына мүдделі тұлғалардың ықпал етуіне жол бермеу мақсатында тәуелсіз директорлардың көпшілігі кіреді.

Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамындағы өзгерістер

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Т. М. Сүлейменова Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамының жоғарыда көрсетілген өзгеруіне байланысты Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 192 шешімімен Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамы қайта қаралды, оның ішінде Қордың Жалғыз акционері оны Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап Комитет мүшесі болып Т. М. Сүлейменов сайланды.

Комитеттің құрамына 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай тұлғалар кірді:

- Джон Дудас – тәуелсіз директор – Комитет төрағасы;
- Тимур Мұратұлы Сүлейменов – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары, Комитет мүшесі;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитеттің мүшесі.

Тағайындау және сыйақы комитетінің 2022 жылғы жұмысы

2022 жылы Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетінің 7 (жеті) отырысы өткізілді, оның ішінде 4-і бетпе-бет және 3-і сырттай отырыстар.

Комитеттің отырыстары Комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті.

Комитет отырыстарында мынадай мәселелер қаралып, талқыланды:

- Директорлар кеңесі үшін Басқарма мүшелерін сайлау туралы ұсыныстар қалыптастыру;
- ішкі нормативтік құжаттарға, оның ішінде Кадр саясатына, менеджменттің және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге байланысты өзгерістер мен толықтыруларды қарау;
- Қор қызметінің корпоративтік түйінді көрсеткіштерін Қор ҚТК картасы және Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау түрінде қарау;
- Корпоративтік хатшының, Омбудсменнің мақсаттарын және олардың қызметінің нәтижелерін мақұлдау;
- Комитеттің жұмыс жоспарын бекіту және Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну.

2022 жылы бейнеконференция байланысы арқылы Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетінің 7 (жеті) отырысы өткізілді, оның 4-і бетпе-бет және 3-і сырттай отырыстар. Жұмыс жоспарына сәйкес 20 (жиырма) мәселе қаралды.

Комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі	Лауазымы	Комитеттің отырыстарына қатысу (%)
1.	Джон Дудас	Қордың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	100%
2.	Тимур Мұратұлы Сүлейменов	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	71%
3.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	100%

Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитеті

Комитеттің рөлі

Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитеті Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы және Қордың Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуына мониторинг және бағалау жүргізу, активтерді жекешелендіру және қайта құрылымдау мәселелерін қарау және Қордың Директорлар кеңесіне қажетті ұсыныстар дайындау жөніндегі міндеттерді орындау үшін құрылды.

Комитет құрамындағы өзгерістер

Ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік) – бұл электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден қорғалуының жағдайы.

Ақпараттық қауіпсіздік ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын немесе қолжетімділігін бұзуы мүмкін ақпаратты және IT-активтерді рұқсатсыз қол жеткізуден және тәуекелдерден қорғау стратегияларын, әдістері мен процестерін қамтиды.

Корпоративтік қауіпсіздік қосылған желі, серверлер және соңғы пайдаланушыларға берілетін деректердің қауіпсіздігіне қолданылады. Ол цифрлық активтер үшін қауіпсіз ортаны қолдауға байланысты технологияларды, адамдарды және процестерді қамтиды, ұйымға тиесілі активтер мен деректерді қорғауға қойылатын нормативтік-құқықтық талаптарға қосымша назар аударылады.

Кибер кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ақпа-

раттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау – мемлекеттің қазіргі цифрлық әлемдегі маңызды міндеті. Сондықтан да ақпараттық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тапсырмасы бойынша 2017 жылдан бастап елімізде «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасын іске асыру басталды.

Қор компаниялары тобында киберқауіпсіздік қалай қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес Қордың операциялық қызметі бағыттарының бірі Қордың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қордың портфельдік компанияларының ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерін үйлестіру.

Қордың осы қызмет саласындағы негізгі мақсаттары ақпараттың қолжетімділігін, тұтастығын, құпиялылығын және бас тартуға төзімділігін қамтамасыз ету.


Осы мақсаттарға мынадай міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізуге болады:

Біріншіден бұл Қордың өзінің де, тиісті мониторингті сүйемелдеу-

мен оның портфельдік, еншілес және тәуелді ұйымдарының да ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында бірыңғай саясатты қалыптастыру бойынша құқықтық базаны құру.

Екіншіден Қордың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және осы бағыттың қызметін оның барлық құрылымдарында үйлестіру.

Қордың ақпараттық қауіпсіздігінің жедел орталығы



Портфельдік компаниялардың, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметін үйлестіру процесін реттеу және басқару Қор Басқармасының шешімімен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Қор Тобы Компанияларының сыртқы периметрін қорғау және ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын талдау мониторингі «QazCloud» ЖШС ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының базасында қамтамасыз етіледі.

2022 жылы портфельдік компаниялардың, еншілес және тәуелді ұйымдардың АТ-инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігіне төрт аудит жүргізілді.

2022 жылы Қор тобында 38 сын оқиғалар анықталды, олар бойынша сандық криминалистика

мамандарының қатысуымен тергеу жүргізілді және АТ-инфрақұрылымын қорғау бойынша шаралар қабылданды.

Киберқатерлердің даму үрдісін ескере отырып, Қорда 2023-2027 жылдарға арналған ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және қамтамасыз ету стратегиясын әзірлеуге кірісті.


Стратегия шеңберінде Қордағы киберқатерлерге қарсы іс-қимыл желісі және оның портфельдік компанияларының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты іс-қимылдар жиынтығын қалыптастыру, тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды жоспарлау, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын әзірлеу, жұмыскерлерді корпоративтік мәдениет нормаларын қатаң сақтауға кибергигиенаны қамтамасыз етуге ынталандыру жоспарлануда.

Алайда осы бағыттағы қызметтің тиімділігі үшін Стратегияны құру үшін шарт болып табылатын бірқатар мәселелерді шешу керек.


Бірінші, Қор компанияларының бүкіл тобы бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірыңғай архитектурасын қалыптастыруды жүргізу. Екіншіден, Қорға ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне назар аударған жөн. Үшінші – кейіннен тиісті сертификатты ала отырып, ISO/IEC 27001 27001 халықаралық стандартының талаптарын Қорға енгізу.

Бұл мәселелерді шешу Қор тобының ІТ-инфрақұрылымының қорғалуын жақсарту мен талдаудың үздіксіз процесін қамтамасыз етеді.

Қор тобындағы 2022 жылғы қауіп-қатер түрлері бойынша инциденттер статистикасы



2022 жылғы оқиғалар статистикасы



06

ҚОСЫМШАЛАР

- 150 • Шоғырландырылған қаржылық есптілік
- 290 • Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/ сақтамау туралы ақпарат
- 292 • «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп
- 294 • «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қатысуы бар 2022 жылы Қор Басқармасы жасасу туралы шешім қабылдаған мәмілелер тізбесі
- 297 • Ақпараттандыру және цифрландыру
- 300 • Глоссарий



1-ҚОСЫМША. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен қоса

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	158
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп.....	159
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	162
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп.....	164

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1. Жалпы ақпарат	166
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	167
3. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу	169
4. Маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар	191
5. Бірлескен кәсіпорынды сатып алу.....	209
6. Есептен шығарулар және акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтер	210
7. Негізгі құралдар	218
8. Материалдық емес активтер.....	222
9. Барлау және бағалау бойынша активтер.....	224
10. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар.....	226
11. Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	235
12. Кредиттік мекемелердегі қаражат.....	326
13. Басқа да қаржы активтері.....	237
14. Басқа да ұзақ мерзімді активтер	238
15. Қорлар.....	239
16. Сауда дебиторлық берешек және өзге де ағымдағы активтер	240
17. Ақша қаражаты мен оның баламалары.....	241
18. Капитал.....	241
19. Қарыздар	249
20. Қазақстан Республикасы үкіметінің қарыздары.....	254
21. Резервтер.....	255
22. Жалдау бойынша міндеттемелер	256
23. Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	257
24. Сауда әрі басқа да кредиторлық берешек және басқа да ағымдағы міндеттемелер	257
25. Түсім	259
26. Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	260
27. Жалпы және әкімшілік шығыстар	260
28. Тасымалдау және өткізу шығыстары.....	261
29. Құнсыздану шығыны	261
30. Қаржылық шығындар.....	263
31. Қаржылық кіріс	263
32. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто.....	264
33. Табыс салығы бойынша шығыстар.....	265
34. Шоғырландыру	270
35. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу.....	271
36. Финансовыіе инструменты, цели и политика управления финансовыми рисками ..	272
37. Шартты және шарттық міндеттемелер	278
38. Сегментті есептілік	284
39. Украинадағы соғыстың салдары.....	288
40. Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....	289



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Essential Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселелерге қатысты бұл мәселелердің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Біз бұл мәселе құнсыздануды талдау негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады деп есептейміз. Сонымен бірге, қарыз алу құнының ұлғаюы және келешек экономикалық өсімге қатысты белгісіздік Топ қызметінің перспективаларына әсер етеді және Топ активтерінің құнсыздануына әкеп соқтыра алады.

Елеулі жорамалдарға дисконттау мөлшерлемелері, табиғи ресурстарға болжамды бағалар, тарифтер, инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдары жатады. Елеулі бағалауға өндіру және өндіріс деңгейінің жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді ресурстар қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертпесінде келтірілген.

Несиелік келісімдердің шеңберіндегі шарттық талаптарды сақтау

Несиелік келісімдердің талаптарына сәйкес Топ белгілі бір шарттық талаптарды сақтауы тиіс. Бұл талаптардың бұзылуы қаржыландыру дефицитімен қатар, айтарлықтай айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соқтыра алады. Сонымен қатар, Топтың көптеген несиелік келісімдеріне сәйкес кросс-дефолт туралы ережелер қолданылады.

Біз Басшылықтан, индикаторлар мен құнсыздануды тестілеу модельдерін талдауды қоса алғанда, құнсыздануды талдауды алдық.

Біз құнсыздануды талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құн есебі үшін бағалау мәселелері бойынша ішкі мамандарымызды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған табиғи ресурстар мен тауарлардың бағаларын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық. Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтық жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді ақпаратпен салыстырдық. Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін тексердік және және олардың жорамалдардың өзгеруіне сезімталдылықты талдадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Біз кросс-дефолт туралы қосымша ережелерді қоса алғанда, несиелік келісімдердің талаптарын зерделедік.

Біз есептеулерде қолданылатын деректерді шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және еншілес компаниялардың қаржылық есептіліктерімен салыстырдық. Біз қаржылық ковенанттар есептеулерінің математикалық дәлдігін бағаладық.



Шарттық талаптарды сақтау аудитіміз үшін барынша маңызды мәселе болып табылады, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі пайыздық міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар.

Несиелік келісімдердің шеңберінде шарттық талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 19-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Активтерді есептен шығару міндеттемелері бойынша резерв

Біздің ойымызша, бұл мәселе аудитіміз үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады, өйткені активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелерді есептеу болашақ шығындарды бағалаудағы қиындықтарға және осы міндеттеменің маңыздылығына байланысты айтарлықтай пайымдауды қажет етеді. Бұл міндеттемелердің көп бөлігі ұзақ мерзімді перспективада өтеледі деп күтілуде. Топ активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелерді бағалау үшін мамандарды тартты. Есептеуде пайдаланылған басшылықтың жорамалдары активтерді пайдаланудан шығаруға күтілетін тәсілді және дисконттау мөлшерлемесін, сондай-ақ инфляция қарқынындағы өзгерістердің өсерін қамтиды.

Шарттық келісімдерге және тиісті жергілікті заңнамаға сәйкес әр активті жоюға байланысты Топтың заңды және сындарлы міндеттемелерін бағалау басшылықтың пайымдауы мен бағалауын талап етеді және белгісіздікті білдіреді.

2022 жылы Топ активтердің есептен шығуы бойынша міндеттемелерге қатысты кейбір бағалауларды қайта қарады және шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі өзгерістерді көрсетті.

Активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелер жөніндегі ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4 және 21-ескертпелерінде ашылып көрсетілген.

Біз жақын арадағы 12 айда құқық бұзушылық ықтималдылығын бағалау үшін 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бекітілген бюджеттерге сай болжамды сараладық, егер несиелік келісімдердің талаптары бұзылса, біз қызметтің үздіксіздік қағидатына ықтимал ықпалға қатысты Басшылық жасаған бағалауды алып, сараладық.

Біз 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шарттық талаптардың сақталуына қатысты кредиторлардан алынған мәліметтерді талдадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген ақпаратты сараладық.

Біз шарттық келісімдер мен тиісті жергілікті заңнама негізінде активтерді жоюға байланысты заңды және сындарлы міндеттемелерді бағаладық.

Біз активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелерге арналған резервтерді есептеу кезінде пайдаланылған шығындарды бағалау үшін Топ тартқан мамандардың құзыреттілігі мен объективтілігін қарастырдық.

Біз қолданыстағы дисконттау мөлшерлемесі мен инфляцияны қолдағы сыртқы деректермен салыстырдық. Біз есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.

Сондай-ақ, біз активтерді есептен шығару бойынша міндеттемелермен байланысты болжамды келешек шығындардағы өзгерістерді бағалап, Топ тиісті заңнамадағы соңғы өзгерістерді қалай ескергенін сараладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте резерв ретінде танылған сомалардың негізінде жатқан Топ басшылығының бағалауларын сараладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті ашылып көрсетілулерді сараладық.



Топтың 2022 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2022 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2022 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі


Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны өрдайым анықтайтындығының көпшілігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.




Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмен тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

A member firm of Ernst & Young Global Limited





Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаларды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Адиль Сыздықов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Адиль Сыздықов
Аудитор

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № МФ-0000172 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 20 сәуір

A member firm of Ernst & Young Global Limited

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	14.385.944	14.264.058
Материалдық емес активтер	8	1.945.362	2.004.032
Барлау және бағалау бойынша активтер	9	294.300	278.949
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		36.529	37.014
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	10	6.734.581	5.681.234
Кредиттік мекемелердегі қаражат	12	270.568	104.803
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	11	151.726	357.413
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	13	739.611	667.832
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	14	473.725	578.190
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	33	88.968	69.148
		25.121.314	24.042.673
Ағымдағы активтер			
Қорлар	15	865.484	728.897
Өтелуге жататын ҚҚС		203.658	168.889
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		124.947	55.513
Сауда дебиторлық берешек	16	1.081.402	1.024.892
Кредиттік мекемелердегі қаражат	12	1.433.305	671.859
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	11	66.889	46.703
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	13	347.700	506.895
Басқа да ағымдағы активтер	16	250.022	209.986
Ақша қаражаты мен оның баламалары	17	2.940.203	2.810.730
		7.313.610	6.224.364
Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтер	6	1.140.071	42.721
		8.453.681	6.267.085
Активтердің жиыны		33.574.995	30.309.758

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Капитал және міндеттемелер			
Бас компанияның Акционеріне жататын капитал			
Жарғылық капитал	18.1	5.268.819	5.268.580
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	18.7	2.220.063	1.894.545
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		35.519	32.694
Хеджирлеу резерві	18.8	(5.900)	(48.906)
Басқа да күрделі резервтер	18.9	(16.986)	(16.984)
Бөлінбеген пайда		9.738.130	8.125.704
		17.239.645	15.255.633
Бақыламайтын қатысу үлесі	18.6	2.504.016	1.917.459
Капитал жиыны		19.743.661	17.173.092
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	19	5.400.163	6.908.483
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	20	679.844	569.105
Резервтер	21	407.211	442.394
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	482.968	379.985
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		126.476	125.455
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	23	178.680	187.843
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	33	1.654.216	1.333.617
		8.929.558	9.946.882
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	19	1.267.512	954.209
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	20	3.760	10.264
Резервтер	21	155.101	100.348
Төленуге жататын табыс салығы		79.110	16.766
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	24	1.125.978	1.118.055
Жалдау бойынша міндеттемелер	22	138.192	129.676
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		13.472	14.981
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	24	1.073.558	845.485
		3.856.683	3.189.784
Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	6	1.045.093	-
		4.901.776	3.189.784
Міндеттемелер жиыны		13.831.334	13.136.666
Капитал мен міндеттемелер жиыны		33.574.995	30.309.758

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Түсім	25	14.785.284	11.709.658
Мемлекеттік субсидиялар		53.392	54.614
		14.838.676	11.764.272
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	26	(11.281.525)	(8.794.057)
Жалпы пайда		3.557.151	2.970.215
Жалпы және әкімшілік шығыстар	27	(482.482)	(443.619)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	28	(906.869)	(728.331)
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығын, нетто		(19.386)	(4.341)
Құнсыздану шығыны	29	(71.682)	(131.315)
Еншілес ұйымдардың шығуынан болған (шығын)/пайда, нетто	6	(1.882)	2.203
Операциялық қызметтен түскен пайда		2.074.850	1.664.812
Қаржылық шығындар	30	(653.989)	(555.537)
Қаржылық кіріс	31	320.100	174.898
Басқа да операциялық емес шығын		(114.924)	(51.327)
Басқа да операциялық емес кіріс		74.603	95.242
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	32	1.449.260	1.142.082
Теріс бағамдық айырма, нетто		(9.898)	(777)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		3.140.002	2.469.393
Пайда салығы бойынша шығыстар	33	(771.118)	(561.036)
Бір жылғы таза пайда		2.368.884	1.908.357

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Басқа да жиынтық кіріс			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Есептілік валютасын қайта есептеу		522.650	151.889
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығын		(1.945)	(389)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі үлес	10	5.188	2.382
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша кіріс	18.8	45.812	15.888
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар бойынша таза өткізілген пайда		66	840
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын) құрамдастарының салық әсері		(37.141)	(12.620)
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта сыныптауға жататын өзге де жиынтық кіріс, салықты шегергенде</i>		534.630	157.990
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Қауымдасқан компания мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық шығынындағы үлес	10	(18)	(169)
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық кіріс/(шығын)		9.145	(412)
Басқа да жиынтық кіріс құрамдауыштарының салық әсері		319	462
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын басқа да жиынтық шығын		9.446	(119)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		544.076	157.871
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы, табыс салығын шегергенде		2.912.960	2.066.228
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда:			
Бас компанияның акционеріне		1.921.509	1.629.216
Бақыламайтын қатысу үлесіне		447.375	279.141
		2.368.884	1.908.357
Табыс салығын шегергенде мыналарға тиесілі бір жылдағы жиынтық кірістің жалпы сомасы:			
Бас компанияның акционеріне		2.430.394	1.774.115
Бақыламайтын қатысу үлесіне		482.566	292.113
		2.912.960	2.066.228
Акцияға пайда – теңге			
Базалық және бөлінген	18.10	680,33	548,07

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –

Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер

Назира Нұрбаева

Алмаз Әбдірахманова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Бас компания акционеріне тиесілі

Миллион теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыламайтын қатысу үлесі	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.258.657	31.464	1.763.499	(60.416)	(16.984)	6.502.544	13.478.764	1.672.851	15.151.615
Бір жылғы таза пайда		-	-	-	-	-	1.629.216	1.629.216	279.141	1.908.357
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		-	1.230	130.449	11.960	-	1.260	144.899	12.972	157.871
Бір жылғы жиынтық кіріс		-	1.230	130.449	11.960	-	1.630.476	1.774.115	292.113	2.066.228
Акцияларды шығару	18.1	9.923	-	-	-	-	-	9.923	5.759	15.682
Дивидендтер	18.2	-	-	-	-	-	(88.337)	(88.337)	(92.511)	(180.848)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар		-	-	-	-	-	6.286	6.286	-	6.286
Акционерге басқа да бөлу	18.3	-	-	-	-	-	(65.582)	(65.582)	-	(65.582)
Активтерді Акционерге беру	6	-	-	-	-	-	(37.434)	(37.434)	-	(37.434)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	18.4	-	-	-	-	-	(278)	(278)	-	(278)
Еншілес ұйымдардың шығуы		-	-	-	-	-	-	-	1.225	1.225
Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдарға қатысу үлестерін өзгерту – қатысу үлестерін сату	18.5	-	-	-	-	-	177.907	177.907	36.680	214.587
Капиталдағы басқа да өзгерістер		-	-	597	(450)	-	122	269	1.342	1.611
2021 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.268.580	32.694	1.894.545	(48.906)	(16.984)	8.125.704	15.255.633	1.917.459	17.173.092
Бір жылғы таза пайда		-	-	-	-	-	1.921.509	1.921.509	447.375	2.368.884
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		-	2.825	453.184	43.365	-	9.511	508.885	35.191	544.076
Кезеңдегі жиынтық кіріс		-	2.825	453.184	43.365	-	1.931.020	2.430.394	482.566	2.912.960
Акцияларды шығару	18.1	239	-	-	-	-	-	239	-	239
Еншілес компанияның капиталына жарна		-	-	-	-	-	-	-	433	433
Дивидендтер	18.2	-	-	-	-	-	(170.024)	(170.024)	(186.073)	(356.097)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар	4	-	-	-	-	-	(4.201)	(4.201)	-	(4.201)
Акционерге басқа да бөлу	18.3	-	-	-	-	-	(212.644)	(212.644)	-	(212.644)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	18.4	-	-	-	-	-	68.684	68.684	-	68.684
Бірлескен кәсіпорынды сатып алу	5	-	-	-	-	-	9.937	9.937	1.052	10.989
Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдарға қатысу үлестерін өзгерту – қатысу үлестерін сату	18.5	-	-	(128.297)	272	(2)	(9.470)	(137.497)	288.571	151.074
Капиталдағы басқа да өзгерістер		-	-	631	(631)	-	(876)	(876)	8	(868)
2022 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.268.819	35.519	2.220.063	(5.900)	(16.986)	9.738.130	17.239.645	2.504.016	19.743.661

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		16.570.087	12.528.322
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(9.696.953)	(7.397.233)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(1.459.091)	(1.114.920)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(2.114.087)	(1.717.500)
Арбитраждық шешімге сай өнім жеткізушілерден түсім		-	112.058
Қаржы құралдарымен операциялар		12.548	13.690
Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер және ауыспалы жалдау төлемдері		(95.791)	(49.012)
Қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудан түскен түсімдер		29.276	-
Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару		143.866	241.670
Өзге төлемдер		(244.566)	(100.811)
Төленген табыс салығы		(512.154)	(347.423)
Төленген пайыздар		(607.858)	(557.366)
Алынған пайыздар		213.899	114.565
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		2.239.176	1.726.040
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Негізгі құралдарды, барлау және бағалау активтерін, басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(1.298.462)	(1.295.235)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(29.416)	(31.994)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		6.849	36.956
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		42.565	47.662
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	10	734.518	547.447
Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатып алу		-	89
Банк депозиттерін орналастыру		(2.239.910)	(1.066.385)
Банк салымдарын алу		1.345.573	737.951
Қарыздар беру		(20.935)	(17.541)
Шыққан компаниялардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатудан түскен түсімдер		(2.869)	(27.819)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сату/ (сатып алу), нетто		44	12.181
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына салымдар	10	(15.418)	(1.926)
Берілген қарыздарды өтеу		239.040	30.480
Борыштық құралдарды сатып алу		(1.136.781)	(728.299)
Эмитенттердің борыштық құралдарды сату/өтеу		1.045.138	722.163
Басқа да төлемдер		(40.957)	(36.916)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалыуы		(1.371.021)	(1.071.186)

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздар бойынша түсімдер	19, 20	1.341.055	1.462.347
Қарыздарды өтеу	19, 20	(1.618.738)	(1.171.065)
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу	19	(152)	(292.258)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	22	(153.822)	(121.314)
Бас компания Акционерінің жарғылық капиталға жасаған жарналары	18.1	-	9.923
Бақыламайтын қатысу үлесінің жарғылық капиталға жасаған жарналары		50	792
Акционерге бөлу		(132.204)	(67.568)
Еншілес ұйымдардағы бақыламайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер	18.2	(184.145)	(92.076)
Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын қатысу үлесін сату	18.5	153.860	247.474
Акционерге төленген дивидендтер	18.2	(170.024)	(88.337)
Сақтандыру сыйлықақысын қайтару	19	7.370	-
Басқа да төлемдер		(3.939)	(2.120)
Қаржылық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалыуы		(760.689)	(114.202)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі			
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		102.497	41.984
Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс		(80.760)	979
Күтілетін кредиттік шығын резервіндегі өзгеріс		270	(554)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		2.810.730	2.227.669
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	17	2.940.203	2.810.730

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. Жалпы ақпарат

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі – «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер»).

Осы қайта ұйымдастыру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты – менеджменттің тиімділігін арттыру және Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру.

Қор 34-ескертпеде санамаланған бірқатар компанияларды біріктіретін холдинг (бұдан әрі – «Топ»). Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы № 134-4 Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған болатын. 2012 жылғы 1 ақпанда «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді (38-ескертпе):

- Мұнай-газ сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңделетін өнімдерді қайта өңдеу және сату бойынша операцияларды, сондай-ақ мұнай газ химия өнімдерінің өндірісін қамтиды;
- Тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Коммуникация сегменті жергілікті, алыстағы қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды;
- Энергетикалық сегмент электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық, диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды;
- Өнеркәсіптік сегментке химия саласын дамыту кәсіпорындары мен жобалары жатады;
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды;

- Басқалар сегменті мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және басқа да операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген офісі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10 мекенжайында орналасқан.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2023 жылғы 20 сәуірде Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі мен бас бухгалтері бекітті және нақ осы күні Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитеті алдын ала бекітті. Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті кейіннен Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер бекітуі тиіс.

Жекешелендіру жоспары

2014 жылғы 30 сәуірде Үкімет 2014-2016 жылдарға арналған бастапқы Кешенді жекешелендіру жоспарын бекітті. 2015 жылғы 30 желтоқсанда ол Қордың кейбір еншілес ұйымдарын қоса алғанда, жекешелендіруге жататын мемлекетке тиесілі активтердің жаңа тізбесін қамтитын 2016-2020 жылдарға арналған жаңа Кешенді жекешелендіру жоспарына ауыстырылды.

2020 жылғы 29 желтоқсанда «2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 908 қаулысымен 2021-2025 жылдарға арналған жаңа Кешенді жекешелендіру жоспары бекітілді, оған бәсекелес ортаға берілуге жататын мемлекеттік ұйымдар мен Қор тобы активтерінің жаңа тізбесі қосылған.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде сипатталған жағдайларды қоспағанда, бастапқы құн қағидаты негізінде дайындалды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

Сәйкестілік туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚЕХС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыни есептемелік бағалауды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстанады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін білдіру валютасы.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмадан пайда болатын кірістер мен шығындар пайда мен шығын болып танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Топ кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндердегі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар басқа жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы орташа алынған бағам	2021 жылғы орташа алынған бағам	2023 жылғы 20 сәуір
АҚШ доллары	462,65	431,80	460,93	426,06	455,63
Еуро	492,86	489,10	485,29	503,96	499,37
Ресей рублі	6,43	5,76	6,92	5,78	5,58

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Қорда 9.114.106 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма және 9.104.208 миллион теңге мөлшерінде оң бағамдық айырма қалыптасты.

Украина аумағындағы соғыс

Украина аумағында 2022 жылы басталған соғыс қаржылық есептілікке әсер ететін ҚЕХС бойынша есепке алудың бірқатар ерекшеліктерінің пайда болуына әкелді.

Көптеген елдер қазірдің өзінде жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына жаңа санкциялар салуды жалғастыруда. Қалыптасқан жағдай, сондай-ақ тауар бағасының, валюта бағамының ықтимал ауытқуы, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті материалдар мен қызметтердің қолжетімділігі және жергілікті ресурстарға қолжетімділік ТМД аумақтарында қызметтің елеулі көлемін жүзеге асыратын компанияларға тікелей әсер етті.

Басшылық қазақстандық экономикадағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжап білуге немесе олардың Топтың қаржылық жағдайына келешекте ықтимал ықпалын бағалауға қабілетті емес. Басшылық ағымдағы жағдайларда Топ қызметінің тұрақтылығы мен өсімін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолға алып отырғанына сенімді.

IBOR реформасы контексіндегі қарыз шарттарын қайта қарау

IBOR реформасын жүзеге асыру шеңберінде кейбір қаржы құралдары IBOR-дан тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге ауысу шамасына қарай өзгертілген немесе өзгертілетін болады. Қаржы құралының пайыздық мөлшерлемесінің өзгеруінен басқа, мұндай ауысу кезінде қаржы құралының шарттарына қосымша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары жағдайында Топ бастапқыда практикалық сипаттағы мынадай жеңілдетулерді қолданады:

- Практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- Хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- Ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдастарға қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Содан кейін практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын кез-келген өзгерістерге қатысты Топ бұл өзгерістердің маңызды екенін бағалау үшін пайымдауды қолданады. Егер бұл өзгерістер елеулі болса, қаржы құралын тану тоқтатылады және жаңа қаржы құралы танылады. Егер өзгерістер елеулі болмаса, Топ қайта қаралған тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған практикалық сипаттағы жеңілдету қолданылмайтын өзгерістердің келтірілген құнына қаржы құралының жалпы баланстық құнын түзетеді.

3. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2021 жылғы

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ 2022 жылы Топ үшін қолданыста болатын және қолданылатын кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді алғаш рет қолданды:

- «Ауыртпалық түсіретін шарттар: шартты орындау шығындары» 37 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер. Түзетулер шарттың ауыртпалық түсіретін немесе шығын әкелетінін бағалау кезінде ұйымға осындай шарт бойынша тауарларды немесе қызметтерді өндірумен тікелей байланысты шығындарды, оның ішінде қосымша шығындарды (мысалы, тікелей еңбек шығындары мен материалдардың құнын) және шарт бойынша қызметпен тікелей байланысты шығындарды бөлуді (мысалы, шартты орындау үшін пайдаланылатын жабдықтар амортизациясы және шарттың орындалуын басқару және қадағалау құны) қосу қажет екенін көрсетеді. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес және егер олар шарт бойынша контрагентке нақты түрде жүктелмесе, бағалаудан шығарылады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.
- 3 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер – «Концептуалдық негіздерге сілтемелер». Түзетулер ҚЕХС-тің «Концептуалдық негіздердің» алдыңғы нұсқасына сілтемені стандарт талаптарына елеулі өзгерістер енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған ағымдағы нұсқаға сілтемемен ауыстырады. Түзетулер «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ҚЕХС-тің (IAS) қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2 күннің» әлеуетті табысының немесе шығындарының пайда болуын болдырмас үшін «Бизнестерді біріктіру» 3 ҚЕХС-те (IFRS) мойындау қағидатынан ерекшелікті немесе егер олар жеке операциялардың шеңберінде туындаған болса, «Міндетті төлемдер» 21 ҚЕХС-те (IFRIC) түсіндірмелерін қосты. Ерекшелік ұйымдардан 37 ҚЕХС (IAS) критерийлерін немесе 21 ҚЕХС-те (IFRIC) түсіндірмелерін қолдана отырып, сатып алу күніндегі жағдай бойынша ағымдағы міндеттеменің бар-жоғын анықтауды талап етеді, сәйкесінше, Концептуалдық негіздер ережелерін қолданудың орнына. Түзетулер сондай-ақ шартты активтер сатып алынған күні танылмайтынын түсіндіретін 3 ҚЕХС-ке (IFRS) жаңа абзацты қосады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізген жоқ, өйткені Топта есепті кезең ішінде бұл түзетулердің қолданылу аясына жататын шартты активтер, міндеттемелер және шартты міндеттемелер туындамады.

- «Жалдау» 16 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер». Түзетулер ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салады. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе шығынның құрамында мойындайды.
- Қордың еншілес ұйымы, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.», полипропилен өнімдерін сынау өндірісі мен сатуды бастады. Бұл өнім интеграцияланған газ-химия кешенін басшылықтың ниетіне сәйкес оны пайдалану үшін талап етілетін күйге келтіру кезінде алынды. Сынақ өнімдерін сатудан түскен кірістер басқа кірістер құрамында танылды, ал сынақ өнімдерін сатудан түскен шығындар басқа шығыстар құрамында танылды.
- «Қаржы құралдары» 9 ҚЕХС (IFRS) – «Қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы». Түзету ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомаларын нақтылайды. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған сомалар ғана жатады. «Қаржы құралдары: Тану және бағалау» 39 ҚЕХС-ке (IAS) ұқсас түзетулер ұсынылмады. Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде Топтың қаржы құралдарының түрлендірілуі болған жоқ. Топ, егер бұл қажет болса, түзетулерді келешек кезеңдерде қолдануға ниетті.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер төменде келтіріледі. Топ жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

Көрсетілген жаңа стандарттар мен түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

- 17 ҚЕХС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 БЕХС-ке (IAS) түзету – «Қаржылық міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу»;
- «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер – «Бухгалтерлік бағалауды айқындау»;
- «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету» ҚЕХС-ті қолдану жөніндегі № 2 іс жүзіндегі ұсынымдар;
- 16 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер – «Сату және кері жалдау кезінде жалдау міндеттемесі»;
- «Бір операциядан туындайтын активтермен және міндеттемелермен байланысты кейінге қалдырылған салық салу» деп аталатын «Пайда салығы» 12 ҚЕХС-ке (IAS) түзету.

Топ қолданыстағы стандарттарға, соларға қатысты мүмкін болатын жоғарыда көрсетілген жаңа стандарттар мен түзетулер бойынша мерзімінен бұрын қолдануды жоспарлап отырған жоқ.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Қордың және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қамтиды (34-ескертпе).

Еншілес ұйымдар

Еншілес ұйымдар – бұл Топ бақылайтын кәсіпорындар. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды:

- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының тиісті қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы болған немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраған;
- Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда Топ инвестициялар объектісін ғана бақылайды.

Топтың инвестициялар объектілеріне қатысты дауыстың көпшілігіне қарағанда аз дауыс беру құқығы немесе ұқсас құқықтар болған кезде, Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Топқа тиесілі дауыс беру құқықтары және әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады.

Сатып алу немесе шығару бір жылдың ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері және шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі және Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар арасындағы мәміледе сатып алуды қоспағанда, еншілес ұйымдар оларды сатып алған сәттен бастап, Топтың оларды бақылауды алған күні, осындай бақылау аяқталған күнге дейін шоғырландырылады. Еншілес ұйымдарды сатып алған кезде сатып алу құны олардың сатып алу күніне әділ құны негізінде активтер мен міндеттемелерге бөлінеді. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі келісілген есеп саясаты пайдаланыла отырып, Қордың қаржылық есептілігі дайындалатын есепті кезеңге дайындалады.

Мәмілелер бойынша барлық топшілік сальдо мен топшілік мәмілелер бойынша туындайтын іске асырылмаған пайданы қоса алғандағы мәмілелер шоғырландырылған қаржылық есептіліктен толығымен шығарылған болатын. Іске асырылмаған шығындар, олар құнсыздану туралы куәлік болмағандай дәрежеде ғана алып тасталатынын қоспағанда, іске асырылмаған пайда сияқты алып тасталады.

Бақыламайтын қатысу үлесі Топқа тиесілі емес еншілес ұйымдар капиталының бір бөлігін білдіреді және Акционерге жататын капиталдан бөлек, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі капиталдың құрамында жеке көрсетіледі. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлесіне жатады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес ұйымға қатысу үлесінің өзгеруі капиталмен болған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымға бақылау жасаудан айырылып қалса, ол:

- Еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде оған жататын гудвилді);
- Бақыламайтын қатысу үлесінің баланстық құнын тануды тоқтатады;
- Капиталда көрсетілген жинақталған бағам айырмаларын мойындауды тоқтатады;
- Алынған сыйақының әділ құнын мойындайды;
- Қалған инвестицияның әділ құнын мойындайды;
- Операцияның нәтижесінде пайда болған артықшылықты немесе тапшылықты пайда немесе шығын ретінде мойындайды;
- Бұрын өзге де жиынтық кірістің құрамында мойындалған құрамдауыштардағы негізгі компанияның үлесін, егер Топтың тиісті активтерді немесе міндеттемелерді тікелей шығаруды жүзеге асырғаны сияқты, пайданың немесе шығындың немесе бөлінбеген пайданың құрамына қайта жіктейді.

Кәсіпорындарды біріктіру

Кәсіпорындарды (бизнесті) біріктіру сатып алу әдісі пайдаланыла отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесі біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты болған шығындар жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шартты талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасау жатады.

Бизнес сатылап біріктірілген жағдайда Топқа ертеректе тиесілі болған сатып алынатын компанияның қатысу үлесі пайда немесе шығын арқылы бақылауды сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ҚЕХС-тің қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ҚЕХС-ке сәйкес пайда немесе шығын құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ҚЕХС-тің қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе шығын құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Егер шартты өтеу меншікті капитал ретінде жіктелетін болса, ол кейіннен қайта бағаланады және оны өтеу меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған қатысу үлестерінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе шығын құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесі біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді құнсыздану тұрғысынан тексеру мақсаттары үшін, гудвил компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың сатып алынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататын-жатпайтындығына қарамастан, бизнестің бірігуінен пайда алады деп болжанатын ақша ағындарын біріктіретін әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса, және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып қалса, тоқтатылған қызметке жататын гудвил оның шығарылуынан келетін пайданы немесе шығынды анықтау кезінде осы қызметтің баланстық (ағымдағы) құнына қосылады. Осындай жағдайларда шығып қалған гудвил тоқтатылған қызметтің құны мен ақша ағындарын қалыптастыратын бөлімшенің қалған бөлігі құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру

Сатып алу күніне сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесі тиісті кірісті немесе шығысты пайданың немесе шығынның құрамында мойындай отырып әділ құнына дейін қайта бағаланады.

Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күнгі гудвилді төменде көрсетілгендей (а)-ның (б)-дан асып түсуі ретінде есептейді:

(а) Сомасы:

- Берілген сыйақы, әрі ол әдеттегідей, «Бизнесті біріктіру» 3 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланады;
- 3 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны;
- Сатып алатын тарапқа бұрын тиесілі болған сатып алу күнге әділ құны сатып алынатын ұйымдағы қатысу үлесінен;

(б) Сатып алынған активтерді және қабылданған міндеттемелерді сатып алу күніне таза әділ құны.

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды (Мемлекет бақылайтын кәсіпорындар) сатып алуды есепке алу үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Берілген еншілес ұйымның жалпы бақылаудағы активтері мен міндеттемелері берілген күнгі беруші компанияның (алдыңғы иесі) есептілігінде олардың баланстық құны бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетіледі. Алдыңғы иесі ұйымды бастапқы сатып алған кезде пайда болған гудвил, сондай-ақ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы иесінің гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы баланстық құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында капиталды түзету ретінде ескерілді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары, егер осындай еншілес ұйымды Топ оны бастапқыда алдыңғы иесі сатып алған күні сатып алған күндегідей дайындайды.

Бар еншілес ұйымдардағы қатысу үлесінің өзгеруі

Бақылауды сақтай отырып, бар еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің бір бөлігі сатылатын немесе сатып алынатын мәмілелерде еншілес ұйымның таза активтеріндегі иеліктен шығарылатын немесе сатып алынатын үлестің баланстық құны мен осы үлесті сатып алу құнының арасындағы айырма бөлінбеген пайданың ұлғаюы немесе азаюы ретінде көрсетіледі.

Бірлесіп-бақыланатын операциялар

Бірлескен операция – бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мүдделеріне қатысты мыналарды: Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді; Бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді; Бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен түсімді; Бірлескен операциялардан болған өнімді сатудан түскен түсімнің үлесін; бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, Шығыстарды мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Қауымдасқан компания – соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Бірлескен кәсіпорын – бірлескен қызмет туралы келісім, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады. Бірлескен бақылауды көздейтін шарт талаптары бойынша Топ бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлесінің 50% кеміне иелік ете алады.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Топтың бірлескен қызметке қатысушылар олардың экономикалық қызметіне бірлескен бақылауды белгілейтін шарттық келісімге кірген, бірлесіп бақыланып отырған компаниялар нысанындағы бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлестері бар. Сондай-ақ Топтың олардың экономикалық қызметіне елеулі ықпал ете алатын қауымдасқан компанияларда да үлесі бар. Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Қатысу үлесі әдісіне сәйкес бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бастапқы құны бойынша ескеріледі плюс Топқа тиесілі бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның таза активтері үлесінде сатып алғаннан кейін туындаған өзгерістер. Бірлескен кәсіпорынға/қауымдасқан компанияға тиесілі гудвилл инвестицияның баланстық құнына енгізіледі және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану тұрғысынан жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын/қауымдасқан компания қызметінің қаржылық нәтижелерінің үлесін көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның капиталында тікелей мойындалған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерісте өз үлесін мойындайды және оны капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолдануға болатын болса, бұл фактіні ашады. Топтың бірлескен кәсіпорынмен/қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындаған, іске асырылмаған пайдасы мен шығыны бірлескен кәсіпорында/қауымдасқан компанияда Топтың үлесі бар дәрежеде шығарылады.

Бірлескен кәсіпорындағы/қауымдасқан компаниядағы пайдадағы үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте берілген. Ол бірлескен кәсіпорынның / қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан бірлескен кәсіпорындардың / қауымдасқан компаниялардың еншілес ұйымдарындағы салық салу мен бақыламайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі негізгі компанияның қаржылық есептілігі кезеңіндегі есепті кезеңге жасалады. Қажет болған жағдайда, есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ Топтың бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша шығынын мойындау қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануының объективті куәсі болуын анықтайды. Осындай куәлар болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданудан болған шығынды мойындайды.

Бірлескен кәсіпорынды бірлескен бақылаудан/қауымдасқан компанияға елеулі ықпалынан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Бірлескен бақылаудан елеулі ықпалынан айырылған сәттегі бірлескен кәсіпорынға/қауымдасқан компанияға инвестицияның баланстық құны және қалған инвестициялардың әділ құны мен шығудан түскен түсімдердің арасындағы айырма пайдада немесе шығында танылады.

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінде активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайда қысқа мерзімді ретінде жіктеледі:

- Оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- Ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.
- Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда қысқа мерзімді, егер:

- Оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- Ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер және тоқтатылған қызмет

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп тасталғанда, екі мәннің – баланстық құны мен әділ құнының азы бойынша бағаланады. Активтер мен шығу топтары, егер олардың баланстық құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, сату бойынша сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сату үшін арналған болып жіктеледі.

Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады. Басшылықтың, оған қатысты жіктелген күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде мойындау өлшемшарттарына сәйкестігі күтілуге тиіс, сауда-саттық жасауға бекем ниеті болуы тиіс.

Есепті кезеңдегі, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен түскен кірістер мен шығыстар, егер тіпті сатқаннан кейін де Топ еншілес ұйымдағы бақыламайтын қатысу үлесін сақтап қалса да, әдеттегі кірістер мен шығыстардан жеке ескеріледі. Табыс салығы есептелгеннен кейін пайда немесе шығын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жеке ұсынылады.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Лицензияларды алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қазақстан Республикасының Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары

Жер қойнауын пайдалану (барлау және өндіру) құқығын сатып алу жөніндегі шығындар қол қою бонустарын, тарихи шығындарды, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалатын міндетті шығыстарды қамтиды және материалдық емес активтердің құрамында кен орны бойынша барлау және бағалау сатысында жер қойнауын пайдалану құқығы ретінде капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу шығындарын есепке алу кен орындары бөлінісінде жүргізіледі. Әрбір кен орны жыл сайын құнсыздану тұрғысынан қаралады. Егер объекті бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарының қалған сальдосы есептен шығарылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқығы (қалған шығындар) негізгі құралдар құрамына көшіріледі және дәлелденген қорлардың жалпы сомасына сүйене отырып, іс жүзіндегі өндіру бойынша өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады.

Барлау және бағалау шығындары (аяқталмаған құрылыс)

Барлау және бағалау шығындары геологиялық және геофизикалық шығыстарды; барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындарды; ашу жұмыстарын; әкімшілік нақты кен орнына жатқызуға болатын барлау және бағалау бойынша өзге де шығыстарды қамтиды. Мұндай шығындар жалақыны, материалдар мен жанармайды, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Геологиялық және геофизикалық шығыстарды қоспағанда, барлау және бағалау бойынша шығындар барлау және бағалау бойынша материалдық емес әрі материалдық активтердің құрамында капиталдандырылады және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бөлінісінде ескеріледі және амортизацияланбайды. Егер минералдық ресурстар немесе көмірсутегілер табылмаса, бұл құнсызданудың дәлелі болуы мүмкін. Барлық капиталдандырылған шығындар табылған затты коммерциялық өндіру немесе одан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілі туралы ниетті растау үшін, кемінде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге жатады. Керісінше жағдайда шығындар шығысқа есептен шығарылады. Минералдық ресурстардың қорлары дәлелденгенде және өндіруді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар мұнай-газ немесе тау-кен активтерінің кіші сыныптарына көшіріледі.

Барлау және өндіру шығындары (мұнай-газ және тау-кен активтері)

Барлауға және өндіруге жұмсалатын шығындар бұрын капиталдандырылған (және игерудің басында қайта жіктелген) жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарын және барлау және бағалау шығындарын; бұрғылау нәтижелеріне қарамастан пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға; полигондар салуға; кен орындарындағы көміртегілер мен минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жерүсті технологиялық құрылыстар салуға арналған шығыстарды; кен орындарында коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында жұмсалған өзге де шығындарды; ұңғымаларды консервациялауға және учаскелерді қалпына келтіруге арналған капиталдандырылған дисконтталған шығындарды қамтиды. Әзірлеуге және өндіруге жұмсалған шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ және тау-кен активтері) құрамында капиталдандырылады, есеп кен орындары бөлінісінде жүргізіледі.

Мұнай-газ және тау-кен активтері кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап іс жүзіндегі өндіру бойынша тозуды есептеудің өндірістік әдісі пайдаланыла отырып амортизацияланады. Мұнай-газ және тау-кен активтерінің кен орындарының пайдалы қызмет мерзімінен айтарлықтай ерекшеленетін пайдалы қызмет мерзімі бар кейбір объектілері (жерүсті технологиялық құрылыстар мен жабдықтар) тұзу сызықты әдіс пайдаланыла отырып, пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады. Кен орындарын пайдаланудан шығаруға жұмсалған дисконтталған шығындарды қамтитын жер қойнауын пайдалану құқығын алуға жұмсалатын шығындар, дәлелденген қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеруге жұмсалған қалған шығындар дәлелденген әзірленген қорларға есептеле отырып, амортизацияланады.

Негізгі құралдар (мұнай-газ және тау-кен активтерінен басқа)

Бастапқы мойындау кезінде негізгі құралдар бастапқы құн бойынша бағаланады. Кейін негізгі құралдар жинақталған тозуды, түгесілуді және құнсыздануды шегергенде ескеріледі. Шаруашылық тәсілмен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, тікелей еңбек шығындарын және өндірістік жүктеме шығыстарының тиісті үлесін қамтиды.

Мұнай-газ активтерінен басқа негізгі құралдар негізінен мынадай негізгі құралдардың кластарын қамтиды, олар мына пайдалы қызмет мерзімі ішінде тұзу сызық әдісімен амортизацияланады:

	Жылдар
Ұлттық электр желісінің активтері	8-100 жыл
МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимарат пен құрылысжайлар	2-100 жыл
Темір жолдар мен инфрақұрылым	10-80 жыл
Машиналар, жабдық және көлік құралдары	2-50 жыл
Басқасы	2-20 жыл

Негізгі құралдардың объектілері ірі ауқымды техникалық тексеру нысаны болып табылғанда, тиісті шығындар 16 БЕХС-те белгіленген мойындау өлшемшарттары сақталған жағдайда құрамдас бөлігін ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады.

Негізгі құралдар объектісін мойындау ол істен шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан не шығуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмейтін болса, тоқтатылады. Активті мойындау тоқтатылған кезде пайда болған кез келген пайда немесе шығын (шығу мен активтің қалдық құнынан түскен таза түсімдер арасындағы айырма ретінде есептелген) активті мойындау тоқтатылған есепті кезеңдегі пайда мен шығынға қосылады.

Активтің қалдық құны, қажеттілік болғанда пайдалы қызмет мерзімі және амортизациялау әдістері әрбір қаржы жылының аяғында қайта қаралады және түзетіледі.

Материалдық емес активтер

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы мойындау кезінде сатып алу құны бойынша ескеріледі. Ұйымдарды біріктіру бойынша операциялар шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы мойындалғаннан кейін кез келген жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болатын кез келген жинақталған шығын шегеріле отырып, сатып алу құны бойынша ескеріледі. Әзірлеуге жұмсалған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, өз күштерімен құрылған материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыстар, шығыстар туындаған кезеңдегі пайда мен шығында мойындалады.

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі шектеулі немесе шектеусіз ретінде айқындалады. Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер қызметтің осы мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес актив құнсыздануы мүмкін көрсеткіш болған кезде құнсыздану тұрғысынан бағаланады. Амортизациялау кезеңі және пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер үшін амортизация әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың аяғында қайта қаралады. Пайдалы қызметтің күтілетін мерзіміне немесе материалдық емес активтен түсетін болашақ экономикалық пайданың күтілетін көлеміне өзгерістер амортизация кезеңіне өзгерістер немесе мән-жайлар бойынша амортизация әдісі арқылы ескеріледі және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде қаралады.

Қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтерді амортизациялау бойынша шығыстар материалдық емес активтің мақсатына сәйкес шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер негізінен мынадай пайдалы қызмет мерзімі ішінде тұзу сызық әдісімен амортизацияланатын активтердің мынадай сыныптарын қамтиды:

	Жылдар
Лицензиялар	3-20 жыл
Бағдарламалық қамтылым	1-14 жыл
Басқасы	2-15 жыл

Қызмет мерзімі шектеусіз материалдық емес активтер амортизацияланбайды, бірақ жыл сайын немесе құнсыздану көрсеткіштері болған кезде құнсыздану тұрғысынан тексеріледі және қажет болған кезде өтелетін шамаға дейін есептен шығарылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Топ есептеу әдісін бастапқы құн бойынша қолданатындықтан, бастапқы мойындалғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік «Негізгі құралдар» 16 ҚЕХС-ке сәйкес қабылданған әдіс бойынша, яғни жинақталған құнсыздану және жинақталған амортизация ескеріле отырып, ескеріледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік 2 жылдан 100 жылға дейінгі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуы ол шыққан кезде (қаржылық жағдай туралы есепте элиминация кезінде) не болмаса егер ол пайдаланудан шығарылса және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмесе, тоқтатылады. Шығудан туындайтын таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма оны мойындау тоқтатылған кезең ішіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ қаржылық емес активтерді немесе активтер тобын оқиғалар немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің баланстық құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздану тұрғысынан бағалайды. Жекелеген активтер негізінен басқа активтер топтары өндіретін ақша ағындарынан тәуелсіз сәйкестендірілетін ақша ағындары бар ең төменгі деңгейде құнсыздануға бағалау мақсаттары үшін топтастырылады. Егер құнсызданудың осындай көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтер топтарын құнсыздану тұрғысынан жыл сайын тестілеу талап етілген кезде, Топ активтің өтелетін құнын бағалауды жүзеге асырады.

Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бірліктің («ААЖБ») өтелетін құны оларды өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан ең көбі. Активтердің немесе ААЖБ баланстық құны оның өтелетін құнынан артық болған жағдайда, активтер немесе ААЖБ құнсыздануға жатады және активті өтеу құнына дейін төмендетуге арналған резерв құрылады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер немесе ААЖБ үшін тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Бағалау бұрын мойындалған құнсыздану жөніндегі резервтер енді жоқ немесе азайды деген қандай да бір көрсеткіштің бар-жоқтығына қатысты әрбір есепті күні жүргізіледі. Егер ондай көрсеткіштер бар болса, онда өтелетін құн бағаланады.

Бұрын мойындалған құнсыздану шығыны, тек егер құнсызданудан болған соңғы шығын танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс болса ғана, түзетіледі. Мұндай жағдайда активтің қалдық құны өтелетін құнға дейін ұлғайтылады. Активтің ұлғайтылған құны, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын мойындалмаса, тозуды немесе амортизацияны шегере отырып, айқындалған баланстық құнынан аспауы мүмкін емес. Мұндай түзету пайда мен шығында танылады.

Түзетілген жазба жасалғаннан кейін кейінгі кезеңдерде, қалдық құнын шегере отырып, қалған пайдалы қызмет мерзімінің ішінде жүйелі негізде активтің қайта қаралған баланстық құнын бөлу үшін тозу/амортизация бойынша шығыстар келешек кезеңдерде түзетіледі.

Гудвилдің құнсыздануын бағалау кезінде мынадай процесс қолданылады:

- Гудвилл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жыл сайын және жағдаяттар баланстық құнның құнсыздануы мүмкіндігін көрсеткен кезде құнсыздану белгілерінің болуына тестіленеді;
- Гудвилдің құнсыздануы, гудвилл жататын ақша ағындарын қалыптастыратын өтелетін бірліктер сомасын бағалау арқылы айқындалады. Егер оған гудвилл жататын ақша ағындарын қалыптастыратын өтелетін бірліктер сомасы оның баланстық құнынан аз болса, онда құнсызданудан болған шығын мойындалады. Құнсызданудан болған шығынды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Топ барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады. Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ компаниясы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Топтың белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖКАӘҚ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны (ПШАӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе БЖКАӘҚ бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері үш санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе шығын активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе шығынның құрамында танылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, үшінші және байланысты тараптарға берілген қарыздар, үшінші және байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары мен банк салымдарын жатқызады.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Топ қаржы активтерін БЖКАӘҚ бойынша бағаланады, егер екі критерий сақталса:

- Бизнес-модельдің мақсаты барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін, сол сияқты қаржы активін сату арқылы қаржы активін ұстап қалу; және
- Шарттық ақша ағындары тек пайыздық сыйақы мен негізгі борыш бойынша төлемдермен ғана білдірілген. Сыйақы ақшаның уақытша құны мен белгілі бір уақыт кезеңінде өтелуге жататын негізгі борышпен байланысты кредиттік тәуекел үшін ақы төлеуді білдіреді.
- БЖКАӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне негізінен үшінші және байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары жатады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

ПШАӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ байланысты тараптарға берген және әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын басқа да қаржы активтерінің құрамына қосылған туынды қаржы құралдары мен купондық облигацияларды қамтитын кейбір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан ПШАӘҚ бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштық құралдарды амортизацияланған құны немесе БЖКАӘҚ бойынша жоғарыда сипатталғандай жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан, борыштық құралдар бастапқыда танылған кезінде, егер осы сияқты жіктеу есептегі сәйкессіздікті жойса немесе айтарлықтай азайтса, ПШАӘҚ бойынша ескерілетін ретінде жіктелуі мүмкін.

ПШАӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

ПШАӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне негізінен берілген қарыздар, үшінші және байланысты тараптардың борыштық және үлестік бағалы қағаздары жатады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік шығынның (ККШ) бағалау резервін мойындайды.

ККШ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККШ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық ККШ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығынға қатысты шығынды бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін ККШ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік шығынға қатысты шығынға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ ККШ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ кредит тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығынға тең сомада шығынға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік шығынның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Хеджирлеуді есепке алу

Топ валюталық тәуекелдер бойынша хеджирлеудің жекелеген құралдарын ақша ағындарын хеджирлеу немесе таза инвестицияларды шетелдік бөлімшеге хеджирлеу ретінде айқындайды.

Топ тәуекелдерді басқару және хеджирлеу стратегиясына сәйкес хеджирлеу құралдары мен хеджирленетін баптардың арасындағы қатынастарды олар белгіленген сәттен бастап құжаттамалы түрде ресімдейді.

Бұдан басқа хеджирлеу қатынастары белгіленген сәтте және одан әрі Топ әділ құнның немесе хеджирленетін тәуекелге жататын хеджирленетін баппен байланысты ақша ағындарының өзгерістерін өтеу тұрғысынан хеджирлеу құралының тиімділігін тұрақты түрде құжаттайды.

Бұрын жиынтық кірісте мойындалған сомалар хеджирленетін позиция пайда мен шығынға әсер ететін кезеңдердегі пайдаға және шығынға, хеджирленетін позицияны есептен шығару көрсетілетін бапқа қайта жіктеледі.

Хеджирлеуді есепке алу:

- а) Топ хеджирлеу қатынастарын тоқтатқан;
- б) Хеджирлеу құралын қолдану, сату, бұзу немесе оны орындау мерзімі өткен; немесе
- в) Қаржы құралы хеджирлеу құралы ретінде есепке алу талаптарын қанағаттандыруды тоқтатқан күні тоқтатылады.

Басқа да жиынтық кірістің құрамында және капиталда көрсетілген пайда немесе шығын болжанатын мәміле мойындалғаннан кейін пайда мен шығында көрсетіледі. Егер болжанатын мәмілені жасау енді күтілмесе, капиталда жинақталған пайда немесе шығын дереу пайда мен шығынға жатқызылады. Тиімді емес бөлікке жататын пайда немесе шығын да дереу пайда мен шығынға жатқызылады.

Таза инвестицияларды шетелдік бөлімшеге хеджирлеу

Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралдары бойынша есеп айырысулардың нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмадан туындайтын кірістер мен шығындар есепті күнгі бағам бойынша шетелдік валютада көрсетілген активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу кезінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте есептілік валютасын қайта есептеу жөніндегі резервтің құрамында мойындалады.

Ақша ағындарын хеджирлеу

Қаржы құралдарын қайта есептеу кезінде туындайтын және ақша ағындарын хеджирлеу құралдары болып табылатын бағамдық айырмадан болған пайда мен шығын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте хеджирлеу резервінің құрамында мойындалады.

Қорлар

Қорлар өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша бағаланған. Өзіндік құн қорларды жеткізуге және ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты шығындарды қамтиды. Таза өткізу құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалған есеп айырысу шығындарын шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында қорларды өткізу бағасын бағалауды білдіреді. Шығындарды есептеп шығарудың ұқсас формуласы сипаттамасы мен мақсаты ұқсас барлық қорлар үшін пайдаланылады. Операциялық мұнай-газ және энергетикалық сегменттердің қорлары ФИФО әдісі негізінде бағаланады. Барлық қалған қорлар орташа өлшенген құн негізінде бағаланады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, мерзімді депозиттерді, алдын ала келісілген ақша қаражаты сомасына еркін айырбасталатын және олардың құнының өзгеруіне байланысты елеусіз тәуекел деңгейіне ұшырайтын өтеу мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын қысқа мерзімді және өтімділігі жоғары инвестицияларды қамтиды.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын, кредиттер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда кредиттер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, кредиттер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«ПШАӘҚ бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Егер олар таяу арада сату мақсатында сатып алынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жіктеледі. Бұл санатқа Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ҚЕХС-те айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен шығында танылады.

Топтың ПШАӘҚ бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы міндеттемелері жоқ.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Кредиттер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Егер Топ төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай актив құнының бір бөлігі ретінде капиталдан-дырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен шығындарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады.

Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: қажет болған жағдайда «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» 15 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес кірістің жинақталған сомасын/амортизациясын шегере отырып, бастапқыда танылған соманың және шығын бойынша бағалау резерві сомасының құны.

Қаржылық міндеттемені тануды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің танылуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен шығында танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелер мыналарды қамтуы мүмкін:

- **Жақында коммерциялық негізде жүргізілген мәмілелердің бағаларын пайдалануды;**
- **Дәл сондай құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалануды;**
- **Дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса бағалаудың басқа да үлгілері.**

Қаржы құралдарының әділ құнын талдау және оны айқындау әдістері туралы қосымша ақпарат *36-ескертпеде* келтіріледі.

Жалдау

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісім мазмұнын талдауға негізделеді. Келісім жалдау немесе жалдау белгілерін қамтиды, егер келісімнің орындалуы нақты активті (немесе активтерді) пайдаланудан тәуелді болса және мұндай келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан басқа тарапқа өтсе, тіпті егер бұл актив (немесе бұл активтер) келісімде анық көрсетілмесе.

Топ жалға алушы ретінде

Солар бойынша Топқа өтемақыға айырбас ретінде белгілі бір кезең ішінде сәйкестендірілген активті (оны «Жалдау» 16 ҚЕХС (IFRS) айқындағандай) пайдалануды бақылау құқығы берілетін шарттарға (немесе шарттардың жеке құрауыштарына) қатысты Топ активті пайдалану құқығы нысанында және тиісті міндеттемені жалдаудың басталу күніне мойындайды. Шарттардың жалдауға қатысы жоқ құрауыштары өзге орынды стандарттарға сәйкес ескеріледі.

«Жалдау» 16 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес Топ көрсетілген стандартты жалдау шарттарына қолданбайды, солар бойынша жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайды және құбылмалы жалдау мөлшерлемесі бар жалдау шарттарына, сондай-ақ құны төмен активтерді жалдау шарттарына қатысты сатып алу опционын қамтымайды. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдауды Топ жалдау мерзімінің ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде мойындайды.

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау бойынша міндеттемені осы күнге әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген (ағымдағы) құны бойынша бағалайды. Дисконттау, егер оларды оңай айқындауға мүмкіндік болса, жалдау шарттарында белгіленген мөлшерлемелерді қоспағанда, Топтың қосымша қарыз қаражатын тартудың пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Топ жалдау бойынша міндеттемені мына жағдайларда қайта бағалайды (және пайдалану құқығы нысанындағы тиісті активті тиісінше түзетеді):

- Жалдау мерзімі өзгерді немесе сатып алу опционының орындалуын бағалауда өзгеріске әкеп соқтырған айтарлықтай оқиға немесе жағдайларда өзгеріс болды, және жалдау бойынша міндеттеме қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады;
- Жалдау төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне немесе кепілдік берілген тарату құны бойынша күтілетін төлемнің өзгеруіне байланысты өзгереді және мұндай жағдайларда жалдау бойынша міндеттеме өзгермеген дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта бағаланады (егер тек жалдау төлемдерінің өзгеруі құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру салдары болып табылса, мұндай жағдайда қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесі қолданылады);
- Жалдау шарты түрлендірілген және жалдау шартының өзгеруі бөлек жалдау шарты ретінде ескерілмейді және мұндай жағдайда жалдау бойынша міндеттеме түрлендірудің күшіне ену күніне қайта қаралған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы түрлендірілген жалдау шартының жалдау мерзімінің негізінде қайта бағаланады.

Жалдаудың басталу күніне Топ пайдалану құқығы нысанындағы активті бастапқы құны бойынша бағалайды, оған жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалаудың көлемі, жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша ынталандыратын төлемдерді шегере отырып мұндай күнге дейін жалдау төлемдері, жалға алушы шеккен кез келген бастапқы тікелей шығындар жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтерді кейіннен есепке алуға қатысты меншіктегі активтерге қатысты, оның ішінде тозу мен амортизацияны есептеуге қатысты қолданылатын есеп саясаты, сондай-ақ құнсыздану мәніне тексерулер қолданылады.

Пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі.

Топ жалдау бойынша міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек баппен (22 *ескертпе*) көрсетіледі, ал дәл сол баптардағы пайдалану құқығы нысанындағы активтер, егер олар меншікте болса, яғни негізгі құралдардың құрамында болса, тиісті базалық активтер ретінде көрсетіледі (7-*ескертпе*).

16 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкес жалдау төлемдері жалдау міндеттемесінің пайыздық бөлігі мен оның негізгі бөлігін өтеу бойынша ақшалай төлемдерге бөлінеді. Топ қаржылық қызметтен болған ақша ағындарындағы негізгі борыштың өтелуін жіктеді және Топтың есеп саясатына сәйкес, төленген пайыздар операциялық қызметтен болған ақша қаражаты ағындарының бір бөлігі ретінде жіктеледі. Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер, құны төмен активтерді жалдау төлемдері мен жалдау міндеттемесін бағалауға қосылмаған ауыспалы жалдау төлемдері операциялық қызметтің бір бөлігі ретінде көрсетілген.

Топ жалға беруші ретінде

Топ жалдау шарттарын негізгі құралдардың кейбір объектілеріне қатысты жалға беруші ретінде жасайды.

Соның шеңберінде Топ жалға беруші болып табылатын жалдау қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдау талаптарына сай жалға алушыға меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтеді, жалдау шарты қаржылық жалдау шарты ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық басқа түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық қызметтен түскен кіріс жалдау мерзімінің ішінде желілік негізде танылады.

Резервтер

Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды бөлшектеу мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконттау негізінде толық көлемде мойындалады.

Мойындалатын сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығындардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама болатын негізгі құралдардың

баланстық құнының тиісінше ұлғаюы мойындалады. Соның салдарынан, бұл шығындар тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндірістік құралдар мен тасымалдау құралдары бойынша күрделі шығындар шеңберінде амортизацияланады.

Есепті мерзімдегі немесе міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық пайданың негізіндегі ресурстардың ағып кету сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болған пайдаланудан шығару бойынша қолдағы резервті бағалаудағы өзгерістер немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс былайша ескеріледі:

- а) Резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңде тиісті активтің баланстық құнына қосылады немесе шегерілетіндей;
- б) Актив құнынан шегерілген сома оның теңгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің баланстық құнынан асып кетсе, онда асып кету жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте дереу мойындалады; және
- в) Егер активтің құны ұлғаюға әкелсе, Топ активтің жаңа теңгерім құны толығымен өтелмейтіні осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және 36 БЕХС-ке сәйкес құнсыздану бойынша кез келген шығынды ескереді.

Басқа резервтер

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Егер Топ резерв өтеледі деп күтсе, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі, бірақ өтеу іс жүзінде кепілді болып табылғанда ғана.

Егер ақша қаражатының уақытша құнының әсері мәнді болып табылса, резервтер ақша қаражатының уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлегенге дейінгі мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюы уақыттың өтуі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

Жұмыскерлерге сыйақылар

Зейнетақы қорларына аударымдар

Топ аударымдар ретінде өзінің жұмыскерлерінің жалақысынан олардың зейнетақы қорларына аударымдар ретінде 10% ұстайды. Заңнамаға сәйкес жұмыскерлер өздерінің зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдері өздері жауапты болады және Топтың жұмыскерлерге олар зейнеткерлікке шыққаннан кейін бұл төлемдер бойынша ағымдағы және болашақтағы міндеттемелері жоқ.

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық есептелуіне қарай шығыстарға жатқызылады.

Төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары

Кәсіптік одақтармен жасалған ұжымдық шарттарға және өзге де сыйақылар туралы ережелерге сәйкес Топтың кейбір еншілес ұйымдары өздерінің жұмыскерлеріне еңбек қызметін аяқтағанда («Төлемдердің белгіленген мөлшерімен зейнетақы жоспары») белгілі бір сыйақылар төлейді.

Топ олар басқа да жиынтық пайда мен шығынның құрамында анықталған кезеңде жұмыскерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта бағалаудан туындаған актуарлық пайда мен шығынды мойындайды және «Жұмыскерлерге берілетін сыйақы» 19 БЕХС-те айқындалған бағаға сәйкес сыйақы бойынша шығыстарды және міндеттемені мойындайды.

Төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспарына сәйкес міндеттемелер мен сыйақы бойынша шығыстар болжамдалған шартты бірлік әдісінің көмегімен анықталады. Бұл әдіс әрбір жұмыс істелген жылды сыйақы алу құқығына қосымша бірлігіне өсу ретінде қарастырады және жиынтық міндеттемені көрсету үшін әрбір бірлікті жеке өлшейді. Сыйақылар беру бойынша шығыстар, белгіленген төлемдер мөлшерімен зейнетақы жоспары бойынша сыйақы формуласына сәйкес жұмыскерлердің жұмыс өтілі ішінде жиынтық сыйақыны бөлу үшін пайда мен шығында көрсетіледі. Бұл міндеттеме валютасы мен шарттары төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелер валютасымен және бағаланған шарттарымен салыстыруға болатын мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне ұқсас дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, болашақтағы есеп айырысу ақша қозғалысының ағымдағы құны бойынша өлшенеді. Топтың еншілес ұйымдарының төлемдер мөлшері белгіленген зейнетақы жоспарлары қаржыландырылмайтын болады.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа, жаңа акциялар шығаруға тікелей қатысы бар сыртқы шығындар капиталға түсімдер сомасынан шегерім ретінде көрсетіледі. Шығарылған акциялардың номиналды құнынан алынған қаражаттың әділ құнының кез келген асып түсуі бөлінбеген пайданың ұлғаюы ретінде мойындалады.

Бақыламайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлесі Акционерге жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептіліктің шоғырландырылған нысандары бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, қаржылық есептіліктің шоғырландырылған нысандарында ашып көрсетіледі.

Акционерге басқа да бөлу

Бөлінбеген пайданың азаюы ретінде танылатын Акционерге басқа да бөлу болған шығындармен немесе активтердің акционер бұйрығымен бөлумен білдірілген, оған қоса негізгі құралдар объектілері, басқа кәсіпорынға қатысу үлестері, басқа да шығу топтары, ақша қаражаты және Топтың корпоративтік есеп саясатының анықтамасына сай басқа да активтер жатады.

Түсімді тану

Егер Топ экономикалық пайда алады деген ықтималдық болса және, егер пайданың сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім мойындалады.

Тауарларды сату

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе ретінде) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, Қазақстан Республикасының шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Қызметтерді көрсету

Қызметтер көрсетуден түсетін кірістер қызметтер көрсетілген сәтте мойындалады.

Тасымалдауға жататын қызметтерге қатысты, аяқталу дәрежесі мен кіріс сомасының жеткілікті түрде дәл анықталған жағдайда есепті күнгі тасымалдаудың аяқталу дәрежесі бойынша мойындалады. Әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлем сомалары алу сәтінде тапсырыс берушілерден алынған аванстар құрамында көрсетіледі. Болашақ кезеңдердің кірістері қызмет көрсетілуіне қарай ағымдағы кірістерге жатады.

Энергетика, коммуникациялар мен тасымалдау секторлары Тобының түсімі негізінен уақыт кезеңінің ішінде танылады, Топтың қалған сегменттерінің түсімі негізінен белгіленген уақыт сәтіне танылады.

Кері жалдаумен сату операциялары

Топ кері жалдаумен операцияларда активтің берілуін тек егер берілу «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» 15 ҚЕХС-тің (IFRS) талаптарына жауап берсе ғана сату ретінде ескереді.

15 ҚЕХС-ке (IFRS) сай, егер жалға алушы-сатушы сатуды мойындайтын болса, жалға алынатын активті пайдалану құқығы жалға алушы-сатушы сақтап қалатын пайдалану құқығымен байланысты активтің алдыңғы баланстық құнының бөлігі ретінде бағаланады. Жалға алушы-сатушы жалға беруші-сатып алушыға берілген құқықтарға жататын пайданың немесе шығынның сомасын мойындайды.

Егер жалға алушы-сатушының активті беруі активті сату ретінде есепке алу үшін 15 ҚЕХС-тің (IFRS) талаптарына жауап бермесе, жалға алушы-сатушы берілген активтің мойындалуын жалғастырады және қаржылық міндеттемені «Қаржы құралдары» 9 ҚЕХС (IFRS) қолдана отырып берілуден болған түсімдердің мөлшерінде мойындайды.

Пайыздық кірістер мен шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары мен БЖКАӘҚ бойынша ескерілетін инвестициялар ретінде жіктелген пайыздық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконттау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарақ мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында келтіріледі.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек шартсыз (яғни мұндай өтемақы төленуге жататын сәттің орын алуы тек уақыт өтуімен ғана негізделген) болып табылатын өтемақы сомасын сатып алушы төлеуі тиіс болғанда танылады.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттеме

Шарт бойынша міндеттеме, егер сатып алушыдан төлем Топ тиісті тауарларды бермейінше немесе қызметтерді көрсетпейінше алынса немесе төленуге жататын болса (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай), танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда (яғни тиісті тауарларға немесе қызметтерге бақылауды сатып алушыға бергенде), түсім ретінде мойындалады.

Шартты жасау шығындары

Топ коммуникациялар сегментінде жаңадан қосылған абоненттер үшін агенттерге сатулар бойынша комиссиялық сыйақыны төлейді. Сату жөніндегі агенттерге комиссиялық сыйақы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте басқа да ұзақ мерзімді активтердің құрамында капиталдандырылды. Келісімшартты алу шығындары қызмет тапсырыс берушіге көрсетілген кезең ішінде амортизацияланады.

Тарифтер белгілеу

Топтың бірқатар еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – «ТМРК») тарапынан реттеу объектілері. ТМРК негізінде еншілес ұйымдар өз кірістерінің айтарлықтай бөлігін алатын тарифтерді және тариф мөлшерлемелерін есептеу әдістемелерін бекітуге жауапты.

Мемлекеттік субсидиялар

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылатындығына байланысты Топ Үкімет қандай жағдайларда ең алдымен Акционер ретінде, ал қандай жағдайларда реттеуші ретінде әрекет ететіндігін бағалай отырып, Үкіметпен жасасқан барлық мәмілелерді талдайды. Егер нақты операция кезінде Үкіметтің акционер ретінде әрекет ететіндігі анықталса, Топтың мұндай операцияның нәтижесінде алған кез келген пайдасы немесе шеккен шығыны тікелей капиталда жарна немесе Акционердің капиталын алып қою ретінде мойындалады.

Егер Үкіметтің ерекше операциясы Акционер ретіндегі әрекет ретінде анықталмаса, мұндай операциялар «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» 20 БХЕС ережелеріне сәйкес ескеріледі. Мұндай жағдайларда мемлекеттік субсидиялар субсидиялардың алынатындығы және онымен байланысты барлық қажетті жағдайлардың орындалатындығына ақылға қонымды сенімділік болған кезде олардың әділ құны бойынша мойындалады.

Егер субсидия шығыс бабына қатысты болған жағдайда, ол жүйелі негізде өтеуі тиіс тиісті шығыстармен салыстыру үшін қажетті кезең ішіндегі кіріс ретінде мойындалады. Субсидия активке қатысты болған кезде оның әділ құны болашақ кезеңдердің кірісіне жатқызылады және тиісті активтің пайдалы қызмет етуінің күтілетін кезеңі ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тең бөліктермен жыл сайын көрсетіледі. Кіріске жататын субсидиялар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен түсетін кірістердің құрамында жеке ұсынылған.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болуына қарай мойындалады және олар есептеу әдісінің негізінде, жатқызылған кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кірісте немесе капиталда көрсетілетін баптарға жататын сомаларды қоспағанда, пайда мен шығында көрсетіледі, бұл жағдайда, ол тиісінше өзге жиынтық кірісте немесе капиталда мойындалады. Салық бойынша ағымдағы шығыстар – бұл бір жылғы салық салынатын кіріс бойынша төлеуге күтілетін салық және алдыңғы жылдарға қатысты төленетін салыққа қатысты кез келген түзетулер.

Үстеме пайдаға салынатын салық табыс салығы ретінде қаралады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрайды. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес Топ белгілі бір мәндерден асатын пайданың ішкі нормасы кезінде қолданылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес белгілі бір шегерімдер сомасына түзетуге жататын салық салудан кейін пайда сомасынан көрсетілген мөлшерлеме бойынша үстеме пайдаға салық есептейді және төлейді.

Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығы («КТС») үшін, сол сияқты үстеме пайда салығы үшін есептеледі. Үстеме пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық келісімшарт бойынша төлеуге жататын үстеме пайдаға салықтың күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақытша айырмалар бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық жағдай туралы есепте активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салу мақсаты үшін пайдаланылған сома арасындағы уақыт айырмалары бойынша баланстық әдіспен ескеріледі. Мыналардың нәтижесінде туындаған:

- Компанияларды біріктіру болып табылмайтын мәміледе активті немесе міндеттемені бастапқы мойындау және мәміле жасасу сәтінде де, бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе шығынға да әсер етпейді; және
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын азайту уақытындағы бөлуді бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта азаймайды деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.

Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер қолданылған немесе есепті күні іс жүзінде қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізге алына отырып, актив алынған немесе міндеттеме төленген кезеңге қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив оның есебін актив өткізілуі мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар көлемде ғана мойындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер тиісті салық жеңілдігін іске асыру ықтималдығы бұдан әрі болмайтын көлемде азаяды.

Қосылған құн салығы («ҚҚС»)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өте- луге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Байланысты тараптар

Байланысты тараптар Топтың акционерін, негізгі басқарушы персоналды, қауымдасқан компаниялар мен бір- лескен кәсіпорындарды және дауыс беретін акцияларының елеулі үлесі тікелей немесе жанама түрде Топтың акционерлеріне немесе негізгі басқарушы персоналына тиесілі ұйымдарды қамтиды.

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды. Мұндай міндеттемелер туралы деректер, экономикалық пайданы құрайтын ресурстардың шамадан тыс кету ықтималдығы аз болып табылатын жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде (37-ескертпе) ашылып көрсетіледі.

Шартты түрдегі активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді. Егер мұндай активтерге байланысты экономикалық пайда алудың жеткілікті ықтималдығы болған жағдайда, көрсетілген активтер туралы деректер ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғанда болған және есепті күнгі Топтың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты қамтитын оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

4. Маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар

ҚЕХС-ке сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарын дайындау басшылықтан есептілікте көр- сетілген активтерге, міндеттемелерінің және есепті күнгі шартты түрдегі активтер мен міндеттемелерге ықпал ететін бағалар мен жол берулерді, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерді, міндеттемелерді, кірістерді, шығыстарды және есепті кезеңдегі шартты түрдегі активтер мен міндеттемелерді пайдалануды талап етеді. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көз- дері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін:

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаят- тардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландыратын жағдайларда индикаторлардың болуын ай- қындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты баға- лануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлем- дерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келе- шекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша

құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

36 БЕХС-ке (IAS) сай құнсыздану белгілерінің бірі кезең ішінде болған немесе таяу болашақта Топ қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңгерлік талаптарда немесе соған актив арналған нарықта күтілетін Топ үшін теріс салдары болған елеулі өзгерістердің болуы.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфля- цияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлел- денген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэф- фициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 12,01%-дан бастап 17,09%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қа- былданды, әрі солар бойынша бағалар 2022 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
Brent маркалы мұнай (ICE Brent \$/баррель)	93,94	88,00	85,00	80,05	81,65

Мұнай-газ-химия сегментінде құнсыздану бойынша шығыстар 2022 жылы 18.006 миллион теңгені құрады, олар негізінен 8.895 миллион теңге мөлшерінде «Оңтүстік Өріктай» жобасы бойынша барлау және бағалау ак- тивтеріне, «QazaqGas» ұлттық компаниясы» АҚ еншілес ұйымының, «QazaqGas» Барлау және өндіру» ЖШС ның 6 учаскесі мен 3 кен орны бойынша 5.893 миллион теңге жалпы сомаға және 3.172 миллион теңге мөлшерінде «Исатай» жобасы бойынша барлау және бағалау активтеріне жатады (29-ескертпе).

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өңдейтін активтердің өтелетін құнының баланстық құнынан асуы баға- лардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құнынан асып түсуіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелу тәуекелі бар.

2021 жылы Топ 12.751 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану шығынын таныды. Құнсыздану шығыстары негізінен KMG International N.V. (бұдан әрі – «ҚМГИ») 8.298 миллион теңге мөлшерінде мұнайды қайта өңдеу активтерінің ішінара құнсыздануына (29-ескертпе) және «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚК» ЖШС-ның

4.453 миллион теңге мөлшерінде баржаларының құнсыздануы (29-ескертпе) жатады. Баржалардың өтелетін құны пайдалану құндылығы әдісінің негізінде айқындалды және ҚМГИ активтерінің өтелетін құны құнсызда- нуға тексеру мақсатында есептен шығару шығыстарын шегере отырып әділ құнға сүйене отырып айқындалды.

Мұнай және газ қорлары

Мұнай және газ қорларын бағалау мұнай сегментінің тозуы, ескіруі және амортизациясы бойынша есеп айы- рысуда маңызды фактор. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай және газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлық бағаларды пайдалану жыл соңындағы споттық бағаны пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Барлық мұнай мен газ қорларын бағалаулар кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректерді; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық ақпарат *29-ескертпеде* ашып көрсетілген.

Тау-кен қорлары

Тау-кен қорлары активтердің өтелетін құнын бағалау үшін және тау-кен өндіретін сегменттің тозуы және амортизациясы бойынша аударымдарды анықтау үшін пайдаланылатын ақша қаражатының болжанатын қозғалысын бағалаудың негізгі құрамдауышы.

Топ қорларды әдетте кен орнын нақты барлау нәтижелері бойынша бағалайды, әрі оны Қазақстан Республикасы Геология комитетінің Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы («ҚМК») қарастырып, бекітеді. Әдетте, әрбір тыңайтылған жер бойынша өндіру сатысында олар ҚМК бекіткен геологиялық қорлардан көп немесе аз жағына қарай ерекшеленеді.

Уран қорлары (бағалау)

Уран қорлары активтердің өтелетін құнын бағалау үшін және тозу және амортизация бойынша аударымдарды анықтау үшін пайдаланылатын Қордың ақшалай қаражатының болжанатын қозғалысын бағалаудың негізгі құрамдауышы. Уран қорларын бағалау сондай-ақ кен орындарын пайдалану мерзімін айқындайды, олар өз кезегінде активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің резервін есептеуге әсерін тигізеді.

Жыл сайын Топ геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералды ресурстар мен кен қорлары туралы есепті жасау үшін Австралазиялық кодекске (бұдан әрі – «JORC кодексі») сәйкес Топтың Тау-кен қорлары мен Минералды ресурстарын бағалау үшін тәуелсіз кеңес берушіні тартты. Қорлар мен ресурстарды тәуелсіз бағалау амалдары 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалды. Кеңес беруші Топтың өндіру активтері үшін минералды ресурстар мен тау-кен қорлары туралы есептер негізделген барлық шешуші ақпаратты қарастырды.

Кеңес берушінің есебінде жер асты сілтіден айыру (минералды ресурстар) бойынша қазіргі және жоспарланған жұмыстардың шеңберінде әлеуетті өндірілуі мүмкін уранның көлемдері, сондай-ақ тау жұмыстарын дамытудың тиісті жоспарларында өндіруге жоспарланған (кен қорлары) уран көлемдері туралы пікірді қамтиды. Топ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын және Топтың әрбір кен орны бойынша өндірістік әдіспен амортизацияны есептеу үшін, сондай-ақ активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің резервін есептеу үшін тау-кен қорларының деректерін пайдаланды.

Гудвилл

KMG International N.V. АҚГБ, гудвилді қоса

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің және ҚМГ ҮК еншілес ұйымы KMG International N.V. бөлімшелерінің (бұдан әрі – ҚМГИ) құнсыздануына, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өңдеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқа активтер бойынша тест өткізді. Құнсыздануды талдау нәтижесінде ҚМГИ бөлімшелерінің өтелетін құны олардың баланстық құнынан асты.

«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, гудвилді қоса

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ҚМГ ҮК еншілес ұйымы «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ны (бұдан әрі – «ПМХЗ») сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар.

2022 және 2021 жылдардың желтоқсанында Топ қазіргі уақытта қолданылатын толлинг нобайын пайдалана отырып, ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2022 жылы 12,86% (2021: 12,06%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2021 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӨЗ-дың 2023-2027 жылдарға (2021: 2022-2026 жылдар) бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал. Дисконттау мөлшерлемесінің 1,0%-дан 13,86% ға дейін артуы (2021: 13,06%) және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚТЖ ҮК)

Басшылық гудвилдің өтелімділігін 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жыл сайын немесе бірыңғай АҚГБ құнсыздану индикаторлары пайда болған сайын бағалап отырады.

Гудвилдің құнсыздануын бағалау үшін Топ басшылығы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірыңғай АҚГБ құнсыздану тестін өткізді. Ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Топ ақша ағындарын болжау кезеңін 10 жыл деңгейінде қолданды, өйткені Топ жалпы даму стратегиясын 10 жылдық кезеңге жасайды және жүк айналымы көлемі өсімінің болжамына белгілей отырып, ҚР мен көршілес өңірлердің ІЖӨ өсімінің қарқындылығына сүйене отырып, бұл стратегияның шеңберінде болжамдар жасайды, өйткені мұндай тәуелділік өткен кезеңдерде атап өтілді. 10 жылдық көкжиекке ІЖӨ өсімінің қарқыны бойынша болжамдарды ескере отырып, Топ басшылығы өзінің ақша ағындарын 10 жылдық кезең ішінде сенімді түрде болжай алады деп есептейді. Болжамды кезеңде пайдаланылған магистралды теміржол желісіне қолжеткізу тарифтерінің деңгейі ТМРК 2021-2025 жылдарға бекіткен тарифтерге негізделген, кейінгі кезеңдерде тарифтер инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып түзетілген. Транзит бойынша кірістілік мөлшерлемесі теңгеге қатысты швейцариялық франктің болжамды бағамының негізінде түзетілген. Пост-болжамды кезеңдегі өсімінің ұзақ мерзімді қарқыны 4% болды.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың барынша ықтимал көлемдерін, оның ішінде сұраныстың жоспарланған көлемінің және транзиттік қатынаста жүк тасымалы өсімінің тарихи серпінділігінің негізінде транзит көлемін көрсетеді.

Қаржылық жорамалдарға тарифтердің болжамды деңгейімен және өсуімен, ұсынылатын жеңілдіктермен, сондай-ақ теңгенің швейцария франкісіне қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады, онда транзиттік қатынаста тасымалдаудан түскен түсім көрсетіледі. Топтың пайдалану құндылығының есептелуінде пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі (WACC) 12,61% болды.

Топ басшылығы гудвилдің өтелетін құны оның 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құнынан асады деген тұжырымға келді:

Топ сезімталдылықты талдап, қалған жеке және өзгермейтін параметрлердегі шешуші жорамалдардағы келесі негізделген ықтимал өзгерістері кезінде негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен гудвилдің әділ құны баланстық құнға тең болады деген тұжырымға келді:

- Жүк тасымалының көлемдері – Есепті көлеммен салыстырғанда көлемнің 12,53%-ға төмендеуі;
- Дисконттау мөлшерлемесі (WACC) – Дисконттау мөлшерлемесінің 12,61%-дан 14,58%-ға дейін ұлғаюы.

Дегенмен, жоғарыда аталған шешуші жорамалдардың әрқайсысы едәуір өзгерген кезде немесе бірнеше фактордың бірізгіде негативті ықпалы кезінде, Топтың ұзақ мерзімді активтерінің баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болып қалуы мүмкін, бұл құнсыздандуды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеп соқтыра алады.

«Орталық» ЕК» ЖШС, «Ақбастау» БК» АҚ мен «Қаратау» ЖШС

Гудвилл алдыңғы кезеңдерде бизнестің бірігуіне жатады және мыналарды құрайды: 5.166 миллион теңге «Орталық ЕК» ЖШС-ның «Мыңқұдық» кен орнының «Орталық» учаскесінде жер қойнауын пайдалану операцияларына жатады, 24.808 миллион теңге «Қаратау» ЖШС-ға жатады және 18.520 миллион теңге «Ақбастау» БК» АҚ-ға жатады, олар «Буденовское» кен орны учаскелерінде жер қойнауын пайдалану операцияларын тәуелсіз жүзеге асырады. Гудвилл жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тестіленіп отырады. Осы кәсіпорындардың әрқайсысына қолданылатын гудвилдің баланстық құны оларды өндіруші ақша ағындарының бірліктері арасында бөлінді және өтелетін құны жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданылу мерзімінің бойына болжамды ақша ағындарының негізінде есептелген пайдалану құндылығы ретінде айқындалды. Ақша ағындарының болжамдары барланған қорлардың бекітілген көлемдерінің, өндірудің есепті көлемдерінің және басшылық бекіткен кен орындарын пайдалану мерзімдерінің және 2022 жылы жылдық 18,49% (2021 жыл: жылдық 12,97%) дисконттау мөлшерлемесінің негізінде айқындалған.

Өндіріс көлемдері құзырлы органмен келісілген тәуелсіз кеңес берушінің есебіне сәйкес келеді және өндіруші бірліктердің өндірістік қуаттылықтарына негізделген. Есептеулерде пайдаланылған шешуші жорамалдарға өткізу бағасындағы болжанатын өзгерістер және өндірістік әрі күрделі шығындар жатады. Болжамды ақша ағындарын есептеуде пайдаланылатын өткізу бағалары 2022 жылғы төртінші тоқсанда жарияланған «Ux Consulting LLC» тәуелсіз ресми көзін пайдалана отырып айқындалады. Өндірістік шығындар мен кезеңнің күрделі шығындары 2023-2027 жылдарға бекітілген бюджетке және есептеулерде көзделген 6,16% өсімге негізделген, бұл шамамен инфляцияның ұзақ мерзімді орта болжамына сәйкес келеді. Есептелген өтелетін құн, гудвилді қоса, үш өндіруші бірліктің ұзақ мерзімді активтерінің баланстық құнынан едәуір асады, сондықтан шешуші жорамалдардағы елеулі өзгерістер құнсыздандуға әкеп соқтырмайды.

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.», «Кселл» АҚ және IP TV

2022 жылғы 30 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ (барлық шығарылған және төленген Khan Tengri Holding B.V. акцияларының жалғыз иесі) Khan Tengri Holding B.V. тарату туралы шешім қабылдады. Бөлу туралы актіге сәйкес, «Mobile Telecom-Service» ЖШС-дағы 100% үлесті қоса алғанда, барлық активтерді Қазақтелеком АҚ-ға берді. Тиісінше бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған гудвилл Khan Tengri Holding B.V. сатып алу кезінде «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ның 100% үлесі бөлінді.

Құнсыздандуға тестілеу мақсатында бизнестерді біріктіру нәтижесінде сатып алынған «Коммуникациялар» сегментіне жататын гудвилл ақша қаражатын генерациялайтын үш бірлікке («АҚГБ») «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС, «Кселл» АҚ мен IP TV-ға бөлінді.

Ақша қаражатын генерациялайтын әр бірлікке бөлінген гудвилдің баланстық құны:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС	96.206	96.206
«Кселл» АҚ	53.490	53.490
IP TV	2.706	2.706
	152.402	152.402

Топ 2022 және 2021 жылдардың желтоқсанында жыл сайынғы құнсыздандуу тестін өткізді.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚГБ өтелетін құны есептен шығару шығындарын шегере отырып әділ құнды есептеудің негізінде айқындалды, өйткені ол барынша сенімді нәтиже береді деп есептеледі. Бұл бағалау әдісі бақыланбайтын бастапқы деректерге (дисконтталмаған ақша ағындарына) негізделген, олар әділ құн иерархиясының 3-деңгейін білдіреді.

2022 жылғы дисконттау мөлшерлемесі 16,33% (2021: 21,09%) болды және салықтар шегерілгенге дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Капиталдың орташа алынған құны қарызға алынған қаражатты, сол сияқты меншікті капиталды да ескереді. 2027 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың әлеуетті операциялық және күрделі шығындардың өзгеруіне қатысты ағымдағы бағалауын болжайтын, МТС-тің 2023-2027 жылдарға бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2028 жылдан кейін 1,5% (2021: 1,5%) мөлшеріндегі күтілетін инфляция деңгейін қолдана отырып болжанған.

«Кселл» АҚ

«Кселл» АҚ АҚГБ өтелетін құны есептен шығару шығындарын шегере отырып әділ құнды есептеудің негізінде айқындалды, өйткені ол барынша сенімді нәтиже береді деп есептеледі. Бұл бағалау әдісі бақыланбайтын бастапқы деректерге (дисконтталмаған ақша ағындарына) негізделген, олар әділ құн иерархиясының 3-деңгейін білдіреді. 2022 жылғы дисконттау мөлшерлемесі 16,33% (2021: 19,56%) болды және салықтар шегерілгенге дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Капиталдың орташа алынған құны қарызға алынған қаражатты, сол сияқты меншікті капиталды да ескереді. 2027 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың әлеуетті операциялық және күрделі шығындардың өзгеруіне қатысты ағымдағы бағалауын болжайтын, «Кселл» АҚ-ның 2023-2027 жылдарға бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2028 жылдан кейін 1,5% (2021: 1,5%) мөлшеріндегі күтілетін инфляция деңгейін қолдана отырып болжанған.

«IP TV»

«IP TV» АҚГБ өтелетін құны басшылық бес жылдық мерзімге бекіткен қаржы жоспарларына негізделген болжамды ақша ағындарының негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу арқылы айқындалды.

Ақша ағындары қозғалысының болжамдарына қолданылатын салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі 14,97% (2021 жыл: 16,94%) болды, ал бес жылдық кезеңнен тыс ақша ағындары 1,5% (2021 жыл: 1,5%) өсу қарқынын ескере отырып экстраполяцияланды.

«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кселл» АҚ АҚГБ есептен шығару шығындарын шегере отырып «IP TV» АҚГБ активтерін пайдалану құндылығы мен әділ құнын есептеу кезінде келесі көрсеткіштерге қатысты жаңасалған жорамалдар барынша мағынаға ие болды:

- Болжамды кезең ішіндегі клиенттік база және түсімнің өсу қарқынына тікелей әсер ететін абоненттен орта кіріс;
- Қаржы жоспарына салынатын күрделі салымдар деңгейі;
- Қаржы жоспарына салынатын EBITDA маржасы;
- Болжамды кезеңнен тыс ақша ағындарын экстраполирлеу үшін өсу қарқындары;
- Дисконттау мөлшерлемесі.

Бұл талдаудың нәтижесінде басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл АҚГБ-ның құнсыздандуын анықтамады.

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық – «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС

Басшылық Топқа тиесілі нарық үлесі қаржылық жоспарға сай болжамды кезең ішінде өседі деп үміттеніп отырса да, ағымдағы бизнес жоспардан түсетін кірістердің 16% (2021 жыл: 6,67%) артық өсу қарқының баяулауына әкеп соқтыратын клиенттік база өсімінің баяулауы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚГБ-де 1.066 миллион теңге (2021 жыл: 389 миллион теңге) сомаға құнсыздандуу шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

Күрделі салымдардың деңгейі 94%-дан артық (2021 жыл: 45%) ұлғаюы бұл «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚГБ-де 2.295 миллион теңге (2021 жыл: 3.481 миллион теңге) сомаға құнсыздандуу шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

EBITDA маржасының 16%-дан астамға төмендеуі (2021 жыл: 8%) «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС құнсыздандууынан 2.075 миллион теңге сомасына шығынға әкеп соқтырады (2021 жыл: 2.211 миллион теңге).

Салық салуды есепке алғанға дейін дисконттау мөлшерлемесінің 16,33%-дан 29,72%-ға дейін 82%-ға дейін (2021 жыл: 21,09%-дан 27,63%-ға дейін 31%) өсуі «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС АҚГБ-де 168 миллион теңге (2021 жыл: 35 миллион теңге) сомаға құнсыздандуу шығынына әкеп соқтырады.

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық – «Кселл» АҚ

Басшылық Топқа тиесілі нарық үлесі қаржылық жоспарға сай болжамды кезең ішінде өседі деп үміттеніп отырса да, ағымдағы бизнес жоспардан түсетін кірістердің 14,10% (2021 жыл: 11,87%) артық өсу қарқының баяулауына әкеп соқтыратын клиенттік база өсімінің баяулауы «Кселл» АҚ АҚГБ-де 180 миллион теңге (2021 жыл: 177 миллион теңге) сомаға құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

Күрделі салымдардың деңгейі 93%-дан артық (2021 жыл: 154%) ұлғаюы бұл «Кселл» АҚ АҚГБ-де 337 миллион теңге (2021 жыл: 249 миллион теңге) сомаға құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

ЕБИТДА маржасының 13%-дан артық (2021 жыл: 15%) төмендеуі бұл «Кселл» АҚ АҚГБ-де 4.111 миллион теңге (2021 жыл: 247 миллион теңге) сомаға құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

Салық салуды есепке алғанға дейін дисконттау мөлшерлемесінің 16,33%-дан 30,70%-ға дейін 88%-ға дейін (2021 жыл: 19,56%-дан 27,15%-ға дейін 38,8%) өсуі «Кселл» АҚ АҚГБ-де 1.379 миллион теңге (2021 жыл: 445 миллион теңге) сомаға құнсыздану шығынының әкеп соқтырады.

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдылық – «IP TV»

Басшылық Топқа тиесілі нарық үлесі қаржылық жоспарға сай болжамды кезең ішінде өседі деп үміттеніп отырса да, ағымдағы бизнес жоспардан түсетін кірістердің 8,40% (2021 жыл: 8,08%) артық өсу қарқының баяулауына әкеп соқтыратын клиенттік база өсімінің баяулауы «IP TV» АҚГБ-де 82 миллион теңге (2021 жыл: 59 миллион теңге) сомаға құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

Күрделі салымдардың деңгейі 255%-дан артық (2021 жыл: 240%) ұлғаюы бұл «IP TV» АҚГБ-де 16 миллион теңге (2021 жыл: 3 миллион теңге) сомаға құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

Басшылық технологиялық өзгерістердің жылдамдығы мен сол салада жұмыс істейтін жаңа компаниялардың пайда болу ықтималдылығы өсім қарқындары туралы қабылданған жорамалдарға айтарлықтай әсер ете алатындығын мойындайды. IP TV бөлімшесі үшін өсімнің ұзақ мерзімді қарқынының төмендеуі құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырмайды.

Салық салуды есепке алғанға дейін дисконттау мөлшерлемесінің 14,97%-дан 18,42%-ға дейін 23%-ға дейін (2021 жыл: 16,33%-дан 26,62%-ға дейін 23,56%) өсуі IP TV АҚГБ-де 152 миллион теңге (2021 жыл: 48 миллион теңге) сомаға құнсыздану шығынының пайда болуына әкеп соқтырады.

Энергия өндіруші активтер**Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Әрбір есепті кезең соңына басшылық жеке активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің және гудвилден басқа активтер немесе активтер тобы үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсыздану шығыны бұдан былай жоқ немесе азайды деген белгілердің бар-жоғын бағалайды.

Құнсыздану тестісінің нәтижелері туралы толық ақпарат 29-ескертпеде ашып көрсетілген.

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау – көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату

Топ басшылығы «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АЛЭС»), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЕМАЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі «АЖК») және «Екібастұз МАЭС-1» АҚ (бұдан әрі «ЕМАЭС-2») еншілес компанияларының негізгі құралдарының құнсыздану белгілеріне талдау жүргізді, ол «Активтердің құнсыздануы» 36 ҚЕХС-ке (IAS) сай жүргізілген.

Құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен жорамалдар мыналар:

- Есепті кезеңде еншілес компаниялардың экономикалық тиімділігінде жағымсыз өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 147 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидаларына сәйкес негізгі шығындар ұлғайған кезде тарифтерді

түзету мүмкіндігімен ҚР Энергетика министрінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 226 бұйрығына сәйкес 2022 жылғы 1 шілдеден бастап энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді ұлғайту;

- Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі активтердің өтелетін құнына елеулі әсер етпейді, өйткені қарыздық қаржыландыру мөлшерлемесінің ұлғаюы электр энергиясына шекті тарифтерді, сондай-ақ ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесіне сәйкес шекті тарифтер қолданысының келесі кезеңінде пайда нормасын есептеу кезінде WACC мөлшерлемесінде ұқсас түрде көрініс табады, сондай ақ тарифтің шығыс бөлігіне алдыңғы кезеңдегі сыйақылар бойынша шығыстар енгізіледі;

- Инфляция мөлшерлемелерінің өзгеруі елеулі әсер етпейді, өйткені тарифтің шығынды бөлігіне өткен жылғы нақты инфляцияны ескере отырып шығындар қосылады, сондай-ақ «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI ҚРЗ Заңындағы өзгерістер электр энергиясын беру мерзімі аяқталғанға дейін 5 жылға бекітілген тарифтерді түзету үшін қосымша талаптарды көздейді (ұлттық жобаларды іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, желілерді балансқа не сенімгерлік басқаруға алу, орташа айлық номиналды жалақының өзгеруі);

- Еншілес компаниялар үшін кезең ішінде орын алған немесе жақын болашақта болжамды орын алуы мүмкін қолайсыз салдары бар едәуір өзгерістердің болмауы;

- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективадағы болжамды өсім.

«АЛЭС» бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен жорамалдар:

- «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңына сәйкес стратегиялық тауарлардың түрі мен құны өзгерген кезде тарифтерді түзету мүмкіндігімен 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап жылу энергиясына тарифті ұлғайту;

- Алматы ЖЭС-2 және ЖЭС-3 сияқты АЛЭС екі электр станциясын жаңғырту жоспарлануда. Осы станциялардың консервациялауға немесе бөлшектеуге жататын көмір энергоблоктарының қолданыстағы активтерінің қалдық құны жаңа газ турбиналық/бу-газ энергоблоктарын пайдалануға беру сәтіне дейін нөлге тең болады;

- Кезең ішінде болған немесе жақын арада болуы мүмкін және активтердің өтелетін құнына айтарлықтай әсер етуі мүмкін елеулі өзгерістердің болмауы.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭС-2 жаңғырту

Жоба Қазақстан Республикасы Президентінің Алматы ЖЭО-2-де атмосфераға зиянды заттар шығарындыларын азайту, қазіргі заманғы экологиялық таза технологияларды пайдалану есебінен энергиямен жабдықтау мен жылумен жабдықтаудың сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа бу-газ қондырғысының құрылысын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде іске асырылуда.

Жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысымен бекітілген «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасына енгізілген.

ЖЭО-2-ні газға ауыстыру жобасын қаржыландыру үшін инвестициялық келісім жасасу және қуаттылыққа жеке тариф алу 2023 жылдың соңына дейін күтіледі. ЖЭС-2 жаңғырту жобасы газбен жұмыс істейтін жаңа станция пайдалануға берілгеннен кейін ЖЭС-2 қолданыстағы қуаттылықтарын консервациялауды көздейді. Топ басшылығы ЖЭС-2-ні газға ауыстыру жобасын 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтауды жоспарлап отыр. Топ 2021 жылы бу-газ қондырғысы пайдалануға берілгеннен кейін консервациялауға немесе бөлшектеуге жататын көмір энергия блоктарын қоса алғанда, ЖЭО-2 негізгі активтерінің 20,737 миллион теңге мөлшерінде құнсыздануға арналған резервті таныды (29-ескертпе). Тиісінше, осы активтердің қалдық құны жаңа бу-газ энергоблоктары пайдалануға берілген кезде нөлге тең болады.

Алматы ЖЭО-3 жаңғырту

АлЭС «Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту (қуаты кемінде 450 МВт ПМУ құрылысымен)» (бұдан әрі – «Жоба») техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі. Жобаны іске асыру мерзімдері: 2022-2025 жылдар. Жоба мақсаты: Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту Қазақстанның оңтүстік аймағындағы маневрлік қуаттардың тапшылығын ішінара жабу үшін қолданыстағы шаң-көмір жабдығын қазіргі экологиялық таза бу-газды энергия блоктарына ауыстыруды, маневрлік жұмыс режимі бар жаңа ЖЭО-ның қолданыстағы алаңында үлкен қуатты салуды көздейді.

2022 жылғы 10 қазанда АлЭС жобаның ТЭН-ге ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алды. 2022 жылғы 14 желтоқсанда АлЭС аукциондық сауда-саттыққа қатысып, соның нәтижелері бойынша АлЭС сауда-саттықтың жеңімпазы деп жарияланды (9,788,700 теңге/МВт*ай ҚҚС-сыз). Жарияланған қуаты – 480 МВт.

2023 жылғы 27 қаңтарда АлЭС «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-ға генерациялаудың маневрлік режимімен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы қол қойылған шартты жіберді.

Алматы ЖЭО-3-ті қайта жаңарту жобасы қолданыстағы жабдықты ауыстыруды көздейді, оның парк ресурсы жаңа станция іске қосылған кезде пысықталатын болады және тиісінше, сондай-ақ қазіргі заманғы экологиялық таза бу-газ энергоблоктарына толық амортизацияланатын болады, осылайша Топ басшылығы таяу болашақта күтетін Топ үшін теріс салдары бар елеулі өзгерістер айқындалмайды.

«АЖК» бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен жорамалдар:

- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметтің негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері бойынша жоспарды асыра орындау;
- Алматы қ. мен Алматы облысында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективадағы болжамды өсімі;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша 2022 жылғы 18 тамыздағы ТМРКД бірлескен бұйрығына сәйкес 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап электр энергиясын беру тарифін ұлғайту;
- Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Заңымен «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңына электр энергиясын беру мерзімі аяқталғанға дейін 5 жылға бекітілген тарифтерді түзетуге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді.

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау нәтижелері – көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілеріне жасалған талдаудың нәтижесінде Топ басшылығы талдау жасау күніне құнсыздану белгілері жоқ деген тұжырымға келді. Тиісінше Топ басшылығы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест өткізбеу шешімін қабылдады.

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау – жасыл энергетиканы өндіру

«Самұрық-Энерго» АҚ, Qazaq Green Power PLC жаңа еншілес ұйымын тіркеуге байланысты жасыл энергетика активтерін қайта құрылымдауға және кейіннен «Мойнақ СЭС» АҚ акцияларының толық пакетін және «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, «Samruk-Green Energy» ЖШС қатысу үлестерін беруге байланысты. Топ әділ құнға бағалау жүргізді, нәтижесінде «Samruk-Green Energy» ЖШС бойынша активтердің баланстық құны 2022 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құннан асып түсетіні анықталды. «Мойнақ СЭС» АҚ және «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС бойынша активтердің әділ құны баланстық құннан едәуір жоғары болды. Жасыл энергетика активтерінің қалған топтары бойынша құнсыздану белгілерін талдау барысында Топ «Энергия Семиречья» ЖШС және «Eneumentau Wind power» ЖШС бойынша құнсыздану индикаторларын анықтады және «Активтердің құнсыздануы» 36 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануына тест жүргізді.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің өтелетін құнын болжамдалған болашақтағы түсімдерді және активтерді пайдаланудан түскен ақша қаражаты ағындарын, дисконт мөлшерлемесін және өзге де көрсеткіштерді бағалауға сүйене отырып айқындалды.

Басшылық негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді ақша ағындарын әкелетін бірегей бірлікке жатқызады, өйткені бұл басқа активтер әкелетін ақша ағындарына қарамастан едәуір дәрежеде ақша қара-

жатының ағынын жасайтын активтердің мейлінше сәйкестендірілетін тобы және әрбір еншілес компания активтер құнының өтелуіне бақылау жасайтын барынша төмен деңгей. Басшылық негізгі құралдардың өтелетін сомасын Топ оларды пайдаланудан алуға үміттеніп отырған бағаланып дисконтталған келешек ақша ағындының сомасы ретінде айқындалған пайдалану құндылығының негізінде бағалады.

«Samruk-Green Energy» ЖШС

«Samruk-Green Energy» ЖШС моделі бойынша ақша ағындары активтердің қалдық пайдалы қызмет ету мерзіміне сүйене отырып, 2051 жылға дейін есептелген. Басшылық пайдалану құндылығын айқындау кезінде қаржылық модельде пайдаланған негізгі жорамалдар мыналар болып табылды:

Электр энергиясын сатудың болжамды көлемі мен тарифтері:

«Samruk-Green Energy» ЖШС электр энергиясының босату бағасы 2014 жылғы 27 наурыздағы Тіркелген тарифтер мен шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларына сәйкес жыл сайынғы индекстеуді ескере отырып, «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының

2009 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес тіркелген тариф деңгейінде айқындалды.

Сатудың болжамды көлемі алдыңғы жылдар үшін ақпараттың және басшылықтың 2023-2027 жылдарға Топтың Даму жоспарына сәйкес үміттерінің негізінде жасалды.

	2023	2024	2025	2026	2027
Сату көлемі, млн кВт*сағ.	19.930	19.887	19.858	19.829	19.800

2028-2051 жылдарға арналған сату көлемі Топтың 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарының көлемі деңгейінде айқындалды.

Ақша ағындары жылдық 17,33% мөлшерінде салық салынғаннан кейінгі пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталды, ол «Samruk-Green Energy» ЖШС капиталының орташа алынған құнының негізінде айқындалды. Жүргізілген тест нәтижесінде, Топ 2.721 мың теңге сомасында активтердің құнсыздануынан болған шығынды таныды.

«Энергия Семиречья» ЖШС

Өткізілген тест нәтижесінде қауымдасқан компания «Энергия Семиречья» ЖШС-ға инвестициялар толығымен құнсызданған, өйткені инвестицияларды пайдалану құны нөлге тең болды. Топ 1.529 миллион теңге сомасында инвестициялардың құнсыздануынан болған зиянды таныды.

«Ereumentau Wind Power» ЖШС

«Ereumentau Wind Power» ЖШС моделі бойынша ақша ағындары 2024 жылғы екінші жартыжылдықта пайдалануға беруді жоспарлап отырған активтердің пайдалы қызмет ету мерзіміне сүйене отырып, 2044 жылға дейін есептелген.

Басшылық пайдалану құндылығын айқындау кезінде қаржылық модельде пайдаланған негізгі жорамалдар мыналар болып табылды:

Электр энергиясын сатудың болжамды көлемі мен тарифтері:

Электр энергиясының бағасы болжамды инфляцияға жыл сайынғы индекстеуді ескере отырып, бірқатар әлеуетті тұтынушылардан Топтың ұқсас компаниялары алған коммерциялық ұсыныстардың орташа мәні ретінде анықталды.

Іске қосу мерзімі басшылықтың күтулеріне негізделген, жел қондырғыларының электр энергиясын өндіру көлемі мен кезеңі жобаның техникалық құжаттамасына (жобалау-сметалық құжаттама, мердігермен шарт және т.б.) негізделген.

	2024	2025	2026	2027	2044
Электр қуатын өткізу көлемі, мың Втс	88.688	212.850	212.850	212.850	124.163
Тарифтер теңге/кВт*сағ.	19,07	20,19	21,27	22,28	38,83

2028-2044 жылдарға арналған сату көлемі Топтың 2023-2027 жылдарға арналған Даму жоспарының көлемі деңгейінде айқындалды.

Ақша ағындары жылдық 16,97% мөлшерінде салық салынғаннан кейінгі пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталды, ол «Ereumentau Wind Power» ЖШС капиталының орташа алынған құнының негізінде айқындалды. Жүргізілген тест нәтижесінде, Топ 6.220 миллион теңге сомасында активтердің құнсыздануынан болған шығынды таныды.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық – жасыл энергетиканы өндіру

Миллион теңгемен	Маңызды жорамалдарды (азайту)арттыру	Өтелетін құнды (азайту)/арттыру
Тарифтер	-10%	(2.317)
	+10%	2.336
Электр энергиясын өткізу көлемі	-10%	(2.791)
	+10%	2.791
Дисконттау мөлшерлемесі	-1%	1.394
	+1%	(1.255)

«Алайғыр» БК» ЖШС

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ еншілес ұйымының, «Алайғыр» БК» ЖШС таза активтерін пайдалану құндылығына бағалау жүргізді. Бағалауды жүргізу кезінде келесі негізгі жорамалдар пайдаланылды:

- 11,84% мөлшеріндегі дисконттау мөлшерлемесі (меншікті капиталдың құны);
- Фабриканы іске қосу және 900 мың тонна жобалық қуаттылыққа шығу 2024 жылы жоспарланып отыр;
- Жобаны іске асыру кезеңі 2038 жылға дейін;
- Қорғасын-күміс кенінің болжамды бағасы тоннасына 2.240 АҚШ долларын құрайды және болжамды кезеңде индекстеледі.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ 13.296 миллион теңге сомаға «Алайғыр» БК» ЖШС-ның негізгі құралдарының құнсыздануынан болған шығынды таныды (29-ескертпе).

Полимер-Продакшн активтері

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Полимер-Продакшн активтерінің өтелетін құнын бағалады және құнсыздану белгілері анықталды. Құнсызданудың негізгі индикаторы ағымдағы кезеңнің және негізгі құралдарға қатысты болашақ кезеңдерге арналған бюджеттің жиынтық деректері операциялық шығындарды немесе ақша қаражаттарының таза ағындарын көрсетеді. Құнсыздануға жасалған тест нәтижесінде Топ 7.096 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану бойынша шығыстарды таныды (29-ескертпе).

Газ турбиналы электр станциясының және су дайындау активтері («Karabatan Utility Solutions» ЖШС)

Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанға негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының болуына талдау жүргізді. Тарату желілері бойынша су беру және сарқынды суларды бұру және тазарту жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифі мен тарифтік сметасын болжамнан төмен бекіту негізгі құралдардың құнсыздануының негізгі индикаторы болып айқындалды. Тиісінше Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанда негізгі құралдардың құнсыздануына тест жүргізді. Топ басшылығы жүргізген айналымнан тыс активтердің өтелетін құнын бағалау нәтижесінде құнсыздану 14.077 миллион теңге мөлшерінде танылды, оның 9.877 миллион теңге мөлшеріндегі бір бөлігі жиынтық шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді, ал 4.201 миллион теңге мөлшеріндегі қалдығы капитал құрамында Акционермен жасалатын өзге де операциялар ретінде көрсетілді, өйткені активтердің бір бөлігі құнсыздану объектісі болып табылатын Жалпы зауыттық инфрақұрылым активтеріне (бұдан әрі – «ЖЗИ») жатады (29-ескертпе). 2022 жылғы 31 желтоқсанда негізгі құралдардың, аяқталмаған құрылыстың, ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстардың баланстық құны 110.280 миллион теңгені құрады және осы активтердің өтелетін құны 96.203 миллион теңгені құрады.

«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС еншілес ұйымы, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС (бұдан әрі – «KUS») дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдалана отырып, өтелетін құнын есептейді. 13,46% дисконттау мөлшерлемесі Топ капиталының салық салынғаннан кейінгі орташа алынған құнынан кейін алынды. Топ

2023-2027 жылдарға бекіткен бизнес-жоспар ақпараттың негізгі дерек көзі, өйткені ол өндіріс көлемдері, сату көлемдері, кірістер, шығыстар және күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды.

Электр энергиясы мен суды өткізу бағасы мен инфляция қарқыны сияқты түрлі жорамалдар қолданыстағы бағаларды, шетелдік валюталардың айырбастау бағамдарын және басқа да макроэкономикалық факторларды, тарихи үрдістерді және құбылуларды ескереді. Болжамды ақша ағындары негізгі құралдардың қызмет ету мерзімінің 2051 жылы аяқталу күнімен шектелген. 2027 жылға дейінгі шығындар бюджеттің және KUS-тың бизнес жоспарының, сондай-ақ KUS басшылығының операциялық және күрделі шығындардағы ықтимал өзгерістер туралы ағымдағы бағалауының негізінде болжанған.

Ақша ағындарының ауқымды бөлігі осы кезеңнен кейін басшылықтың бағалауды жүргізу кезінде қолында болған ең үздік деген бағалауына негізделген күрделі шығындарды қоспағанда, болжанатын инфляция мөлшерлемесін қолдану жолымен болжанды.

Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған тесттің елеулі жорамалдарға сезімталдығы

Өтелетін құнды бағалау үшін қажетті негізгі болжамдар инфляция мөлшерлемесі, дисконттау мөлшерлемесі мен тарату желілері бойынша және ағынды суларды бұру әрі тазарту бойынша реттелетін су беру қызметтерінің тарифі мен тарифтік сметасы. Басты жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық бағаланған. Дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғаюы 7.064 миллион теңгеге құнсызданудан болатын қосымша шығынға әкеп соқтырады.

Тарату желілері бойынша су беру және сарқынды суларды бұру және тазарту жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтің 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 2.241 теңгеге және 1 м³ үшін ҚҚС-сыз 2.254 теңгеге 10%-ға төмендеуі, тиісінше, құнсызданудан шығынның 8.851 миллион теңгеге ұлғаюына әкеп соғады.

Уран өнімін өндірумен байланысты активтер

Уран өнімінің өндірісімен байланысты активтерге негізгі құралдар, өндіріске дайындық бойынша шығындар, жер қойнауын пайдалану құқықтары, барлау және бағалау активтері, қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар, бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар және басқа да инвестициялар жатады.

Құнсыздануды бағалау үшін активтер ең төменгі деңгейлерге топтастырылады, солар бойынша басқа активтерден немесе активтер топтарынан (тудыратын бірліктерден) ақша ағындары ағынынан едәуір дәрежеде тәуелсіз болатын жеке сәйкестендірілетін ақша ағындары бар. Топ әрбір кен орнын (келісімшарттық аумақты) бөлек тудыратын бірлік ретінде айқындады. Егер бірнеше кен орны бір қайта өңдеуші зауытпен технологиялық тұрғыдан байланысты болса, Топ мұндай кен орындарды бірегей тудыратын бірлік ретінде қарастырады.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Топ Басшылығы талдау жасап, уран өнімін өндірумен байланысты активтердің (бірліктерді тудыратын) құнсыздану белгілерін анықтамады.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Мұнай-газ активтерінің шығуы бойынша міндеттемелер

Белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды қайта монтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды қайта монтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелі пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1 ҚЕХСТК-ның түсіндірмесіне сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2022 жылғы 31 желтоқсанда 2,09%-дан 15,05%-ға дейін және тиісінше 6,42%-дан 12,38%-ға дейінгі аралықта болды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 2,23%-дан 8,10%-ға дейін және 3,80%-дан 10,25%-ға дейін). 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 88.163 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 174.913 миллион теңге).

Магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральдық құбыр туралы» ҚР Заңына және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Топтың пайдалануды аяқтағаннан кейін магистральдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген қайта монтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды, компрессорлық станцияларды жою және топырақтың құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 105.430 миллион теңге құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 126.685 миллион теңге) (21-ескертпе).

Өндірістік уран активтері

Табиғатты қорғау заңнамасына және жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына сәйкес Топтың өз операциялық қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген шығынды жою және кен орындары мен қалдықтарды орналастыру полигондарын жою, құрал-жабдықтарды бөлшектеу және жұмыстар аяқталғаннан кейін жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемесі бар. Резервтер бұрынғы операциялық қызметтің салдарынан міндеттемелердің пайда болуына қарай жою және қалпына келтіру бойынша шығындардың дисконтталған құнының негізінде қалыптасады.

Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резервтері Топтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын және келісімшарттық аумақтарда жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша байланысты бағдарламалардың және жер құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарын қалпына келтірудің әрі жасаудың ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен тиянақталған басқа да операциялық қызметті түсіндірудің негізінде айқындалады.

Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелер резервтері табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманың интерпретацияларында ықтимал өзгерістерге ұшырағыш. Міндеттемелер мұндай міндеттемелердің пайда болуына сенімділік, сондай-ақ оларды сенімді бағалау мүмкіндігі болған кезде танылады. Заңнамамен көзделген және активтерді жою әрі қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің есебіне қосылған

жұмыстардың көлеміне объектілер мен инфрақұрылымды бөлшектеу (тартып шығару, айдау және қадағалау ұңғымаларын, қышқылданудың технологиялық тораптары және ерітінділерді, құбырларды, келу жолдарын, технологиялық алаңдарды, полигондарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді бөлу) және жерлерді кейіннен қалпына келтіру жатады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервті есептеуді Топтың ішкі мамандары орындады және тәуелсіз кеңес беруші тексерді.

Мұндай бағалауды жүргізу кезіндегі негізгі жорамалдарға дисконт мөлшерлемесін және келешек ақша ағындарының сомалары мен мерзімдерін бағалау кіреді. Дисконт мөлшерлемесі басшылық кен орындарын келешекте жоюға және қалпына келтіруге шегуге болжайтын жұмыстардың номиналды құнына қолданылады.

Басшылық ағымдағы бағалар бойынша жасаған есепті бағалаулар 2022 жылы 5,99% (2021 жыл: 5,12%) инфляцияның болжамды ұзақ мерзімді деңгейін пайдалана отырып ұлғайтылған және кейіннен дисконт мөлшерлемесінің негізінде дисконтталған. Дисконттау мөлшерлемесі Топтың жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының орташа мерзіміне сәйкес өтеу мерзімі бар мемлекеттік облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлемелер ретінде айқындалатын тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделген. Топ компаниялары 2022 жылғы 31 желтоқсанға резервті есептеу үшін қолданған дисконт мөлшерлемесі 11,55% (2021 жыл: 9,85%) болды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кен орындарын қалпына келтіру бойынша міндеттеме резерві 38.116 миллион теңгені құрады (2021 жыл: 31.431 миллион теңге). Ұлғаю негізінен ағымдағы экономикалық жағдайды көрсететін жою жөніндегі жұмыстардың бағаларын өзектендіруге, сондай-ақ Топтың уран кәсіпорындарында есептеудің бірыңғай әдіснамасын енгізудің ықпалына байланысты негізделген, бұл төмен радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуді, технологиялық блоктар мен құрылыс қоқыстарын кәдеге жаратуды қоса алғанда, қажетті жою жұмыстарын қайта бағалауға әкеп соқтырды.

Үлбі металлургиялық зауытты пайдаланудан шығару және бөлшектеу

Бұған дейін Топ тек радиоактивті қалдықтарды көму, полигонды және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының еншілес ұйымы, «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ активтерін қалпына келтіру жөніндегі міндеттемені мойындаған болатын. 2021 жылы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (Кодекс) күшіне енді. Кодексте қоршаған ортаға теріс әсер етеді деп есептелетін объектілердің операторлары мұндай объектілерді заңнаманың талаптарына сәйкес пайдаланудан шығаруға міндетті екендігі белгіленген. Жою шаралары объектілердің сипатына және олардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне байланысты болады.

Топ алғаш рет 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісті заңнаманың ағымдағы түсіндірмесі мен жүргізілген техникалық талдау негізінде 7.624 миллион теңге мөлшерінде резервті таныды. Танылған міндеттеме өндірістік объектілердің (технологиялық алаңдардың, полигондардың, ғимараттардың және басқа да объектілердің) аумағында орналасқан объектілер мен инфрақұрылымды бөлшектеуді, радиоактивті қалдықтарды көмуді және кейіннен жер құнарлығын қалпына келтіруді қамтиды.

Бағалауда қолданылған негізгі жорамалдарға мыналар жатады:

- Ағымдағы бағалар күтілетін ұзақ мерзімді инфляция деңгейін пайдалана отырып ұлғайтылды (жою мерзімі 2027 жылға дейінгі активтер үшін 7,7%, жою мерзімі 2042 жылға дейінгі активтер үшін 4,6%, жою мерзімі 2044 жылдан кейінгі активтер үшін 3,93%) және кейіннен дисконтталды;
- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы резервті есептеу үшін дисконттау мөлшерлемесі жою мерзімі 2027 жылға дейінгі активтер үшін 14,4%, жою мерзімі 2042 жылға дейінгі активтер үшін 11,3%, жою мерзімі 2044 жылдан кейінгі активтер үшін 10% құрайды;
- Дисконттау кезеңі ғимараттар мен құрылыстарды пайдаланудың қалған мерзіміне тең, кемінде 50 жыл. Барлық ғимараттар мен құрылысжайлар күрделі және пайдалану шығыстарына қойылатын қажетті талаптарды анықтау үшін жыл сайынғы техникалық тексеруден өтеді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-ның жалпы резерві 9.243 миллион теңгені (2021 жыл: 1.339 миллион теңге) құрады.

Топ жүргізген қолданыстағы заңнаманы талдау негізінде басшылық Үлбі металлургиялық зауытының кейбір активтері 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді шығару жөніндегі міндеттемелерден шығарылуы тиіс деген қорытындыға келді, өйткені активтердің осы түрлері үшін есептеудің негізделген әдісі жоқ және/немесе мұндай міндеттемелердің әлеуетті сомасы елеулі болып табылмайды. Бұл пайымдау мыналарға негізделген:

- Мұндай активтер қоршаған ортаға айтарлықтай теріс әсер етпейді және экологиялық заңнама бұл активтердің қаржылық қамтамасыз етуін талап етпейді,

- Бұл объектілердегі өндірістік процестер қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін бөлшектеу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді талап ететін салдарға әкеп соқтырмайды.

Экологиялық кодекстің талаптары жаңа болып табылатынын және осы талаптарды қолдану тәжірибесінің жоқ екенін, сондай-ақ заңнамада түсініксіздіктер бар екенін ескере отырып, Басшылық міндеттемелер мен олардың мөлшерін бағалау бөлігінде елеулі пайымдаулар қолданды. Табиғатты қорғау заңнамасында өзгерістер болған жағдайда, оны түсіндіру және қолдану практикасы, сондай-ақ Топтың пайымдаулары мен бағалаулары болашақта мұндай міндеттемелерді қайта қарауы мүмкін.

Энергия өндіруші активтердің шығыуы бойынша міндеттемелер

Топ басшылығы Топтың өндірістік активтерінің аумағын пайдаланудан шығару, бөлшектеу және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелердің болуы мен оларды тану қажеттілігіне қатысты талдау жүргізді.

Атап айтқанда, Топ басшылығы қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін объектілердің операторлары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз етуге міндетті екендігі туралы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарын талдады. Экологиялық кодекстің ережелеріне сәйкес жою жөніндегі іс-шаралар объектілердің сипатына және олардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне байланысты, атап айтқанда, кодексте объектілерді қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін көрсететін санаттар бойынша жіктеу реттеледі.

Топ талаптарға талдау жүргізді, мемлекеттік органдардан тиісті түсініктемелер алды, бағалау тәсілі мен әдісін айқындады және Топтың түсіндірмесі негізінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ Топтың есеп саясатына сәйкес «Алматы электр станциялары» АҚ ЕМАЭС-1 еншілес кәсіпорындарының міндеттемелері бойынша резервтерді таныды, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС және «Samruk Green Energy» ЖШС және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы объектілерді пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету жөніндегі ЕМАЭС-2.

Резервтер жоюдың (бөлшектеудің), топырақ құнарлығын қалпы келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне, технологиялар мен бағалар деңгейіне сәйкес техникалық-экономикалық негіздемемен және (немесе) инженерлік зерттеулермен нығайтылған Қазақстан Республикасының экология саласындағы қолданыстағы заңнамасы тобының түсіндірмесі негізінде айқындалған.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы объектілерді пайдалану салдарын жоюға арналған міндеттеменің сомасын айқындау кезінде Топ мынадай пайымдауларды қолданды:

- 2022 жылғы 31 желтоқсанға объектілерді пайдалану салдарын түзету бойынша міндеттемелердің есептелуін Топ тәуелсіз немесе ішкі мамандар жасаған бағалау нәтижелерінің негізінде орындады. Заңнамада көзделген және есепке енгізілген жұмыс көлемі электр және жылу энергиясын өндіруге тікелей қатысатын негізгі жабдықтар мен механизмдерді (бу қазандықтары, турбиналар, генераторлар, отын беру және т.б.), жану өнімдерін бұруға арналған инженерлік жүйелер мен құрылыстарды, сондай-ақ мазут шаруашылығы мен қоршаған ортаға және адамдардың өмірі мен (немесе) денсаулығының қауіпсіздігіне теріс әсер ететін химиялық реагенттер қоймасының жабдықтарын бөлшектеу мен кәдеге жаратуды қамтыды;
- Топ бойынша операторлар объектілерінің құрамында активтер (әкімшілік ғимараттар және өзге де құрылысжайлар) болады, олар кейіннен ықтималдығы жоғары дәрежеде қайта бейінделуі мүмкін, сондай-ақ оларды пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді танудың қажеттілігі жоқ қоршаған ортаға ең аз теріс әсер етеді;
- I санаттағы объектілерге жататын жылу электр станциялары бойынша резервтердің мөлшері электр және жылу энергиясын өндіруге тікелей қатысатын негізгі жабдықтар мен механизмдерді (бу қазандықтары, турбиналар, генераторлар, отын беру және т.б.), жану өнімдерін бұруға арналған инженерлік жүйелер мен құрылысжайларды, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ететін мазут шаруашылығы жабдықтары мен химиялық реагенттер қоймасын жою кезінде объектілер көтеретін күтілетін шығыстар негізге алына отырып айқындалады;
- Топ басшылығы қоршаған ортаға теріс әсер ететін ЕМАЭС-1 және ЕМАЭС-2 I санаттағы объектілерді жою мерзімдері активтердің қызмет ету мерзімдеріне сүйене отырып, 2055 және 2053 жылдары басталады деген пайымдауды қолданды. Бұл қызмет ету мерзімдері негізгі және қосалқы жабдықтар мен негізгі жабдықтардың инженерлік құрылысжайларының парк ресурсы қолданыстағы күл үйінділерін толтыру аяқталған сәтке дейін күрделі жөндеу немесе реконструкциялау арқылы сақталатындығымен және ұзартылатындығымен негізделген. Күл үйінділерін жабу мерзімдері ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 10 шілдедегі № 591 қаулысымен

бекітілген «Қалдықтарды орналастыру полигондарының тарату қорларын қалыптастыру қағидаларына» сәйкес күл үйінділерін жабудың бекітілген жұмыс жобаларына сәйкес қолданылды. Көмір қорлары осы станциялардың жұмысын жалғастыру үшін жеткілікті. Бұл мерзімдер Қазақстан Республикасында электр энергиясының болжамды тапшылығы жағдайында елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады;

- «Алматы электр станциялары» АҚ бойынша ЖЭО-2 және ЖЭО-3 объектілерін жою мерзімдері «Алматы ЖЭО-2 Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» және «Алматы ЖЭО-3 қайта жаңарту» жобаларын іске асыру, енгізу мерзімдерін және техникалық параметрлерін ескере отырып қолданылды;
- Топтың гидроэлектростанциялары II санаттағы объектілерге жатады. Шардара гидроэлектростанциясы, Сырдария өзеніндегі Шардара гидроторабының гидротехникалық кешенінің ажырамас элементі болып табылатын, су тасқыны мен суаруға қарсы күрес бойынша тікелей мақсаты бар стратегиялық кешенді құрылыс ретінде, қызметтің ерекшелігіне байланысты платиналарды/бөгеттерді және іргелес гидроқұрылыстарды жоймайды; сонымен бірге станция басшылығының пікірінше, Компанияның жою жұмыстары гидроагрегаттардың және кейбір жерүсті шаруашылық құрылысжайларының жабдықтарын бөлшектеу жұмыстарымен шектелуі мүмкін және оларды жабуға арналған резерв есепті күнге елеулі болып табылмайды;
- Мойнақ гидроэлектростанциясы бойынша, заңнамаға сәйкес, Топ басшылығы негізгі гидротехникалық құрылысжайлардың I және II класты құрылысжайлары ретінде қызмет ету мерзімі уақтылы жүргізілген күрделі жөндеу жағдайында 60 жылды құрайды деген пайымдауды қолданды. «Қауіпті өндірістік объектілердегі техникалық құрылғыларды, жабдықтар мен құрылысжайларды қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту тәртібі туралы әдістемелік ұсынымдар» нормаларына сәйкес гидроэлектростанцияның, туынды туннельдің және бөгеттің негізгі ғимаратын пайдалану мерзімдері өткеннен кейін бұл құрылысжайларды Шарын өзеніндегі су тасқыны кезеңінде гидрологиялық бекет және селді ұстаушы ретінде одан әрі пайдалану көзделеді. Сонымен қатар станция басшылығының пікірінше, Компанияның жою жұмыстары гидроагрегаттар мен кейбір жерүсті шаруашылық құрылысжайларының жабдықтарын бөлшектеу жұмыстарымен шектелуі мүмкін және оларды жабуға арналған резерв есепті күнге елеулі болып табылмайды;
- III және IV санаттағы АЖК объектілері. АЖК өндірістік объектілері қоршаған ортаға елеусіз ең аз теріс әсер ететіндіктен, Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қызметтің салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді есептемеді, өйткені қазіргі уақытта активтердің осы түрлері үшін есептеудің негізделген әдісі жоқ және Топ мемлекеттік органдардан қоршаған ортаға салдарларды жою жөніндегі міндеттемелердің жоқтығы туралы растау алды;
- Жел және күн электр станциялары генерациялайтын және технологиялық жабдықтарды бөлшектеу және жою жөніндегі резервтерді таниды, бұл ретте жою мерзімдері жабдықтар мен құрылысжайлардың техникалық паспорттарымен айқындалады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, пайдаланудан болған салдарларды жою жөніндегі объектілердің болжамды болашақ шығыстары ағымдағы бағалар бойынша айқындалды, Қазақстан Республикасы бойынша болжамды ұзақ мерзімді инфляция деңгейін пайдалана отырып ұлғайтылды және дисконтталды.

Мұндай бағалауды жүргізу кезіндегі негізгі жорамалдарға дисконт мөлшерлемесін және келешек ақша ағындарының сомалары мен мерзімдерін бағалау кіреді. Дисконт мөлшерлемесі өтеу мерзімдері объектілерді жою мерзімдерімен сай келетін мемлекеттік облигациялардың кірістілігі ретінде айқындалған тәуекелсіз мөлшерлемеге негізделеді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша энергия өндіруші активтердің шығыуы бойынша міндеттемелер резервінің сомасы 23.365 миллион теңге болды.

Қоршаған ортаға келтірген зияны үшін міндеттемелер бойынша резервтер

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдан дырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2023 жылғы жылдық бюджетті қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер *21-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Салықтар бойынша резервтер

2020 жылғы мамырда Топ ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетімен жылдық 11,5% купондық мөлшерлемесі бойынша 2019 жылы шығарылған және көлемі 780.000 мың АҚШ доллары болатын 2017 жылы шыққан Еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланылған облигациялар бойынша 307.194 миллион теңге сомаға купондық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялауға арналған шартты жасады, олар өз кезегінде инфрақұрылымды жаңғырту, локомотивтер мен жүк вагондарының паркін жаңарту үшін тартылды және пайдаланылды. Шартта субсидиялау сомасы «Магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» республикалық бюджеттік бағдарлама (бұдан әрі – «Бағдарлама») бойынша көзделуі тиіс екен деген талап көзделген. Бағдарлама Теміржол көлігі туралы заңға сәйкес «тасымалдаушы» мәртебесіне ие барлық көлік компаниялары үшін қолжетімді болғандықтан Топ басылымы көрсетілген Бағдарлама бойынша қаржыландыруды қаржылық кірістер құрамындағы мемлекеттік субсидия ретінде ескереді.

2022 жылдың ішінде Топ 29.183 миллион теңге мөлшерінде Бағдарламада көзделген мемлекеттік субсидиялаудан түскен кірістерді қаржылық кірістер құрамында мойындады (31-ескертпе).

Ковенанттар

Қарыз шарттарының талаптары бойынша Топтың тиісті еншілес ұйымдары белгілі бір ковенанттарды сақтауға міндетті. Топ әрбір есепті күнге Топтың барлық қарыз шарттары бойынша ковенанттардың сақталуын тексереді.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ-нан алынған қарыз

2022 жылғы наурызда Топ «Алайғыр» БК» ЖШС еншілес ұйымы атынан Қазақстан Халық банкі АҚ-мен 56.000 мың АҚШ доллары жалпы сомаға қарыз шартын жасасты. Кредит шартының талаптарына сәйкес 2022 жылы «Алайғыр» БК» ЖШС 560 мың АҚШ доллары (баламасы 277 миллион теңге) сомасында қарыз бергені үшін комиссия төледі. Бұл комиссия тиімді пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігі және кредит шартының мерзімі ішінде амортизацияға жатады. Кредит желісі бойынша пайыздар мен негізгі борышты өтеу ай сайын жүргізіледі, бұл ретте негізгі борыштың өтелуі 2024 жылдан басталады.

«Алайғыр» БК» ЖШС-да кредит шартының талаптарына сәйкес белгілі бір қаржылық және қаржылық емес ковенанттар бар. Ковенанттардың талаптарына сәйкес басқа талаптармен қатар кредитордың қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы бар. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қарыз бен меншікті қаражаттың арақатынасын сақтау туралы ковенантты сақтамады және ұзақ мерзімді қарыздарды қысқа мерзімді қарыздарға қайта жіктеді. Топ кредиторды бұзушылық туралы хабардар етті және осы есептілік күні қаржылық ковенанттарды орындаудан босатылмады.

Кредит шартын қамтамасыз ету ретінде «Алайғыр» БК» ЖШС Алайғыр кен орнында Қарағанды облысында полиметалл кендерін өндіруге № 4187 келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын тиісті кредит шартының мерзіміне сәйкес келетін мерзімге Қазақстан Халық Банкі АҚ-на кепілге берді.

2022 жылы «Алайғыр» БК» ЖШС 46.161 мың АҚШ доллары жалпы сомаға (баламасы 21.897 миллион теңге) транштар алды, комиссияны шегергенде іс жүзінде 45.601 мың АҚШ доллары (баламасы 21.620 миллион теңге) алынды.

2022 жылдың ішінде «Алайғыр» БК» ЖШС 1.865 мың АҚШ доллары мөлшерінде пайыздар төледі (баламасы 863 миллион теңге).

2023 жылғы 10 ақпанда «Алайғыр» БК» ЖШС «Қазақстан Халық банкі» АҚ-дан 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ковенанттар бойынша бұзушылықтар мен орындалмаған міндеттемелердің жоқтығы туралы хат алды. Хат есепті күннен кейін алынғандықтан, қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі қысқа мерзімді деп жіктелді. Хат «Алайғыр» БК» ЖШС-ның есепті күннен кейін ковенанттар бойынша міндеттемелерін бұзушылықтардың және орындаудың жоқтығын растайтындықтан және қарыз шартына сәйкес негізгі борыш бойынша өтеу

2024 жылдан басталатынын ескере отырып, Топ банкпен қарыз бойынша міндеттемелерді 2023 жылғы

10 ақпаннан бастап қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерге жіктеуді жоспарлап отыр.

«Банк ВТБ» ЖАҚ-тан алынған қарыз

«Банк ВТБ» ЖАҚ-пен жасалған кредит келісімінің шеңберінде ЕВІТДА-ға Таза борыш, Пайыздарды өтеу коэффициенті мен 2021 жылғы 31 желтоқсаннан бастап және одан әрі тоқсан сайынғы негізде ҚТЖ Тобының шоғырландырылған деректерінің негізінде есептелетін Өтеу коэффициенті сияқты белгілі бір қаржы коэффициенттерін сақтау көзделген (оған (а) Борышкерлердің жалпы ЕВІТДА-ның ЕВІТДА-ға ара қатынасы; (б) Борышкерлердің жалпы түсімінің ҚТЖ ҰК Тобының түсіміне ара қатынасы; (в) Борышкерлер активтерінің жалпы баланстық құнының ҚТЖ Тобы активтерінің баланстық құнына ара қатынасы жатады). 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талаптар орындалды.

Сонымен бірге 2021 жылғы 30 желтоқсанда Топ «Банк ВТБ» ЖАҚ-тан кросс-дефолтқа және егер Топтың кез келген қатысушысы активтерінің құны оның міндеттемелерінен аз болса (шартты әрі перспективті міндеттемелерді ескере отырып), дәріменсіздікке қатысты Кредит келісімінің талаптарын орындамау құқық бұзушылық деп есептеу құқығынан бас тарту туралы келісім-хатты (вейвер) алды.

ЕАДБ-ден алынған қарыздар

2016 жылғы 30 желтоқсанда Топ «Алайғыр» БК» ЖШС-ның еншілес ұйымы арқылы ЕАДБ-ден тау-кен байыту фабрикасын салу үшін әр алты ай сайын пайыздарды өтей отырып және кредит шарты мерзімінің соңында қарыздың негізгі сомасын өтей отырып 56 миллион АҚШ доллары сомасына 7 жыл мерзімге кредит желісін алды.

Қол қойылған келісімге сәйкес «Алайғыр» БК» ЖШС белгілі бір қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды сақтау бойынша қарыздың талаптарына сәйкес келуі тиіс. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Алайғыр» БК» ЖШС бұл ковенанттарды сақтамады. Топ 2020 жылы ковенанттардың орындалмауы туралы хабардар етті және 2021 әрі 2020 жылдардың 31 желтоқсанына бұл ковенанттарды сақтаудан босату-хатын алды және Топқа кредитті мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты жолдамау хатын алды. ЕАДБ кредит желісі бойынша жаңа транштардың берілуін жаңғыртты.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай Топ, жоғарыда аталғандарды қоспағанда, қарыздар бойынша барлық қаржы және қаржылық емес ковенанттарды орындады.

Қордың және Топтың еншілес ұйымдары қарыздарының баланстық құны төменде берілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
ҚМГ ҰК және оның еншілес ұйымдары	3.708.949	3.700.776
ҚТЖ ҰК және оның еншілес ұйымдары	1.098.347	1.448.443
Қор	519.370	578.552
«Qazaq Gaz» АҚ және оның еншілес ұйымдары	492.188	484.709
Қазақтелеком және оның еншілес ұйымдары	205.305	237.916
Самұрық-Энерго және оның еншілес ұйымдары	190.790	223.755
КЕГОК және оның еншілес ұйымдары	156.352	171.199
ҚАӨ ҰАК және оның еншілес ұйымдары	138.270	89.017
ЕМАЭС-2	97.834	99.678
«Тау-кен Самұрық» ҰТК» АҚ және оның еншілес ұйымдары	52.319	21.201
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	-	756.605
Қордың өзге де еншілес ұйымдары	7.951	50.841
Барлық берілген қарыздар	6.667.675	7.862.692
Қарыздардағы өзгерістер былайша көрсетілген:		

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	7.862.692	7.459.200
Ақша қаражатымен алынды	1.178.196	1.462.347
Есептелген сыйақы	487.882	448.533
Дисконт	(332)	(8.486)
Капиталға айналдырылған сыйақы (7-ескертпе)	74.087	48.624
Төленген сыйақы	(540.453)	(505.303)
Негізгі борышты төлеу	(1.618.601)	(1.170.506)
Қарыздардың есебінен негізгі құралдарды сатып алу	5.706	27.705
Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтерге аудару (6-ескертпе)	(941.587)	-
Дисконт амортизациясы	17.347	18.320
Сақтандыру сыйлықақысын ақша қаражатымен қайтару	7.370	-
Резервтелген ақша қаражатының есебінен негізгі борыш пен сыйақыны төлеу	(259.459)	(32.799)
Валютаны қайта есептеу	406.629	120.106
Басқасы	(11.802)	(5.049)
31 желтоқсанға сальдо	6.667.675	7.862.692

20. Қазақстан республикасы үкіметінің қарыздары

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	Өтеу күні	Тиімді пайыздық мөлшерлемесі	2022 жыл	2021 жыл
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	2035-2063 жылдар	5,56-13,99%	672.208	558.982
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар	2029-2046 жылдар	5,15-9,6%	11.396	20.387
			683.604	579.369
12 ай ішінде өтеуге жататын сома шегерілген			(3.760)	(10.264)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар			679.844	569.105

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарындағы өзгерістер былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	579.369	593.221
Ақша қаражатымен алынды	162.859	-
Есептелген сыйақы	17.364	17.445
Дисконт	(68.684)	278
Төленген пайыздар	(17.448)	(17.530)
Негізгі борышты төлеу*	(10.776)	(34.454)
Дисконт амортизациясы	20.920	20.409
31 желтоқсанға сальдо	683.604	579.369

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақшалай төлемдері операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

2022 жылғы ақпанда Қор қабылдаған корпоративтік шешімдерге және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 323 қаулысымен бекітілген Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер қағидаларының мерзімінен бұрын өтеу күні қолданыста болған редакциясына сәйкес Қор Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған Қор облигацияларының он бірінші шығарылымы шеңберінде 137 миллион теңге сомаға (2021 жыл: 558 миллион теңге) номинал құны бойынша облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды (18-ескертпе).

2022 жылғы желтоқсанда жылдық жыл сайынғы купоны 7,37% мөлшеріндегі 542.863 миллион теңге сомаға Қор облигацияларының шығарылымы тіркелді. 2022 жылғы 30 желтоқсанда 162.859 миллион теңге сомаға Қор облигациялары орналастырылды. Облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық Қор қаражатының есебінен сатып алды. Осы облигацияларды сатудан түскен қаражат елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін ұлғайтуға бағытталған жалпы ұзындығы 836 км болатын «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолдарының құрылысын қаржыландыру мақсатында ҚТЖ ҰК-ға қарыз беруге бағытталды. Алынған қаражаттың әділ құны 94.097 миллион теңгені құрады. Номиналдық және әділ құн арасындағы 68.762 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (18-ескертпе).

21. Резервтер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	Активтерді шығару бойынша міндетте-мелер	Қоршаған ортаға келтірген зияны үшін міндетте-лер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әуе кемелері-не техникалық қызмет көрсету резерві	Басқа-лары	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтардағы резерв	306.100	68.679	10.435	34.965	47.722	467.901
Есептілік валютасын қайта есептеу	3.082	1.087	118	1.194	940	6.421
Есеп бағалауларын қайта қарау	20.317	(4.494)	-	(227)	(327)	15.269
Дисконт сомасына ұлғайту	17.728	4.021	-	-	180	21.929
Бір жылғы резерв	1.041	5.678	5.138	26.127	9.016	47.000
Резервті пайдалану	(519)	(6.776)	(1.834)	(7.149)	(9.402)	(25.680)
Пайдаланылмаған сомаларды түзету	(1.329)	(1)	(748)	-	(1.908)	(3.986)
Басқа да өзгерістер	-	-	4.618	-	9.270	13.888
2021 жылғы 31 желтоқсандағы резерв	346.420	68.194	17.727	54.910	55.491	542.742
Есептілік валютасын қайта есептеу	9.164	3.286	238	4.030	2.928	19.646
Есеп бағалауларын қайта қарау	(162.695)	4.514	(3.169)	(947)	2.644	(159.653)
Дисконт сомасына ұлғайту	21.440	5.892	-	-	224	27.556
Бір жылғы резерв	60.973	12.084	3.740	38.146	48.828	163.771
Резервті пайдалану	(161)	(5.594)	(2.937)	(8.402)	(12.021)	(29.115)
Пайдаланылмаған сомаларды түзету	(61)	(392)	(1.327)	-	(855)	(2.635)
2022 жылғы 31 желтоқсандағы резерв	275.080	87.984	14.272	87.737	97.239	562.312

Резервтердің ағымдағы және ұзақ мерзімді бөлігі былайша берілген:

Миллион теңгемен	Активтерді шығару бойынша міндетте-мелер	Қоршаған ортаға келтірген зияны үшін міндетте-лер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	Басқа-лары	Жиыны
Ағымдағы бөлік	4.844	7.683	17.727	17.579	52.515	100.348
Ұзақ мерзімді бөлік	341.576	60.511	-	37.331	2.976	442.394
2021 жылғы 31 желтоқсанға резерв	346.420	68.194	17.727	54.910	55.491	542.742
Ағымдағы бөлік	8.795	10.829	14.272	33.165	88.040	155.101
Ұзақ мерзімді бөлік	266.285	77.155	-	54.572	9.199	407.211
2022 жылғы 31 желтоқсанға резерв	275.080	87.984	14.272	87.737	97.239	562.312

Топ Экологиялық кодекске енгізілген өзгерістерді талдауды аяқтады және соның нәтижелері бойынша 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 56.695 млн теңге сомасына активтерді шығару бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады.

22. Жалдау бойынша міндеттемелер

Топ негізгі құралдардың бірқатар объектілері, оның ішінде басым әуе кемелері бойынша жалдау шарттарын жасады.

2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін Топтың еншілес ұйымы «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Эйр Астана») жалдау мерзімінің соңында меншік құқығының өтуімен белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар жалдау талаптарында 10 (он) әуе кемесін сатып алды. Әрбір әуе кемесі бойынша жалдау мерзімі 12 (он екі) жылды құрайды. «Эйр Астана» АҚ-да жалдау мерзімінің соңында номинал баға бойынша әрбір әуе кемесін сатып алу мүмкіндігі бар. Ұшақтарды жалдау шарттарының көпшілігі жалдау мерзімінің соңында сатып алу мүмкіндігінсіз сегіз жылға жасалады.

5 (бес) жаңа Airbus қатысты лизинг берушіге қаржы институттары берген қарыздар Еуропалық Экспорт-тық-Кредит агенттіктерінің кепілдігімен қамтамасыз етілді; 3 (үш) Boeing – -767 US Export Import Bank кепілдігінде.

Эйр Астана жалдау бойынша міндеттемесін қамтамасыз ету ретінде 330.418 миллион теңге баланс құнымен жалданған активтерге кепіл берді (2021 жылғы 31 желтоқсан: 279.848 миллион теңге).

Топтың жалдау бойынша міндеттемелеріне белгілі бір ковенанттар жатады. Бұл ковенанттар Топ берешегінің жалпы сомасын лимиттеуді қоса алғанда, бірақ оған шектелмей белгілі бір операцияларға қатысты тыйымдар салады. Бұл талаптар 2022 және 2021 жылдар бойы сақталды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыз сомасының есебі 8%-дан 17,3%-ға дейінгі (2021 жылғы 31 желтоқсан: 4,01%-дан 15,62%-ға дейін) тиімді пайыз мөлшерлемелеріне негізделді.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құнымен бірге жалдау бойынша болашақ ең төменгі жалдау төлемдері былайша берілген:

Миллион теңгемен	Ең төменгі жалдау төлемдері		Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	
	2022 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2021 жыл
Бір жыл ішінде	176.622	153.253	138.192	129.676
2 жылдан 5 жылды қоса алғанда	474.013	352.881	361.654	275.509
Бес жылдан жоғары	197.364	178.637	121.314	104.476
	847.999	684.771	621.160	509.661
Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сомалар	(226.839)	(175.110)	-	-
Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	621.160	509.661	621.160	509.661
12 ай ішінде өтеуге жататын сома шегерілген			(138.192)	(129.676)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар			482.968	379.985

Жалдау бойынша «Эйр Астана» АҚ-ның міндеттемесі АҚШ долларымен берілген.

Жалдау бойынша міндеттемелердегі өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	509.661	515.319
Төленген сыйақы	(48.040)	(33.999)
Негізгі борышты төлеу	(153.822)	(121.314)
Есептелген сыйақы (30-ескертеп)	53.565	37.903
Валютаны қайта есептеу	23.279	7.853
Жаңа жалдау шарттары	230.622	119.229
Жалдау шартын бұзу	(7.856)	(12.588)
Басқасы	13.751	(2.742)
31 желтоқсанға сальдо	621.160	509.661

23. Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Басқа да қаржылық міндеттемелер		
Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	33.924	36.527
Кредиторлық берешек	10.440	11.139
Жер қойнауын пайдалану құқығын алумен байланысты тарихи шығындар	7.741	10.891
Басқалары	14.514	16.016
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	56.578	52.404
Алынған аванстар және болашақ кезеңдердің кірістері	30.290	27.872
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер	20.690	14.596
Тауарлық қарыздар бойынша міндеттемелер	-	13.461
Басқасы	4.503	4.937
	178.680	187.843

Тауарлық қарыздар бойынша міндеттемелер

2020 жылы Top 21,9 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға тауарлық қарыз шарты бойынша дайын өнім алды. Бастапқыда қайтару бойынша міндеттемелер 8.597 миллион теңге сомаға танылды. Міндеттемелер кейіннен дайын өнімге бағалардың өзгеруіне сәйкес қайта бағаланып отырды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Top тауар қарыздарын өтеу мерзімінің 2023 жылғы мамыр мен маусым айларына дейін басталуына байланысты ұзақ мерзімді бөліктен қысқа мерзімді қарыздарға қайта жіктеді. Top өтеу мерзімін ұзартуға ниеттеніп отыр.

2022 жылғы 19 мамырда Top ANU Energy-ден 113,5 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға уран қарыздарын алды, олар Top пен Genchi Global Limited арасындағы негіздемелік келісімге сәйкес жасалды (13-ескерте). Бастапқыда қайтару бойынша міндеттемелер 49.089 миллион теңге сомаға танылды және кейіннен уранның нарықтық бағалары мен шетел валюталары бағамдарының өзгерістеріне сәйкес әділ құны бойынша бағаланды, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қайта бағалаудан болған шығын 4.712 миллион теңгені құрады. 20 желтоқсанда Top қайтару күніне әділ құны 53.802 миллион теңгені құрайтын қорларды қайтарды, бұл қайтарылған қорлардың құнынан 8.251 миллион теңгеге артық болды.

Уран қарыздарын әділ құн бойынша қайта бағалаудан болған шығындар, сондай-ақ ANU Energy қайтарған қарыздың шығуынан түскен таза пайда пайда мен шығын құрамында танылады және өзге де шығын құрамында көрсетілген.

Уран қарыздары ағымдағы тұрақсыз геосаяси жағдайға байланысты қазақстандық уранның батыс конверсиялық кәсіпорындарға уақтылы жеткізілуіне әсер етуі мүмкін логистикалық тәуекелдерді азайту үшін қажетті қорларды басқару жөніндегі Topтың әдеттегі саясатының бөлігі.

Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер

2021 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жылдық төлемді 90%-ға төмендету түрінде Topтың мемлекеттік субсидиялар алуға құқығы бар жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану қағидаларына («Қағидалар») өзгерістерді бекітті. Мемлекеттік субсидиялар талаптарды сақтау, атап айтқанда, ауылдық және қалалық жерлерде кең жолақты Интернетке қол жеткізуге байланысты жобаларды қаржыландыру талабымен беріледі. Егер кең жолақты Интернетке қол жеткізуге байланысты жобаларды қаржыландыру алынған салық жеңілдіктерінің сомасынан аз болса, онда Top радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемді билік органдары алдындағы орындалмаған міндеттемелердің сомасы мөлшерінде төлеуі керек.

2021 және 2022 жылдарға арналған радиожиіліктерді пайдаланғаны үшін жылдық төлемақының тиісінше 13.571 миллион теңге және 14.391 миллион теңге мөлшерінде төмендеуі нәтижесінде босатылған қаражатты Top жекелеген мүлік объектілері мен жабдықтарды (негізінен базалық станцияларды) сатып алуға және салуға бағыттады. Активтерге байланысты мемлекеттік субсидиялар активтің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде жүйелі негізде пайда немесе шығын құрамында танылатын кейінге қалдырылған кіріс ретінде танылады. 2021 жылғы

31 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік субсидиялардың қалдық балансы 26.858 миллион теңгені құрады, ал тиісті амортизацияланған аударымдарды өтеуге қажетті кезеңдегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілген мемлекеттік субсидиялардың бір бөлігі 6.332 миллион теңгені құрады.

24. Сауда әрі басқа да кредиторлық берешек және басқа да ағымдағы міндеттемелер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешекке мыналар кірді:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Сауда кредиторлық берешек	892.690	937.027
Негізгі құралдарды жеткізу үшін кредиторлық берешек	198.983	164.985
Басқа да кредиторлық берешек	34.305	16.043
	1.125.978	1.118.055

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек келесі валюталарда көрсетілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Теңгемен көрсетілген сауда кредиторлық берешек	406.353	441.996
АҚШ долларымен көрсетілген сауда кредиторлық берешек	350.261	394.706
Басқа валюталарда көрсетілген сауда кредиторлық берешек	136.076	100.325
	892.690	937.027

Басқа да қаржылық міндеттемелер		
Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша Акционер алдындағы міндеттемелер	127.276	52.755
Жұмыскерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер	49.738	32.139
Клиенттердің қаражаты	46.208	39.980
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер	20.469	11.464
Жер қойнауын пайдалану құқығын алумен байланысты тарихи шығындар	3.453	2.680
Төленуге жататын дивидендтер	2.797	814
Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	1.608	3.929
Басқалары	51.996	27.927
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	313.070	297.865
Төленуге жататын басқа да салықтар	212.990	188.831
Демалыстар мен жұмыскерлердің басқа да сыйақылары бойынша резерв	132.064	105.774
Алынған аванстар және болашақ кезеңдердің кірістері	29.969	14.523
Зейнетақы және әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелер	27.530	21.834
Тауарлық қарыздар бойынша міндеттемелер	19.147	99
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер	6.167	4.246
Уран своп келісімшарттары бойынша өтелуге жататын берешек	4.709	15.355
Бірлескен операциялар бойынша міндеттемелер	4.569	4.569
Басқалары	19.798	20.701
	1.073.558	845.485

Бірлескен операциялар бойынша міндеттемелер

Бірлескен операциялар бойынша міндеттемелер Топтың бірлескен операциялардың талаптары бойынша міндеттемелерін білдіреді, олар қатысушылардан кезең ішінде уранның тең көлемін сатып алуын талап етеді. 2022 жылы Топ тиісті көлемді толығымен сатып алмады.

РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер

2022 жылдың ішінде Топ ҚҚБ-да контрагенттермен «тікелей РЕПО» келісін жасады. Бұл келісімдер ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелеріне, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ купондық облигацияларына және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 20.469 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 11.464 миллион теңге) баланстық құнымен ҚР Ұлттық Банктің ноттарына жатады.

Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер

2022 жылы Акционер өкімдерінің негізінде Қор 202.445 миллион теңге жалпы сомаға (2021 жылы: 65.497 миллион теңге) түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді мойындады (18-ескерте).

2022 жылдың ішінде нақты аударылған қаражат 129.806 миллион теңге (2021 жыл: 67.033 миллион теңге) болды.

25. Түсім

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі түсім мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Шикі мұнай сату	4.585.784	3.703.666
Мұнай өнімдерін сату	3.251.802	2.026.587
Теміржолмен жүк тасымалдары	1.286.854	1.191.187
Уран өнімін сату	964.390	666.944
Тазартылған алтынды өткізу	943.458	718.828
Қайта өңделген газ өнімін сату	895.318	762.571
Телекоммуникациялық қызметтер	619.869	579.528
Авиатасымалдаулар	492.231	331.840
Электрлік кешен	368.650	344.980
Мұнай мен газ тасымалдау	296.445	323.103
Алыс-беріс мұнайын қайта өңдеу	204.390	202.527
Электр энергиясын тасымалдау	183.646	314.056
Жолаушылар темір жол тасымалы	91.365	58.636
Пошта қызметтері	45.920	43.198
Басқа да кіріс	467.792	369.070
	14.697.914	11.636.721
Пайыздық кіріс	47.845	47.393
Жалға беруден түскен кіріс	39.525	25.544
	14.785.284	11.709.658
Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Географиялық нарық		
Қазақстан	5.479.959	4.747.372
Басқа да елдер	9.305.325	6.962.286
	14.785.284	11.709.658

26. Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Материалдар мен қорлар	6.602.943	5.010.551
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	1.360.723	1.008.765
Тозу, тауысылу және амортизация	1.015.508	1.000.869
Отын және энергия	549.336	447.310
Жөндеу және қызмет көрсету	345.570	287.066
Алынған өндірістік қызметтер	339.266	264.925
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	192.590	145.116
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардан басқа, салықтар	176.329	117.540
Жалдау	92.957	40.954
Пайыздық шығыстар	58.710	58.337
Байланыс қызметтері	48.614	49.183
Көлік қызметтері	44.718	117.206
Күзет қызметтері	31.366	25.293
Басқасы	422.895	220.942
	11.281.525	8.794.057

27. Жалпы және әкімшілік шығыстар

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі жалпы және әкімшілік шығыстар мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	246.745	215.732
Тозу және амортизация	36.658	44.133
Аудиторлық және кеңес беру қызметтері	31.437	32.874
Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардан басқа, салықтар	30.537	29.710
Бөгде ұйымдардың өзге қызметтері	20.869	18.826
Жөндеу және қызмет көрсету	8.485	8.558
Демеушілік көмек және қайырымдылық	7.523	9.216
Айыппұлдар мен өсімпұлдар	7.022	2.351
Іссапар шығыстары	6.468	4.213
Жалдау	5.315	4.682
Коммуналдық шығыстар және ғимараттарды күтіп ұстау	4.392	3.765
Кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру шығыстары	3.618	2.358
Байланыс қызметтері	3.424	2.847
Көлік қызметтері	2.781	2.322
Банктердің қызметтері	2.445	2.178
Басқалары	64.763	59.854
	482.482	443.619

28. Тасымалдау және өткізу шығыстары

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі тасымалдау және сату бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Тасымалдау	448.378	398.890
Рента салығы	215.765	129.056
Кеден алымы	134.249	109.151
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	23.918	17.699
Агенттерге комиссиялық сыйақылар және жарнама	23.063	18.179
Тозу және амортизация	20.330	18.445
Жалдау төлемдері	7.112	6.286
Басқасы	34.054	30.625
	906.869	728.331

29. Құнсыздану шығыны

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі шығын мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің құнсыздануы (7, 8, 9-ескертпелер)	55.533	122.378
Сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	14.401	4.872
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануы (10-ескертпе)	660	5.921
Өтелуге жататын ҚҚС-тың (қалпына келтірілуі)/құнсыздануы, нетто	(476)	(4.602)
Басқасы	1.564	2.746
	71.682	131.315

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін келесі ұзақ мерзімді активтер бойынша құнсыздану мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Активтердің құнсыздануынан және есептен шығарылуынан болған шығын		
Алайғыр БК ЖШС (4-ескертпе)	13.296	-
Газ турбиналы электр станциясының және су дайындау активтері (KUS) (4-ескертпе)	9.876	-
«Оңтүстік Өріктау» жобасы (4-ескертпе)	8.895	-
Полимер-Продакшн (4-ескертпе)	7.096	-
«Исатай» жобасы (4-ескертпе)	3.172	-
«Барыс», «Бүркіт», «Бекет Ата» және «Түркістан» теңіз кемелері	1.801	4.453
«Жамбыл» жобасы	-	59.283
«Алматы Электр Станциялары» АҚ АҚГБ (4-ескертпе)	-	20.737
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ браунфилдтер	-	19.800
ҚМГИ АҚГБ (4-ескертпе)	-	8.298
Басқалары	11.397	9.807
	55.533	122.378

«Алайғыр» БК» ЖШС

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ «Алайғыр» БК» ЖШС таза активтерін пайдалану құндылығына бағалау жүргізді және «Алайғыр» БК» ЖШС қаржылық емес активтерінің құнсыздануынан 13.296 миллион теңге сомасына шығынды мойындады.

Газ турбиналы электр станциясының және су дайындау активтері (KUS)

Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанға негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының болуына талдау жүргізді. Топ басшылығы жүргізген айналымнан тыс активтердің өтелетін құнын бағалау нәтижесінде құнсыздану

14.077 миллион теңге мөлшерінде танылды, оның 9.877 миллион теңге мөлшеріндегі бір бөлігі жиынтық шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді, ал 4.201 миллион теңге мөлшеріндегі қалдығы капитал құрамында көрсетілді.

Полимер-Продакшн активтері

Полимер-Продакшн басшылығы жүргізген Полимер-Продакшн өтелетін құнын бағалау нәтижесінде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топ 7.096 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану бойынша шығыстарды таныды.

Теңіз кемелері

«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС теңіз кемелерінің өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды, олар, қолданыстағы және ықтимал келісімшарттардың қолданылу мерзімінің соңына дейін кемелерден алынады, пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі 14,00% (2021 жыл: 10,70%) болды. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тесттің нәтижесінде Топ 1.801 миллион теңге мөлшерінде (2021 жыл: «Барыс» және «Бүркіт» кемелері бойынша 4.453 миллион теңге) «Барыс», «Түркістан» және «Бекет Ата» кемелерінің құнсыздануынан болған шығынды мойындады.

Барлау шығыстары

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «Оңтүстік Өріктау» жобасы бойынша барлау және бағалау активтері бойынша 8.895 миллион теңге мөлшерінде құнсызданудан болған шығынды мойындады, ол бойынша Топ келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтару жөнінде шешім қабылдады.

2022 жылғы 31 желтоқсанда «QazaqGaz Барлау және Өндіру» ЖШС-ның көмірсутек шикізатын бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшартының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты Топ жалпы сомасы 5.893 миллион теңгеге 6 учаске мен 3 кен орны бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануы бойынша шығыстарды есептеді.

Сондай-ақ Топ ҚМГИ ҮК және жоба бойынша екінші әріптес Isatay Operating Company LLP жобадан шығу және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтару туралы шешім қабылдаған «Исатай» жобасы бойынша 3.172 миллион теңге мөлшерінде барлау және бағалау активтері бойынша құнсызданудан болған шығынды мойындады.

2021 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Жамбыл» жобасы бойынша 59.283 миллион теңге мөлшерінде барлау мен бағалау активтерін есептен шығарды, сол бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшартты бұзылып, келісімшарттық аумақ Үкіметке қайтарылды. Сондай-ақ Топ «Тайсойған» учаскесінде келісімшарттық аумақты ішінара азайтты және, тиісінше, 19.800 миллион теңге сомаға барлау және бағалау бойынша шығыстарды есептен шығарды.

«Алматы Электр Станциялары» АҚ АҚГБ

2021 жылы Топ АлЭС-тың құнсыздануына тест жүргізді. Топ АлЭС-тың негізгі құралдарының өтелетін сомасын Топ оларды пайдаланудан алуға үміттеніп отырған бағаланып дисконтталған келешек ақша ағындарының сомасы ретінде айқындалған пайдалану құндылығының негізінде бағалады. Тест нәтижелерінің негізінде Топ 20.737 миллион теңге сомасында негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығынды таныды.

ҚМГИ АҚГБ

2021 жылғы 2 шілдеде ҚМГИ-дің еншілес ұйымы Petromidia мұнай өңдеу зауытында (бұдан әрі – «Petromidia») өрт шығуына және салдарынан, зиян шеккен объектілер қалпына келтірілгенге дейін өндірістің уақытша тоқтап қалуына әкеп соқтырған оқиға болды. ҚМГИ оқиғаның салдарын бағалап, 1.615 миллион теңге мөлшерінде Petromidia-ның негізгі құралдарының құнсыздануынан болған шығынды таныды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, негізгі құралдарды инспекциялау нәтижелері бойынша, ҚМГИ 6.683 миллион теңге сомаға негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығынды таныды. 2022 жылы жүргізілген құнсыздануға талдау негізінде ҚМГИ АҚГБ құнсыздануы табылған жоқ.

30. Қаржылық шығындар

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі қаржы шығындары мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Қарыздар және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар	497.667	446.272
Жалдау пайыздары бойынша міндеттемелер (22-ескертпе)	53.565	37.903
Пайда/шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалаудан болған шығын	39.796	10.791
Резервтер және өзге де берешектер бойынша дисконт сомасына ұлғайту	27.979	22.517
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша активтер бойынша дисконт	5.471	2.687
Қаржылық кепілдіктерді мойындау шығыстары	1.512	721
Мұнайды жеткізу шарты бойынша пайыздық шығыстар	-	3.885
Басқасы	27.999	30.761
	653.989	555.537

31. Қаржылық кіріс

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі қаржылық кіріс мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Кредиттік мекемелердегі қаражат және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша сыйақы	175.427	76.876
Қарыздар және қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	43.536	28.477
Пайда/шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалаудан болған кіріс	38.400	42.419
Қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудан түскен кірістер	31.398	2.176
Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу кезінде сыйлықақының амортизацияланбаған бөлігін есептен шығарудан түсетін кіріс (19-ескертпе)	16.890	-
Берілген кепілдіктер бойынша кіріс	8.096	14.839
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша міндеттемелер бойынша дисконт	805	119
Басқасы	5.548	9.992
	320.100	174.898

Қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялаудан түскен кірістер, негізінен 29.183 миллион теңге сомаға облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме бөлігін субсидиялаудан түскен кірістер.

32. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы / (шығынындағы) үлесі мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Бірлескен кәсіпорындар		
«Теңізшевройл» ЖШС	742.660	441.665
«Азиялық газқұбыры» ЖШС	276.653	253.554
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	50.837	65.533
Маңғыстау Инвестментс Б.В.	48.486	80.154
«Petrosun» ЖШС (5-ескертпе)	23.184	-
Valseira Holdings B.V.	21.009	11.868
«Қазгермұнай» ЖШС	20.530	6.108
«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» ЖШС	16.783	13.464
Ural Group Limited BVI	(11.470)	(11.060)
Басқалары	39.158	48.452
Қауымдасқан компаниялар		
«Каспий құбыр консорциумы» АҚ	117.763	90.904
«КАТКО» БК» ЖШС	47.593	29.278
«Оңтүстік тау-кен химия компаниясы» БК ЖШС	18.528	14.334
«Транстелеком» АҚ	(2.737)	1.294
«Қазцинк» ЖШС	(6.528)	66.996
Басқалары	46.811	29.538
	1.449.260	1.142.082

33. Табыс салығы бойынша шығыстар

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар		
Корпоративтік табыс салығы («КТС»)	454.437	328.309
Дивидендтер мен сыйақылар бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	55.314	47.752
Үстеме пайда салығы	2.573	1.237
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыс/(үнемділік)		
Корпоративтік табыс салығы («КТС»)	145.224	148.782
Дивидендтер мен сыйақылар бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	113.331	34.990
Үстеме пайда салығы	239	(34)
Табыс салығы бойынша шығыстар	771.118	561.036

2022 жылғы 28 желтоқсанда шыққан № 186 төтенше қаулымен Румыния Үкіметі қазба отын секторындағы пайдаға ортақ жарнаны енгізді. Ортақ жарнаны шикі мұнай, табиғи газ, көмір және мұнай өңдеу секторларында жұмыс істейтін компаниялар 2022 және 2023 жылдардағы салық салынатын пайдадан алдыңғы төрт жылдағы, 2018 жылдан 2021 жылға дейінгі 60% мөлшерлемеммен орташа салық салынатын пайданың 120%-ын төлейді. Егер 2018-2021 жылдарға жататын салық салынатын орташа пайда теріс болса, ортақ жарнаны есептеу мақсатында салық салынатын орташа пайда нөлге тең деп есептеледі. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ ҚМГИ арқылы 124,9 миллион АҚШ доллары мөлшерінде КТС-ті есептеді (баламасы 57.584 миллион теңге).

Бухгалтерлік пайдадан бастап табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша табыс салығын есептегенге дейін есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішінде (2022 және 2021 жылдары 20%) былайша көрсетіліп отыр:

Миллион теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	3.140.002	2.469.393
Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары	628.000	493.879
Есептен шығарылмайтын баптардың салық әсері	101.881	75.821
Кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгеріс	(43.142)	(12.034)
Корпоративтік табыс салығының әртүрлі мөлшерлемелерінің әсері	89.756	46.818
Үстеме пайда салығы	2.812	1.203
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың салық салынбайтын пайдадағы үлесі	(176.218)	(86.923)
Басқа да айырмалар	168.029	42.272
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың жиынтығы	771.118	561.036

33. Табыс салығы бойынша шығыстар (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелерді есептеу үшін салық негізімен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сома арасындағы уақытша айырмаларға есептік күні қолданылған заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген 31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық сальдосы мыналарды қамтиды:

Миллион теңгемен	2022 жыл			Жиыны	2021 жыл			Жиыны
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық		Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер								
Негізгі құралдар	33.252	-	-	33.252	35.346	-	-	35.346
Ауыстырылған салық шығындары	826.477	-	-	826.477	827.839	-	-	827.839
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	25.710	-	-	25.710	18.500	-	-	18.500
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығын	37.934	-	-	37.934	34.593	-	-	34.593
Резервтер	82.713	-	-	82.713	85.226	-	-	85.226
Басқа да есептеулер	126.307	-	-	126.307	159.865	-	-	159.865
Басқалары	68.925	-	-	68.925	52.470	-	-	52.470
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	(597.317)	-	-	(597.317)	(640.459)	-	-	(640.459)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(515.033)	-	-	(515.033)	(504.232)	-	-	(504.232)
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	88.968			88.968	69.148	-	-	69.148
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер								
Негізгі құралдар	1.455.874	597	-	1.456.471	1.287.711	358	-	1.288.069
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасы	-	-	615.747	615.747	-	-	465.891	465.891
Басқасы	97.031	-	-	97.031	83.889	-	-	83.889
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(515.033)	-	-	(515.033)	(504.232)	-	-	(504.232)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	1.037.872	597	615.747	1.654.216	867.368	358	465.891	1.333.617
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	(948.904)	(597)	(615.747)	(1.565.248)	(798.220)	(358)	(465.891)	(1.264.469)

33. Табыс салығы бойынша шығыстар (жалғасы)

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелердегі өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2022 жыл			2021 жыл				
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
1 қаңтардағы сальдо	798.220	358	465.891	1.264.469	644.514	392	419.083	1.063.989
Есептілік валютасын қайта есептеу	14.127	-	36.525	50.652	2.993	-	11.818	14.811
Басқа да жиынтық кірісте көрсетілді	297	-	-	297	340	-	-	340
Капиталда көрсетілді	-	-	-	-	1.571	-	-	1.571
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аудару (б-ескертпе)	(8.964)	-	-	(8.964)	20	-	-	20
Пайда мен шығында көрсетілген	145.224	239	113.331	258.794	148.782	(34)	34.990	183.738
31 желтоқсандағы сальдо	948.904	597	615.747	1.565.248	798.220	358	465.891	1.264.469

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта соған қатысты актив пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер оларға байланысты салық жеңілдіктері іске асырылуы мүмкін ықтималдық одан әрі болмайтын сол дәрежеде азайтылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтер, негізінен, 597.317 миллион теңге (2021 жылғы

31 желтоқсан: 640.459 миллион теңге) сомада ауыстырылған салық шығындарына жатқызылды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында ауыстырылған салық шығындары салық салу мақсатында олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін мерзімі өтеді.

34. Шоғырландыру

Мына еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілді:

	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі		
			2022 жыл	2021 жыл	
1	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ» ҰК) және еншілес ұйымдары	Мұнай мен газды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау	Қазақстан	87,42%	90,42%
2	«QazaqGas» ұлттық компаниясы» АҚ (бұрынғы – «ҚазТрансГаз» ұлттық компаниясы» АҚ) және еншілес ұйымдары	Табиғи газ бен газ конденсатын барлау, өндіру, тасымалдау, өткізу және сақтау	Қазақстан	100,00%	100%
3	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ ҰК») және еншілес ұйымдары	Жолаушылар және жүк тасымалы	Қазақстан	100,00%	100,00%
4	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ («ҚАӨ ҰАК») және еншілес ұйымдары	Уранды, сирек металдарды шығару және өндіру	Қазақстан	75,00%	75,00%
5	«Самұрық-Энерго» АҚ («Самұрық-Энерго») және еншілес ұйымдары	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
6	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ («KEGOC») және еншілес ұйымдары	Электр қуатын тарату	Қазақстан	90,00% + 1	90,00% + 1
7	«Қазпошта» АҚ және еншілес ұйымдары	Пошта және қаржылық қызмет	Қазақстан	100,00%	100,00%
8	«Қазақтелеком» АҚ («ҚТК») және еншілес ұйымдары	Телекоммуникациялар қызметі	Қазақстан	52,03%	52,03%
9	«Эйр Астана» АҚ («Эйр Астана») және оның еншілес ұйымдары	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	51,00%	51,00%
10	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ және еншілес ұйымдары	Құрылысты және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан	100,00%	100,00%
11	«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдары	Қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	100,00%	100,00%
12	«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (бұрынғы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС) және еншілес ұйымдары	Химия саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан	100,00%	100,00%
13	«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС және еншілес ұйымдары	Инвестициялық қызмет	Қазақстан	100,00%	100,00%
14	«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Сатып алу қызметін ұйымдастыру	Қазақстан	100,00%	100,00%
15	«МАЭС-2 Екібастұз станциясы» АҚ	Электр энергиясын өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
16	«СҚ Бизнес Сервис» ЖШС және еншілес ұйымдары	Трансформацияны іске асыру бойынша сервистік қызметтер, АТ саласында ақпараттық және сервистік қызметтер	Қазақстан	100,00%	100,00%
17	«Qazaq Air» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	100,00%	100,00%
18	«Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС	Электрэнергетикалық сектор компанияларына қызмет көрсету	Қазақстан	100,00%	100,00%
19	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	Мұнай-газ химия өнімін өндіру	Қазақстан	99%	99%
20	«Түркістан БГҚ» ЖШС (бұрынғы – «PVN Development» ЖШС)	Электр энергиясын беру, бөлу және сату	Қазақстан	100,00%	100,00%
21	«Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» жеке қоры (бұрынғы – «Center for Scientific and Technological Initiatives Ltd» жеке компаниясы)	Инновациялық технологиялар, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы өзге де зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер	Қазақстан	100,00%	-

35. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 БЕХС-ке сәйкес тараптар, егер бір тараптың басқа тарапты бақылауға және қаржылық немесе операциялық шешімдерді қабылдау кезінде басқа тарапқа айтарлықтай ықпал етуге мүмкіндігі болса, байланысты деп есептеледі. Әрбір байланысты тараппен ықтимал қарым-қатынастарды бағалау кезінде қарым-қатынастардың заңгерлік ресімделуіне емес, олардың мәніне көп көңіл бөлінеді.

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Топ байланысты тараптардан берешек бойынша ККШ резервтерін үшінші тараптардың алдындағы берешек бойынша ККШ айқындау үшін қолданылатын ККШ қағидаттары мен саясатына сәйкес мойындайды.

Мына кесте байланысты тараптармен 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

Миллион теңгемен	Қауымдасқан компаниялар	Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	Мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындар	
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	2022 жыл	6.546	63.217	47.290
	2021 жыл	6.189	28.732	35.262
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	2022 жыл	60.264	213.335	9.681
	2021 жыл	40.544	282.269	8.186
Тауарлар мен қызметтерді сату	2022 жыл	156.034	492.406	1.106.306
	2021 жыл	215.647	281.751	835.404
Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	2022 жыл	266.454	2.669.338	108.703
	2021 жыл	206.969	1.816.227	37.443
Басқа да пайда/(шығын), нетто	2022 жыл	6.866	24.651	2.530
	2021 жыл	714	7.243	3.823
Ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат (активтер)	2022 жыл	-	242	278.176
	2021 жыл	-	78	154.768
Берілген қарыздар	2022 жыл	10.947	117.605	7.952
	2021 жыл	14.169	300.929	14.100
Алынған қарыздар	2022 жыл	7.002	13.262	1.017.795
	2021 жыл	22.438	4	964.744
Өзге де активтер	2022 жыл	19.023	19.218	326.227
	2021 жыл	17.204	28.912	160.638
Жалдау бойынша міндеттемелер және басқа да міндеттемелер	2022 жыл	26.483	189.399	59.078
	2021 жыл	41.258	59.415	54.610
Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	2022 жыл	1.549	20.234	15.508
	2021 жыл	2.547	32.796	12.753
Байланысты тараптар есептеген сыйақы	2022 жыл	2.752	18.636	78.658
	2021 жыл	4.529	5.258	79.655

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 16.026 миллион теңге сомасында (2021 жылғы 31 желтоқсан: 42.907 миллион теңге) Топтың бірқатар қарыздарына Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берді.

Негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасы мен оның еншілес ұйымдарының мүшелері) төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 6.637 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 6.406 миллион теңге) құрайды. Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы негізінен келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және операциялық нәтижелерге қол жеткізуге негізделген өзге де төлемдерден тұрады.

36. Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты

Топтың негізгі қаржы құралдары қарыздарды, ҚР Үкіметінен қарыздарды, жалдау бойынша міндеттемелерді, клиенттердің қаражатын, туынды құралдарды, ақша қаражатын және оның баламаларын, берілген қарыздарды, кредиттік мекемелердегі қаражатты, басқа да қаржы активтерін, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешектерді қамтиды. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер – бұлар пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және кредиттік тәуекел. Топ барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын өтімділікке байланысты тәуекелдерді де қадағалайды.

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі нарықтағы сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топ оларда өзінің жеке және қарыз қаражаты, сондай-ақ оның инвестициялары көрсетілген валюталар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістеріне бақылауды жүзеге асыру арқылы пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелін шектейді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне бейімділігі, негізінен, өзгермелі пайыздық мөлшерлемелермен Топтың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздарына қатысты болады (19-ескертпе).

Келесі кестеде Топтың табыс салығын (өзгермелі сыйақы мөлшерлемелерімен қарыздарының болуы салдарынан) есепке алғанға дейін пайдасының LIBOR өзгермелі пайыздық мөлшерлемелерінде болатын ықтимал өзгерістерге барлық қалған параметрлер тұрақты шама ретінде қабылданатын талаппен сезімталдығы көрсетілген.

Миллион теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ (азаю)*	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға және шығынға әсері
2022 жыл		
АҚШ доллары	245/(245)	(17.871)/17.871
2021 жыл		
АҚШ доллары	125/(25)	(12.148)/2.369

* 1 базистік пункт = 0,01%.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың, жалдау бойынша міндеттемелердің және сауда кредиторлық берешектің, банктердегі салымдардың, ақша қаражаты мен оның баламаларының, кредиттік мекемелердегі қаражаттың және дебиторлық берешектің елеулі сомасының болуы нәтижесінде Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына теңгеге АҚШ долларының айырбас бағамының өзгеруі біршама әсер етуі мүмкін.

Мына кестеде Топ пайдасының табыс салығын есептегенде дейін АҚШ доллары және евро айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге, барлық қалған параметрлеріне тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген.

Миллион теңгемен	Айырбастау бағамдарындағы ұлғаю / (кему)	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға және шығынға әсері
2022 жыл		
АҚШ доллары	21,00%/(21,00%)	(584.346)/584.346
Рубль	22,05%/(22,05%)	(86.858)/86.858
Еуро	17,99%/(17,99%)	(11.277)/11.277
2021 жыл		
АҚШ доллары	13,00%/(10,00%)	(353.754)/270.863
Рубль	13,00%/(13,00%)	(50.478)/50.478
Еуро	13,00%/(10,00%)	(9.977)/7.675

Кредиттік тәуекел

Контрагенттердің Топтың қаржы құралдарымен жасалған шарттардың талаптарын орындамауы нәтижесінде туындаған кредиттік тәуекел, әдетте, контрагенттер міндеттемелерінің шамасы Топтың осы контрагенттердің алдындағы міндеттемелерінен асатын осындай жағдайлар болған кезде, сомамен шектеледі. Топ саясаты кредитті төлеуге қабілетті контрагенттермен бірге қаржы құралдарымен операциялар жасауды көздейді. Кредиттік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланс құнына тең.

Топ өз тәуекелінің ең жоғары шамасы есепті күні көрсетілген күтілетін кредиттік шығын резервтерін шегергенде, берілген қарыздарының сомасында (11-ескертпе), кредиттік мекемелердегі қаражат сомасында (12-ескертпе), сауда-дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы активтерде (16-ескертпе), басқа да қаржы активтерінде (13-ескертпе) және ақша қаражаты мен оның баламаларында (17-ескертпе) көрінеді деп санайды.

Кредиттік тәуекелдің жинақталуы оларға қатысты экономикалық жағдайлардың немесе өзге де жағдайлардың өзгеруі олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етеді деп күтуге негіз бар бір қарыз алушының немесе бірдей қызмет шарттарымен қарыз алушылар тобы берешегінің бірнеше сомасы болған кезде туындауы мүмкін.

Топта баламалы кредиттік тарихы бар контрагенттермен мәмілелер жасасуға және белгіленген кредит беру лимиттерінен асырмауға тұрақты бақылауды көздейтін саясат қолданылады. Топ өзінің контрагенттерінің көпшілігімен алдын ала төлем негізінде жұмыс істеу фактісінің арқасында кредиттік тәуекел азаяды.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын болатын құн бойынша шұғыл түрде өткізе алмауының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Мына кестеде осы міндеттемелерді өтеудің мерзімі бөлінісінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан артық, бірақ 3 айдан астам емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан астам емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам	Жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсанға						
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	–	24	27.735	204.440	2.028.887	2.261.086
Қарыздар	71.945	147.115	1.316.513	4.039.538	6.342.580	11.917.691
Жалдау бойынша міндеттемелер	6.498	35.426	136.844	487.375	162.639	828.782
Клиенттердің қаражаты	12.427	–	33.781	12	–	46.220
Қаржылық кепілдіктер	27.785	2.109	12.652	78.467	117.092	238.105
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	332.850	612.897	252.995	10.509	–	1.209.251
	451.505	797.571	1.780.520	4.820.341	8.651.198	16.501.135
2021 жылғы 31 желтоқсанға						
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	21.298	173.638	1.851.202	2.046.175
Қарыздар	299.900	101.620	928.299	3.572.501	7.752.556	12.654.876
Жалдау бойынша міндеттемелер	8.147	31.208	110.723	375.346	135.925	661.349
Клиенттердің қаражаты	39.975	–	4	16	–	39.995
Қаржылық кепілдіктер	29.408	16.785	59.393	191.499	106.300	403.385
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	461.775	587.349	72.589	11.679	353	1.133.745
	839.218	736.986	1.192.306	4.324.679	9.846.336	16.939.525

Капиталды басқару

Топ ең бастысы өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқару арқылы және өзінің бақылау функцияларын іске асыра отырып, өзінің капиталын басқарады. Капиталды басқарудың басты мақсаты Топтың еншілес ұйымдары берешек пен капиталға қатысты оңтайландыру арқылы Акционерге кірістерді көбейтумен қатар қызметтің үздіксіз болуы қағидатын ұстануды жалғастыру жағдайында болуын қамтамасыз ету. Топ әрбір еншілес ұйымның бизнесінің мұқтажы және қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленген қызметтің белгілі бір көрсеткіштерін белгілей отырып, өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқарады.

Топ әрбір еншілес ұйымның бизнесінің мұқтажы және қызметінің ерекшелігін ескере отырып әзірленген қызметтің белгілі бір көрсеткіштерін белгілей отырып, өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқарады. Топ өзінің еншілес ұйымдарының капиталын басқару үшін пайдаланатын қызметтің негізгі көрсеткіштері – бұл мына коэффициенттер: Пайызды, Салық салуды, Тозуды және Амортизацияны Есепке алғанға дейін Кіріске Борыш («D/EBITDA»); және Капиталға борыш («D/E»). Борыш ақша қаражаты мен оның баламалары құнына кемітілген тиісті еншілес ұйымдардың қарыздары, борыш қағаздары, кепілдіктері және қаржылық жалдауы бойынша міндеттемелеріне теңестіріледі. Капитал бас компанияның Акционерінің үлесіне жатқызылатын еншілес ұйымның бүкіл капиталына теңестіріледі.

Рұқсат етілген ең жоғарғы көрсеткіштер әрбір еншілес ұйымға оның бизнесінің мұқтажы және ерекшелікті артықшылығы негізінде мақұлданды және мынадай диапазондар шегінде өзгереді (Топ үшін қызметтің шоғырландырылған негізгі көрсеткіштері анықтамалық түрде берілді, өйткені Топ шоғырландырылған деңгейде қызметтің негізгі көрсеткіштерін бақыламайды):

Қызметтің негізгі көрсеткіштері	2022 жыл	2021 жыл
D/EBITDA	1,73	2,32
D/E	0,41	0,54

Миллиард теңгемен	2022 жыл	2021 жыл
Қарыздар (19-ескертпе)	6.668	7.863
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (20-ескертпе)	684	579
Жалдау бойынша міндеттемелер (22-ескертпе)	621	510
Туынды қаржы құралдары	2	2
Қор Тобына кірмейтін компаниялардың міндеттемелері бойынша кепілдік берілетін негізгі борыштың номинал сомасы	154	341
Борыш жиыны	8.129	9.295
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары	(2.940)	(2.811)
Таза борыш жиыны	5.189	6.484
EBITDA	4.690	3.998
Капитал жиыны	19.744	17.173

Қаржы құралдарының әділ құны

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау моделінің бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мынадай сатылылықты пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз);
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады;
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бас-тапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгей санатына немесе 3-деңгей санатынан аударымдар жасалған жоқ.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құны келесі қаржы құралдары үшін әділ құнына негіздемелі түрде жақындау:

Миллион теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы құралдарының санаттары				
Активтер				
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	–	–	117.511	117.511
БЖКАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	1.121	27.127	74	28.322
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	81.709	32.342	27.279	141.330
Туынды қаржы активтері	–	1.477	1.099	2.576

Миллион теңгемен	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы құралдарының санаттары				
Активтер				
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	–	–	123.161	123.161
БЖКАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	1.134	20.741	60	21.935
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	74.356	14.486	32.913	121.755
Туынды қаржы активтері	–	14.153	–	14.153

2022 жылғы 31 желтоқсанға					
Миллион теңгемен	Баланс (ағымдағы) құны	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді на- рықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақы- ланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақы- ланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)
Қаржы активтері					
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	101.104	83.451	–	10.392	73.059
Кредиттік мекемелердегі қаражат	1.703.873	1.694.238	1.206.833	487.386	19
Қаржылық міндеттемелер					
Қарыздар	7.609.261	6.917.679	3.546.266	2.192.828	1.178.585
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	683.604	500.904	–	500.904	–
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	35.532	38.873	–	37.565	1.308

2022 жылғы 31 желтоқсанға					
Миллион теңгемен	Баланс (ағымдағы) құны	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді на- рықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақы- ланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақы- ланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)
Қаржы активтері					
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	280.955	273.189	–	14.800	258.389
Кредиттік мекемелердегі қаражат	776.662	770.714	546.900	215.651	8.163
Қаржылық міндеттемелер					
Қарыздар	7.862.692	8.575.232	5.039.417	2.484.584	1.051.231
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	579.369	374.861	–	374.861	–
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	40.456	38.655	–	33.330	5.325

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Әділ құнды бағалауды салыстыру:

	ПШАӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	ПШАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері
2021 жылғы 1 қаңтарға	138.024	22.127
Қайта бағалау	–	–
Пайда/(шығын)	11.597	8.921
Сату және сатып алу	–	1.865
Алу және өтеу	(22.818)	–
Басқасы	(3.642)	–
2021 жылғы 31 желтоқсанға	123.161	32.913
Қайта бағалау	–	–
Пайда/(шығын)	16.254	(6.567)
Алу және өтеу	(27.119)	–
Басқасы	5.215	933
2022 жылғы 31 желтоқсанға	117.511	27.279

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақы- ланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон	
		2022 жыл	2021 жыл
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	8,05%-32% 3,1-30%
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	WACC	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	16,21% 12,72%
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі және АҚШ доллары бағамының өзгеруіне индекстелген пайыздық мөлшерлеме	3,5%+12M LIBOR+forex adjustment 3,5%+12M Libor+forex adjustment
Кредиттік мекемелердегі қаражат	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	14,1% 6,94%
Қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	5,7%-17% 3,5-17%
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	12,31%-16,68% 4,5-5,25%

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы

31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық Топтың қаржы құралдарының әділ құнын бағалады, мысалы, сауда және басқа дебиторлық және кредиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банктік депозиттер және басқа қысқа мерзімді міндеттемелер олардың баланстық құнына шамамен сәйкес келеді негізінен осы құралдардың қысқа мерзімді сипаты үшін.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған әділ құн бағалауларының сезімталдығының сандық талдауы төменде келтірілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Әділ құны	Әділ құнның бастапқы деректерге сезімталдығы
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері	WACC	2022: 27.279 2021: 32.913	1% (2021: 1%) пайыздық мөлшерлеменің өсуі (төмендеуі) әділ құнның 565-ке өсуіне (280 төмендеуіне) әкеледі (2021: 3.347/(2.151))
ПШАӘҚ бойынша ескерілетін берілген қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	2022: 117.511 2021: 123.161	1% (2021: 1%) пайыздық мөлшерлеменің өсуі (төмендеуі) әділ құнның 2.614-ке өсуіне (2.474 төмендеуіне) әкеледі (2021: (2.334)/2.492)

37. Шартты және шарттық міндеттемелер

Операциялық орта

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Шикі тауарларға бағалардың өзгеруі

Топ кірісінің көп бөлігі шикізат тауарларын, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан пайда болады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және ұсынысқа және сұранысқа өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді.

Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады.

Шикі тауарларға бағалардағы біршама немесе ұзаққа созылған төмендету Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелеріне және операциялардан болатын ақша ағындарына біршама немесе жағымсыз әсер етуі мүмкін. Топ шикі тауарларға бағалардың өзгеру тәуекелін біршама өзінің бейімдігін хеджирлемейді.

Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансферттік баға белгілеу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар қол ұшын беру қағидаты бойынша айқындалған нарықтық бағалар негізінде есептелуін талап етеді. Қазақстанда трансферттік баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Жаңа заң анық көрсетілмеген болып табылмайды және оның ережелерінің кейбіреуі қолданудың шағын тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заңда әзірлеу кезеңінде тұрған нақты нұсқаулықтар жоқ.

Трансферттік баға белгілеу туралы заңды операциялардың кейбір түрлеріне қолданудың нәтижесінде трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктен салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар деп анық белгіленбеген, бұл 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтар, айыппұлдар мен өсімақылардың қосымша сомаларына әкелуі мүмкін.

Басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсанда трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Экология, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) мәселелерінің әсері – климаттың өзгеруін және онымен байланысты тәуекелдерді есепке алу

Топ климаттың өзгеруі бойынша әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығымен ортақ және парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі отынынан бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Топтың бас компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның стратегиялық мақсаты 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көміртегі ізін 10%-ға қысқарту және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ұмтылады. Жалпы, көміртегі бейтараптығы парниктік газдар шығарындыларын жоққа шығармайды – азайту мүмкін емес шығарындылар көлемін өтеу қажет.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

- Топ қолданыстағы шаң-көмір жабдықтарын заманауи экологиялық таза бу-газ энергоблоктарымен ауыстыру мақсатында Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-те жаңа бу-газ қондырғыларын салу жөніндегі жобаларға бастамашылық жасады; және
- Топ Экологиялық кодекске сәйкес жаңадан енгізілген нормативтік талаптарға байланысты пайдалану объектілерін жоюға және экологиялық шығынды қалпына келтіруге арналған резервтерді бағалады және мойындады (21-ескертпе).

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдері. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2022 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Топтың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауыты (ПМХЗ) және ПетроКазахстан Ойл Продактс (ПКОП) 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020 жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтелетін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады. АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға ҚР Қаржы министрлігіне шағымданды. ҚР Қаржы министрлігінің апелляциялық шағымдарды қарауы мән-жайлар анықталғанға дейін тоқтатыла тұрады. Топ салықтарды қосымша есептеу тәуекелі төмен деп есептейді және, тиісінше, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервті мойындамады.

ЕМАЭС-1-ге 2016-2020 жылдары кешенді салықтық тексеру

2022 жылғы қыркүйекте ЕМАЭС-1 2016-2020 жылдарға арналған кешенді тексеру нәтижелерін алды, оған сәйкес КТС және мүлік салығы бойынша қосымша есептеу сомасы, өсімақылар мен айыппұлдарды қоса алғанда, 51.066 миллион теңгені құрады. ЕМАЭС-1 салықтық тексерудің нәтижелеріне Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі жанындағы Апелляциялық комиссияға шағым түсірілді, ол ағымдағы жылғы 13 қарашада компанияға ЕМАЭС-1-ге қатысты тақырыптық тексеруді тағайындауға байланысты шағымды қарау мерзімін тоқтата тұру туралы хабарлады. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау мерзімі 2022 жылғы 19 желтоқсанға дейін ұзартылды.

2023 жылғы 13 қаңтарда ЕМАЭС-1 Қаржы министрлігінің шешімін және 13.01.2023 жылғы №9/1 шағымды қарау қорытындылары туралы хабарламаны алды, оған сәйкес салық органдары Негізгі қорлардың сыныптауышына сәйкес активтер топтарына тиесілігі бойынша негізгі құралдардың сәйкессіздігін тану бөлігінде құжаттық салықтық тексеру актісінің күшін жойды.

«КАТКО» БК» ЖШС кешенді салықтық тексерулер

2021 жылы аяқталған 2014-2018 жылдардағы резидент еместердің кірісінен төлем көзінен ұсталатын табыс салығын тақырыптық тексеру, ҚАӨ ҰАК қауымдасқан компаниясы «КАТКО» БК» ЖШС қосымша есептеу нәтижелері бойынша 10,482 миллион теңге сомасында дивидендтер мен роялти және 9.441 миллион теңге өсімшүл төлеу бойынша КТС құрады. Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясының шешімімен өсімақы сомасы 5.358 миллион теңгеге дейін төмендетілді. 2022 жылы «КАТКО» БК» ЖШС сот органдарына шағымдануды жалғастырды және бірінші сатыдағы сот пен апелляциялық соттың шешімдерімен қосымша есептеу сомасы 15.761 миллион теңгеге төмендетілді. 2022 жылғы қарашада Мемлекеттік кірістер департаменті Апелляциялық сот шешімінің күшін жою үшін Жоғарғы сотқа шағым жіберді және мәселе қазіргі уақытта қаралуда. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кәсіпорын мен Топ бұл даулы бағалауларға қатысты ешқандай міндеттемелерді көрсетпеді.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – ҚРБҚДА) Павлодар облысы бойынша департаменті қозғаған ПМХЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2022 жылдың ақпан-шілде айларында Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама саласындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды. 2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады теңге. 2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларында ПМХЗ хаттама мен қорытындыға бірнеше рет шағымданды. Алайда ПМХЗ-ның барлық әкімшілік талаптары мен шағымдары қабылданбады. ПМХЗ жоғары тұрған инстанцияларда шағымдануды жалғастыруды жоспарлап отыр. 2022 жылғы қыркүйекте алғашқы апелляциялар қабылданбағаннан кейін Топ 28.187 миллион теңге мөлшерінде резервті таныды.

АМӨЗ-ге ҚРБҚДА-ны тарта отырып, Атырау облысының прокуратурасының тексеруі

2022 жылдың ақпан-қыркүйек айларында Атырау облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-ны тарта отырып, АМӨЗ қызметіне тексеру жүргізді. 2022 жылғы 22 қыркүйекте Атырау облысының прокуратурасы 2020-2021 жылдары мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тарифті АМӨЗ-дің белгілеуі туралы анықтама берді. АМӨЗ 2020-2021 жылдары мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге бекітілген тарифті негіздей отырып, ресми хат жолдады. Топ табысты тәркілеу және айыппұлды салу тәуекелі төмен деп есептейді және тиісінше, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерді мойындамады.

Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі құны 5,2 миллиард АҚШ доллары болатын ҚМГ Қашаған Б.В. акцияларының 50% қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу 2013 жылы Стокгольм Сауда палатасының Төрелік институты жанындағы Төрелік трибунал шығарған Анатолий Стати, Габриэль Стати, Ascot SA тобы емес және Терра РАФ Транс Трейдинг Лтд Қазақстан Республикасына қарсы іс бойынша төрелік шешімді Нидерландыда тану және орындау жөніндегі талапты қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

2020 жылғы 14 шілдеде Амстердам қаласының Апелляциялық соты Нидерландының аумағында Қазақстан Республикасына қарсы 2013 жылы шыққан төрелік шешімді мойындау туралы шешімді қабылдады, сот Қорға қатысты төрелік шешімнің орындалуы туралы баптың талабын қабылдамады.

2020 жылғы 18 желтоқсанда Жоғарғы сот Амстердам қ. Апелляциялық сотының 2019 жылғы 7 мамырдағы қамауда ұстау туралы шешімінің күшін жойды және істі Гаага қ. Апелляциялық сотының қарауына жолдады.

Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі (жалғасы)

2022 жылғы 14 маусымда Гаага қаласының Апелляциялық соты 2017 жылғы қыркүйекте салынған Қашаған-ның Қорға тиесілі акцияларына тыйымды алып тастау жөнінде шешім шығарды. 8 тамызда Стати Гаага Апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне кассациялық шағым түсірді. Қазіргі уақытта процесс жалғасуда.

Статидің 2017 жылғы 7 желтоқсанда берген шағымының Негізгі процесі, онда Стати сотты Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды Төрелік шешімді орындауын міндеттеуді сұрады.

2021 жылғы 17 наурызда Негізгі процесс бойынша тыңдаулар өтті.

2021 жылғы 28 сәуірде Амстердамның Округтік соты Қордың Негізгі процесі ҚМГ ҰК Қашаған Б.В. акцияларын шектеуді шағымдану бойынша Гаагадағы Апелляциялық сотының шешіміне дейін кейінге қалдыра тұру өтінішін қанағаттандырды.

2022 жылғы 2 қарашада Қор Гаага қ. Апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне байланысты сот талқылауын тоқтату туралы өтініш берді, оған сәйкес 2017 жылғы қыркүйекте салынған Қашағанның Қорға тиесілі акцияларына тыйым алып тасталды.

2023 жылғы 8 ақпанда Амстердам Округтік соты Анатолий мен Габриэль Статидің және олардың компанияларының («Стати») Қорға қарсы талаптарына жол берілмейді және нәтижесінде сот ісі тоқтатылады деп ұйғарды. Бұл ретте Статидің осы шешімге шағымдануға құқығы бар.

ҚМГИ-де азаматтық қараушылық

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – Faber) ҚМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің иесі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі ҚМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Істің тыңдалуы мерзімді негізді болды, бірақ түпкі шешім шығарылмады. 2021 жылғы 13 шілдеде сот Faber-дің шағымын қараудан бас тартты. Алайда Faber бұл шешімге шағымданды. 2021 жылғы желтоқсанда өткен тыңдаудың нәтижелері бойынша сот шағымды қанағаттандырып, істі қайта қарауға қайтарып берді.

Faber талаптарының көпшілігін Жоғарғы сот 2022 жылғы мамыр мен қыркүйекте қабылдамады, соның ішінде Faber корпоративті құжаттарына қарсы Faber корпоративті құжаттарына шағымданып, облигациялар шығаруды және ескіру мерзімінен кейін берілген тарихи бюджеттік қарыздарды өтеуді мақұлдады, сондықтан Rompetrol Rafinare Constanta пайдасына алғашқы сот шешімі түпкілікті болды. Faber дәл осындай шағым-талапты үшінші рет берді, бірақ қазір Констанца сотына. 2023 жылғы қаңтарда Faber берген шағымдар бойынша тыңдаулар өтті. Екі іс бойынша Faber өзінің талаптарын қайтарып алды, үшіншісі бойынша сот шешім қабылдауды кейінге қалдырды. Faber ісі бойынша келесі тыңдау 2023 жылғы сәуірде жоспарланған.

Топ оның Faber жаңа өтінішіне қатысты позициясы Топ пайдасына шешілген басқа да ұқсас сот істері сияқты шешіледі деп есептейді. Сәйкесінше Топ 2022 жылғы 31 желтоқсанға бұл іс бойынша резервті мойындамады.

Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша ҚМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S.A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты OEBS-тың Концессиялық келісімді болжамды бұзуына байланысты ICQ Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дауласады. 2022 жылғы 29 шілдеде сот OEBS-ке NAMR-дың 20 миллион АҚШ доллары көлеміндегі жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 10,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 4.673 миллион теңге) мөлшерінде резервті таныды.

Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы ҚМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі – RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі – МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды. RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдамаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы RPM өтінішін қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылғы 26 мамырда шығарды. RPM апелляциялық шағым берді. Істің алғашқы тыңдалуы 2023 жылғы 21 наурызға тағайындалды. Алқабилерді ауыстыруға байланысты тыңдаулар 2023 жылғы қазан айына ауыстырылды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 12 миллион АҚШ доллары (баламасы 5.552 миллион теңге) мөлшерінде резервті таныды.

«ҚазРосГаз» ЖШС (КРГ), Компанияның бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі – КРГ) мен Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (бұдан әрі – КПО) арасындағы төрелік талқылау

2022 жылғы 23 тамызда Париждегі Халықаралық сауда палатасының Хатшылығы КРГ атына КПО тарапынан төрелік талқылаудың басталғаны туралы хабарлама ұсынды. КПО қолданыстағы Қарашығанақ газын сатып алу-сату шарты бойынша газ сату бағасын ұлғайтуға ниетті. Егер газдың бағасы 2022 жылғы 1 қазаннан кешірек келісілсе, КРГ және КПО газ бағасын 2022 жылғы 1 қазаннан бастап бағаны келісу күніне дейінгі кезеңге қайта есептеуді жүргізеді. 2022 жылғы қазан айында ҚР энергетика бірінші вице-министрінің төрағалығымен КРГ мен КПО арасындағы төрелік процесс бойынша дауды бейбіт жолмен реттеу бойынша қазақстандық тараптың келіссөздік ұстанымын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына ҚР Энергетика министрлігінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ҚМГ ҰК және КРГ өкілдері кірді.

ҚР ішкі нарығын газбен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында ҚРГ және ҚР Энергетика министрлігі КПО мердігер компанияларына төрелік талқылауды 2024-2025 жылдарға дейін тоқтата тұру туралы ұсыныс хат жолдады.

2022 жылғы желтоқсанда КПО бағаларды қайта қарау процесін әлеуетті реттеуге қол жеткізу үшін одан әрі талқылаулар жүргізуге дайын екендігі туралы хабардар етті. 2023 жылғы қаңтарда КРГ КПО-ға төрелік талқылауды 3 ай мерзімге тоқтата тұру туралы келісім жасасу туралы ұсыныс жіберді, оның барысында тараптар дауды шешу үшін 2 айға созылатын «келіссөздер кезеңін» тағайындайды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және есептілікті шығару күніне тараптар дауды өзара тиімді шарттармен шешу жөнінде келіссөздер жүргізеді. Топ 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы істе жеңіліп қалу қаупі екіталай деп санайды.

Өтелетін шығындарды тексеру

Өнімді бөлу туралы келісімінің (бұдан әрі – «ӨБК») негізгі қағидаттарына сәйкес мемлекет жер қойнауын пайдалану ауданында қызметті өткізуге эксклюзивтік құқықтарды мердігерлерге берді, бірақ жеке меншікке де, жалға да осы жер қойнауын пайдалану ауданына құқықты бермеді. Мұның салдарынан, шығарылған және қайта өңделген көмірсутектердің барлық көлемдері (яғни дайын өнім) мемлекеттің меншігі. Жұмыстар өтемақы негізінде жүзеге асырылды. Бұл ретте Үкімет мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша мердігерлерге өз шығындарын өтеуге және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК-ға сәйкес мердігерлер көтерген шығындардың барлығы өтеле бермейді. Өтеуге арналған белгілі бір шығындарды Уәкілетті орган бекітуі қажет. Уәкілетті органдар өтелетін шығындарды тексеруде. 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілген өтелетін шығындарды тексеру нәтижесінде белгілі бір шығындар өтелмейтін ретінде жіктелген. ӨБК тараптары бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың дауланатын шығындардағы үлесі есепті күнге 1.200.386 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 979.556 миллион теңге) болды.

Қазақстанның ішкі нарығына арналған жеткізілімдер бойынша міндеттемелер

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен.

Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2022 жылы Топ өз міндеттемелеріне сәйкес 7.951 мың тонна (2021 жылы: 7.114 мың тонна) шикі мұнайды ішкі нарыққа жеткізді.

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнайды жеткізу шарты бойынша міндеттемелері 6,6 миллион тонна болды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 8,6 миллион тонна).

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Үкіметпен жасалған өнімді бөлу туралы лицензиялары, келісімдерінің және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарының талаптарына сәйкес ең аз жұмыстар бағдарламасын орындауға қатысты мынадай міндеттемелері (миллион теңгемен) бар:

Жыл	Күрделі шығындар	Операциялық шығыстар
2023 жыл	492.142	209.018
2024 жыл	415.624	108.241
2025 жыл	521.594	111.407
2026 жыл	571.355	116.473
2027-2059 жылдар	3.175.007	1.710.300
Жиыны	5.175.722	2.255.439

Бірлескен кәсіпорын алдында газды тасымалдау қызметтерін шартсыз сатып алу міндеттемелері

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Азиялық газ құбыры» және «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС алдында газ тасымалдау қызметтерін сатып алу бойынша тиісінше ҚҚС-сыз 95.558 миллион теңге және 216.131 миллион теңге мөлшерінде шартсыз міндеттемесі бар (2021 жылғы 31 желтоқсан: 126.292 миллион теңге және 201.629 миллион теңге).

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, жалпы сомасы 1.418.761 миллион теңге, ҚҚС-ты қоспағанда, (2021 жылғы 31 желтоқсан: 2.252.306 миллион теңге, ҚҚС-ты қоспағанда) болатын негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ТМРК бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 1.387.680 миллион теңге (2021 жыл: 592.889 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

38. Сегментті есептілік

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді (1-ескертпе).

Есептік сегменттердің кейбіреулері Топтың ұйымдық құрылымына сәйкес неғұрлым шағын операциялық сегменттерді біріктіру арқылы қалыптастырылды. Әрбір есептік сегмент ҚЕХС-ке сәйкес бухгалтерлік есепті жүзеге асырады. ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған әрбір сегмент қызметінің қаржылық нәтижелері сегментке ресурстарды бөлу және оның қызмет нәтижелерін бағалау туралы шешімдерді қабылдау мақсаты үшін Басқарма төрағасына және шешімдер қабылдауға жауапты адамға беріледі.

Элиминациялау топ ішіндегі айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

Төменде 2022 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Таукен өндіруші	Тасымалдау	Коммуникациялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элиминациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	9.576.916	1.945.888	1.926.051	666.830	580.429	28.120	40.935	20.115	-	14.785.284
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	9.565.441	1.945.530	1.904.011	666.830	580.420	28.120	-	7.562	-	14.697.914
Пайыздық кіріс	-	-	-	-	-	-	40.935	6.910	-	47.845
Жалға беруден түскен кіріс	11.475	358	22.040	-	9	-	-	5.643	-	39.525
Басқа сегменттерге сатудан түсім	61.751	41	11.806	4.856	85.941	9.366	825.085	13.667	(1.012.513)	-
Түсім жиыны	9.638.667	1.945.929	1.937.857	671.686	666.370	37.486	866.020	33.782	(1.012.513)	14.785.284
Географиялық нарық										
Қазақстан	1.633.769	1.054.350	1.591.421	649.049	631.695	32.386	866.020	33.782	(1.012.513)	5.479.959
Басқа да елдер	8.004.898	891.579	346.436	22.637	34.675	5.100	-	-	-	9.305.325
Жалпы пайда	2.221.350	531.637	373.025	225.338	216.388	8.909	802.293	15.413	(837.202)	3.557.151
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(223.284)	(45.354)	(115.410)	(50.461)	(29.732)	(3.659)	(20.873)	(4.426)	10.717	(482.482)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(853.650)	(25.683)	(10.772)	(16.979)	(13.265)	(745)	-	(16)	14.241	(906.869)
Қаржылық кіріс	156.368	22.955	70.256	23.880	10.834	2.027	53.761	46.863	(66.844)	320.100
Қаржылық шығындар	(372.488)	(9.176)	(168.296)	(43.783)	(54.723)	(6.017)	(60.628)	(61.250)	122.372	(653.989)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлес	1.337.127	82.460	8.546	-	14.304	(216)	7.018	21	-	1.449.260
Бағамдық айырмадан болған (шығын) / кіріс, нетто	(6.551)	15.404	22.680	8.949	6.437	(790)	(48.050)	(9.528)	1.551	(9.898)
Тозу, тауысылу және амортизация	(571.203)	(82.469)	(210.591)	(122.960)	(81.771)	(7.172)	(728)	(3.251)	3.533	(1.076.612)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	(19.642)	(13.297)	(170)	(2.751)	(2.700)	(16.973)	-	-	-	(55.533)
Басқа активтерді қалпына келтіру/(құнсыздану), нетто	1.373	1.304	644	(493)	(7.706)	(14.361)	(228.919)	(455)	232.464	(16.149)
Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу	(518.783)	(111.977)	(47.028)	(35.696)	(37.232)	422	(17.445)	3.044	(6.423)	(771.118)
Таза пайда/(шығын) жиыны	1.653.779	456.132	131.062	115.919	103.782	(33.685)	815.069	(9.309)	(863.865)	2.368.884
Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат										
Сегмент активтерінің жиыны	19.835.479	2.969.563	4.632.180	1.593.990	1.702.435	179.461	9.603.793	337.055	(7.278.961)	33.574.995
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	7.774.919	610.219	3.077.764	835.531	795.445	73.385	2.527.357	201.901	(2.065.187)	13.831.334
Сауда дебиторлық берешек, қарыздар мен басқа да қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығын, нетто	(4.412)	331	(5.560)	(8.373)	167	(102)	31.789	908	(34.134)	(19.386)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	5.896.273	689.774	28.799	-	103.247	3.788	45.006	35	(32.341)	6.734.581
Күрделі шығындар	(1.006.194)	(89.710)	(472.722)	(134.616)	(149.945)	(20.786)	(382)	(6.447)	468	(1.880.334)

38. Сегменттік есептілік (жалғасы)

Төменде 2021 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен өндіруші	Тасымалдау	Коммуникациялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элиминациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	7.314.716	1.415.150	1.619.200	624.383	649.753	30.567	41.144	14.745	-	11.709.658
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	7.304.770	1.414.821	1.611.571	624.383	649.748	30.567	-	861	-	11.636.721
Пайыздық кіріс	-	-	-	-	-	-	41.144	6.249	-	47.393
Жалға беруден түскен кіріс	9.946	329	7.629	-	5	-	-	7.635	-	25.544
Басқа сегменттерге сатудан түсім	47.846	79	4.026	4.184	87.462	5.529	297.783	22.320	(469.229)	-
Түсім жиыны	7.362.562	1.415.229	1.623.226	628.567	737.215	36.096	338.927	37.065	(469.229)	11.709.658
Географиялық нарық										
Қазақстан	1.343.883	749.320	1.399.420	607.216	712.787	27.983	338.927	37.065	(469.229)	4.747.372
Басқа да елдер	6.018.679	665.909	223.806	21.351	24.428	8.113	-	-	-	6.962.286
Жалпы пайда	1.896.249	288.594	407.454	222.481	190.305	6.959	275.203	18.122	(335.152)	2.970.215
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(212.200)	(37.415)	(109.818)	(54.687)	(25.178)	(6.720)	(24.419)	(4.088)	30.906	(443.619)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(692.357)	(15.784)	(6.950)	(13.769)	(12.249)	(1.151)	-	(5)	13.934	(728.331)
Қаржылық кіріс	117.541	11.108	22.062	9.004	11.290	1.863	28.152	34.919	(61.041)	174.898
Қаржылық шығындар	(304.745)	(7.425)	(151.194)	(49.417)	(54.315)	(6.173)	(37.786)	(34.576)	90.094	(555.537)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлес	999.424	118.554	10.826	-	11.509	(219)	1.986	2	-	1.142.082
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс/(шығын), нетто	110.922	3.131	3.727	2.349	2.390	(28.979)	(93.264)	(363)	(690)	(777)
Тозу, тауысылу және амортизация	(595.203)	(69.949)	(195.162)	(121.822)	(76.816)	(6.240)	(2.147)	(2.658)	3.800	(1.066.197)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	(95.961)	4.885	(1.860)	(5.961)	(20.849)	(2.542)	-	(90)	-	(122.378)
Басқа активтердің (құнсыздануы)/қалпына келтірілуі, нетто	1.097	(2.295)	(72)	30	(1.092)	(581)	(18.057)	(167)	12.200	(8.937)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(388.631)	(61.510)	(36.617)	(30.196)	(30.806)	(468)	(2.942)	(4.370)	(5.496)	(561.036)
Таза пайда/(шығын) жиыны	1.456.260	291.732	150.356	89.760	76.273	(38.795)	130.893	10.467	(258.589)	1.908.357
Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат										
Сегмент активтерінің жиыны	18.592.151	2.739.861	4.133.241	1.341.590	1.616.981	1.128.970	8.309.598	373.645	(7.926.279)	30.309.758
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	6.790.420	469.838	2.820.223	667.222	788.374	884.803	1.790.290	217.503	(1.292.007)	13.136.666
Күмәнді берешек бойынша күтілетін кредиттік шығын резервтері	(4.202)	(487)	957	(3.193)	696	207	(270)	904	1.047	(4.341)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.851.977	703.195	27.688	-	90.472	5.215	35.013	15	(32.341)	5.681.234
Күрделі шығындар	(535.515)	(71.066)	(412.021)	(123.986)	(97.574)	(336.848)	(307)	(4.883)	9.758	(1.572.442)

39. Украинадағы соғыстың салдары

2022 жылғы ақпаннан бастап Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы шиеленістің салдарынан батыс елдерінің көпшілігі Ресей Федерациясына қарсы көптеген санкцияларды жариялады. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына теріс экономикалық әсер етуге бағытталған.

2022 жылғы ақпаннан бастап геосаяси шиеленістің өсуіне орай бағалы қағаздар мен валюта нарықтары құбылмалылықтың едәуір өсімі, сондай-ақ АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сондай-ақ жыл ішінде ҚР ҰБ негізгі мөлшерлемесі 9,75%-дан 16,75%-ға дейін айтарлықтай өсті.

Топ санкциялар мен пайыздық мөлшерлемелердің Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін бағалады және осы жоғары тәуекел аяларын маңызды өзгерістер мәніне бақылауды жалғастыруда.

Қарыздар

Топтың Банк ВТБ (Ресей банкі) ЖАҚ-қа 2023 жылы өтеу мерзімі бар 10,4 миллиард рубль (68,1 миллиард теңгеге тең) және 2027 жылы өтеу мерзімі бар 37,5 миллиард рубль (225 миллиард теңгеге тең) мөлшерінде қарыздары бар. Қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жылдық «Ресей Федерациясының Орталық банкінің негізгі мөлшерлемесі (негізгі мөлшерлеме) + 1,75% және 2,25%» құрайды. Бір жыл ішінде негізгі мөлшерлеменің 8,00%-дан 20,00%-ға дейін, содан кейін 7,50%-ға дейін айтарлықтай ауытқуы байқалды. Осы қарыз бойынша пайыздар мен негізгі соманы жоспарлы төлемдері 2022 жылы ресей рублінде эмиссиясыз жасалды.

Маңызды әсерді бағалау

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес Топ Ресей мен Украинаның құқықтық және операциялық ортасындағы өзгерістер Ресейдегі ҚМГ ҰК қауымдасқан компаниясы Каспий мұнай құбыры консорциумына (КҚК) айтарлықтай әсер ету мүмкіндігіне әсер етпегенін бағалады және растады.

ҚМГ ҰК қауымдасқан кәсіпорнының КҚК операциялық ортасы

2022 жылғы 23 наурызда КҚК қара теңіз терминалында мұнайды жөнелтуді тоқтатты, бұл дауылдың салдарынан үш бір нүктелі айлақтың (АЖҰҚ) екеуінің зақымдалуына байланысты болды. 2022 жылғы 24 сәуірде Новороссийск қаласындағы КҚК желісіндегі АЖҰҚ үш жүйесінің екіншісіне мұнай жөнелту қайта басталды.

2022 жылғы 27 сәуірде Ресей Федерациясының соты (Краснодар өлкесінің Төрелік соты) КҚК теңіз терминалында (2021 жылғы тамызда болған) мұнайдың төгілуінен КҚК-дан 5,2 миллиард Ресей рублі мөлшерінде (баламасы 30 миллиард теңге) шығынды өндіріп алу туралы Росприроднадзордың талабын толығымен қанағаттандырды. КҚК барлық сомаға резервті таныды. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде резерв қауымдасқан компанияның 2022 жылғы пайдасындағы үлесінің құрамында көрсетілді.

2022 жылғы 6 шілдеде Ресей соты (Приморск аудандық соты) КҚК қызметін 30 күнге тоқтата тұруға міндеттеді. Кейінірек бір айлық дисквалификация 200.000 рубль айыппұлмен ауыстырылды (баламасы 3.300 доллар). КҚК бұл айыппұлды 2022 жылғы шілдеде бухгалтерлік есепте көрсетті. КҚК қызметі көрсетілген кезеңде тоқтаған жоқ.

2022 жылғы 22 тамызда АЖҰҚ-1 және АЖҰҚ-2-де жоспарланған жұмыстарды орындау кезінде сүңгуірлер су асты шлангтарының қалқымалы бактарға бекітпелерінде жарықтар тапты. 2022 жылғы 12 және 29 қарашада Новороссийскідегі КҚК АЖҰҚ-1 және АЖҰҚ-2 желілері жұмысын қайта бастады.

2022 жыл ішінде болған барлық мәселелер бір жыл ішінде шешіледі, одан әрі даму жоқ.

Санкциялардың әсері

2022 жылғы 4 наурызда Еуропа Одағы жеті ресейлік банкті SWIFT-тен ажыратты. Топтың ресейлік компаниялармен мұнай тасымалдауға келісімшарттары бар. Есептеулер бойынша тәуекелдерді болдырмау үшін Топ контрагент-банктерді санкциялар салынбаған банктерге ауыстырды. Сонымен қатар кейбір келісімшарттардың валютасы АҚШ долларынан Ресей рубліне өзгертілді. Валюталық есептеулер 2022 жылы эмиссиясыз жүргізілді.

2023 жылғы 5 ақпаннан бастап Еуропа Одағы ресейлік дизель отынын, авиакеросинді және теңіз арқылы тасымалданатын басқа да мұнай өнімдерін импорттауға тыйым салды. Бұл шара Топтың Қазақстандағы немесе халықаралық деңгейдегі қызметіне қолданылмайды.

40. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Заңнамадағы өзгерістер

2023 жылғы қаңтарда «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі № 463-IV Заңына түзетулер күшіне енді. Осы түзетулерге сәйкес мұнай өңдеу зауыттары мұнай өнімдерін сатуға құқылы. Мұнай өңдеу зауыттарының мұнай өнімдерін өткізуі жұмыстың маркетингтік схемасына толық немесе ішінара көшкеннен кейін дербес жүзеге асырылатын болады, бұл мұнайды өз бетінше сатып алуды және осы мұнайдан өндірілген мұнай өнімдерін өткізуді білдіреді. Топ заңнамадағы осы өзгерістердің өзінің операциялық қызметіне елеулі әсерін күтпейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 45 қаулысына сәйкес Ұлттық әл-ауқат қоры туралы Заңға өзгерістер енгізілді. Өзгерістерге сәйкес Қор жалғыз акционердің шешімі бойынша және ол айқындайтын тәртіппен жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры атынан коммерциялық емес ұйымға Қордың таза табысының кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөледі.

Еншілес ұйымның шығуы

2023 жылғы қаңтарда Топ ҚТЖ ҰК-ның еншілес ұйымы – «Қазтеміртранс» АҚ атынан «Жолаушылар вагондарын жасау зауыты» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ын үшінші тарапқа 12.000 миллион теңгеге сату бойынша мәмілені аяқтады және нәтижесінде осы еншілес ұйымға бақылауды жоғалтты.

Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт

2023 жылғы 27 ақпанда Топ ҚР Энергетика министрлігімен Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге келісімшарт жасасты.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын қаржыландыру

2023 жылғы наурызда топ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына сәйкес 245.290 миллион теңге мөлшерінде «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыруға ақшалай қаражаттың бір бөлігін алды.

Бірлескен кәсіпорыннан алынған дивидендтер

2023 жылғы сәуірде Топ «Petrosun» ЖШС бірлескен кәсіпорнынан 19.600 миллион теңге көлемінде дивиденд алды.

Жарғылық капитал

2023 жылғы 14 және 19 сәуірде Акционер әділ құны тиісінше 16.915 миллион теңге және 59.628 миллион теңге болатын Қордың жарғылық капиталына мүлктік жарналарды салды.

2-ҚОСЫМША.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат

2012 жылғы қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі өз қолданысын Қорға дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың (бұдан әрі – Ұйым) тарататын Корпоративтік басқару кодексін бекітті.

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары:

- Қорда және Ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қордың және Ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға адалдығын растау.

Корпоративтік басқару кодексі **«сақта немесе түсіндір»** қағидатына негізделген. Демек Қордың Директорлар кеңесі қызметтің ерекшелігін және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының тиісті Заңын ескере отырып, Қор барлық елеулі аспектілерде Корпоративтік басқару кодексінің ережелерінің көпшілігін сақтайтынын растайды, алайда корпоративтік басқару жүйесі одан әрі жетілдіруді қажет ететініне дәлелі бар.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру саласында атқарылған жұмыс осы Жылдық есепті корпоративтік басқару туралы есепте толық баяндалған және мынадай бастамалар белгіленуі мүмкін:

- 2022 жылғы екінші жартыжылдықта корпоративтік басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында Қор Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Қордың негізгі құрылымдық бөлімшелеріне мынадай бес бағыт бөлінісінде сауалнама жүргізу жолымен Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалауды қоса алғанда, корпоративтік басқаруға бағалау жүргізді: 2) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; 3) тұрақты даму; 4) Жалғыз акционердің құқықтары; 5) ашықтық;

¹⁵ 2022 жылғы 7 желтоқсанда «қаулыға өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде «2021 – 2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 бұйрығы «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты «ЖШС» Жолғаушылар вагондарын салу зауыты» ЖШС болып ауыстырылды.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 509, 2022 жылғы 2 тамыздағы № 522 және 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 751 қаулыларымен Қордың Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістерді іске асыру, Қордың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту, корпоративтік басқарудың ең үздік практикасына сәйкес Қордың корпоративтік басқару кодексінің нормаларын жетілдіру, оның ішінде Қордың және Ұйымдардың алқалы атқарушы органдарындағы, сондай-ақ Ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамында кемінде 30% деңгейіне дейін;
- Жаһандық және корпоративтік деңгейлердегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді талдау негізінде Қордың 2023 – 2032 жылдарға арналған даму жоспарының жобасы әзірленіп мынадай 3 стратегиялық бағытқа назар аударылды: активтер портфелін тиімді басқару, бизнес үшін экожүйе, тұрақты даму;
- Қордың 2023 – 2032 жылдарға арналған даму жоспарына базалық 2021 жылға қарағанда 2032 жылға қарай көміртегі нетто ізін 10%-ға төмендету жөніндегі Қор қызметінің стратегиялық түйінді көрсеткіші енгізілді, бұл ESG қағидаттары мен климаттың өзгеруі мәселелерін ұстанатынын растайды. Қор қызметінің нәтижелері алғаш рет экологиялық тәуекелдер бөлінісінде бағаланатын болады;
- Қордың өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ жазатайым оқиғалардың тәуекелін төмендету бойынша атқарған жұмысының нәтижесінде жарақаттану деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда 133-тен 111 жұмыскерге дейін 16%-ға төмендеді. Жарақаттану жиілігінің коэффициенті 0,16 құрады, FAR өлім-жітім жағдайларының коэффициенті 11%-ға төмендеп, 2021 жылғы 2,93-пен салыстырғанда 2,60-ты құрады;
- Қор мен портфельдік компаниялар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесіне қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну мақсатында басқарма тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына портфельдік компаниялармен Қор қызметінің шоғырландырылған нәтижелері туралы ақпарат шығарады;
- Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында берген тапсырмасын орындау үшін Қор сатып алудың ашықтығын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, жергілікті өндірушілер мен жеткізушілерді қолдауға, сатып алуды жеңілдетуге және бизнес үшін кедергілерді жоюға бағытталған Сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәртібін бекітті;
- Қордағы және компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандарт бекітілді, комплаенс функциясы бойынша ұқсас ішкі құжаттар тобын компаниялардың Қор компаниялары тобы бойынша комплаенс функциясын жүзеге асыру тәсілдерін біріздендіру мақсатында әзірлеу үшін әдіснамалық негізді айқындайды; Қордың комплаенс процестерінің «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі» ISO 37001 стандартының талаптарына сәйкестігін бағалау жүргізілді; Қордың 7 ірі портфельдік компаниясында комплаенс функциясының жетілуіне бағалау жүргізілді; Қордың және портфельдік компаниялардың қолдануы үшін үшінші тұлғаларды тексеру жүйесі автоматтандырылса; «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жаңартылған Сатып алуды жүзеге асыру тәртібін ескере отырып, ЭСАЖ жүйесінде тіркелген әлеуетті өнім берушілерді тексеруге қойылатын талаптар әзірленді;
- Адами капиталдың құнын арттыру, қолайлы жағдайлар жасау және еңбек нарығының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жаңа редакцияда Қорға және Қордың еншілес компанияларына қолданылатын «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр саясаты бекітілді.

Қор Қорда корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады, тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейімділік көрсетіледі, басқарудың ашықтығы қамтамасыз етіледі және Қордың Жалғыз акционерімен өзара қарым-қатынасты одан әрі жетілдіру, Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы қызметінің тиімділігін арттыру бойынша тиісті шаралар іске асырылуда.

3-ҚОСЫМША.

2022 жылдың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысын орындау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының активтерін өткізуге шығару барысы туралы есеп

2022 жылғы 2 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 523 қаулысымен «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына (бұдан әрі – № 908 ҚРҰК) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оларға сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) тобы активтерінің саны 105-тен 108-ге дейін ұлғайды 253, оның ішінде:

- 30 ұйым (плюс 201 ЕТҰ «периметрінде») бәсекелес ортаға беру үшін, оның ішінде IPO/SPO-ға шығаруға жататын Қордың алты ірі активі және ашық екі кезеңді конкурс («QazaqAir» АҚ) жолымен бір іске асыру және әртүрлі тәсілдермен бәсекелес ортаға беруге жататын портфельдік компаниялардың 23 ірі емес активтері);
- 22 актив, «оларды іске асырудың, таратудың, қайта ұйымдастырудың, таратудың мерзімдерін, тәсілдерін, сондай-ақ өзге де шарттарын Қордың Басқармасы айқындайды» (дивестициялар).

Бұдан басқа жекешелендіру жоспарында енді кейбір активтер бойынша оларды бәсекелес ортаға берудің нақты мерзімдері бекітілген: 2022 жылы – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ; 2022-2023 жылдары – «Жолаушылар вагондарын салу зауыты» ЖШС; 2023 жылы – «QazaqAir» АҚ; 2023-2024 жылдары – «Эйр Астана» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ және «KEGOC» АҚ, KMG International N.V.; 2024-2025 жылдары – «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Алайғыр» БК» ЖШС және 2025 жылы – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «ШалқияЦинк» АҚ және «Хим-плюс» ЖШС.

Қазіргі уақытта 7 актив бойынша іс-шаралар аяқталды («Шығысмашзауыт» АҚ, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС, «Astana Solar» ЖШС, «МК «KazSilicon» ЖШС, «Каустик» АҚ, «Жолаушылар вагондарын салу зауыты» ЖШС, «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ), № 908 қаулыға 2 және 5-қосымшаларға енгізілген, оның ішінде 2022 жылы:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) IPO-ға шығару жүзеге асырылды

2022 жылғы 09 қарашадан бастап 02 желтоқсанға дейінгі кезеңде әлеуетті инвесторлардың өтінімдерін жинау ұйымдастырылды, оның нәтижелері бойынша 2022 жылғы 05 желтоқсанда Қордың Директорлар кеңесі және ҚР Үкіметі Қордың жалғыз акционері ретінде компанияның 18 303 584 жай акцияларын иеліктен шығару туралы шешім қабылдады, бұл орналастырылған акциялардың жалпы санының 3%-ын құрайды.

Қанағаттандырылған өтінімдер саны шамамен 129,9 мыңды құрады, олардың 99,1%-ын ҚР азаматтары берген, жалпы орналастыру көлемі 153,8 млрд теңгені құрады. Осылайша 2022 жылғы 07 желтоқсанда ҚМГ инвесторларымен есеп айырысу аяқталды, ал 2022 жылғы 08 желтоқсанда KASE және AIX биржаларында ҚМГ акцияларымен сауда-саттық басталды.

ҚМГ акциясының IPO өткізілгеннен бері екі сауда алаңында – KASE және AIX сауда-саттықтың жиынтық көлемі 64 млрд теңгеден асты.

Тұтастай алғанда ҚМГ акциялары бағаларының динамикасы инвестициялық компаниялар талдаушыларының болжамдарына сәйкес келеді, олардың көпшілігі IPO-дан кейін 12 ай ішінде бағаның өсу әлеуетін салды.

2) «Жолаушылар вагондарын салу зауыты» ЖШС іске асырылды

2022 жылғы 13 желтоқсанда «Қазтеміртранс» АҚ мен стратегиялық серіктес – «Stadler» компаниясы арасында «Жолаушылар вагондарын салу зауыты» ЖШС сатып алу-сату шартына қол қойылды. Шарт Мемлекеттік комиссияның іске асыру тәсілін мақұлдау туралы шешімін алғаннан кейін заңды күшіне енді.

3) № 908 қаулыға 6-қосымшаға енгізілген 9 стратегиялық емес активтер бойынша Қор құрылымынан шығару жөніндегі іс-шаралар орындалды, оның ішінде:

1. 4 актив бойынша сатып алу-сату шарттарына қол қойылды: «Karagandy CCI» ЖШС, «Ауыл бірлестігіне көмек» ЖШС, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС, «Силлено» ЖШС;
2. 3 актив жойылды: «Indox Samruk Kazakhstan» ЖШС, «Карповский Северный» ЖШС, N Block B.V.;
3. 2 актив «INSTAFON» ЖШС және «Kcell Solutions» ЖШС «KAZNET Media» ЖШС-ға қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысын орындауды іске асыру шеңберінде 2023 жылға арналған жоспарлар

I. 2023 жылы тікелей Қорға тиесілі активтерді бәсекелес ортаға беру жоспарлануда: «QAZAQ AIR» АҚ ашық екі кезеңді конкурс тәсілімен және «KEGOC» АҚ SPO өткізу.

1) «QAZAQ AIR» АҚ (бұдан әрі – QA) №908 ҚРҰК сәйкес 2023 жылы ашық екі кезеңді конкурс тәсілімен іске асырылуға жатады.

2023 жылғы 12 сәуірде QA өткізген консультациялық қызметтерді сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері бойынша QA бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін тәуелсіз консультант анықталды.

Жақын арада тәуелсіз консультантпен бірге QA-ны сату алдында дайындау және бәсекелес ортаға беру жүзеге асырылатын болады.

2) «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) (бұдан әрі – КЕГОК) № 908 бұйрыққа сәйкес 2023-2024 жылдары бәсекелес ортаға жүргізу SPO жолымен берілуі тиіс.

Ағымдағы сәттегі түйінді іс-шаралар мәміле жүргізу үшін консультанттар мен бағалаушыны тарту, КЕГОК акцияларын шығару перспектісіне өзгерістер енгізу, Қордың уәкілетті органдары мен Қордың Жалғыз акционерінің мәміле құрылымының бағасын, параметрлерін келісу және бекіту.

II. 2023 жылы портфельдік компанияларға тиесілі 7 активті бәсекелес ортаға беру жоспарланған:

1) «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС. 2021-2022 жылдар аралығында актив бірнеше рет ашық екі кезеңді конкурс тәсілімен саудаға шығарылды. Алайда, сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің болмауына байланысты барлық конкурстар өтпеді деп танылды.

Осыған байланысты активті сату мерзімі 2023 жылға ауыстырылды, Қазіргі уақытта мәмілені сүйемелдеу және әлеуетті инвесторларды іздеу үшін тәуелсіз консультантты тарту мәселесі пысықталуда.

2) Aysir turizm ve infaat (бұдан әрі – Айсир). Қазіргі уақытта активті сату алдында дайындау бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Бекітілген жол картасына сәйкес 2023 жылы активті сату жоспарланған.

3) «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС. Қазіргі уақытта аталған компанияны шығару тәсілі анықталмаған. 2016-2021 жылдары компанияның активтері мен капиталын іске асыру және қайта құрылымдау бойынша жұмыстар жүргізілді. Қазіргі уақытта КМГС балансында Айсир акцияларының 75%-ынан басқа өзге активтер (акциялар пакеттері және/немесе заңды тұлғалардың қатысу үлестері) жоқ. ҚМГ ақпараты бойынша активті Айсирді іске асырғаннан кейін ғана шығаруға болады.

4) «ҚазМұнайГаз-Сервис-NS» АҚ. 2022 жылы актив бірнеше рет электрондық конкурсқа шығарылды, олар өтінімдердің болмауына байланысты өтпеді деп танылды. Осыған байланысты, активті өткізу мерзімі 2022 жылға ауыстырылды, Қазіргі уақытта активті бәсекелес ортаға берудің баламалы тәсілдері пысықталуда.

5) «DosjanTemir Zholy» АҚ. Жол картасына сәйкес активті сату 2023 жылы жоспарланған. Қазіргі уақытта аталған активті іске асыру бойынша мәмілелерді сүйемелдеу үшін тәуелсіз консультантты тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

6) «БатысТранзит» АҚ. Жол картасына сәйкес активті 2023 жылы іске асыру жоспарланған. Қазіргі таңда активті сату тәсілін анықтау бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

7) KMG «Systems&Services». Жол картасына сәйкес активті 2023 жылы іске асыру жоспарланған. Сату алдындағы дайындық бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

4-ҚОСЫМША.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның қатысуы бар 2022 жылы Қор Басқармасы жасасу туралы шешім қабылдаған мәмілелер тізбесі:

№	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің атауы
1	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 1230-И болашақта SAP БЖ пайдалану құқықтарын беру туралы шартқа № 1 қосымша келісім
2	1) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ; 2) «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС; 3) «QazaqGaz» ҰК» АҚ; 4) «Kazakhstan Petrochemical Industries LLP» ЖШС; 5) «Өзенмұнайгаз» АҚ; 6) «Ембімұнайгаз» АҚ; 7) «Интергаз Орталық Азия» АҚ; 8) «ҚазТрансОйл» АҚ; 9) «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ; 10) «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС; 11) «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company); 12) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ; 13) «АППАК» ЖШС; 14) «РУ-6» ЖШС; 15) «Қазатомөнеркәсіп-Sauran» ЖШС; 16) «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС; 17) «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС; 18) «Үлбі металлургия зауыты» АҚ.	Қор Тобының портфельдік компаниялары мен ұйымдары	SAP бағдарламалық қамтамасыз жасақтаманы пайдалану құқықтарын беру туралы қосалқы лицензиялық шарт
3	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Уақытша қаржылық көмек беру туралы шарт
4	«Самұрық – Энерго» АҚ	Портфельдік компания	Уақытша қаржылық көмек беру туралы шарт
5	«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Портфельдік компания	2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 630-И SAP бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензияларды сенімгерлік басқару шартына № 6 қосымша келісім
6	«Түркістан БГҚ» ЖШС	Портфельдік компания	Уақытша қаржылық көмек беру туралы шарт
	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	«Түркістан БГҚ» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50% сенімгерлік басқару шарты
7	«QAZAQ AIR» АҚ	Портфельдік компания	Әуе кемелеріне кепіл шарттары
8	«Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Кредиттік шарт
9	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС.	Қор Тобының портфельдік компаниясы және ұйымы	Болашақта SAP бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға құқықтарды беру туралы шарттарға қосымша келісімдер
10	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Кепілдік және шығындарды өтеу шарты

№	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің атауы
11	«Қазпошта» АҚ	Портфельдік компания	Мерзімді банк салымы шарты
12	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	«Қазақстан Республикасында жиынтық қуаты 1ГВт жел электр станцияларын салу» LFP жобасы бойынша қағидаттар туралы келісім
13	«Қазпошта» АҚ	Портфельдік компания	Консультациялық қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу туралы шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді реттеу туралы келісім
14	«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС	Портфельдік компания	2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 741-и Кредиттік шартқа № 6 қосымша келісім
15	«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Портфельдік компания	2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 630-и SAP бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензияларды сенімгерлік басқару шартына № 7 қосымша келісім
16	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	«АстанаГаз ҚМГ» АҚ жарғылық капиталындағы жай акциялардың 50%-ын сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы 2018 жылғы 15 қазандағы № 854-и//368-31 келісім
17	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	«АстанаГаз ҚМГ» АҚ жарғылық капиталындағы жай акциялардың 50% сенімгерлік басқару шарты
18	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	«Түркістан БГҚ» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50% сатып алу-сату шарты
19	«QazaqGaz» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	«GPC Investment» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100% түріндегі мемлекеттік мүлікті басқаруды қайта сенім білдіру шарты
20	«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Портфельдік компания	2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 630-и SAP бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензияларды сенімгерлік басқару шартына № 8 қосымша келісім
21	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	«Түркістан БГҚ» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100% сенімгерлік басқару шарты
22	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Облигацияларды сатып алу шарты
23	«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС	Қор тобын ұйымдастыру	Кепілдік беру және шығындарды өтеу туралы шарт
24	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Кепілдік шарты
25	«Қазақтелеком» АҚ	Портфельдік компания	2020 жылғы 18 тамыздағы № 1190-и «Кселл» АҚ акцияларын кепілге салу шартына № 2 қосымша келісім
26	«KPI Inc.» ЖШС	Қор тобын ұйымдастыру	Міндеттемелерді орындау шарты

№	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің атауы
27	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	«Қазақстан Республикасында жиынтық қуаты 1ГВт жел электр станцияларын салу» LFP жобасы бойынша негізгі шарттар туралы келісім
28	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компания	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның 2021 жылғы 15 наурыздағы № 1277-и облигацияларын сатып алу-сату шартына № 1 қосымша келісім
29	Coöperatieve KazMunaiGaz U.A.	Қор тобын ұйымдастыру	2015 жылғы 16 қазандағы № 531-и Сенімгерлік басқару шартын бұзу туралы келісім
30	«Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ	Портфельдік компания	2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 1378 Уақытша қаржылық көмек беру туралы шартқа № 1 қосымша келісім
31	«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Портфельдік компания	2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 630-и SAP бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензияларды сенімгерлік басқару шартына № 9 қосымша келісім
32	«Өзенмұнайгаз» АҚ	Қор тобын ұйымдастыру	Болашақта SAP БЖ пайдалану құқығын беру туралы шарт
33	«Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Облигацияларды сатып алу шарты
34	«Түркістан БГҚ» ЖШС	Портфельдік компания	2022 жылғы 13 сәуірдегі № 1446-И Уақытша қаржылық көмек беру туралы шартқа № 2 қосымша келісім

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның қатысуы бар 2022 жылы Қордың Директорлар кеңесі жасасу туралы шешім қабылдаған мәмілелер тізбесі:

№	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің атауы
1	«Қызылқұм» ЖШС	Портфельдік компания («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қатысу үлесінің 30%)	SAP бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқықтарын беру туралы қосалқы лицензиялық шарт
2	«Хорасан-У» ЖШС	Портфельдік компания («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қатысу үлесінің 50%)	SAP бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқықтарын беру туралы қосалқы лицензиялық шарт
3	Coöperatieve KazMunaiGaz U.A.	Портфельдік компания	Опцион келісімін өзгерту туралы келісім және Опционды орындау (Amendment to Share Option Agreement and Exercise of Option)
4	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және Coöperatieve KazMunaiGaz U.A.	Портфельдік компания	Қарызды аудару және өзара есеп айырысу туралы келісім (Agreement on Transfer of Debt and Set-Off)
5	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компания	Облигацияларды сатып алу-сату шарты

5-ҚОСЫМША.

Ақпараттандыру және цифрландыру

Қорда IT автоматтандыру және цифрландыру қол процестерін оңтайландыру және ақпарат пен деректерді цифрландыру үшін технологияларды пайдалануды көздейді. Бұл тиімділікті, дәлдікті және өнімділікті арттырады, Қор жұмыскерлері мен компаниялар тобының өнімділігін арттырады.

Қорда АТ автоматтандыруды және цифрландыруды енгізу бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды.

Бағалау. Бірінші қадам қолданыстағы процестер мен жүйелерді бағалау және автоматтандыру мен цифрландыру неғұрлым көп әсер етуі мүмкін салаларды айқындау.

Жоспарлау. Бағалау негізінде іске асырылатын автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі нақты бастамалар, сондай-ақ жобаның мерзімдері мен бюджеті көрсетілген жоспар әзірленуі тиіс.

Іске асыру. Келесі қадам автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі бастамаларды іске асыру. Бұл процестерді роботтандырылған автоматтандыру немесе жасанды интеллект, сондай-ақ ақпарат пен деректерді цифрландыру сияқты жаңа технологиялық шешімдерді өрістетуді қамтуы мүмкін.

Оқыту. Қызметкерлерді жаңа технологиялық шешімдер мен процестерге үйрету қажет. Бұл қызметкерлер жаңа жүйелерді тиімді пайдалана алуы үшін техникалық және технологиялық оқытуды қамтуы тиіс.

Мониторинг. Автоматтандыру және цифрландыру жөніндегі бастамаларды іске асырғаннан кейін нәтижелерді қадағалап, қажетті түзетулер енгізу маңызды. Бұл технологиялық шешімдерді пысықтауды немесе қалаған нәтижелерге қол жеткізуге кепілдік беру үшін процестерге өзгерістер енгізуді қамтуы мүмкін.

Осы қадамдарға сүйене отырып, Қор технологиялық шешімдерді табысты енгізе алады және ақпарат пен деректерді цифрландыра алады, бұл әкімшілік-басқару және «алаңдағы» өндірістік персоналдың еңбек қайтарымы мен өнімділігін едәуір арттырады.

2022 жылы не істелді

Сатып алу процесін цифрландыруды қамтамасыз ету шеңберінде рәсімдердің ашықтығын жеңілдету және арттыру мақсатында «Электрондық дүкен» жобасы іске асырылды.

Skstore.kz электрондық дүкені – бұл «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін өз тауарын жеткізушілерге сатуға мүмкіндік беретін электрондық сауданың автоматтандырылған ақпараттық алаңы. Skstore.kz пайдаланудың даусыз пайдасының қатарына мыналар кіреді:

- тегін онлайн тіркеу;
- кез келген тауарды орналастыру мүмкіндігі;
- кеңседен немесе үйден шықпай тауарды қашықтан сату;
- мәмілені тез келісу және тапсырыс берушімен 2 күн ішінде шарт жасасу;
- іс жүзінде сатқаны үшін ғана ең төменгі комиссияны алу;
- тапсырыстарды келісу барысын, статистиканы және талдауды қадағалау мүмкіндігі.

Электрондық дүкенде табысты жұмыс істеу үшін әлеуетті жеткізуші ЭЦҚ көмегімен көпшілік офертаға қол қою арқылы қарапайым тіркеуден өтуі қажет.

Skstore.kz – бұл тауарларды сату үшін ыңғайлы алаң ғана емес, сонымен қатар шағын және орта бизнес өкілдері үшін де, тапсырыс берушілер үшін де – «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін де ашық, ең бастысы, жылдам сатып алу-сату тәсілі.

«QazaqGaz» АҚ Активтерді басқарудың талдамалық жүйесін іске асыру бойынша жобаға бастамашылық етті. Жобаның мақсаты бухгалтерлік дәлдікпен олар бойынша ауытқуларды болжау және анықтау үшін математикалық құралдарды қолдана отырып, деректердің үлкен көлемін жедел өңдеуге арналған жүйені енгізу.

Жоба шеңберінде активтерді басқарудың талдамалық жүйесінің моделі сынақтан өткізілді. Жүргізілген талдау және деректерді өңдеу шеңберінде өзінің тиімділігін дәлелдеген талдамалық жүйенің іске асырылған пилоттық жобасы. Қазіргі уақытта ақпараттық жүйенің MVP-моделі іске асырылды және жүйенің функционалы мен мүмкіндіктерін көрсету жүргізілді. «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да АСУА тұжырымдамалық жоба бойынша жұмыстар басталды, оның шеңберінде газды бақылау және есепке алу моделі де қамтылады.

Халықты кеңінен хабардар ету, сондай-ақ алаяқтық мақсаттарда пайдаланылатын көрінеу жалған ақпараттың таралуына жол бермеу мақсатында жекешелендіру бағдарламасының мамандандырылған Интернет-ресурсы және IPO – IPO.SK.KZ іске асырылды, онда институционалдық және бөлшек инвесторлар үшін пайдалы ақпарат ұсынылған. Жоба Қазақстан азаматтарының Қор тобы ұйымдарының активтерін бәсекелес ортаға беру жөніндегі жоспарланған іс-шаралар туралы хабардар болу деңгейін арттыруға қол жеткізуге бағытталған Жекешелендіру және IPO бағдарламасын ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу шеңберінде іске асырылды.

Қордың компаниялар тобында Қордың көлденең мониторинг нысанында салық мониторингіне көшуі үшін «Көлденең мониторинг платформасы» бағдарламалық жасақтаманы енгізу жөніндегі жобаға бастамашылық етті.

ПГМ платформасын енгізу Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қордың арасында ақпарат және құжаттар алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ол ынтымақтастық, негізделген сенім, заңдылық, ашықтық, кеңейтілген ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделеді.

Төтенше жағдайлар туындаған кезде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде Қорда аса маңызды деректер мен ақпараттық жүйелерді «Георезервациялау» рәсімі іске қосылды.

2023 жылға арналған жоспарлар

Компания тобына цифрландыру және ынтымақтастық үшін ауқымды инфрақұрылым

2023 жылы біздің негізгі міндетіміз нақты цифрландыруды қамтамасыз ететін және ынтымақтастыққа ықпал ететін, сондай-ақ бюрократияны төмендететін біздің портфельдік компанияларымыздың арасында ауқымды инфрақұрылым құру болады. Өнімділікті арттыру үшін ортақ желі мен құралдарды енгізе отырып, біз коммуникацияларды ретке келтіреміз, ресурстарды бөлуді оңтайландырамыз және ақпаратпен үздіксіз алмасуды қамтамасыз етеміз. Бұл стратегиялық бастама өзгермелі нарықтық жағдайларға бейімделу қабілетімізді арттырып қана қоймай, біздің портфельдік компанияларға елдегі өсім мен инновацияларды ынталандыра отырып, цифрлық дәуірде өркендеуге мүмкіндік береді.

Өнімнің күнін көрсетуге арналған интерактивті дашбордтар

Негізделген шешімдер қабылдау үшін өзекті ақпараттық дашбордтарды ұсыну мақсатында биржалардан және басқа да тиісті көздерден деректерді біріктіретін (өнімдер күні) кешенді дерекқорды әзірлеу. Бұл тәсіл ең соңғы ақпарат пен үрдістерге қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, нарықтық және басқа да деректердің кең спектрін тиімді жинауға, сақтауға және талдауға мүмкіндік береді.

ESG, HR және сервистер жобаларын іске асыру бойынша талдауды пысықтау және жүргізу

ESG, EHS және HR процестері бойынша IT-шешімдерді жоспарланған талдау қоршаған ортаны, денсаулықты және қауіпсіздікті басқару, сондай-ақ адам ресурстарын басқару үшін пайдаланылатын технологияларды бағалауды қамтиды. Талдау мақсаты – осы процестерді қолдау үшін жаңа технологиялық шешімдерді енгізу мүмкіндіктері мен жақсарту үшін салаларды анықтау. Талдау қолданыстағы жүйелер мен процестерге шолу жасауды, ақпарат жинауды және жаңа шешімдерді енгізу жоспарын әзірлеуді қамтиды.

«Көлденең мониторинг платформасы» бағдарламалық жасақтаманы енгізу

КТС және ҚҚС бойынша көлденең мониторинг режимінде салықтық бақылау процестерін жүзеге асыру шеңберінде Қордың ҚР ҚМ КХД-мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында көлденең мониторинг платформасын енгізу.

Георезервациялау

Төтенше жағдайлар туындаған кезде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде Қор компанияларының тобы бойынша инциденттерді болдырмау мақсатында іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмыстар жалғасуда, атап айтқанда аса маңызды деректер мен ақпараттық жүйелерді «Георезервациялау» әдісін қолдану.

Қор және портфельдік компаниялар қызметкерлерінің IT-құзыреттерінің жетілуін арттыру бойынша іс-шаралар өткізу

АТ саласындағы Қор қызметкерлері мен портфельдік компаниялардың жетілуін арттыру үшін оқыту мен дамыту мүмкіндіктерін ұсыну, технологиялық ресурстарға қолжетімділікті ұсыну және технологияларды бағалайтын мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету қажет. Бұл қызметкерлердің техникалық дағдыларын жақсартуға және тиімділікті арттыруға, шешімдер қабылдау процесін жақсартуға және Қордың өнімділігін арттыруға әкеледі.

Үлкен тілдік үлгілерді әзірлеу (LLM, AI and ML)

Ішкі деректердің үлкен көлемін талдау үшін меншікті үлкен тілдік үлгілерді әзірлеу қажет. Мұндай тәсіл бізге маңызды мәліметтерді тез таба отырып, ақпаратты неғұрлым тиімді өңдеуге көмектеседі. Деректерді өңдеудің оқшаулығын сақтай отырып, бұл да қауіпсіздікті арттырады және құпиялылық стандарттарына сәйкес келеді. Мұндай үлгілер компанияда негізделген шешімдер қабылдауға және инновацияларды енгізуге ықпал ететін нысаналы қорытындылармен қамтамасыз етеді.

6-ҚОСЫМША. ГЛОССАРИЙ

Осы Жылдық есепте мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылды:

Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
%	Пайыз
ADSL	Asymmetric Digital Subscriber Line, асимметриялық сандық абоненттік желі
AIX	«Астана» Халықаралық қаржы орталығының биржасы
CGNPC	Қытайдың атом энергиясы жөніндегі бас корпорациясы
EASA	Еуропалық ұшу қауіпсіздігі агенттігі
EBITDA	Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization, компанияның пайыздарды, салықтарды, тозу мен амортизацияны шегергенге дейінгі пайдасы.
EGOV	Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі
EMS	Express Mail Service, пошта хат-хабарларын жедел жеткізу халықаралық сервисі
ESG	Environmental, Social, and Corporate Governace, Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару
eNPS	Қызметкерлердің қанағаттану индексі
GMS	Жаһандық мониторинг жүйесі
GPON	Gigabit Passive Optical Network, гигабитті оптикалық пассив желісі Есеп беру жөніндегі жаһандық бастамалар
IATA	Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы
IOGP	Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы
IOSA	Авиакомпаниялар ұшуларының пайдалану қауіпсіздігін бағалау жөніндегі ИАТА стандарты
HR	Human resources, персоналды басқару
HSE	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау
KASE	Қазақстан қор биржасы (KASE)
KPI	Қазақстан Петрохимикал Индастриз ИНК (Kazakhstan Petrochemical Industries INC)
KLPE	«KMG PetroChem» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (оның алдында - «KLPE» ЖШС)
LMS	Оқытуды басқару жүйесі
LTE Long-Term Evolution	Ұялы телефондар мен деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдар үшін сымсыз жоғары жылдамдықты деректер беру стандарты
IPO	Initial Public Offering, акцияларды бастапқы жария орналастыру
IT, ИТ	Ақпараттық технологиялар
IR	Industrial relations
IFSWF	Егеменді әл-ауқат қорларының халықаралық форумы
KZT	Қазақстандық теңге
LTIFR	Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен жарақаттар жиілігінің коэффициенті
MBA	Master of Business Administration Іскерлік әкімшілік шебері
QAZAQ AIR, «QAZAQ AIR» АҚ	«QAZAQ AIR» акционерлік қоғамы
QazaqGaz	«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
S&P Global Ratings	Standard & Poor's, Қаржы нарықтарын аналитикалық зерттеулермен айналысатын McGraw-Hill америкалық корпорациясының еншілес компаниясы
SRS	Samruk Research Services

SPO	Secondary Public Offering, бар акционерлерге тиесілі акцияларды жария орналастыру
U₃O₈	Табиғи уран концентраты (триуран октоксиді)
АЛЭС	«Алматы электр станциялары» АҚ
АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АМӨЗ	Атырау мұнай өңдеу зауыты
АХҚО	«Астана» Халықаралық қаржы орталығы
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
АЭС	Атом электр станциялары
АЭХАГ (МАГАТЭ)	Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік
ӘБП	Әкімшілік-басқарушы персонал
ӘЖ	Электр таратушы әуе желісі
ӘЖА	Әлеуетті жеткізушілерді алдын ала біліктілік іріктеу
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БЭА	Біріккен Араб Әмірліктері
Бірл.	Бірлік
БК	Бірлескен кәсіпорын
БҮҮ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
БЭЖ	Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ГРЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
Гдж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория
ГӨЗ	Газ өңдеу зауыты
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
дана	Дана
ДК	Директорлар кеңесі
ДПО	Дүниежүзілік пошта одағы
ЕГРЭС-1, «ЕГРЭС-1» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ	«Екібастұз ГРЭС-1» акционерлік қоғамы
ЕГРЭС-2, «ЕГРЭС-2» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	«Екібастұз ГРЭС-2» акционерлік қоғамы
ЕМГ, «Ембімұнайгаз» АҚ	«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕТҮ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
ЖБ	Желілік бағдарламалау
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖБҚ	Жылу бөлетін құрастырмалар
ЖҚ	Жергілікті құрам
жкм	Жолаушыкилометр
ЖСҚ	Жобалық-сметалық құжаттама
ЖЭО	Жылу электр орталығы
ЖҚАР	Жиілік пен қуаттылықты автоматты реттеу
ЖС	Жел электр станциялары
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ЗТБ	Заңды тұлғалар бірлестігі

ІНҚ	Ішкі нормативтік құжат
ІӨААД АЖ	"Іске асырылған және өткізілетін активтердің автоматтандырылған дерекқоры" ақпараттық жүйесі
ЖОО	Жоғарғы оқу орны
ИОА	«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы
ИТҚ	Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету
КВИ, COVID-19	2019 жылғы Коронавирустық инфекция
кВт*сағ	Киловатт-сағ
КЕГОК, «KEGOC» АҚ	«Kazakhstan Electricity Grid Operating Company KEGOC» акционерлік қоғамы
КО	Корпоративтік орталық
КЖИ	Кең жолақты интернетке қол жеткізу
Компаниялар, Қордың қоржын компаниялары, ҚҚ	Ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар
Қазпошта, «Қазпошта» АҚ	«Қазпошта» акционерлік қоғамы
ҚАӨ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚБМ	«Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамы
ҚАЭС	«Қазақстандық атом электр станциялар» ЖШС
ҚГМ	«Қазгермұнай» БК» ЖШС
ҚР ТМРК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
ҚОМС	Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау
ҚМГ, «ҚМГ» ҰК» АҚ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚМЭБИ	Қазақстан Менеджмент, Экономика және болжау институты
Қор Тобы	Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы компанияларға тиесілі Қор, компаниялар, олардың еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы компаниялардың аталған еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар
ҚТӨ реестрі	Қордың тауар өндірушілерінің реестрі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚС	Қосалқы станция
ҚҚС	Қосымша құн салығы
км	Километр
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіші
ҚТЖ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚТК, Қазақтелеком, «Қазақтелеком» АҚ	«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
М³	Текше метр
МГ	Магистральдық газ құбыры
Мемкомиссия	Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия
МИИДБ	Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
млн	Миллион
МВт	Мегаватт
Мгц	Мегагерц
млрд	Миллиард
ММГ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы


МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
мың	Мың
НҚ	Негізгі құрал / негізгі құралдар
ОАҚБЖ	Орталықтандырылған апатқа қарсы басқару жүйесі
ОТӨ	Отандық тауар өндірушілер
ОА	Орталық Азия
ӨМГ	«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы
ӨП	Өндірістік персонал
ПКОП	«Петро Казахстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ПМХЗ	Павлодар мұнай-химия зауыты
РФ	Ресей Федерациясы
«РТЖ» ААҚ	«Ресей темір жолдары» ашық акционерлік қоғамы
«Самұрық-Қазына» АҚ ЭАҚЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі
СБК	Сатып алуларды басқару категориясы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
САШҰ	Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымы
СЭС	Су электр станциясы
СКС	Сатып алу категориялық стратегиясы
СҚИ, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	«Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
СЭ, «Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы
СЭС	Су электр станциясы
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар және қызметтер
ТКС, «Тау-Кен Самұрық» ҰТКК» АҚ	«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
трлн	Триллион
т.т.	тармақша
ТХКМ	Транскаспий халықаралық көлік маршруты
ТҚЖЖ	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ткм	Тоннокилометр
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары
ТШО, «Теңізшевройл» ЖШС	«Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ҰААҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры
ҰКП	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰОС	Ұлы Отан соғысы
ҰАҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры
ҰЭЖ	Ұлттық электр желісі
ХВФ	Халықаралық валюта қоры
ЦАТ	Циклдік ағын технологиясы
ШОУШ	Шартты отынның үлестік шығындары
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
Эйр Астана, «Эйр Астана» АҚ	«Эйр Астана» акционерлік қоғамы
ЭСАЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі
ЭТЖ	Электр тарату желісі
ЭНТ	Электр энергиясы нарығын теңгеру



БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ


**«Самұрық-Қазына»
ұлттық әл-ауқат қоры»
акционерлік қоғамы**


АУДИТОРЛАР

 Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
010000, Сығанақ көшесі, 17/10-құрылыс

 +7 7172 55 40 01

«Эрнст энд Янг» ЖШС

 Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғ., 77/7

 +7 727 258 59 60



www.sk.kz



[samrukkazyna_official](https://www.instagram.com/samrukkazyna_official)



[samrukkazynaofficial](https://www.telegram.com/samrukkazynaofficial)



[SamrukKazyna](https://www.facebook.com/SamrukKazyna)

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ



8 800 080 47 47



mail@sk-hotline.kz